ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІ
БАЛАЛАРДЫ ЕРТЕ ДАМЫТУ ИНСТИТУТЫ

# МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ТӘРБИЕ МЕН ОҚЫТУДЫҢ ҮЛГІЛІК ОҚУ БАҒДАРЛАМАСЫНА НҰСҚАУЛЫҚ

# РУКОВОДСТВО К ТИПОВОЙ УЧЕБНОЙ ПРОГРАММЕ ДОШКОЛЬНОГО ВОСПИТАНИЯ И ОБУЧЕНИЯ

Астана қаласы, 2022

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына нұсқаулық, – Астана, 2022 -  258 бет.

**Пікір жазғандар:**
С. Н. Жиенбаева п.ғ.д., профессор
Ф.К. Омарбекова, меңгеруші
Ж. Муханбеткалиева, меңгеруші

Бұл Нұсқаулықта Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасын іске асыруда педагогтің атқаратын міндеттері, заттық-дамытушы ортаны құру оны қызығушылық орталықтарына бөлу, тәрбиелеу білім беру процесін, күн тәртібін, ата-аналармен жұмысты ұйымдастыру  бойынша әдістемелік ұсынымдар мен педагогке қажетті материалдар (ұлттық, қимылды ойындар, ертегілер, мобильді кітапхананы құруға қажетті материалдар, балалардың түрлі әрекеттерін ұйымдастыру бойынша бейнероликтер сілтемелері, бейнероликтер және аудиоматериалдар сілтемелері және басқалар) берілген.

Нұсқаулық мектепке дейінгі ұйымдар меңгерушілеріне, әдіскерлеріне, педагогтері мен мектепалды даярлық сынып педагогтеріне, ЖОО мен колледж студенттеріне арналған.

Нұсқаулық «Балаларды ерте дамыту институтының» Ғылыми-әдістемелік кеңесінде қаралып, 2022 жылғы 23 қарашадағы №11 хаттамалық шешіміне сәйкес ұсынылған.

«Балаларды ерте дамыту институты», 2022 ж.

**Мазмұны**


| | | |
|---|---|---|
| 1. | Түсіндірме жазба | 4 |
| 2. | Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқыту саласы педагогтерінің басты міндеттері | 8 |
| 3. | Заттық-дамытушы ортаны ұйымдастыру | 9 |
| 4. | Тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыру | 17 |
| 5. | Мектепке дейінгі ұйымның отбасымен өзара ынтымақтастығы | 31 |
| 6. | *1-қосымша* Қазақ халқының ұлттық ойындары. Қимылды ойындар | 32 |
| 7. | *2-қосымша* «Адалдық әліппесі» мектеп жасына дейінгі балаларда құнды қасиеттер мен адалдықты қалыптастыруға бағытталған дидактикалық ойындар жинағы | 56 |
| 8. | *3-қосымша* Мектеп жасына дейінгі балалармен театрландырылған әрекетті ұйымдастыру | 72 |
| 9. | *4-қосымша* Балаларды ойын арқылы дамыту | 72 |
| 10. | *5-қосымша* Мектеп жасына дейінгі балаларға арналған аудиоертегілер жинағы | 73 |
| 11. | *6-қосымша* Мобильді кітапхананы құруға аудио жазбасын жылдам жауап беру кодымен (QR) қажетті материалдар | 74 |
| 12. | *7-қосымша* Тәуелсіздіктің 30 жылдығы мен балалар әдебиеті жылына арнайы ұйымдастырылған «Балапаным биік ұш» мүшайра материалдары | 83 |
| 13. | *8-қосымша* Балаларға арналған өлеңдер мен шығармалар жинағы | 107 |
| 14. | *9-қосымша* Музыкалық репертуарлар | 183 |
| 15. | *10-қосымша* Мектепке дейінгі ұйым музыканттарымен әзірлеген балалар әндері ноталарымен, музыкалық сүйемелдеуімен аудиоматериалдар сілтемелері | 191 |

## ТҮСІНДІРМЕ ЖАЗБА

Мектеп жасына дейінгі балаларды толыққанды дамыту - қимыл белсенділігіне жағдай жасау, пайдалы және құнарлы тамақтандыру, жағымды қарым-қатынас орнату және дамытушы ортаны ұйымдастыру арқылы қамтамасыз етілетін баланың физикалық, психологиялық, әлеуметтік, эмоционалдық денсаулығы мен қауіпсіздігі болып табылады.

Мемлекет басшысының Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы ұлттық қоғамдық сенім кеңесінің 2020 жылғы 27 мамырдағы үшінші отырысында берген тапсырмаларын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарының 1-тармағын орындау үшін Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 23 наурыздағы №137 қаулысымен Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды дамыту моделі (бұдан әрі – Модель) бекітілді[1].

Бүгінгі күні жаңа Моделді іске асыру шеңберінде Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты (бұдан әрі – Стандарт) [2], Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 9 қыркүйектегі № 394 бұйрығымен Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарлары [3] және Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 14 қазандағы №422 бұйрығымен Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы (бұдан әрі – Үлгілік бағдарлама) [4] мазмұны қайта қаралып бекітілді.

Отандық және халықаралық тәжірибені, оның ішінде ЮНЕСКО-ның ұсынымдары мен мектепке дейінгі білім беру сапасын жаһандық зерттеулерді талдау негізінде «Ұйымдастырылған іс-әрекет - Үлгілік бағдарлама мазмұнын, оның ішінде мектепке дейінгі ұйымның жұмыс бағытын ескере отырып, балаларды қазақ халқының ұлттық құндылықтарына, отбасылық құндылықтарға, патриоттық сезімге, Отанға деген сүйіспеншілікке, мәдени-әлеуметттік нормаларға баулу, қауіпсіз мінез-құлық қағидаларын қалыптастыру бойынша міндеттерді іске асыру үшін күні бойы педагогтің ойын түріндегі түрлі балалар әрекеті (ойын, қимыл, танымдық, шығармашылық, зерттеу, еңбек, дербес) арқылы ұйымдастыратын кіріктірілген сабағы» деп айқындалды [5].

Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының басты міндеті бала денсаулығын қорғау мен сақтау екендігін ескере отырып, балалардың жасына сәйкес барлық жас кезеңдері бойынша қауіпсіздік негіздерін қалыптастыру бойынша міндеттер берілді, аталған міндеттер барлық ұйымдастырылған іс-әрекеттер арқылы іске асырылатын болады.

Ойын жетекші іс-әрекет және балаларды дамытудың негізгі құралы екендігі және бірлескен ойын, еңбек дағдыларын, тазалықты, тәртіпті, ұйымшылдықты, балалардың ойлауын, қабылдауын, сурет салуын және басқа дағдыларды игеру ойын түрінде болуы қажеттігі Модельде айқындалған басты міндеттердің бірі. Осыған байланысты мектеп жасына дейінгі балалар ойын баласы екенін ескере

отырып, оларды дамыту мен тәрбиелеуде педагогтерге ойынға басымдық беру ұсынылады. Ол үшін балалардың қызығушылықтарына сәйкес заттық-дамытушы ортаны құру және ұйымдастырылған іс-әрекетті балалардың бастамаларын, пікірлері мен тілектерін ескере отырып, оларды зеріктірмей, балалардың түрлі әрекеттерін ұйымдастыру арқылы қызықты ойын түрінде өткізу көзделеді.

Мектепке дейінгі кезең - баланың өміріне қажетті дағдыларды игерту және оларды дамыту кезеңі. Педагог балалардың қызығушылықтарын, жеке ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, әр баланың әлеуетін барынша ашуға және дамытуға жағдай жасауы тиіс. Ол үшін өзінің алдын-ала Циклограмма бойынша жоспарлаған әрекеттерін орындаумен шектелмей, баланың қызығушылығына көңіл бөліп, баланың өзі таңдаған әрекет түрін ұйымдастыру қажет.

Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқыту жүйесіндегі педагог балаларды тыңдай білуге дайын, сұрақтар қоюға қабілетті, баланың іс-әрекетіне және оның пікіріне шынайы қызығушылықпен қарайтын, балаларға қолдау көрсететін, баламен жылы қарым-қатынас орната алатын болуы маңызды.

Қазақ әдебиеті мен мәдениетінің көрнекті қайраткері, педагог, психолог-ғалым Жүсіпбек Аймауытов өз еңбектерінде «баланы тәрбиелеу үшін әрбір тәрбиешінің өзі тәрбиелі болуы керек, себебі балаға айтып ұқтырғаннан гөрі бала көргеніне көп еліктегіш болып келеді, сондықтан балаға жақсы әдеттер мен мінездің көрінісін іспен көрсету керек» деп, баланы тәрбиелеудегі тәрбиешінің тәрбиелі болуының жауапкершілігін айқын дәлелдеген [6]. Сондықтан баламен қарым-қатынас барысында сіздің күнделікті өзіңізді ұстауыңызды, бала бақылаушы ғана емес сіздің жақсы әдеттеріңіз бен өнегелі істеріңізді қабылдаушы және соған еліктеуші екенін ұмытпау керек.

Мектепке дейінгі педагогиканың негізін салушы, ағартушы-педагог, этнограф, журналист-аудармашы Құлжанова Нәзипа Сегізбайқызы (*Сағызбайқызы*) «Мектептен бұрынғы тәрбие» [7], «Ана мен бала» [8] деген еңбектерінде мектеп жасына дейінгі балалар тәрбиесіне ерекше көңіл бөліп, оларға айтылатын сөздің де, көрсетілетін іс-қимылдың да орынды, тағылымды болуына мән берген. Бала бойындағы білуге, ұғуға, көруге әуестікті тыйып тастамай, оларды бағыттап, дамытып отыру қажеттігін баланы тәрбиелеп, өсірудегі ұлттық ойындардың ерекшеліктеріне тоқтала отырып, жас баланың айналаны білуге деген құмарлығын, сөйлеуге, сұрақтар беруге бейім болатынын, сол арқылы ойы өсіп, жетілетінін айта келе, баланың ойын дамыту үшін олардың сұрақтарын жауапсыз қалдыруға болмайды» деп жазған.

Демек бүгінгі күні өзекті болып отырған «баланың үнін есту» балаларға мейірімділікпен қарау, оларға мейірбандық таныту, олармен дос болу, мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелеу мен дамытуда әрбір педагогтің бойынан табылатын ізгі қасиеттер болуы қажет.

Нәзипа Құлжанова сондай-ақ өз еңбектерінде баланы жас кезінен бастап табиғат аясында тәрбиелеудің эстетикалық әсерін айта келіп, «Бала даланың

кеңдігінде шолпылдатып суға түсіп, жүгіріп құспен бірге сайрап, көбелек қуып, шыбын-шіркей, құрт-құмырсқамен бірге көкорай шалғын тоғай арасында сайрандай жүріп, көңілі де, жан-тәні де бірдей өсіп, өркендемек» деп, табиғаттың баланы жан-жақты дамытудағы маңыздылығына ерекше тоқталып, «Әр балабақша жанында биологиялық бұрыш, тәжірибе участогы болуы керек. Бала торғайды, қоянды, тотықұсты, кірпікшешенді, балықты өсіруді білсін, аулаға көкөніс, гүл отырғызып, су құюды үйренсін, сазбалшықтан ойыншықтар жасап үйренсін» деген сөздері бүгінгі күні де өзектілігін жоғалтпай, баланы дамыту мен тәрбиелеуде заттық-дамытушы ортаны жасақтауға үлкен мән беру қажеттігін айқындап отыр [7]. Нұсқаулықта заттық-дамытушы ортаны құруға ұсынымдар мен оны ұйымдастыру бойынша бейнероликтер сілтемесі берілген.

Ұйымдастырылған іс-әрекеттерді тек топ бөлмесінде балаларды үстел басына отырғызып өткізумен шектемей, жатын бөлмеде төсеніштің үстіне отырғызып (жатып), таза ауада (ауа-райының жағдайларына байланысты), сондай-ақ күннің бірінші және екінші жартысында балаларға жайлы жағдайларда өткізу ұсынылады.

Ұлттық құндылықтар арқылы мектеп жасына дейінгі балаларды толыққанды дамытуда:

- мергендікке, шапшаңдыққа, ептілікке, денесінің дұрыс қалыптасуына ықпал ететін ұлттық ойындарды (ақ серек, асық ойыны, бес тас, атқа мінгізу, ат жарыс, көкпар және т.б.) ойнату;
- ерте жас тобынан бастап, бесік жырын, ертегілерді, аңыздарды, дәстүрлі әндер мен күйлерді тыңдату;
- қазақ халқының айнала қоршаған ортаға, табиғатқа қатысты «обал болады», «сауап болады» ұғымдары туралы кең насихаттау;
- қазақ халқының ұлттық құндылықтарын дәріптеу, салт-дәстүрлерімен таныстыру;
- жүннен, жіптен сурет салуға, ою-өрнектерді мүсіндеуге, жапсыруға баулу;
- ел аумағындағы шексіз далалар, жартасты таулар, әсем табиғат, өзендер мен көлдер, тарихи сәулет ескерткіштеріне қызығушылықтарын арттыруға баса назар аудару қажет.

Нұсқаулықта Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасын іске асыруда және балалардың жеке және жас ерекшеліктері мен мүмкіндіктерін ескере отырып, оларды жан-жақты үйлесімді дамыту мен әлеуетін ашуда педагогтің атқаратын міндеттері, заттық-дамытушы ортаны құру оны қызығушылық орталықтарына бөлу, тәрбиелеу білім беру процесін, күн тәртібін, ата-аналармен жұмысты ұйымдастыру бойынша әдістемелік ұсынымдар мен педагогке қажетті мынадай материалдар:

- заттық-дамытушы ортаны ұйымдастыру бойынша бейнероликтер сілтемелері;
- ұйымдастырылған іс-әрекеттерді өткізу педагогтердің озат тәжірибелері;
- балалардың түрлі әрекеттерін ұйымдастыру бойынша бейнероликтер сілтемелері;

- ұлттық, қимылды ойындар;
- балаларға оқып беруге шығармалар және аудио ертегілер;
- Тәуелсіздіктің 30 жылдығы мен балалар әдебиеті жылына арнайы ұйымдастырылған «Балапаным биік ұш» мүшайра материалдары;
- балалардың театрландырылған әрекетін ұйымдастыру бойынша бейнероликтер топтамасы;
- мектепке дейінгі ұйымда мобильді кітапхананы құруға аудио жазбасын жылдам жауап беру кодымен (QR) қажетті материалдар;
- мектепке дейінгі ұйым музыканттарымен әзірлеген балалар әндері ноталарымен, музыкалық сүйемелдеуімен аудиоматериалдар сілтемелері берілген.

Аталған Нұсқаулық мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жаңа мазмұнын іске асыруда педагогтерге әдістемелік қолдау көрсетеді.

# МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ТӘРБИЕЛЕУ МЕН ОҚЫТУ САЛАСЫ ПЕДАГОГТЕРІНІҢ БАСТЫ МІНДЕТТЕРІ

Топта (сыныпта) эмоционалдық жайлылықты орнату. Балаларға жылы қабақ таныту, барлық балаға мейірімді, кешірімді болу, олардың қызығушылықтары мен қажеттіліктеріне құрметпен қарауды, жетістіктеріне қуана білуді, бастамашылдығына қолдау көрсетуді, оларға сенім артуды, әр бала өзін қауіпсіз сезінуі үшін, мұнда оны жақсы көретініне, оған қамқорлық жасайтынына сенімді болуды, баланың жеке басына құрмет көрсетуді және т. б. білдіреді.

Балалардың ұлтына, әлеуметтік статусына, психофизиологиялық және басқа да ерекшеліктеріне қарамастан барлығына бірдей көңіл бөлу және әділ болу.

Құбылмалы әлемде педагогтің үнемі даму, балаларды тыңдай білу, сұрақтар қою, дәлелдер іздеу, оларды сыни тұрғыдан талдау және шығармашылық эксперименттер жүргізу қабілеті маңызды. Педагогтер белсенді зерттеуші және балалармен жұмыс істеудің жаңа нысандарын жасаушы, жаңашыл және жауапты болуы тиіс.

Сапалы маңызды өзара іс-қимыл - педагогтің әр баламен жеке қарым-қатынасы, баланың іс-әрекетіне және оның пікіріне шынайы қызығушылықпен қарау, тыңдау, қолдау көрсету, балаға жылы қарым-қатынас көрсету болып табылады.

Педагог келесі функцияларды атқарады:

- ✓ Перспективалық жоспарды және циклограмманы құрастырады, «Баланың жеке даму картасын» толтырады;
- ✓ ұйымдастырылған іс-әрекеттерді өткізеді;
- ✓ таңертеңгі қабылдау, таңертеңгі гимнастика, балалар әрекетінің түрлері (ойын, шығармашылық, танымдық, эксперименттік, дербес және т. б.),серуен, жеке жұмыс ұйымдастырады;
- ✓ балалардың біліктері мен дағдыларының дамуына мониторинг (бастапқы, аралық және қорытынды) жүргізеді;
- ✓ ата-аналармен балалрды тәрбиелеу мен дамытуды ықпалдастықта жүзеге асырады;
- ✓ білім беру ұйымдарында өткізілетін іс-шараларға қатысады; (жиналыстар, педагогикалық кеңес, әдістемелік кеңес, конкурстар және т. б.);
- ✓ ертеңгіліктерді, мерекелер мен ойын-сауықтарды, спорттық іс-шараларды және т. б. ұйымдастырады және өткізеді[5].
- ✓ https://youtu.be/cLVtbT-xbWE
- ✓ https://youtu.be/R3QfnouZ9VE
- ✓ https://youtu.be/e1xz2WupjvU
- ✓ https://youtu.be/JM-oCPeae-Y

Педагогтің міндеті – өзінің түсіндіруіне көп уақытбөлмей, балаларды шаршатпай, жалықтырмай, түсіндіруді балалардың өзбетінше ой елегінен өткізіп, сұрақтарға жауап табуына, қолмен жасап, зерттеп, шешім шығаруына мүмкіндік беру.

## ЗАТТЫҚ-ДАМЫТУШЫ ОРТАНЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ

Заттық-дамытушы орта - заттар мен ойыншықтарға еркін қолжетімділікті және немен айналысатынын өз бетінше таңдауын, күні бойы өз идеяларын іске асыру мүмкіндігін қамтамасыз ететін, балалардың бастамасын қолдау үшін жоспарланған әртүрлі материалдары бар орта.

Заттық- дамытушы орта – бұл баланың психикалық әл-ауқатының қауіпсіздігіне, оны дамыту мақсаттарына сәйкес кеңістіктіұйымдастыру және баланың өз бетінше үйренуқабілетін дамытуға оң ықпал ететін жабдықтар мен басқа да жарақтарды пайдалану.

Дамытушы орта балаға өз қабілеттерінпайдалануға, қызығушылықтары мен мүмкіндіктеріне сүйене отырып, өзін қызықтыратын ойын материалдарымен ойнауға мүмкіндік береді. Балалар әрекетін осындай тәсілмен ұйымдастыру нәтижеге бағытталған даму механизмінқұрайды. Бала жоспарланған мақсатты жүзеге асыруға ұмтылады.

Дамытушы орта балалар мен ересектердің қарым-қатынасы мен бірлескен әрекетін, балалардың қимыл белсенділігін, сондай-ақ олардың оңаша болуына мүмкіндікті қамтамасыз етуі керек.

Дамытушы орта мыналарды:

- Үлгілік бағдарламаның міндеттерін іске асыруды;
- инклюзивті білім беруді ұйымдастыруда — оған қажетті жағдайлар жасауды;
- білім беру әрекетіжүзегеасырылатын ұлттық-мәдени, климаттық жағдайларды ескеруді;
- балалардың жас ерекшеліктерін ескеруді қамтамасыз етуі тиіс.

*Заттық-кеңістіктік дамытушы ортаны ұйымдастыруға қойылатын жалпы талаптар:*

- қауіпсіз (заттардың қауіпсіздігі мен жиһаздардың орнықты орналасуы);
- мазмұнды (заттар мен ойыншықтар, кітаптар, материалдар, құралдардың балалардың жасына және Үлгілік бағдарлама мазмұнына сәйкес болуы);
- бай болуы (барлық тәрбиеленушілердің ойын, шығармашылық, зерттеу, танымдық әрекеттері мен қимыл белсенділігін соның ішінде ірі және ұсақ моториканы дамытуға, қимылды ойындар мен жарыстарды ұйымдастыруға, балаларға қолжетімді материалдармен соның ішінде құммен, сумен эксперимент жасауға жабдықтардың (топта, дәлізде, ойын алаңында да) болуы);
- қолжетімді (барлық балалар соның ішінде ерекше білімді қажет ететін балалар үшін білім беру әрекеті жүзеге асырылатын барлық топ бөлмесі, кабинеттер, дәліздердегі ойындар, ойыншықтар, материалдар, құралдардың қол жетімділігі).;
- вариативті (ойын әрекеті, шығармашылық әрекетке, оңаша болуға және басқаларға аймақтардың болуы, сондай-ақ түрлі материалдардың, ойындар, ойыншықтардың және жабдықтардың болуы);
- көп атқарымды (балалар жиһаздарын, жұмсақ модулдерді,

театрландырылған қойылымдарға арналған шымылдық және басқаларды түрліше қолдану мүмкіндігі, топта балалардың түрлі әркеттерінде қолдануға болатын табиғи материалдардың, ойындарда қолданатын алмастырушы заттардың болуы);

- өзгермелі (балалардың қызығушылықтары мен мүмкіндіктеріне және тәрбиелеу-білім беру процесінің мазмұнына сәйкес ортаны өзгерту мүмкіндігі).

**Заттық-кеңістіктік дамытушы ортаны құруға ұсынымдар**

Заттық-кеңістіктік дамытушы орта:

- Үлгілік оқу бағдарламасын іске асыруды қамтамасыз етуі;
- балалардың жастарына сәйкес болуы;
-тәрбиеленушілер, оның ішінде ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалар үшін қол жетімді болуы;
- балалардың эмоционалды жай-күйі мен тұлғасын дамытуға жағдайлар жасауды (демалыс немесе балалардың оңаша ойнауына арналған орынды және т. б. жабдықтау) қамтамасыз етуі;
- түрлі материалдарға бай, сондай-ақ ересек пен баланың бірге әрекет етуіне және баланың өздігінен әрекет етуіне ыңғайлы болуы тиіс https://youtu.be/1K2tlzb4Lis
https://youtu.be/dn4_ZsW72e4
https://youtu.be/OLXjwNQiBrk
https://youtu.be/KLEVAOhLAyY
https://youtube.com/shorts/ec1n6ihhy-4?feature=share)

Жиһаз бен жабдықтар баланың бойына және жасына сәйкес келуі, қауіпсіз, тартымды және балаларды дамытатындай болуы керек.

Заттық-кеңістіктік дамытушы ортаның ойыншықтары мен ойынға арналған материалдар:

- қауіпсіздік пен жайлылықты қамтамасыз ету талаптарына сәйкес болуы;
- баланың дамуына ықпал етуі;
-Үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнына сәйкес үнемі жаңартылып отыруы, тартымды және сапалы болуы;
- жеткілікті мөлшерде (топтағы барлық балалар үшін), әртүрлі болуы (әр баланың қажеттіліктері мен қызығушылықтарын қанағаттандыра алуы), балалардың жас және жеке ерекшеліктеріне сәйкес болуы қажет.

Топтың қабырғаларында орналастырылған материалдар балалар үшін қызықты және пайдалы, олардың жастарына сәйкес болуы, сондай-ақ балаларға белгілі ақпарат беретіндей, яғни Үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнына сәйкес болуы тиіс. Балалар өздігінен талдау жасауы және олардың сөйлеуі мен ойлауын, танымдық қызығушылықтарын дамыту үшін топ бөлмелерін балалардың жұмыстарымен безендіру ұсынылады.

Материалдар балаларға анық көрінуі керек, егер материалдардың бірі жоғары орналастырылса, онда балалар оны оңай көре алатындай үлкен болуы

керек. Балалар бөлшектерін қарауы үшін көп бөлшектері бар, өлшемі кіші материалдарды (фотосуреттер, суреттер және т.б.) төмен орналастыру қажет.

Үлгілік бағдарламаның мақсатында айқындалған әр баланың қызығушылықтарын, ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, жалпы адами және ұлттық құндылықтар негізінде оларды толыққанды дамыту мен әлеуетін ашу үшін мектепке дейінгі ұйымның топ бөлмелерін балалардың қызығушылықтары бойынша орталықтарға бөлу ұсынылады.

Топтағы орталықтар «Мектепке дейінгі, орта білім беру ұйымдарын, сондай-ақ арнайы білім беру ұйымдарын жабдықтармен және жиһазбен жарақтандыру нормаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 22 қаңтардағы № 70 бұйрығына (Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2016 жылы 26 ақпанда № 13272 болып тіркелген) [9] сәйкес құрылады.

Топты орталықтарға бөлуде бір орталықта белгілі бір әрекет түрімен айналысып отырған балаларға келесі басқа орталықтағы балалар кедергі келтірмейтіндей болуы және орталықтарды бөліп тұратын арасынан өтетін орын қарастырылуы қажет. Орталықтарды аласа сөрелермен, сюжетті ойын жабдықтарымен немесе жұмсақ төсеніштермен бөлуге болады.

Орталықтар тек топ бөлмесінде ғана емес, сонымен қатар жатын бөлмеде, қабылдау бөлмесінде, егер жағдай жасалған болса, балабақшаның дәлізінде де құрылуы мүмкін.

Орталықтардағы ойын материалы әртүрлі, тартымды, балалардың өздігінен қолдануы үшін жеткілікті мөлшерде болуы және олар үшін қол жетімді жерде сақталуы керек.

Жұмсақ төсеніштерге топтың кілемдерін қолдануға болады. Балалардың қауіпсіздігін және тазалықты сақтау (салқын күндері кілемді үнемі жуу немесе кептіру мүмкін емес болуы) үшін кілемдердің сыртын қазақтың ою-өрнектерімен, геометриялық фигуралармен безендірілген, жұмсақ матадан (велюр, атлас, шыт және басқалар) тігілген тыспен қаптап қоюға болады.

Сондай-ақ жұмсақ төсеніштерді балалардың жасына сәйкес құрастырмалы пазлдар, геометриялық фигуралар түрінде, төрт түлік бейнесінде ішін паралоннан сыртын матамен қаптап, қазақтың ою-өрнектерімен безендіріп, сыртын ауыстырып қаптап отыруға ыңғайлы етіп жасауға болады.

Төсеніштерд осы сілтемелер арқылы көруге болады:
https://youtu.be/id2mksQbCrY
https://youtu.be/Z2FpTlieFiQ

Балалар жеке төсеп отыратын шағын көрпелерді де ішін мақтамен сыртын төзімді матамен қаптап, жасауға болады.

Бұл төсеніштерді топта, сондай-ақ серуенде және жазғы сауықтыру кезеңінде аулаға алып шығып, балалардың ойын және басқа да түрлі әрекеттерінде қолдануға болады.

Ата-аналарды тәрбиелеу-білім беру әрекетіне тарту және «Әжелер мектебі», «Аналар мектебі» жұмыстарын жандандыру үшін осындай төсеніштерді ата-аналармен бірге ықпалдастықта ұйымдастыру ұсынылады.

Сюжетті-рөлдік ойындар орталығы – мұнда балалардың жасына сәйкес ойындарға қажетті мынадай материалдар мен ойыншықтар: ұлттық, маусымдық киімдегі қуыршақтарды, «киіз үй және оның жабдықтары» ойын жиынтығын, ойыншық жиһаз, ойыншық ыдыстар жиынтығы, машиналар, көліктер жиынтығы (жеңіл, жүк, әуе, су, арнайы), құммен ойнауға арналған жиынтық, ойыншықтар, туған өлке туралы иллюстрациялық альбомдар, көкөністер мен жемістердің муляждарын орналастыру ұсынылады.

Театрландырылған ойындарға арналған бұрыш – мұнда шымылдық, ертегі кейіпкерлерінің маскалары, қуыршақ, саусақ, үстел үсті, көлеңке және басқа түрлі театрлар, әртүрі мамандыққа арналған балалар киімдерін, кейіпкерлердің костюмдерін және басқаларды орналастыруға болады, балалармен бірге костюмдер, атрибуттар, декорацияларды әзірлеу ұсынылады.

Ойындарға арналған атрибуттарды таңдау, әртүрлі ойын түрлерінде балалардың қызығушылықтарын жүзеге асыруға жағдай жасайды. Дизайнның әсемдігі оның заманауи материалдардан жасалуы мектеп жасына дейінгі балалардың ойнауға деген құштарлығын тудырады. Таңдалған ойын материалы әртүрлі сюжеттерді біріктіруге, жаңа ойын бейнелерін жасауға мүмкіндік береді.

Театрда мектеп жасына дейінгі балалар өздерінің кейіпкерлерінің күтпеген қырларын көрсете отырып ашылады. Ұялшақ балаларда ойындарға қатысқаннан кейін сенімділік пен белсенділік пайда болады.

Осы сюжетті-рөлдік ойындар орталығы мен театрландырылған ойындарға арналған бұрышты бір-біріне жақын жерге жасақтаған ыңғайлы болады.

Демалыс орны және балалардың оңаша ойнауына арналған үйшік, 1-2 баланың топтағы балалардың қызу әрекетінен алшақтап, демалуына немесе бірлесіп, кітап қарауға және дербес ойнауына ыңғайлап жасақталады. Демалыс орнын жұмсақ балалар креслоларымен және диванмен ал үйшікті шағын көрпелер мен жастықтар, жұмсақ ойыншықтармен жабдықтауға болады. Балалардың оңаша ойнауына арналған үйшікті матадан жасалған шатыр немесе киіз үй формасында қазақтың ұлттық ою-өрнектерімен безендіріп жасауға болады.

Демалыс орны және балалардың оңаша ойнауына арналған үйшікті баяу ойналатын ойындар орталығына жақын жерден ұйымдастыру ұсынылады.

Кітап бұрышын балалардың күнделікті кітаптарды өздігінен қарастыруға, ондағы таныс шығармаларды бір-бірімен талдауға мүмкіндік беру, күн сайын балаларға кітаптарды оқып беру, балалардың оқылған, тыңдалған шығармалардан әсер алуына ықпал ету, балалардың жасына сәйкес тақпақтарды, өлеңдерді жаттату, кітаптардағы иллюстрацияларды көрсету және оларға түсініктеме беру, балалардың пікірлерін тыңдау үшін топта балалардың жасына сәйкес кітаптардан, сондай-ақ балаларға арналған аудио, видео шығармалардан ұйымдастыруға болады.

Кітап бұрышы балалардың өз бетінше, балалармен бірлесіп кітаптарды қарауына, тыңдалған шығармалардағы кейіпкерлердің әрекетін ойында қайталауға немесе ойдан кейіпкердің рөлін өзінше сомдауға және т.б. ықпал етеді.

- **<u>Тиімді ұсыныс</u>**



- ***кітап бұрышын жасау***
- ***толықтыруға ата-аналарды тарту***
- ***кітапты уақытша пайдалануға үйге беру***
- ***ұйымдастырылған кітап бұрышын ата- аналардың балалармен бірге қолдануына жағдай жасау***













Кітап бұрышын демалыс орны және балалардың оңаша ойнауына арналған үйшікке жақын жерде орналастыру балалар үшін ыңғайлы болады.

Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту орталығы ұсақ моториканы дамытуға арналған дидактикалық ойыншықтар, дидактикалық ойындар (санау, түс, өлшем, геометриялық пішіндер, тірі және өлі табиғат, жыл мезгілдері, кеңістікпен уақытты бағдарлау), сенсорлық дамытуға арналған дидактикалық ойын материалдары: (визуалды, аудио, тактильді), демонстрациялық геометриялық пішіндер жиынтығы, үлестірмелі геометриялық пішіндер жиынтығы, жазық геометриялық пішіндр жиынтығы, көлемді өлшеуге арналған материалдары бар өлшейтін стақандар мен қасықтар (мектепалды даярлық топтары мен сыныптарында), әртүрлі пішінді заттар бейнеленген заттық суреттер, сандар кассасы, санау материалы, санау таяқшалары, сандарды зерттеуге арналған ойын кілемшесі, иінтіректері бар оқу таразысы, электронды зияткерлік ойындар, шахмат, дойбы, 20-25 бөлшекті пазлдар, 100 бөлшекті пазлдар, әртүрлі тақырыптағы лото, суретті домино, дамытушы үстел ойындары, мозайка және басқалар балалардың жасына сәйкес орналастырылады.

Бөбек жасы топтарында осы жас топтарында балаларды түспен, пішінмен, көлеммен таныстыруға, ұсақ және ірі моториканы дамытуға, кеңістікті бағдарлауға ықпал ететін сенсомоторлы орталық құру ұсынылады. Онда әр түрлі көлемдегі пирамидалар, баулармен, түймелермен, белдіктермен, құлыптармен

және үстел үсті ойыны заттары, ірі моториканы дамытуға арналған дидактикалық ойыншықтар, ойыншық арбалар және басқалар орналастырылады.

Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту орталығы балаларға арналған жиһазбен, жұмсақ төсеніштермен жабдықталуы қажет.

Құрастыру және робототехника орталығы – ағаш немесе пластмасса бөлшектері бар конструкторлар, ірі және ұсақ құрылыс материалдарымен үстел үстінде немесе жұмсақ төсеніштің үстінде балаларға құрастыруға ыңғайлы және құрастырылатын құрылысты басқа балалардың бұзып кетпейтіндей жағдайда жасақтауға болады.

Мұндай орталықтың балалар шығармашылығын, құрастыру қабілеттерін дамытуда маңызы зор. Орталық барынша мобильді болғаны дұрыс. Құрылыс бұрышының мазмұнын түрлі қажетті заттармен (әр түрлі конструкторлар, текшелер, үлкен және ұсақ құрылыс материалдары, құрылыстың үлгілері мен сызбалары), конструкциялық элементтерден, мүсіндерден, объектілерден, технологиялық карталардан және әдістемелік құралдан тұратын конструкторлық жиынтықтармен, мектеп жасына дейінгі балаларға арналған конструкциялық элементтері, сездіргілері, микроконтроллері және әдістемелік құралы бар робототехникалық жиынтықтармен, ойын алаңы, бағдарламаланатын робот-ойыншық, тапсырмалары бар кәртішкелер және әдістемелік құрал бар алгоритмдермен кодтау дағдыларын дамытуға арналған жиынтықтармен және басқалар толықтыра отырып, барлық топпен, шағын топтармен және жеке-жеке құрастыру әрекетін ұйымдастыруға ыңғайлы етіп жасақтау ұсынылады.

Табиғат және ғылым бұрышындағы материалдар мыналарды қамтиды:

1) балалар бақылайтын және күтім жасайтын тіршілік иелері (бөлме өсімдіктері, үй жануарлары, құстар); 2) табиғи нысандар (жапырақтар, бүрлер, тастар, қабықтар, тұқымдар, дәндер, бор, қауырсындар, көмір, микроскоптар, өсімдіктер гербарийлерінің жиынтығы және т.б.); 3) табиғат күнтізбесі, табиғат туралы кітаптар (оның ішінде сөйлейтін кітаптар), жануарлар, өсімдіктер, жәндіктер туралы балалар энциклопедиялары; 4) «дыбыс», «су және ауа», «жылу» тақырыптары бойынша эксперимент жүргізуге арналған құралдар, сондай-ақ магнит, өлшейтін ыдыстар, лупа, матадан және клеенкадан жасалған алжапқыштар, тазалауға арналған мүкәммалдар (леген, шүберектер, щеткалар), суару ыдыстары, қопсытқыш таяқшалар, бүріккіш бөтелкелер, өсімдіктерге күтім жасауға арналған құралдар жиынтығы және тағы басқалар; 5) құм, ойыншықтары бар су.

Табиғат және ғылым орталығына балалардың қызығушылықтарын арттыру үшін оны табиғи материалдан жасалған балалар қолөнері бұйымдарымен, табиғат экспонаттарымен, икебандармен безендіру ұсынылады.

Табиғат және ғылым орталығында педагог балалармен бақылаулар, қарапайым тәжірибелер, танымдық, зерттеу, еңбек әрекеттерін, қоршаған ортамен таныстыруды ұйымдастыруға болады. Балалармен танымдық, зерттеу әрекеттерін ұйымдастыру олардың қоршаған әлем туралы түсініктерін байытуға, зияткерлік және тұлғалық қабілеттерінің дамуына ықпал етеді.

Бұл орталықты қарапайым тәжірибелер жүргізу үшін балаларға арналған жиһазбен жабдықтау қажет.

Шығармашылық орталығы балалардың қоршаған ортаның әсемдігіне қызығушылығын қалыптастырады, балалардың өздігінен бейнені жасауға деген қажеттіліктерін қанағаттандыруға ықпал етеді. Мұнда балалар қызығушылықпен сурет салады, мүсіндейді, жапсыру жұмыстарын орындайды.

Шығармашылық әрекетке арналған материалдар мен құралдар:

- қарындаштар (қарапайым, түрлі түсті), бор, фломастерлер, бояулар, гуашь, қылқалам, сызғыш, сорғыш қағаз сүлгілер, пластмасса стақандары;
- бұйымдар жасауға арналған материалдар мен құралдар: ермексаз, қамыр, саз, ағаш, желім;
- фигуралы үлкен трафареттер;
- боямақтар;
- жапсыруға арналған материалдар мен құралдар: түрлі-түсті қағаз, түрлі-түсті және ақ картон, мата, желім, қайшы, скотч;
- зерттеу, зерделеу және бұйымдар жасауға арналған әртүрлі табиғи материалдар;
- балаларға арналған мольберт;
- матадан және клеенкадан жасалған алжапқыштар;
- тазалауға арналған мүкәммалдар (леген, шүберектер, щеткалар);
- дидактикалық ойындар;
-халықтық-қолданбалы өнер үлгілері бар альбомдар, танымал суретшілердің иллюстрациялары;
-дыбыстық музыкалық аспаптар, әртүрлі сылдырмақтар, музыкалық ойыншықтар, қоңыраулар.

Барлық материалдар мен құралдар балаға қолжетімді жерде орналастырылуы қажет.

Балалар жұмыстары еркін қолжетімді қабырғада немесе сөреге балалар өздері орналастыра алатындай, көпшілік назарына ұсынылады.

Шығармашылық орталығына балалардың қызығушылықтарын арттыру үшін оны табиғи материалдан жасалған қазақ халқы қолөнері бұйымдарымен, тұрмыстық заттарымен толықтыру ұсынылады.

Мектепке дейінгі ұйымның ғимаратында орналасқан кабинеттерді, дәліздерді және жер учаскесіндегі балалар алаңының білім беру әлеуетін арттыру, олардың барлық мүмкіндіктерін білім беру ресурсы ретінде кеңінен тиімді қолдану.

Қазақ халқының тұрмыстық заттары мен салт-дәстүрлерімен таныстыру, Отанның тарихы мен мәдениетіне баулу және оған құрметпен қарауды қалыптастыру, туған жер туралы түсініктерін кеңейту үшін мектепке дейінгі ұйымда арнайы орын немесе кабинет жасақтау. Мұны балалар ішіне ойнап отыруға ыңғайлы жартылай алдыңғы жағы ашық киіз үй макетімен және оның жабдықтарымен, қазақ халқының тұрмыстық заттарымен, музыкалық аспаптарымен, әшекей бұйымдарымен, ұлттық киімдерімен және басқалармен

жабдықтау. Сондай-ақ қазақ халқының ұлттық ойындарын («асық», «бес тас» және басқалар) ойнауға орындарды жабдықтау. Сонымен бірге осы жерде балалардың түрлі әрекеттерін, сондай-ақ «әжелер мектебі», «аналар мектебі», «әкелер және аталар мектебі» жұмыстарын және басқа да шараларды ұйымдастыруға болады.

https://youtu.be/EzgW1rEERC8

https://youtu.be/E_aimvc5un0

Мектепке дейінгі ұйымның дәлізінде балалардың өміріне қажетті дағдыларды меңгеруі үшін бауларды байлау, түрлі құлыптар мен сырғытпаларды (замок) ашу және жабу, түрлі балаларға арналған тапсырмаларымен қалталарға жасырылған суреттерді табуға және жапсыруға және т.б. ойындар және басқаларды өзбетінше ойнау арқылы игеру үшін қабырғаларға балаға қолжетімді жерге іліп қою қажет.

https://youtu.be/WFlvA-69ElY

https://youtu.be/utc_PknQrgA

https://youtu.be/CpCZTNqFv3A

Сондай-ақ дәліздің қабырғаларына топтағы әрбір баланың түрлі әрекетпен айналысу кезіндегі, өзінің отбасымен бірге өткізген қуанышты сәттерінен фотосуреттерді, фото салатын жақтауға орналастырып, жиектерін түрлі жіптермен, гүлдермен және басқа да түрлі материалдармен безендіріп, іліп қоюға болады бұл балалардың мектепке дейінгі ұйымның толыққанды белді мүшесі ретінде сезінуіне осы фотосуреттерге қарап қуанышқа бөленуіне, өз отбасына деген сүйіспеншілігін арттырып, отбасы құндылықтарына баулуда маңызы зор. Фотосуреттердің жақтауларын безендіруді балалардың ата-аналармен бірлескен әрекетінде ықпалдастықта ұйымдастыруға болады.

https://youtu.be/CpCZTNqFv3A

Балалардың балалардың танымдық қызығушылықтары мен білуге құмарлығы, дербестігін, шығармашылық дағдыларын зерттеу іс-әрекетін жан-жақты дамыту үшін мектепке дейінгі ұйымның дәлізінде мольберттерді орналастырып, шығармашылық орталығын ұйымдастыруға да болады.

*Мобильді кітапхана.* Мектепке дейінгі ұйымда балалардың көркем шығарманы тыңдау, түсіну және мазмұнын айтып беру, сондай-ақ балалардың сөйлеуін дамыту мен баланың ертегілер мен кітаптарға қызығушылығын қолдау үшін мектепке дейінгі ұйымның дәлізінде немесе кабинетте мобильді кітапхана ашуға болады. Онда кітаптарды және педагогтердің алдын-ала әзірлеген ертегілері, шығармалары, өлеңдер, тақпақтар және басқалардың аудио жазбасын жылдам жауап беру кодымен (QR) карточкаларға орналастырып, балалардың жасына сәйкес реттілікпен қоюға болады. Мобильді кітапхананы балаларға ыңғайлы жұмсақ төсеніштермен, кресломен, үстел, орындықтармен жабдықтауға болады. Балаларды дамыту мен тәрбиелеуге ата-аналарды тарту үшін, ата-аналар балаларымен бірге шығарманы тыңдауға немесе жаттауға берілген тақпақтарды, өлеңдерді үйде балаға үйретуге жазып алуына және кітапхана қорын құру үшін (аудио жазбаларды балалармен бірге әзірлеу) ата-

аналарды баулыған жөн. Мобильді кітапхананы мына сілтемелерден көруге болады: https://youtu.be/-ikRidBn75M

## ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІН ҰЙЫМДАСТЫРУ

Мектепке дейінгі ұйымдар мен мектепалды сыныптары тәрбиелеу-білім беру қызметін:

1) Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 29031 болып тіркелген) (бұдан әрі – Стандарт);

2) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 30 қазандағы № 595 бұйрығымен бекітілген Тиісті үлгідегі және түрдегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларына 1-қосымшаға (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17657 болып тіркелген) (бұдан әрі – Үлгілік қағидалар);

3) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларына (Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 9 қыркүйектегі № 394 бұйрығына сәйкес енгізілген өзгерістерімен) (бұдан әрі – Үлгілік оқу жоспарлары);

4) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына (Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 14 қазандағы № 422 бұйрығына сәйкес енгізілген өзгістерімен) (бұдан әрі – Үлгілік оқу бағдарламасы) сәйкес жүзеге асырады. Қазақстан Республикасы

Тәрбиелеу-білім беру процесінде:

әр баланың қызығушылықтарын, ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, жалпы адами және ұлттық құндылықтар негізінде оларды толыққанды дамыту мен әлеуетін ашу жүзеге асырылады;

балалардың құқықтарын, өмірін қорғау, денсаулығын нығайту қамтамасыз етіледі;

салауатты өмір салтының негіздері, қауіпсіз өмір сүру дағдылары, қимыл-қозғалыс, бейімделу, коммуникативтік, әлеуметтік-эмоционалды, когнитивтік дағдылар, өзіне, отбасына, құрдастарына, қоршаған ортаға адамгершілік қарым-қатынасы, тәрбиеленушілердің қарым-қатынас мәдениеті, ұлттық бірегейлік пен азаматтық негіздері, патриотизм қалыптасады;

тәрбиеленушілердің физикалық, зияткерлік, танымдық-сөйлеу, көркем-эстетикалық, шығармашылық қабілеттері дамиды;

Отанға, ана тіліне сүйіспеншілік тәрбиеленеді;

баланың мектепте оқуға физикалық, психологиялық, эмоционалдық, әлеуметтік дайындығы үшін тең бастапқы мүмкіндіктер беріледі.

Физикалық дамыту физикалық дені сау баланы тәрбиелеуді, өз денсаулығына саналы түрде қарауды, салауатты өмір салты негіздерін, қауіпсіз өмір сүру дағдыларын қалыптастыруды қарастырады.

«Дене шынықтыру» ұйымдастырылған іс-әрекеті аптасына үш рет мектепке дейінгі ұйымның кестесіне сәйкес жүргізіледі.

Балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, күні бойы балалардың физикалық белсенділігіне уақыт бөлінеді, ол қимыл белсенділігі, денешынықтыру-сауықтыру шаралары (таңертеңгі жаттығу, сергіту сәті, шынықтыру шаралары), мәдени-гигеналық дағдылар, ойын әрекеті, дербес белсенді және т.б. әрекеттер арқылы күн тәртібіне сәйкес ұйымдастырылады.

Балалардың дене белсенділігін арттыру үшін қимылды ойындарға соның ішінде ұлттық қимылды ойындарға басымдық беру және балалардың дербес қимылды әрекетін таңертең, таңғы астан соң, серуен кездерінде, ұйқыдан соң өткізу ұсынылады.

Коммуникативтік дағдыларды дамыту балалардың жеке ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, ауызекі сөйлеуді, сөздік қорды қалыптастыруды, өмірде әртүрлі жағдайлардағы қарым-қатынас дағдыларын меңгертуді, қолдың ұсақ моторикасын және командада жұмыс істеу дағдыларын дамытуды қарастырады.

Сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет, қазақ тілі (мектепке дейінгі ұйым кестесіне сәйкес аптасына ортаңғы және ересек топта бір рет, мектепалды топта 2 рет) ұйымдастырылған іс-әрекеті қарым-қатынас, заттық әрекет, ойын әрекеті, еңбек әрекеті, бейнелеу, шығармашылық әрекет (балаларға кітап оқып беру, кітаптарды, иллюстрацияларды қарау) театрландырылған, дербес және басқа да әрекет түрлері арқылы күн сайын күн тәртібіне сәйкес ұйымдастырылады.

https://youtu.be/roI7pOZu_m8

https://youtu.be/DCC9kPGsjuc

Балалардың сөйлеуін тек ұйымдастырылған іс-әрекеттерде ғана емес, күні бойы режимдік сәттерде, еркін ойын кезінде оларға түрлі сұрақтар қою (сұрақтарды қойғанда «иә» немесе «жоқ» деп жауап беретін жалпы сұрақтар немесе барлығы қосылып жауабын бірге айтуға арналған сұрақтар емес, әрбір бала жеке жауап бере алатындай сұрақтар) арқылы, балаларды көбірек сөйлесуге, бір-бірімен қарым-қатынас жасауға, олармен кез-келген мәселе бойынша әңгімелесіп, олардың пікірін тыңдау және т.б. арқылы дамыту

*Ортаңғы топтан бастап **мемлекеттік тілді меңгерту** мақсатында күні бойы режимдік сәттерде Үлгілік оқу бағдарламасында айқындалған сөздік минимумды үйрету, түрлі балалар әрекетінде тәрбиеленушілердің ауызекі байланыстырып сөйлеуін дамыту, сондай-ақ қазақ халқының мәдениетімен, салттары мен дәстүрлерімен таныстыру, белсенді сөздікті байыту, сөздік нормаларды, мәдениетті қарым-қатынасты игерту ұсынылады.*

ұсынылады.

https://youtu.be/U3fbASzPj8M
https://youtu.be/tbSkOWFE-tE
https://youtu.be/CmzSU0nBwFM
https://youtu.be/NBf6O822HxA
https://youtu.be/JOYwSrghVt0
https://youtu.be/kuY4q7HNGE0

Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту тәрбиеленушілердің қоршаған әлеммен өзара қарым-қатынас жасауына қажетті танымдық және зерттеушілік әрекеттің қарапайым дағдыларын меңгертуді қарастырады.

Бөбек жасы балалары үшін сенсорика бойынша заттарды, ойыншықтарды өз бетінше зерттеуіне көңіл бөлінеді, олардың түсін, пішінін, көлемін ажыратып, салыстыруға баулу көзделеді. Баланың затты немесе ойыншықты ұстап көріп, зерттеп, өздігінен тәжірибе жинақтауына басымдық беру ұсынылатын болғандықтан, педагог ауызша сөзбен айтып түсіндіруді барынша жетекші сұрақтарды жиі қолдану тәсіліне қарай бағыттағаны дұрыс болады.

Мектеп жасына дейінгі балалар үшін математика негіздерін күн сайын дидактикалық ойындар, танымдық әңгімелер, бейнелеу және құрастыру әрекеті, эксперимент жасау, математикалық мазмұндағы театрландырылған әрекет, әңгіме, дербес және басқа да әрекеттер арқылы ойын түрінде ұйымдастыруға болады. Мұнда ұйымдастырылған іс-әрекет барысында берілген ұғым, түсініктерді (заттардың түсі, көлемі, пішіні, саны, кеңістікте орналасуы және т.б.) еркін ойында және режимдік сәттерде балалардың жасына сәйкес бекіту, ол үшін сәйкес сұрақтар қойып, балалардың жеке жауаптарын тыңдау, балалардың математика терминдерін қолданып жауап беруіне, заттарға өз бетінше зерттеу жүргізуіне игерген дағдыларын қолдануына мән беру ұсынылады.

Қоршаған ортамен танысу күн сайын объектілер мен заттарды бақылау (тірі және өлі табиғат) зерттеу, материалдармен эксперимент жасау, педагогтің сәйкес ақпаратты оқып беруі, кітаптарды және иллюстрацияларды қарау, әңгімелесу, қарым-қатынас, ойын әрекеті арқылы іске асырылады. Мұнда балалардың заттарды қолмен ұстап, зерттеуі, олардың қасиеттеріне талдау жасауы, заттарды қолдануы, туындаған сұрақтарға жауап беруі, өз бетінше сұрақтардың жауабын іздеуі мен табуы, алынған дағдыларды ойында қолдана алуы маңызды.



Қоршаған ортамен танысу баланың «Мен» бейнесінің пайда болуына барынша ықпал етеді. Сол себепті отбасы, түрлі мамандықтар, ересектердің еңбегі, туған жер, Отан, отан қорғаушылар туралы және т.б. түсініктер мен дағдыларын, патриоттық сезімін қалыптастыру үшін балаларды қазақ халқының ұлттық

құндылықтары, отбасылық құндылықтар арқылы тәрбиелеуге басымдық беру көзделеді.

https://youtu.be/3LQLLExzMEQ
https://youtu.be/nDEdoNTZLHI
https://youtu.be/3nV58sf7d4c
https://youtu.be/DCC9kPGsjuc
https://youtu.be/tRNz0tNp-5w

Сурет салу, мүсіндеу, жапсыру, құрастыру күн сайын тек ұйымдастырылған іс-әрекеттерінде ғана емес, сондай-ақ балалардың қызығушылықтарын ескере отырып, басқа уақытта да ұйымдастырылады және бірнеше жұмыс түрі қатар жүруі мүмкін немесе көпшілігінің қалауы бойынша барлығы бір жұмыс түрімен айналысуына болады.

Балалар айналадағы болып жатқан оқиғаларды ой елегінен өткізіп, тәжірибе жинақтауы және дағдыларды игеруі үшін олардың қиялын дамыту, шығармашылық қабілеттерін ашу ұсынылады, ол үшін балаларға жұмыс жасауға дайын үлгі беруді жиі қолданбау, бейнелеу құралдарын қолданып, бейнелерді, құрастыруларды өз бетінше жасауға ынталандыру, оларға еркіндік беру, тапсырманы шығармашылықпен орындауға баулу.

https://youtu.be/C2wSO2OfNf4
https://youtu.be/tTQ1_FFBNoU
https://youtu.be/SMh2if_2C_w
https://youtu.be/a97SJ8yKVz8

«Музыка» ұйымдастырылған іс-әрекеті ерте, кіші, ортаңғы топтарда аптасына бір рет, ересек және мектепалды даярлық топтары мен сыныптарында аптасына екі рет музыка жетекшісімен мектепке дейінгі ұйымның кестесіне сәйкес жүргізіледі.

Балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, күні бойы музыканы тыңдау, ән айту, әндерді жаттату, импровизация, ырғақты-музыкалық қимылдар, балалар музыка аспаптарында ойнау және басқа да музыкалық әрекеттерге уақыт бөлінеді.

https://youtu.be/E2Y74hlfsK

Тәрбиелеу-білім беру процесінде мектепке дейінгі ұйымдағы іс-шаралардан тұратын күн тәртібіне (балаларды қабылдау, таңертеңгі жаттығу, тамақтану, серуендеу, күндізгі ұйқы, шынықтыру шаралары, балалардың үйге қайтуы) сәйкес балалар іс-әрекетінің түрлері (ұйымдастырылған іс-әрекет, ойын, танымдық, коммуникативтік, шығармашылық, эксперименталдық, еңбек, заттық, қимылдық, бейнелеу) қарастырылады.

https://youtu.be/sDennIwHDVY

***Таңертең балаларды қабылдау***

Таңертең балаларды қабылдау күн тәртібінің негізгі сәттерінің бірі. Күні бойы топта эмоционалды жайлылық орнату және балаларда жағымды көңіл-күй

қалыптастыру маңызды болып табылады. Балаларды қабылдауда педагог өзі көтеріңкі көңіл күйде болып, баланы қарсы алғанда, әрдайым оны көргеніне қуанатынын, жақсы көретінін білдіруі, әрбір баланы атымен атап, жақын тартып, ол үйде немен айналысты, не істеді, қайда қыдырып барды және т.б. туралы әңгімелесуге болады.

https://youtu.be/puChD5OvCSY
https://youtu.be/agrKEIhyEmE
https://youtu.be/qs2axjRmNBg
https://youtu.be/OxtQBk7Tok8

Топқа балалар келген кезде балаларды реттілікпен шешінуге, киімдерін шкафқа жинап қоюды үйрету. Еңбек әрекетін: бөлмедегі гүлдерді суаруды, кітаптарды реттеуді, ойын алаңында жапырақтарды жинауды және басқаларды ұйымдастыруға болады.

Жазды күні балаларды қабылдауды таза ауада (ауа-райының жағдайларына байланысты) ұйымдастырған дұрыс. Бұл кезеңде еңбек әрекетін жер учаскесінде ұйымдастыруға болады.

***Таңертеңгі жаттығу***

Таңертеңгі жаттығу дене белсенділігінің бір түрі, ол бұлшық еттер мен буындарға физикалық жаттығулар кешенін құрайды.

Таңертеңгі жаттығулар балалардың күні бойы сергек белсенді болуына, күнді сәтті ұйымдастыруға, жағымды эмоционалды көңіл-күйді қалыптастыруға және балалар ұжымын біріктіруге ықпал етеді.

Таңертеңгі жаттығу күн тәртібінің міндетті бөлігі және күн сайын таңғы ас алдында өткізіледі, жылдың жылы мезгілдерінде таңертеңгі жаттығуды таза ауада, аулада ал салқын күндері топ бөлмесінде немесе таңертеңгі жаттығуды өткізу кестесіне сәйкес спорт залында, мектепке дейінгі ұйым дәлізінде, холында балаларға ыңғайлы жағдайларда өткізуге болады.

Таңертеңгі жаттығуды музыкамен немесе балаларға арналған әндермен ойын түрінде оларды қуанышқа бөлейтіндей қызықты етіп ұйымдастыру қажет. Дене белсенділігіне балалардың қызығушылықтарын арттыру үшін дене жаттығуларын, қимылдарды немесе музыканы ауыстырып, түрлендіріп отыру маңызды.

Таңертеңгі жаттығуды жүйелі өткізу балаларды күнделікті дене жаттығуларын жасауға дағдыландырады.

https://youtu.be/lSkOYLbEuuo
https://youtu.be/oIfdCCCS2eQ
https://youtu.be/vx1Sim3Jz3Q
https://youtu.be/N5LFdPo2QcQ

***Тамақтануға дайындық***

Әр тамақтану алдында балалардың ыстық тамаққа күйіп қалмауы үшін тәрбиеші баяу әрекет түрлерін ұйымдастырады. Балаларды еңбек әрекетіне баулу, жауапкершілікке, ұқыптылыққа үйретуде ересек топтан бастап

балалардың кезекшілігі ұйымдастырылады. Кезекшілікке балалардың қызығушылықтарын арттыру үшін арнайы алжапқыштар мен қалпақтар дайындау маңызды. Кезекшілікті атқару кезінде педагогтің балалармен әңгімелесуі қажет, жетекші сұрақтар қою арқылы балалардың назарын үстелдегі асхана құралдарына аудару ұсынылады (қанша қасық немесе тәрелке қойдың?, кесенің түсі қандай?, тәрелкенің пішіні қандай? және т. б.).

Гигиеналық шараларды ұйымдастыру, балаларды дербестікке баулу: қолдарын ескертусіз өздігінен жуу, негізгі ережелерді сақтау. Қолды жуудың маңызын оның денсаулықты сақтау үшін өмірлік қажетті дағды екенін балалармен талқылау. Жуыну кезінде балалардың жақсы көңіл-күйде болуы үшін педагог сабырлы және мейірімді болуы қажет, сондай-ақ балаларға гигиеналық шараларды дұрыс орындауға көмектесуі керек, тақпақтар, шағын өлеңдер, қолды дұрыс жууға көмектесетін көрнекі материалдарды қолдануға болады.

https://youtu.be/s7MFTllOhPk
https://youtu.be/4EWAXsFvqZM
https://youtu.be/zbeYvWI9YyE
https://youtu.be/C2T9ws-Fcis

***Тамақтану (таңғы ас, түскі ас, бесін ас)***

Тамақтану кезінде балалардан толық тыныштықты талап етпей, өздерін еркін сезініп, бір-бірімен жай әңгімелесуге мүмкіндік беру ұсынылады. Балаларды асықтырмай, оларды орынсыз ескертпелермен алаңдатпай, тағамның жағымды түрі, дәм, иісі, пайдасы туралы әңгімелесе отырып, балалардың назарын тағамға аудару қажет. Кейбір балалардың тамақты асықпай жейтінін, ал кейбір балалардың жылдам жейтінін ескере отырып, оларды асықтырмай, керісінше тамақты жақсылап шайнауға, ұсынылғанның бәрін тауысып жеуге үйрету керек.

Балаларды үстел басында тамақты күтіп отыруға немесе тамақтанғаннан кейін үстел басында отыруға мәжбүрлеуге болмайды. Балалар мынадай ережені білуі қажет: тамақ ішіп болғаннан кейін алғыс айту және басқалары тамақтанып болғанша ойнауына болады.

https://youtu.be/KsXdpGSnz7I
https://youtube.com/shorts/3qFQx8NbxYM?feature=share

***Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық***

Топта ұйымдастырылған орталықтарда балалардың түрлі әрекеттерін ұйымдастыруға қажетті заттар мен материалдарды әзірлеу.

***Ұйымдастырылған іс-әрекеттер***

Мектепке дейінгі ұйымдарда қазақ тілі (штаттық кестеге сәйкес қазақ тілі маманы болған жағдайда), дене шынықтыру және музыка ұйымдастырылған іс-әрекеттері кестесі бойынша өткізіледі. Ал қалған ұйымдастырылған іс-әрекеттер әр баланың қызығушылықтары, ерекшеліктері мен қажеттіліктері ескеріле отырып, балалардың түрлі әрекеттері арқылы ойын түрінде кіріктіріп ұйымдастырылады.

https://youtu.be/7ioJrFhmMaY
https://youtu.be/uJvqCZdP6hE
https://youtu.be/029aIRAlhNs
https://youtu.be/40ekBGUJAdI
https://youtu.be/gZcsnfMC7Gc
https://youtu.be/DkodW3zczd4
https://youtu.be/myhLroyBzUg

Мектепке дейінгі ұйымдарда ұйымдастырылған іс әрекеттерді тек топ бөлмесінде ғана емес сондай-ақ жатын, қабылдау бөлмелерінде, арнайы кабинеттер болған жағдайда кабинеттерде, дәліздерде, ойын алаңдарында, серуен кезінде және т.б. балаларға ыңғайлы жағдайларда өткізу ұсынылады.

https://youtu.be/vnjWh2SoPx8
https://youtu.be/tTQ1_FFBNoU
https://youtu.be/zsQOY1m5CN0
https://youtu.be/c9hG0RCd7
https://youtu.be/OjP26xfm4NE

Ұйымдастырылған іс-әрекеттерді өткізуде балалар қызығушылықтарына сәйкес үнемі белгілі орталықтарды ғана таңдауына жол бермеу үшін топтағы барлық орталықтарды балалар әрекетіне қажетті заттар мен материалдармен толықтырып, өткізілетін ойындарды алдын-ала ойластыру ұсынылады.

https://youtu.be/mmbjtqTO1lk
https://youtu.be/GGqFAxxs-7Q
https://youtu.be/CzUjbhXWfBI
https://youtu.be/qTssLFG2PYk

Мектепалды топта, мектептегі (лицейдегі, гимназиядағы) мектепалды сыныпта ұйымдастырылған іс-әрекеттің саны аптасына - 20 сағатты, мектепалды жастағы балалардың құзыреттіліктерін қалыптастыру бойынша бір ұйымдастырылған іс-әрекеттің ұзақтығы 20-25 минутты құрайды.

Мектепке дейінгі ұйымдардағы мектепалды топтарда балалардың қызығушылықтары ескеріліп, ұйымдастырылған іс-әрекетті өткізу күні бойы кіріктірілген түрде немесе жеке жоспарланады.

https://youtu.be/RZs5fYA5sHg
https://youtu.be/wFuUz2s_Yr0
https://youtu.be/LcskX49cFTY

Мектептегі (лицейдегі, гимназиядағы) мектепалды сыныптарда балалардың қызығушылықтары ескеріліп, ұйымдастырылған іс-әрекетті өткізу күннің бірінші немесе екінші жартысында білім беру ұйымының оқу-тәрбиелеу

процесінің кестесіне сәйкес кіріктірілген түрде немесе жеке жоспарланады.

Мектепке дейінгі ұйымдар мен мектептегі (лицейдегі, гимназиядағы) мектепалды сыныпта тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыру үшін «Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту, орта, арнаулы, қосымша, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының педагогтері жүргізу үшін міндетті құжаттардың тізбесін және олардың нысандарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 6 сәуірдегі № 130 бұйрығының 1- қосымшасына «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымдарының педагогтері жүргізу үшін міндетті құжаттар тізбесіне» сәйкес [10] педагог ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспарын әзірлейді, апта сайын циклограмма құрады.

Перспективалық жоспарды Үлгілік оқу жоспары мен Үлгілік оқу бағдарламасына сәйкес тәрбиеші жас тобында жұмыс істейтін педагогтермен (қазақ тілінің мұғалімімен, дене шынықтыру (жүзу) нұсқаушысымен, музыка жетекшісімен) бірлесіп және мектепалды сынып тәрбиешісі оқу жылы басталғанға дейін бір рет жасайды. Перспективалық жоспарда балалардың жасына сәйкес Үлгілік бағдарламада берілген міндеттер әрбір айға бөлініп алынады. Міндеттерді балалардың игеруіне сәйкес бірнеше рет қайталап алуға, өзгертуге немесе түрлендіруге болады.

Циклограмманы тәрбиеші жас тобында жұмыс істейтін басқа педагогтермен (қазақ тілінің мұғалімімен, дене шынықтыру (жүзу) нұсқаушысымен, музыка жетекшісімен) бірлесіп жасайды. Циклограммада ұйымдастырылған іс әрекеттер мектепке дейінгі ұйымның күн тәртібіне сәйкес күннің бірінші және екінші жартысында жоспарланады. Циклограммада педагог ұйымдастырылған іс-әрекеттер бойынша Перспективалық жоспарда айқындалған міндеттерді кіріктіре отырып, шешу үшін, ұйымдастыратын түрлі балалар әрекетін (ойын, қимыл, танымдық, шығармашылық, зерттеу, еңбек, дербес) айқындайды https://youtu.be/EWQqkx3Xf74

Балалардың түрлі әрекеттерін ұйымдастыруда баланың ынтасын, пікірін және тілегін ескере отырып, ойын түрінде, барлық балалармен бір уақытта ғана емес, сонымен қатар шағын топтармен өткізу, балалар әрекетінің бірнеше түрі қатар ұйымдастырылған жағдайда балаларға аталған әрекеттердің бір түрінен өзін қызықтыратын басқа екінші әрекетке ауысуға рұқсат ету, қызығып орындап отырған баланы басқа балалармен бірге еріксіз келесі әрекетке көшірмеу ұсынылады.

https://youtu.be/X8n9h0o7dM0

**Циклограмма** әр аптаға құрылады, ол балаларды қабылдаудан бастап, түрлі балалар әрекеттерін, серуенді өткізуді, күндізгі ұйқыны ұйымдастыруды, яғни балалардың үйге қайтуына дейін күн тәртібінің орындалуын қамтамасыз етеді.

Циклограмманың құрылымы **күн тәртібіне** сәйкес құрылады. Циклограмманы жоспарлауға қойылатын талаптар:

- аптаның әрбір күніне Перспективалық жоспардағы ұйымдастырылған

іс-әрекеттердің міндеттеріне сәйкес балалармен өткізілетін әрекет түрлерін анықтау;

- әрбір әрекет түрлерін өткізуде бағдарлама мазмұнын жүйелілік пен сабақтастық қағидасын сақтай отырып беру;

- балаларды тәрбиелеу мен оқытуда инновациялық технологияларды, әдістер мен тәсілдерді қолдану;

- әрбір балалар әрекетін ұйымдастыру үшін жайлы заттық дамытушы ортаны (орталықтарға бөлу және оның балаларға қолжетімді болуын қарастыру,оның мүмкіндіктерін барынша қолдану) құру.

Түрлі жас топтары перспективалық жоспарында балалардың жасына сәйкес (егер 3, 4 немесе 5 жастағы балалар болса онда осы аталған жас балалары үшін) Үлгілік оқу бағдарламасына сәйкес міндеттер жеке-жеке көрсетіліп, ортақ бір жоспар жасалады (1 қосымша). Ал циклограмманы жасауда осы міндеттерді шешу үшін балалардың түрлі әрекеттері айқындалады. Балалардың түрлі әрекеттерін ойын түрінде ұйымдастыруда балаларға тапсырмалар жасына сәйкес беріледі.

Арнайы жасақталған қызығушылық орталықтарында балалардың еркін ойындары мен дербес әрекеттері үшін уақыт бөлінуі керек.

Еркін ойын балалардың кез-келген еркін әрекеті, ол тек ойын сипатында ғана болмайды, басқа да әрекет түрінде болуы мүмкін (мысалы, өз қалауы мен ойлауы бойынша сурет салу, ұсақ моториканы дамыту үшін материалдарды қолдану және т.б.).

«Еркін ойын» баланың ойынға арналған материалдарды және ойындағы серіктесін өздігінен таңдауын, ойын кеңістігінде өз қалауы бойынша әрекет етуін білдіреді. Бірақ, мектеп жасына дейінгі балалар еркін ойынды өздігінен басқара алмайтындықтан, педагогке баламен өзара әрекет ете отырып, оған бағыт беру, әңгімелесу арқылы жетекші сұрақтар қою және баладан толық жауаптар алу ұсынылады.

https://youtu.be/LZYSO4PE3_Q

Педагогтің міндеті — әр балаға өзінің қызығушылықтары бойынша әрекетпен айналысуға жағдай жасау, балалардың зерігуін болдырмау.

***Еркін ойын***

Еркін ойын балалардың ойын әрекетін дамытуға септігін тигізеді, ол ересектердің қатысуымен де, қатысуынсыз да өткізіледі, еркін ойын балаға өзін белсенді түрде көрсетуге мүмкіндік береді. Ойынның мәні-балаға еркіндік берілуінде. Бала өзі ересек адамның қатысуынсыз, қоршаған ортадан көргендерінің бәрін ойынға енгізеді. Ойынның мазмұнын балалардың өздері толық анықтайды және кейде мүлдем күтпеген оқиғалар болуы мүмкін. Бұл жағдайда таным процесі жетілдіріледі. Еркін ойын - балалардың өз ерік-жігерін сыртқы әлемнің заттарын тануға бағыттайтын, әртүрлі біліктер мен дағдыларды меңгеретін табиғи әрекеті. Балалар өз ойларының ықпалымен өз бетінше әрекет етеді, оларды жүзеге асырады, әлемді таниды. Алдын-ала әзірленіп,

ұйымдастырылған ойын қызықсыз болуы мүмкін және бұл ойында балалар шынайылық танытпайды.

Тәрбиешінің міндеті- балаларды әртүрлі, қарқынды ойын әрекеттеріне, еркін ойын ұйымдастыруға ынталандыру балаларға ойын барысында қажет болуы мүмкін заттарды (үстелдер, орындықтар, мата қиындылары, орамалдар, тақтайшалар, төсеніштер, жастықтар, әртүрлі табиғи материалдар және т.б.) дайындау немесе олардың қиялын оятуға мүмкіндік беру.

https://youtu.be/RKVf1UwpnKw
https://youtu.be/YhrUVzV-kDQ
https://youtu.be/_EIee0XGo4w
https://youtu.be/Q-15td3aYIc
https://youtu.be/hw-SaijUqFs
https://youtu.be/yjYIlJZ5YfQ

***Серуенге дайындық***

Серуенге дайындық кезінде тәрбиешілерге балаларды өзіне қызмет көрсетуге, өздігінен реттілікпен киіну және шешінуді үйрету, киімдерін шкафтарға салуға, дербестікке дағдыландыруға, сөздік қорды балалардың киімдерінің, аяқ киімдерінің атауларымен байытуға, оларды мейірімділікке, бір-біріне көмектесуге баулу олардың сөйлеуін дамыту ұсынылады.

https://youtu.be/-DkKD6k1j5o
https://youtu.be/-3aFXevdK4U

***Серуен***

Күнделікті серуендеу балалардың денсаулығын нығайту, олардың қимыл белсенділігіне деген қажеттіліктерін қанағаттандыру, шаршаудың алдын алу үшін маңызды.

«Мектепке дейінгі ұйымдарға және сәбилер үйлеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 9 шілдедегі № ҚР ДСМ-59 бұйрығына сәйкес серуендер ауа-райы жағдайы ескеріле отырып, күн сайын жүзеге асырылады [11].

Балалардың күнделікті таза ауада серуенде болуы оның физикалық дамуына әсерінің маңыздылығын ескере отырып, серуеннің мазмұнын жан-жақты ойластыру, оны балалар үшін қызықты түрлі әрекеттермен: ойын (дербес қимылды және сюжетті ойындар, ұлттық ойындар), танымдық, коммуникативтік, зерттеу әрекеті және басқалармен өткізу қажет.

Серуен мынадай құрылымдық элементтерден тұрады:

- балалардың дербес әрекеті;
- қимылды ойындар, ұлттық ойындар, спорттық ойындар мен жаттығулар;
- бақылау, зерттеу әрекеті;
- еңбекке баулу.

Педагог балалардың серуені қызықты және мазмұнды болуы үшін оны қажетті заттар мен материалдармен (ойындар мен бақылауларға, зерттеулерге, еңбек әрекетіне) қамтамасыз етуі, серуеннің білім беру мүмкіндігін барынша қолдана білуі қажет.

https://youtu.be/B0f1AzuHf_M

https://youtu.be/wrdril3Y1gQ

***Ұйқыға дайындық, күндізгі ұйқы***

Ұйқыға дайындық балалардың күндізгі ұйқысы үшін жағдай жасаудан басталады, ол үшін тыныштық орнату және бөлмені желдетіп, таза ауамен қамтамасыз ету керек.

Ұйқыға дайындықты баяу музыкамен бастауға болады, музыка ырғағымен балалар өздігінен шешінуді, жатын бөлмеге кіріп, кереуетке жатуды әдетке айналдырады. Баяу музыка белсенділікті және қозғыштықты төмендетуге, баланы тыныштандыруға әсер етеді.

Ұйықтар алдында балаларға кітап оқып беру ұсынылады. Ересек топ және мектепалды балалары үшін танымдық әңгімелерді сондай-ақ көлемді көркем шығармаларды оқып беруге болады. Шығармада оқиғаның қалай, неден басталғанын естіген балалар келесі күні сол оқиғаның немен аяқталатынын білгісі келіп бір-бірін тыныштандырып шығарманы бар ынтасымен тыңдайтын болады. Сондай-ақ балаларға тыңдатуға мәнерлі оқылған аудио жазбаларды да ұсынуға болады.

Балалар белсенді қимыл әрекеттерден кейін демалу керек. Күндізгі ұйқының қанық болуы үшін педагог жағдай жасауы қажет (балалар ұйықтайтын бөлмені алдын-ала желдету), ұйықтар алдында балаларға кітап оқу, күнделікті кітап оқып беру олардың дамуы үшін өте маңызды, сондай-ақ балаларды қазақ халқының салт-дәстүрлеріне баулу мақсатында бесік жырларын, баяу музыканы қоюға болады.

Балалар ұйықтап жатқан кезде педагог олардың жанында болуы керек.

Балаларды түскі ұйқыдан кейін шынықтыру, жалпақ табандылықтың алдын алу мақсатында жатын бөлмесінде денсаулық жолдарын төсеген жөн.

https://youtu.be/-A1MiKr6rSY

https://youtu.be/eGV6CI6Bugw

https://youtu.be/_9_DZbf1wGs

https://youtu.be/C0c16qtJr9I

https://youtu.be/X0AZX1GowpM

https://youtu.be/2Z32tC08w9c

***Біртіндеп ұйқыдан ояту, профилактикалық дене шынықтыру-сауықтыру шаралары***

Балаларды күндізгі ұйқыдан біртіндеп оятуды дұрыс ұйымдастыру, тыныш жағдайдан сергектікке біртіндеп көшіру, баланың ағзасын қимыл белсенділігіне

дайындауға, олардың көңіл күйін көтеретін жағымды жағдайды жасауға, сондай-ақ балаларды шынықтыруды ұйымдастыруға мүмкіндік береді.

Оларды мынадай тәртіппен жүргізу ұсынылады:

- жағымды музыкамен біртіндеп ояту;
- қолдар мен аяқтарды керу, созу, көтеріп, түсіруге жаттығулар, өзіне-өзі массаж жасау және саусақ жаттығуларын орындау;
- массаж жолдармен жүргізу;
- тыныс алу жаттығулары;
- шынықтыратын су шаралары;
- ұйқыдан соң киіну.

Барлық шараларды ойын түрінде тақпақтармен, әндермен сүйемелдеп өткізу ұсынылады.

https://youtu.be/L4oIkCG4KU8
https://youtu.be/7zA2byEZ-dY
https://youtu.be/ybLM8PEia8Q
https://youtu.be/G9098CEH200
https://youtu.be/dcrZB52AjeY
https://youtu.be/1I-VzKaPINs
https://youtu.be/kvv6c3PxSnc

**Балалардың үйіне қайтуы**

Ата-аналар балаларын балабақшадан немесе білім беру ұйымынан алып кетуге келгенде, тәрбиеші балаларды жеке-жеке есімімен атап, оларға мейірімділік танытып, әрқайсысын жақсы көретінін білдіру, балаларының жетістіктері туралы айтып, ата-ананың көзінше баланы мақтау, баланың өзіне, ата-ананың педагогке деген сенімін, ертеңгі күні баланың балабақшаға келуге деген құлшынысын арттыруға ықпал етеді.

Сондықтан әрбір ата-анамен сөйлескенде бүгінгі күннің қалай өткені туралы, баланың жетістіктері қандай болғаны туралы сөйлесу, ата-ананың білуі тиіс ақпаратты мерзімінде беру, баланың алдымен жетістіктеріне тоқтала отырып, ұсынылады. Бұл өз кезегінде ата-ананың өзін білім беру процесіне белсенді қатысушы ретінде сезінуіне және баланы тәрбиелеу мен дамытуды бірлесіп, ықпалдастықта жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

Балабақшада орын алған келеңсіз жағдайлар немесе қандай да бір мәселелер туындаған кезде баланың ата-анасына басқа ата-аналарды немесе баланың өзін қатыстырмай жеке сөйлесу ұсынылады. Кез-келген жағдайда педагог ата – аналармен сыпайы, оларды жалықтырмай сөйлесуі және жеке тәсілді ұстануы қажет.

Дұрыс құрылған күн тәртібі балалардың білім беру ұйымындағы әр сәтін тиімді пайдалануға мүмкіндік береді, балалардың жалығуына жол бермейді.

**Балалардың денсаулығын нығайту бойынша жұмысты ұйымдастыру**

Мектепке дейінгі ұйымда балалардың денсаулығын нығайту, ағзаны шынықтыру және оның атқаратын қызметін жетілдіру бойынша тұрақты жұмыс жүргізілуі тиіс.

**Шынықтыру** – бұл ағзаның қоршаған орта факторларының қолайсыз әсерлеріне және суыққа төзімділігін арттыруға бағытталған сауықтыру шараларының кешені, көбінесе шамадан тыс салқындау суық тию ауруларын тудырады. Шынықтыру шараларын өткізу үшін негізгі табиғи факторлар: күн, ауа және су қолданылады. Шынықтыру әдістерінің негізі – бала ағзасының бейімделу мүмкіндіктерін осы факторлармен немесе оларды үйлестірумен жүйелі мөлшерлеу арқылы біртіндеп жаттықтыру. Нәтижесінде жылуды реттеу процестері біртіндеп қайта құрылады (жылу беру процестерінің үйлесімділігі жақсарады), бұл денсаулыққа зиян келтірмей сыртқы жағдайлардың өзгерістеріне бала ағзасының тез бейімделуіне мүмкіндік береді.

Шынықтыру мынадай қағидаларды:

- жеке тәсіл;
- жүйелілік;
- бірізділік ;
- қауіпсіздік;
- баланың оң көзқарасы;
- кешенділікті сақтаған кезде ғана тиімді болуы мүмкін.

Балаларды шынықтыру мынадай шаралар кешенін қамтиды:

- үй-жайларды желдету;
- оңтайлы температуралық режим;
- дұрыс ұйымдастырылған серуен;
- үй-жайда және таза ауада жеңіл спорттық киіммен өткізілетін дене жаттығулары;
- салқын сумен жуыну және басқа су, ауа және күн шаралары;
- арнайы сауықтыру шаралары (сауна, тұзды үңгір, фито-бар және т.б.).

Балалардың дене бітімінің қалыпты дамуына көңіл бөлу маңызды. Үй-жайларда оңтайлы температуралық режимді, жиі желдетуді қамтамасыз ету қажет; балаларды үй-жайларда болғанда жеңіл киінуге үйрету және балалардың күн тәртібіне сәйкес таза ауада болуын қамтамасыз ету қажет.

**Желдету**

Мектепке дейінгі ұйымның барлық үй-жайлары күн сайын желдетілуі тиіс. Топ бөлмелерінде балалар болмаған кезде өтпелі немесе бұрыштық желдету қамтамасыз етіледі. Өтпелі желдету дәретхана үй-жайлары арқылы жүргізілмейді. Желдету балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету кезінде тәрбиешінің бақылауымен жүзеге асырылады («Мектепке дейінгі ұйымдарға және сәбилер үйлеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидалары ҚР ДСМ м 2021 жылғы 9 шілдедегі № ҚР ДСМ-59 бұйрығы 141-т. 13) тармақша) [11].

Сондай-ақ, күндізгі ұйқы алдында жатын бөлмелерді желдету міндетті болып табылады. Қыста жатын бөлмелерді желдету ұйқыдан 10 минут бұрын тоқтатылады.

Жазда ауа-райының жағдайлары қолайлы болса, терезелерді ашып, ұйықтатуға болады

Желдетудің ұзақтығы сыртқы ауа температурасына, желдің бағытына, жылу жүйесінің тиімділігіне байланысты. Желдету балалар болмаған кезде жүргізіледі және олар серуеннен немесе ұйымдастырылған іс-әрекеттен (дене шынықтыру, музыка және т. б.) келгенге дейін 30 минут бұрын аяқталады [12].

**Мектепке дейінгі ұйымдардың міндеттері:**

1) мектеп жасына дейінгі тәрбиеленушілердің өмірін және денсаулығын қорғау;

2) тәрбиеленушілердің, оның ішінде ерекше білім беру қажеттіліктері және жеке мүмкіндіктері бар тәрбиеленушілердің дене, зияткерлік және жеке тұлғалық дамуын қамтамасыз ететін оңтайлы жағдайлар жасау;

3) сапалы мектепалды даярлықты қамтамасыз ету;

4) тәрбиеленушінің толыққанды дамуын қамтамасыз ету үшін отбасымен тығыз ынтымақтастықта болу;

5) ата-аналарға тәрбиеленушілерді тәрбиелеу, оқыту, дамыту және денсаулығын сақтау бойынша консультативтік және әдістемелік көмек көрсету;

6) баланың даралығы мен субъективтілігін қолдауға бағытталған өзгеретін ойын және тақырыптық зоналарды (аймақтарды), инклюзивті дамыту ортасын құру.

**Жас ерекшелігі бір қағидасы бойынша жас топтарының толықтырылуы:**

1) ерте жас тобы (1 жастағы балалар) – 10 баладан артық емес;

2) кіші топ (2 жастағы балалар) – 20 баладан артық емес;

3) ортаңғы топ (3 жастағы балалар) - 25 баладан артық емес;

4) ересек топ (4 жастағы балалар) – 25 баладан артық емес;

5) мектепалды даярлық тобы (сыныбы) (5 жастағы балалар) - 25 баладан артық емес.

**Жас ерекшелігі әртүрлі қағидасы бойынша жас топтарының толықтырылуы:**

1) топта жас ерекшелігі екі түрлі (1 жастағы балалар, 2 жастағы балалар) балалар болған жағдайда– 15 баладан артық емес;

2) топта жас ерекшелігі үш түрлі (3 жастағы балалар, 4 жастағы балалар, 5 жастағы балалар) балалар болған жағдайда – 20 баладан артық емес.

**Мектепке дейінгі ұйымдар өз қызметін келесі кезеңдер бойынша ұйымдастырады:**

1) 1 қыркүйек пен 31 мамыр аралығында – оқу жылы (Бағдарлама мазмұнын меңгеру кезеңі);

1 қыркүйек пен 31 мамыр аралығында – мектептердің (лицейлердің, гимназиялардың) мектепалды сыныптары үшін оқу жылы (Бағдарлама мазмұнын меңгеру кезеңі), оқу жылы бойы мектептің (лицейдің, гимназияның) ішкі тәртіп ережелеріне сәйкес каникулдар белгіленеді;

2) 1 маусым мен 31 тамыз аралығында – жазғы сауықтыру кезеңі;

3) мектепалды даярлық бағдарламасын өткен тәрбиеленушілерді мектепке дейінгі ұйымнан шығару жыл сайын 1 тамызға дейін жүзеге асырылады;

мектепалды даярлық бағдарламасын өткен тәрбиеленушілерді мектептердің (лицейлердің, гимназиялардың) мектепалды сыныптарынан шығару жыл сайын 31 мамырда жүзеге асырылады;

4) тәрбиеленушілерді бір жас тобынан басқасына ауыстыру тәрбиеленушінің ағымдағы күнтізбелік жылдағы толық жасын ескере отырып, ағымдағы жылғы 1-31 тамыз аралығында жүзеге асырылады;

мектептердің (лицейлердің, гимназиялардың) мектепалды сыныптарын жинақтау тәрбиеленушінің ағымдағы күнтізбелік жылдағы толық жасын ескере отырып, ағымдағы жылғы 1-31 тамыз аралығында жүзеге асырылады.

**Мектепке дейінгі жастың барлық кезеңінде балалар әрекеттерінің негізгі түрлері:**

- ойын – әртүрлі ойындар арқылы балалардың қоршаған әлемді тану қабілеті мен күнделікті әрекетін ұйымдастыру. Ойын түрлері: дидактикалық, қимылды, музыкалық, театрландырылған, сюжетті-рөлдік, драма ойындары және т.б.;
- қимылдық – баланың әртүрлі қимыл белсенділігінің түрлері мен мазмұнын тиімді үйлестіру;
- коммуникативтік – түрлі нысандарды (әңгімелесу, жағдаяттар құру, сөйлесу, сюжеттік ойындар және т.б.) қолдана отырып, балалардың сөйлеуін дамыту;
- еңбек – өзіне-өзі қызмет ету, табиғаттағы еңбек, қол еңбегі, ересектердің еңбегін бақылау; ойындарға арналған заттарды дайындау, макеттер жасау, коллекциялар және оларды безендіру, мерекелерде топ бөлмелеріне арналған әшекейлер дайындау;
- танымдық-зерттеушілік - айналаны танып білу және жаңа білімді меңгеру;
- бейнелеу әрекеті – сурет салу, мүсіндеу, жапсыру, құрастыру және т. б.
- музыкалық-көркемдік – музыкалық аспаптарда ойнау, ән салу, тыңдау, қосылып айту, суырып салмалық өнер, ырғақты музыкалық қимылдар;
- педагогтің шығарманы оқуы – тыңдау, түсіну, әңгімелеп беру өлеңдер мен тақпақтарды мәнерлеп оқу, иллюстрацияны қарау, әртүрлі жанрдағы шығармаларды талқылау;
- мультфильмдерді, бейнефильмдерді, телебағдарламаларды қарау және талқылау;
- өсімдіктер мен жануарларды бақылау барысында заттық және сюжеттік картиналар қарастыру және әңгімелер құрастыру;

- жағдаяттар құру, әлеуметтік-адамгершілік мазмұнда әңгімелесу, қызықты деректер мен оқиғалар туралы арнайы әңгімелер құрастыру;

- билер, музыкалық-ырғақтық би қимылдарын көрсету, халықтық әуендерге бірігіп би шығару, қосылып ән шырқау болып табылады.

## МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ҰЙЫМНЫҢ ОТБАСЫМЕН ӨЗАРА ЫНТЫМАҚТАСТЫҒЫ

Үлгілік бағдарламаны іске асыру жағдайында ашықтықты, ата-аналармен тығыз ынтымақтастықты және өзара іс-қимылды көздейтін нысаналы бағдарлар белгіленген. Білім беру жүйесінің алдына қойылған міндеттер тәрбиелеу-білім беру процесінің нәтижелі болуы үшін ата-аналардың жауапкершілігін арттыруды көздейді. Балаларды дамыту, тәрбиелеу мен оқыту процесіне ата-аналарды тарту мәселесі екі бағытта шешіледі:

- ата-аналардың педагогикалық мәдениетін арттыру;
- ата-аналарды мектепке дейінгі ұйымның қызметіне тарту.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту жүйесінің алдына балаларды тәрбиелеу мен оқыту үшін жауапкершілікті іске асыруда ата-аналарға көмек көрсету арқылы педагогикалық процеске белсенді қатысушылар ретінде тарту мақсаты қойылған.

Аталған мақсатқа қол жеткізу үшін:

- әр тәрбиеленушінің отбасымен әріптестік қарым-қатынас орнату;
- балаларды дамыту мен тәрбиелеу үшін отбасы мен мектепке дейінгі ұйымның күш-жігерін біріктіру;
- өзара түсіністік атмосферасын құру, мүдделердің ортақтығын, мектепке дейінгі ұйымның тәрбиеленушілері мен педагогтері, ата-аналар арасында қарым-қатынасқа деген оң көзқарас пен тілектестікті қолдау;
- балалардың ата-аналарына және заңды өкілдеріне арналған консультациялық кеңестің жұмысын кеңейту;
- ата-аналармен (заңды өкілдерімен) ынтымақтастықта қарым-қатынас орнату үшін педагогтерді даярлау көзделеді.

Ата-аналармен жұмыста тренингтер, семинарлар, «игі істер күндері», ата-аналардың қатысуымен педагогикалық кеңес, ата-аналар конференциясы, дәстүрлі емес қарым-қатынас нысандары түрінде өтетін ата-аналар жиналыстарының жаңа форматтарын пайдалану қажет. Олар ата-аналармен бейресми байланыс орнатуға, олардың назарын мектепке дейінгі ұйымға аударуға, ата-аналар өз баласын жақсы білуіне, оны басқа, өзі үшін таныс емес жағынан көруге, педагогтермен өзара қарым-қатынаста болуға бағытталады. Жеке және топтық консультациялар, ата-аналар жиналыстарын, проблема бойынша пікірталастар, педагогикалық қонақ бөлмелерін, сұрақ-жауап кештерін, «ток-шоу» өткізу, ұйымдастырылған әс-әрекеттердің бейнежазбаларын және режимдік сәттерді қарау, содан кейін талқылау және басқалары ұсынылады. Мектеп жасына дейінгі ересек балалардың ата-аналары

үшін белсенді етудің интерактивті әдістерін қолдану, сұхбаттасу, талқыланатын проблеманы рейтингтік бағалау, әрқилы бірнеше пікірлерді талқылау ұсынылады.

https://youtu.be/LidRFUGE5AU

https://youtu.be/E4XUD02fBdc

*1-қосымша*

# ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ ОЙЫНДАРЫ



## Асық ойыны

Асық ойыны - қазақ халқының дәстүрлі ойыны. Асық ойыны күндіз де, түнде де ойналады. Күндізгісі – мергендікке, түнгісі – ептілікке баулиды. Иіргенде түскен қалпына қарай асық – алшы, тәйке, бүк, шік деп, ал атуға арнап арнайы қорғасын құйылып жасалғаны – сақа, жақсылары – оңқай аталады. Асық ойынының мынадай түрлері бар: құмар, тәйке, омпы, алшы, хан (хан ату) және т.б.

## Айгөлек

Айгөлек – халқымыздың ұлттық ойындарының бірі. Ойын шарты бойынша ойнаушылар екі топқа бөлінеді. Олардың сандары да, жас шамалары да бірдей болулары керек. Екі топтың екеуінің де ойынды бастаушысы болады. Аралары 10-15 метрдей жерде қол ұстасып, қатарласатұрған осы екі топ біріне-бірі сөз тастап, күш көрсетіп, өнер жарыстыра бастайды. Екі жақтың ойын бастаушылары орталарынан бір қыз бен бір баланы шығарып, олардың қолына бір ақ тас, бір қара тас береді. Олар екі тасты ешкімге көрсетпей, уысына қысып тұрады да:

Сен қай қолдағы тасты қалайсың? - деп сұрайды. Бастаушылардың біреуі мен: «Оң қолдағы тасты қалаймын», - дейді, екіншісі сол жақ қолдағы тасты алады. Қайсысында ақ тас болса, сол ойын бастайды.

*Бірінші топ:*

Айгөлек-ау, айгөлек, Айдың жүзі дөңгелек. Күші мығым, қуатты, Екпіні

желдей өршігенШепті бұзар ер керек.

*Екінші топ:*

Айгөлек-ау, айгөлек, Айдың жүзі дөңгелек, Күші мығым, қуатты, Екпіні желдей өршіген

Саған қандай ер керек? - дейді.

*Алдыңғы топ:*

Айгөлек-ау, айгөлек, Айдың жүзі дөңгелек, Күші мығым, қуатты, Екпіні желдей өршіген

Бізге ... (Ерсін) ер керек,

деп бір ойнаушының атын атайды.

Ол тобынан шығып, бір-екі адым ілгері басып:Айгөлек-ау, айгөлек,

Айдың жүзі дөңгелек. Сайысқанда саспайтын,

Самала күнге бастайтын,

... деген ер шыққан,

Топ бұзуға мен шыққам,

- деп сол жүгірген бойы қарсы топты жарып өтпек болады. Ол екпінді,күшті болса, топты жары өтіп, өзі қалаған бір қызды, не бір ер баланы жетектеп өз тобына алып келеді. Егер ол топты жарып алмаса, сол топтаөзі қалып қояды. Ендігі шақыруды екінші топ бастайды. Сөйтіп, ойынжалғаса береді. Ойында дөрекілік көрсетуге, жұптасқан жұдырықты жүгіріп келе жатқан ойыншыға қарсы қоюға болмайды. Жүгірген ойнаушыда ойын ережесін сақтауға тиіс.

**Омпы**

Асық ойынының бір түрін «Омпы» деп атайды. Омпы – асықтың тұмсығымен жер тіреп, тік шаншылып түсуі. Бұл ойынды көбінесе бозбалалар ойнайды. Оны таза ауада жазық алаңда, не үлкен бөлмелерде ойнауға болады. Ойнаушылардың санына шек қойылмайды. Ойынның мақсаты - асық ұту. Ойнаушылар арасы 20 қадам екі көн сызады да біріншісіне төрт бұрыш жасайды (оның көлемі өзара келісіледі) дәл ортасындағы сызыққа әрбір ойыншы өздерінің асықтарын тігеді. Тігілген асықтардың ортасына бір асық мұртынан «Омпы» тұрғызады. Ойнаушылар екінші белгіленген жерден бірінің артына бірі тұрып әркімнің өз кезектері бойынша, қолдарындағы сақаларымен «омпыны» ата бастайды. Егер кімде-кім омпаға тигізсе және оны төрт бұрыштың шетіне шығарса, онда көндегі асықты түгел алады. Ал омпыға тимей, жанындағы асықтарға тисе, оны да төрт бұрыштың шетіне шығара алса, онда сол атқан асығын ғана алады. Асық таусылған сайын, көнге асық қайтадан тігіліп отырылады. Ойын жалғаса береді.

**Ханталапай**

Бұл отырып ойналатын ойын. Оған төрт-бес үміткерден қатысады. Ойын үшін он асық таңдап алынады. Он бірінші асықтың ерекше өзге түске (қызыл, не

көк) боялған болуы шарт. Бір-бірден асық ііріледі де, қорытынды бойынша ойыншылардың кезектері анықталады. Бұдан соң алғашқы ойыншы қос уыстай ұстаған бар асықты ортаға иіруі керек. Қалған ойыншылар өзге асықтардан ерекшеленген «ханға» көз салады. Себебі, хан алшы түссе, барлығы тарпа бас салып, ортадағы асықтарды, хан талапай жасауы тиіс. Хан кімнің қолында кетсе, келесі үйірі кезегі соған беріледі екен, хан мен бірге қолына ілінген асықтардың санына қарай ұпай жазылады.

Хан алшы түспеген жағдайда иірген ойыншы шашылған асықтардың бүгі мен бүгін, шігі мен шігін, алшысы мен алшысын, тәйкесі мен тәйкесін бір-біріне соғып, бір-біріне тимей қалғанша ұпай жинайды. Көздеген асығы үшінші бір асыққа тиіп кетсе немесе бөгде асықты қозғап қалса да, ойынның бұзылғаны. Онда кезек келесі ойыншыға беріледі. Осы ретпен әр ойыншы жинаған асығының санына қарай ұпай жинайды. Межелі ұпай санын (100, 40) ойын жүргізуші алдын-ала белгілейді. Межеге бұрын жеткен ойыншы жеңімпаз болып саналады.

*Ескерту:* Асықтарды бір-біріне тигізу кезінде қолмен сүйретіп апаруға, орнынан қозғап түзетуге болмайды. Ойынның соңына дейін ханға бірде-бір асық тимеуі керек. Себебі ол – хан.

## Алшы ойыны

Бұл ойында тігілген асықтарды атуға жарамды сақа таңдап алынады. Сақа болатын асық салмақты, ірі болуға тиіс. Ол көбінесе еркек қойлардың, не қошқарлардың асығы болып келеді. «Алшы ойыны»сақаның салмақты да алшы тұруына байланысты. Бұл ұту үшін өте қажет.

«Алшы ойынын» ойнаушыларға шек қойылмайды. Ойын басталар алдында, ойын жүргізуші, барлығының сақаларын жинап алып, ойында әркімнің кезегін белгілеу үшін, яғни, кімнен кейін кім асық ату керектігін анықтау үшін, сақаларды иіреді. Иірген кезде кімнің сақасы алшы түссе, сол бірінші, тәйке түссе екінші, бүк түссе үшінші, шік түссе одан кейін асық ататын болады. Атқан кезде сақасы мен асығы бір жақты түссе, атқан асығын алып, әрі қарай ата береді. Енді бірде асық атқан кезде сақасы алшы түсіп, асық кез келген жағында жатса да асықты алады, тағы атады, ал сақа мен асық екеуі екі түрлі түссе, онда алмайды. Ол атуды тоқтатып, кезекті келесі ойыншыға береді. Екінші ойыншы өз кезегінде сақасын иірген кезде тәйке түссе, онда өзінен кейін кезекте тұрған ойыншы көмбеде тұрып оның тәйке түскен сақасын атады, тигізсе, сақа иесі ойыннан шығып қалады, тигізе алмаса, өзі ойыннан шығады. Кезек алу үшін сақаларын иірген кезде бүк, шік түскен ойыншылар өз кезектерімен көнге тігілген асықты ата береді. Осы ретпен көндегі асықты атып тауысқанға дейін ойнайды да, асықтарын қайта тігіп, ойынды жалғастыра береді.

*Алшы* – асықтың иірілгенде тегіс табаны жерге тиіп түсуі. Ойын кезінде оған бірінші дәрежелі мән беріледі.

*Тәйке (таба)* – асықтың иірілгенде шұңқырлау табаны жерге тиіп, тұрық түсуі. Ол екінші дәрежелі мәнге ие.

*Бүк (бүге)* – асықтың иірілгенде дөңес жоны үстіне қарап, етпетінен жатық түсуі. Ол үшінші дәрежелі мәнге ие.

*Шік (шіге)* – асықтың иірілгенде шұңқыр құрсақ жағы үстіне қарап, шалқасынан жатық түсуі. Ол төртінші дәрежелі мәнге ие.

**Хан алшы**

«Хан алшы» ─ қазақ халқының ұлттық ойындарының бірі асық ойынының бір түрі. Ойынға 5 немесе 10 бала қатысады. Көп асықтың ең ірісі қызыл түске боялады. Бұл асық «Хан асығы» болып саналады. Асықтар тізіп қойған соң, ойын бастаушы «Хан асығымен» оларды көздеп, құлатады. Құлаған асықтарды жинап алады. Егер «Хан асығы» бүк, шік, тайқы қалыптарымен түссе, ойын бастаушы жақын құлаған асықтарды ата береді.

Егер ойын бастаушы асықтарды қолымен құлатып алса немесе басқа асықтарымен атса, онда ойынды келесі бала жалғастырады. Ең соңында,

«Хан асығы» кімнің қасында қалса, сол бала жеңіске жетеді. Келесі ойынды жеңіске жеткен бала жалғастырады.

**Үш табан**

Үш табан ойнау үшін тақыр жерге көлденең сызық сызылады да, оған әр ойыншы бір бірден арасын сиректеу етіп кеней тігеді. Содан соң ойнаушы балалардың барлығының сақаларын біреуі жиып иіреді. Кімнің сақасы шықса сол бірінші болып сақасын көннен алысырақ жерге иіреді. Сақасымен тігулі кенейді атып, үштабаннан артықтау жерге жіберуі керек үш табаннан кем, я болмаса сақасы кенейге тимей кетсе, ойынды сақасы шыққан келесі ойыншы бастайды. Ойын көндегі кенейді ұтып біткенше созылады.

**Соқыр теке**

Балалар дөңгелене тұрады. Топ ішінен бір баланың көзі байланады.Балалар: Бота, бұзау, қозы, лақ,

Қайда кеткен құлыншақ.Соқыр теке бақ-бақ,

Мені ізден тап-тап - деп өлеңмен айтады.

Содан кейін Соқыр теке (көзі байлаулы бала) балаларды қуалайды немесе балалар оның жанына келіп түртіп қашады. Соқыр теке ұстап алғанбаланың көзі байланады да ол «соқыр теке» рөлін атқарады. Ойын осылай жалғаса береді.

**Тақия тастамақ**

Ойынға бірнеше бала қатысады. Балалар шеңбер жасап отырады. Жүргізуші шеңбердің сыртын айнала жүгіріп жүріп, біреуінің артына білдіртпей тақияны тастап кетеді. Егер біреу сезіп қойса, жүргізушіні қуыпжетуі керек. Ал, жүргізуші қуған баланың орнына тұра қалуға тырысады.

Жүргізушіге жете алмаған бала айыбын төлейді, өнер көрсетеді.

## Арқан тарту

Бұл екі топқа бөлінген балалармен немесе екі баламен ойналады. Арқанның екі жағынан екі бала немесе екі топқа бөлінген балалар тартысады.

Қай топ арқанды өз жағына тартып алып келсе, сол топ жеңіске жетеді.

Екі бала тартысқанда қай бала өзіне қарай арқанды тартып екінші баланы құлатса, құламаған бала жеңіске жетеді.

## Аударыспақ

«Аударыспақ» ─ өте көне дәуірден келе жатқан қазақ халқының ұлттық спорт ойыны. «Аударыспақ» – қазақ халқының арасында кеңінен таралған ойын. Балалар екі жақ басы берік тұғырға бекітілген биіктігі бір-бір жарым метрдей (балалардың жасына қарай), ұзындығы 70-80 сантиметрдей ағаш аттарға мінеді. Бір-біріне қапталдас орналасқан ағаш аттардың ара қашықтығы екі жақтан созылған қол жететіндей болса жеткілікті. Оларға мінген шабандоз балалар бір-біріне қарама-қарсы отырып қол ұстасады. Төрешінің белгісімен бірін-бірі тартып, не итеріп, әйтеуір қай айласын, не күшін асырғаны қарсыласын ағаш аттан аударып түсуі шарт. Аяқты жерге ағаш атқа тіреуге болмайды. Онда ойын шарты бұзылады. Ойын алаңының айналасына құм немесе жұмсақ кілем төселуі керек. Қай топ жеңсе сол топ жеңімпаз атанады.

## Теңге ілу

Ойынға қатысушылар тепе-тең екі топқа бөлінеді. Әр қайсысы жеке- жеке шыбықтан ат мінеді. Ойын кезгі басталатын жерге сызық сызылады. Одан әрі 20-30 метрдей жерден тереңдігі бір қарыстай екі шұңқыр қазылады. Шұңқырға он-оннан теңге салынады. Содан соң екі топтан екі сайыскер шығады. Сызыққа келіп қатарласып тұрады. Бастаушының белгісі бойынша шыбық аттарын құйғытып, шаба жөнеледі. Сол беттерімен әлгі шұңқырға жетіп қол соғып жібереді де, теңгені іліп алып, әрі қарай шауып кете барады, шұңқыр тұсында бөгелуге болмайды. Ұпай әр сайыскердің іліп алған теңгелерінің санына қарай есептеледі. Қай топ көп ұпай жинаса, сол топ жеңеді.

## Түйілген орамал

Ойын жүргізуші ойынды өзі бастайды. Ең алдымен балаларды айналасына жинап алады да «1, 2, 3» - деп дауыстайды. Осы кезде балалар жан-жаққа бытырай қашады. Ал ойын жүргізушісі қолында түйілген орамалы бар баланы қуалайды. Ол орамалды басқа біреуге лақтырады, қағып алған бала қаша жөнеледі. Осылайша ойын жүргізіледі, түйулі орамалды алғанша қуалай береді. Ұсталған ойыншы көпшілік ұйғарымымен ортада тұрып өнер көрсетеді. Одан кейін ойын жүргізуші ауыстырылады. Ойын ойнап болған соң балалар шеңбер жасап тұрады.

## Қара құлақ

Ойынға 5-10 бала қатысады. Олар оңаша жерге топталып өз араларынан бір баланы қазық етіп белгілейді.Қазық тұрған жерінде қозғалмай тұрады. Басқалары әрі кетеді. Содан кейін ойынға қатысушылар қазықты алыстан қоршап бірте-бірте жақындай түседі.

Таяп келіп мынау кім?–деп бір-бірінен сұрасады. Біреуі ой бұл қарақұлақ қой!-деп қаша жөнеледі. Қалғандары да – қарақұлақ, қара құлақ!-деп бытырай қашады. Қарақұлақ біреуін ұстау үшін тұра қуады. Ұсталған бала қарақұлақ болып, ойын әрі қарай жалғасады.

## Көтермек

Ортаға екі ойыншы бала шығады. Бір-біріне арқаларын беріп тұрады. Белгі бойынша кім бірін-бірі арқада көтеріп алса, сол бала жеңіске жетеді.

Жеңіске жеткен бала ойында қала береді де басқа балалармен бірге күш сынасады.

## Білектесу

Бір үстелдің шетіне қарама-қарсы отырған екі бала оң қолдарының шынтағын үстелге тіреп қояды да, бірінің қолын бірі алақандастыра мықтап ұстайды. Сол жақтағы қолдарын әркім өзінің оң жақ қолтығына тығып алады. Осылай ұстасып алған екі палуан бала, ойын бастаушы белгі берісімен, шынтақтарын сол орнынан қозғамай, қарсыласының тіреулі қолын шалқасынан түсіруге ұмтылады. Білегі тайып жантайған бала жеңіледі. Бұл білек күшінің жетілуіне көмектеседі.

## Қара сиыр

Ойын көбінесе далада, көгалды жерде, кең аулада ойналады. Ойынға кіші, орта буын мектеп оқушылары қатынасады. Ойынға 3 не 10, одан да көп ойыншы қатынасады. Көбінесе ойынға қара зат таңдап алынады (ескі малақай, құм салған дорба т. б.). Ойынға қатынасушылар шеңбер құрып, көздерін жұмып түрысады. Ойынды басқарушының берген бұйрығымен бір ойыншы шеңберден шығып, тығуға әзірленген затты алып тығылады.

Ойынға қатынасушылардың міндеті — сол тыққан затты іздеп табу. Егер тығылған зат табылса, ойын жүргізуші ойынға қатынасушылардың барлығына естірте дауыстап жариялайды да, барлығын табылған заттың төңірегіне жинайды. Заттың иесі өз затын қорғайды да, басқалары оны алдап-сулап, көңілін басқа жаққа бұрып әлгі затты тартып алуға тырысады. Затты кім ала алатын болса, сол затты тығушы қызметін атқарушы болады да, қалғандары қайта шеңбер құрысып көздерін жұмады. Ойын осы тәртіппен жүре береді. Ойын таза ауада дем алуға, ойлауға, тапқырлыққа баулиды

## Киіз үй

Ортаға арқалығына орамал ілінген төрт орындық қойылады. Балалар орындықты айнала жүгіріп, нұсқаушының дабылы бойынша «киіз үй» құрады: орамалдың бұрышынан ұстап жоғары көтереді.

## Итеріспек

Диаметрі 3-4 метрдей болатын шеңбердің ішіне ойынға қатысушылар тұрады. Белгі бойынша қарсы тұрған қарсыластар бір-бірін шеңберден итеріп шығаруға тырысады. Қолмен де, иықпен де итеруге болады. Шеңбердің ішінде қалған ойыншы жеңіске жетеді.

## Қазан

Асықтарды көлденең нысанаға 3 метр қашықтықтан лақтырады. Сөреден 3 метр жерде үлкен қазан тұрады (шеңбер). Белгі бойынша әр топтың ойыншылары асықтарды қазанға лақтырады. Қазанның ішіне көбірек асық түсірген топ жеңеді.

## Сиқырлы таяқ

Ойнаушылар қол ұстасып, дөңгелене шеңбер жасап тұрады. Қолында таяғы бар ойын жүргізуші шеңбердің ортасына келеді де, ойынның ережесін түсіндіреді. Ойнаушыларды бірден бастап түгел нөмірлеп шығады. Ойынның шарты бойынша ойын жүргізуші қолындағы таяғын шеңбердің ортасында тік ұстап тұрады да, бір нөмірді атап, таяқты қоя береді. Аталған нөмір таяқты жерге құлатпай ұстап қалуы керек, ал таяқты ұстай алмай құлатып алса, онда айып тартады, яғни көптің ұйғаруымен ортаға шығып, өнер көрсетеді. Ойынға қатысушылардың бәрі бір-бір реттен міндетті түрде ойнап шығулары керек. Ал одан әрі ойынды жалғастыру-жалғастырмау ойнаушылардың өз еркінде. Ойнаушылардың саны көп болса, ойын қызықты өтеді.

## Ақсерек - көксерек

Бұл ойынды ойнау үшін балалар екі топқа бөлінеді, қолдарынан ұстап тұрады. Ара қашықтық 20-30 қадам.

1-ші топ.

Ойынды бастайды Ақсерек-ау, ақ серек,

Бізден сізге кім керек.

2-ші топ.

Ақсерек-ау, ақ серек,

Сізден бізге ... (бала аты) керек.

Аты аталған бала келесі топқа дейін жүгіріп барып ортасынан ұстасқан қолдарды ажыратып кету керек. Егер өтіп кетсе сол топтан бір баланы тобына алып қайтады, өте алмаса сол топта қалады. Ойын осылай жалғаса береді.

## Ошақ

Ойынға қатысушылар кең алаңқай жерді таңдап алады да, бәрі түгел сиятындай етіп, үлкен төрт бұрыш сызады. Ойынға қатысушылар тең екі топқа бөлінеді. Төрт бұрышты «Ошақ» деп атайды. Ошақтың ішінде қай топ қалатындығын жеребе тарту арқылы шешеді. Жеребеден ұтқан топ ошақтың сыртында қалады да, жеңілгені ішке кіреді. Сыртта қалған топтың қолында кішірек доп болады. (Оны ертеде сиырдың жүніне бүркіп, алақанмен уқалап, домалатып доп етіп жасайтын болған, қазір резеңке доп пайдаланылады) Сол доппен сырттағылар сызықтың ішіндегілерді ұрады. Доп тиген ойыншы сыртқа шығады.

Егер лақтырған допты іштегі ойыншы денесіне тигізбей немесе жерге түсірмей қағып алса, сыртқа шығарылғандардың біреуін қайта кіргізіп алады. Сызықтың ішінде жалғыз ойыншы қалса, ол ұтқан топтың бұйыруы бойынша 10 немесе 20 рет сызықты айнала жүгіреді. Ол ойын ережесін ойдағыдай орындаса, сызықтан шыққан өз тобының бәрін қайта ішке кіргізіп алады. Егер орындай алмай құлап қалса, өзі де сыртқа шығады. Бұл — топтың ұтылғаны. Мұндай жағдайда ойын қайта басталады.

## Бес тас

«Бестас» - өте көне дәуірден келе жатқан, қазақ халқының ұлт ойындарының бірі. Ойынға керекті зат бес кішкентей домалақ тас немесе кейде бес асық пайдаланылады.

Ойынға қатысатын адам санына шектеу қойылмайды. Кемінде екі адамнан басталады. Ойынға қатысушылар дөңгелене отырады. Ойнау үшін қолға епті, ұстауға ыңғайлы тастар таңдалып алынады.

Ойыншы бес тасты еденге шашырата тастайды да, ішінен бір тасты таңдап алады. Алған тасын жоғары лақтырып жіберіп, жерден бір тасты іліп алып, лақтырған тасын қайта қағып үлгерді. Жерден алған тасын жанына қойып, сол тәсілмен, екінші, сонан соң үшінші, төртінші тастарды бір-бірлеп іліп алып отырады.

Бұл ойынның бірнеше тәсілі бар.

## Асықты тігіп ойнау

Бір топ бала, жастар жиылып келіп, тегіс жерді таңдап алады да оны тазартып, ортадан төрт бұрышты сызық сызады. Сол төрт бұрышты ортасынан тең етіп екіге бөледі. Әр жағының қашықтығы балалардың жас мөлшеріне қарай белгіленеді. Сонда 1-1,20 см немесе 1,5 метрге дейінболады. Мұны «көн» деп атайды. Сонда ойнаушылардың өзара келісімі бойынша көннен 4-5 метр не одан да көп мөлшерде асық ататын орын белгіленеді. Оны сызықпен белгілейді. Ойыншылар осы жерден тұрып көндегі асықты ататын болады. Ойынды кім бірінші болып бастайтынын сақа иіру арқылы анықтайды. Сақасы алшы түскен ойыншы бірінші болып ату кезегін алады.

Ойыншы асыққа дәл тигізіп, оны көнбе сызығынан шығарса, оны алады да,

сақасы түскен жерден қайта атады. Сөйтіп көннен шығарғандарын ала береді. Егер оның сақасы көндегі асыққа тимей кетсе, асықты келесі ойыншы атады. Ал тігілген асықтарды бұзып, бірақ көннен шығара алмаса, қалған ойыншылар асықтарды сол жатқан қалыбында атып, көннен шығарып алуға тиіс. Ойын көндегі асықтар бойынша біткенше ойнала береді. Көндегі асық біткен соң, ойынға қатынасушылар бір-бірден көнге қайта асық тігіп, ойын қайта басталып, жалғаса береді.

### Алтыатар ойыны

Көндегі кенейлердің бір шетіне түпте қалған ( сақасы шықпаған)баланың сақасы тігіледі. Кенейдің арасында саңлау болмай тіркестіріле қойылады. Көннің екі жағына 1м жерден су (сызық) ал 5-6 м жерден қарақшы белгілейді. Кімде кім түптегі сақаны жұлып кетсе (суданшығарса) бүкіл кенейді сол алады. Ал сақаға тимей кенейді ұшырса, оның судан шыққаны ғана соныкі болып табылады. Ату саны ─ 6 рет. Алғаш сақасы шыққан бала, қалғандары одан кейінгі кезекте атады. Алты рет атыстан қалған кенейдің бәрі түпте қалған баланікі болып есептеледі.

### Атбақыл

Асықпен ойналатын ойындардың бірі — «Атбақыл» немесе «Көтеріспек» деп аталады. Ойынға екі-екі баладан қатысады, қалғандары көрушілер болады. Ойынға қатынасушылар кез келген жерді таңдап алады да, өздері тұрған жерлеріне белгі соғады. Сол белгі соққан жерден біреуі қолындағы асығын (не топайын, сиыр асығын, «топай» деп атайды) алыстата иіріп тастайды. Екінші ойыншы қолындағы асығымен оны атады.Егер де ол тигізсе, бірінші ойыншы оны сақасы барып түскен жерге дейін арқалап барады. Енді екінші ойыншы сақасы түскен жерде тұрып, асығын алыстата иіріп тастайды. Бірінші ойыншы оны атады. Тигізсе, сақасы жатқан жерге дейін екінші ойыншы арқалап апарады. Егер асыққа тимей кетсе, келесі ойыншы атады. Ойын осылайша жалғаса береді де, ойыншылардың өзара келісімі бойынша тоқталады.

### Ханталапай

Бұл отырып ойналатын ойын. Оған төрт-бес үміткерден қатысады.Ойын үшін он асық таңдап алынады. Он бірінші асықтың ерекше өзге түске (қызыл, не көк) боялған болуы шарт. Бір-бірден асық иіріледі де, қорытынды бойынша ойыншылардың кезектері анықталады. Бұдан соң алғашқы ойыншы қос уыстай ұстаған бар асықты ортаға иіруі керек. Қалған ойыншылар өзге асықтардан ерекшеленген «ханға» көз салады.Себебі, хан алшы түссе, барлығы тарпа бас салып, ортадағы асықтарды, хан талапай жасауы тиіс. Хан кімнің қолында кетсе, келесі үйірі кезегі соған беріледі екен, хан мен бірге қолына ілінген асықтардың санына қарай ұпай жазылады.

Хан алшы түспеген жағдайда иірген ойыншы шашылған асықтардың бүгі мен бүгін, шігі мен шігін, алшысы мен алшысын, тәйкесі мен тәйкесін бір-біріне соғып, бір-біріне тимей қалғанша ұпай жинайды. Көздеген асығы үшінші бір

асыққа тиіп кетсе немесе бөгде асықты қозғап қалса да, ойынның бұзылғаны. Онда кезек келесі ойыншыға беріледі. Осы ретпен әр ойыншы жинаған асығының санына қарай ұпай жинайды. Межелі ұпай санын (100, 40) ойын жүргізуші алдын-ала белгілейді. Межеге бұрын жеткен ойыншы жеңімпаз болып саналады.

*Ескерту:* Асықтарды бір-біріне тигізу кезінде қолмен сүйретіп апаруға, орнынан қозғап түзетуге болмайды. Ойынның соңына дейін ханға бірде-бір асық тимеуі керек. Себебі ол – хан.

## Қуыр-қуыр қуырмаш

Оң қолдың бес саусағын бір жерге түйістіреді де, сол қолымен оны бүрмелеп қапсыра ұстайды. Содан соң екінші балаға:

Ортаңғы саусағымды тапшы, - дейді. Екінші балаға қарап байқап отырады да, міне, - деп бір саусақтың басынан шымшып ұстап тұрады. Егер екінші бала жасырушының ортаңғы саусағын дәл тапса, ұпайды бірінші бала тартады. Ұтқан бала ұпай алу үшін мына ережелермен сөздерді жақсы білуі керек.

Бас бармақтан бастап шынашаққа дейін, саусақтардың атын түгел атап береді: бас бармақ, балан үйрек, ортан терек, шылдыр шүмек, кішкентай бөбек. Бес саусағын түгел жұмады. Тағы да бас бармағыннан бастап, былай деп 5 саусақты түгел жазады.

Сен тұр қойыңа бар.Сен тұр түйеңе бар

Сен тұр жылқыңа барСен тұр сиырыңа бар

Сен кішкентай әлі жас екенсің

Қазанның қаспағын қырып же де, жыламай отыра тұр.

Енді осы шынашақтың өзін алақан шұңқырына бүгіп тұқырта ұстайды да:

Қуыр-қуыр, қуырмаш Балапанға бидай шаш Әжең келсе есік аш

Қасқыр келсе мықтап бас

Шынашақты шыр айналдырып, баланың алақанын қытықтайды.

Осыдан соң:

Мына жерде қой бар Мына жерде жылқы бар Мына жерде түлкі бар

- деп баланың білегінен қолтығына дейін түртіп, ең соңында мына жерде күлкі бар – деп қытықтайды.

## Аударыспақ

«Аударыспақ» — өте көне дәуірден келе жатқан қазақ халқының ұлттық спорт ойыны. «Аударыспақ» – қазақ халқының арасында кеңінен таралған ойын. Балалар екі жақ басы берік тұғырға бекітілген биіктігі бір-бір жарым метрдей (балалардың жасына қарай), ұзындығы 70-80 сантиметрдей ағаш аттарға мінеді. Бір-біріне қапталдас орналасқан ағаш аттардың ара қашықтығы екі жақтан созылған қол жететіндей болса жеткілікті. Оларға мінген шабандоз балалар бір-біріне қарама-қарсы отырып қол ұстасады. Төрешінің белгісімен бірін-бірі тартып, не итеріп, әйтеуір қай айласын, не күшін асырғаны қарсыласын ағаш аттан аударып түсуі шарт. Аяқты жерге ағаш атқа тіреуге болмайды. Онда ойын

шарты бұзылады. Ойын алаңының айналасына құм немесе жұмсақ кілем төселуі керек. Қай топ жеңсе сол топ жеңімпаз атанады.

### Теңге ілу

Ойынға қатысушылар тепе-тең екі топқа бөлінеді. Әр қайсысы жеке- жеке шыбықтан ат мінеді. Ойын кезгі басталатын жерге сызық сызылады. Одан әрі 20-30 метрдей жерден тереңдігі бір қарыстай екі шұңқыр қазылады. Шұңқырға он-оннан теңге салынады. Содан соң екі топтан екі сайыскер шығады. Сызыққа келіп қатарласып тұрады. Бастаушының белгісі бойынша шыбық аттарын құйғытып, шаба жөнеледі. Сол беттерімен әлгі шұңқырға жетіп қол соғып жібереді де, теңгені іліп алып, әрі қарай шауып кете барады, шұңқыр тұсында бөгелуге болмайды. Ұпайәр сайыскердің іліп алған теңгелерінің санына қарай есептеледі. Қай топ көп ұпай жинаса, сол топ жеңеді.

### Көтермек

Ортаға екі ойыншы бала шығады. Бір-біріне арқаларын беріп тұрады.
Белгі бойынша кім бірін-бірі арқада көтеріп алса, сол бала жеңіске жетеді.

Жеңіске жеткен бала ойында қала береді де басқа балалармен біргекүш сынасады.

### Әуе таяқ

Балалар екі топқа бөлінеді. Әр топта 5-тен 10-ға дейін ойыншы болады. Екі топқа екі таяқша (жұмсақ таяқша) беріледі, жерге түзу сызық сызылады. Ойыншының біреуі ортаға шығады да бір алақанына зат жасырып, екінші қолының жұдырығын бірдей жұмады.

Екінші ойыншы зат жасырылған қолды тапса, ойынды бастаушы сол болады. Сөйтіп қолындағы таяғын жоғары лақтырады. Осы кезде қасындағы ойыншы да таяғын лақтырады, қасындағы баланың таяғын қағып түсіруі шарт. Таяқты қағып түсірген бала өз тобына ұпай әкеледі.

### Қара құлақ

Ойынға 5-10 бала қатысады. Олар оңаша жерге топталып өз араларынан бір баланы қазық етіп белгілейді. Қазық тұрған жерінде қозғалмай тұрады. Басқалары әрі кетеді. Содан кейін ойынға қатысушылар қазықты алыстан қоршап бірте-бірте жақындай түседі.

Таяп келіп мынау кім? – деп бір-бірінен сұрасады. Біреуі ой бұл қара құлақ қой! - деп қаша жөнеледі. Қалғандары да – қара құлақ, қара құлақ! - деп бытырай қашады. Қарақұлақ біреуін ұстау үшін тұра қуады. Ұсталған бала қара құлақ болып, ойын әрі қарай жалғасады.

## Санамақ

Көпшілік қатысады. Ойынның шарты: ойын бастаушы қатысушы бір адамды ортаға алып шығады. Ол адам бір тектес атау сөзден жаңылмай, кідірмей аттап жүріп айтуы керек. Тоқтамай қателеспей айтып шықса, жүлде алады. Егер қателессе ойыннан шығады. Мысалы: жаңылмай 10ақынның немесе 10 өзеннің атын атауы керек.

## Ақшамшық (сақина салу)

Бұл – қазақ халқының ерте заманнан келе жатқан дәстүрлі ойыны. Оны сақина салу, сақина тастау деп те айтады. Ойынға он-он бес адам қатысып, ортаға бір баланы немесе бір қызды шығарып, қолына сақина ұстатады. Ойын ережесі бойынша қыз-жігіттер үйде дөңгелене отырып, екі алақанын бір-біріне қабыстырып алға созады. Ойынды жүргізушінің алақанындағы сақинаны кімге салса да өз еркі. Ол барлық адамдардың алақанына сақина салған болады, «Тұр сақинам, тұр», - деп, немесе

«Ақшамшығымды бер!» деп дауыстайды. Сол сәт сақина тасталған адам орнынан атып тұруға тиісті, «Сақина менде», - деп. Оны көршісі ұстайалмай қалса, жұрт алдында өз өнерін көрсетеді.

## Ақсүйек

Ең алдымен, ойнаушылар өзара келісіп, жеңген топ үшін жүлде тағайындайды да, екі топқа бөлінеді. Топ басқарушылар ақсүйекті қайсысының лақтыратынын шешіп алу үшін кезектесіп таяқ ұстайды, таяқтың басына кімнің қолы бұрын шықса, сол ақсүйекті құлашы жеткенше лақтырады. Ақсүйек жерге түскеннен кейін ғана ойыншылар іздеуге шығады. Көмбеде топ басқарушылардан басқа ешкім қалмайды. Ақсүйекті тапқан ойыншы ешкімге білдірмей, көмбеге қашуға әрекет жасайды да, ал қарсыластары біліп қалса, қолма-қол тартып алуғатырысады. Сондықтан ақсүйекті алдымен тауып алған топтың ойыншылары біріне-бірі лақтырып, көмбеге қай топтың адамы бұрын жеткізсе, сол топ жеңіске жетіп, жүлдегер атанады. Келесі жолы ақсүйекті екінші топ лақтырады, сөйтіп ойын жалғаса береді.

## Сиқырлы таяқ

Ойнаушылар қол ұстасып, дөңгелене шеңбер жасап тұрады. Қолында таяғы бар ойын жүргізуші шеңбердің ортасына келеді де, ойынның тәртібін түсіндіреді. Ойнаушыларды бірден бастап түгел нөмірлеп шығады. Ойынның шарты бойынша ойын жүргізуші қолындағы таяғын шеңбердің ортасында тік ұстап тұрады да, бір нөмірді атап, таяқты қоя береді. Аталған нөмір таяқты жерге құлатпай ұстап қалуы керек, ал таяқты ұстай алмай құлатып алса, онда айып тартады, яғни көптің ұйғаруымен ортаға шығып, өнер көрсетеді. Ойынға қатысушылардың бәрі бір-бір реттен міндетті түрде ойнап шығулары керек. Ал

одан әрі ойынды жалғастыру-жалғастырмау ойнаушылардың өз еркінде. Ойнаушылардыңсаны көп болса, ойын қызықты өтеді.

### Арқан тартыс

Бұл ойынның екі түрі бар. Біріншісі жазда көгал үстінде, екіншісі қыста қар үстінде ойналады. Жазда ойыншылардың саны 10 баладан кем болмаса, ойын қызықты болады. Ойынға ұзындығы 8-10 метрлік екі ұшы түйілген арқан әзірленеді. Оның тең ортасына белгі ретінде қызыл матаны байлап қояды. Ойынға қатысушы екі топтағылар өз жағында бойларына қарай сап түзеп, ойын бастауға белгі берілгенде арқанды өз жағына қарай тартады. Қыста он-он бес бала тартқанда үзілмейтін арқан таңдап алынып, үлкен адамның алақанының көлеміндей екі тақтайдың ортасынан өткізіліп,ортасына аққала үйіліп, екі жақ оны өзіне қарай құлату үшін тартады.

### Тымпи

Тымпи – ойынға қатынасушылар шеңбер жасап, дөңгелене отырады. Бір баланы ойынды жүргізуге белгілейді. Ол: «Ал, ойынды бастаймыз,бәрің түгел тым-тырыс тымпи!» - деп бұйырады. Бұдан кейін бірде-бір ойыншы дыбыс шығармауы, үн қатпауы керек. Алайда бастаушы ғана сөйлеуге ерікті. Ол адам күлерлік қимыл-қозғалыспен әзіл-қалжың сөздерді айтып, қалай да біреуді күлдірудің амалын іздейді. Қалжың жыр да айтады. Ешқайсы шамданбайды. Өйткені ойынға қатынасушылардың аты қалжың өлеңге қосылмауы керек. Әзілі де, сықағы да өтпесе, бет-аузын тыржыңдатып, әр түрлі құбылтады. Қолайсыз қимылдармен құбылыстар жасап қозғалады. Жаңылыстыру үшін неше алуан сұрақтар қояды. Біреу абайсыз жаңылып сөйлесе не күліп жіберсе, айып тартады. Өлең айтады, ән салады не би билейді. Сондықтан ойынды жүргізуші тілмәр, әзілкеш, күлдіргі бала болуы керек.

### Көрші ойыны

Көрші ойынын үлкен бөлмеде немесе таза ауада көгалды жерде өткізуге болады. Ойыншылар саны 10-нан 30-ға дейін болуы керек. Яғни екі топтың балаларын қосып ойнатуға да болады. Ойыншылар дөңгеленіп, екі-екіден шеңбер құрып отырады. Тағы бір бала ортаға шығып, жұп болып отырған ойыншылардың бір жұбына келіп, «Көршіңмен татусың ба?» - деп сұрайды.

Егер сұрақ қойған жұптың біреуі «Көршіммен аразбын» десе, онда сұрақ қоюшы бала оның қасындағы көршісін орнынан тұрғызып, соның орнына өзі отырады. Орнынан тұрған адам ортаға шығып басқа бір жұптан

«Көршіңмен татусың ба?» деп сұрап, ойынды соза береді.

Ал егер ойыншы көршісімен «татумын» деп, қасында жұп болып отырған баланы жібергісі келмесе, онда сұрақ қоюшы адам оны жазалайды. Ол ән салады, би билейді, болмаса әңгіме, ертегі, жаңылтпаш айтып береді. Осылай ол көршісін алып қалады. Егер ойыншы бұл тапсырманы орындай алмаса, өз орнын

сұрақ қоюшы адамға береді де өзі соның міндетін атқаруға кірісіп ойынды қайтадан бастайды. Сөйтіп, ойын жалғаса береді.

**Жаңылма**

Бір топ бала көгалды алаңға жиналып, қол ұстасып, дөңгелене тұрады да, ортасынан санамақ айтып бір баланы ортаға шығарады. Шыққан бала өлең, тақпақ, әңгіме айтып тұрып кез-келген жерінде жата қалады, не болмаса құлағын ұстайды, басын сипайды, тағы сол сияқты іс-әркеттерді жасайды. Оның өлең, тақпақ, әңгіме айтып тұрып істеген қимылдарын қайталай алмай қалған бала айыпты болып, өлең айтады, билейді, әңгіме айтып күлдіреді.

Ойын балаларды шығармашылыққа, ынтымақтастыққа, аңғарымпаздыққа үйретеді.

**Білектесу**

Бір столдың шетіне қарама-қарсы отырған екі бала оң қолдарының шынтағын столға тіреп қояды да, бірінің қолын бірі алақандастыра мықтап ұстайды. Сол жақтағы қолдарын әркім өзінің оң жақ қолтығына тығып алады. Осылай ұстасып алған екі палуан бала, ойын бастаушы команда берісімен, шынтақтарын сол орнынан қозғамай, қарсыласының тіреулі қолын шалқасынан түсіруге ұмтылады. Білегі тайып жантайған бала жеңіледі. Бұл білек күшінің жетілуіне көмектеседі.

**Шалма**

«Шалма» ойынына екі бала қатысады да, қалғандары көріп, тыңдап отырады. Ойын үйде, аулада өте береді. Ойыншылар біріне-бірі қарсы қарап отырады да, дайын болған шалманы бірінің қолынан бірі алады. Алғашында екі ұшын біріктіріп түйеді де, екі қолға, яғни төрт саусаққа кигізеді, ортаңғы саусақпен кезекпен іліп алады, сонда «ыңыршақ»шығады.

Екінші жағдайда, келесі ойнаушы басбармақ және сұқ қолымен ыңыршақтың екі жақ керегесінің үстінен астына қарай алып, «кереге» шығарады. Үшінші жағдайда керегені үстінен астына қарай алып, «шаңырақ» шығарады. Төртінші жағдайда шаңырақты екі шынашақпенайқастыра іліп алып, «астауша» шығарады. Бесіншіде «кереге» қайталанады, алтыншыда «шынтақ» шығады. Енді әрі қарай жалғастырып ойнай берсе - «астау», «кереге», «шынтақ», «астау», «кереге», «шынтақ» болып қайталана береді.

Ойлы ойыншылар бұл бейнелердің жаңа көріністерін өзінше өрнектеп кеңейте беруге тырысады.

Бұл жас өспірімдердің тұрмыстағы үй жабдықтарын қалай пайдаланатындықтарын көз алдына елестетіп, соларды өзі жасағандай әсерлендіре түседі. Балалардың қиялын қозғап, шығармашылық ізденіске, ой-жүйелерін дамытуға үлкен көмек береді.

## Сақ құлақ

Сақ құлақ — ұлттық ойын. Бұл ойынның әрбір қимылы сөйлеп жүріп орындалады. «Сақ құлақ» ойынын қазір көбінесе «Телефон» деп атап жүр. Біз оның ескі атауымен аталуын жөн көрдік. Қатысушылардың арасынан бір бала ойын жүргізуші болады. Ойнаушылар қаз-қатар түрегеліп тұрады немесе қатарласа отырады. Бірақ бір ойыншы мен екінші ойыншының арасы бір метрдей алшақ болуға тиіс. Ойынды бастаушы (І-ойнаушы) естілер-естілмес дауыспен бір-екі сөзді бірақ рет айтып қалады. Сол сөзді қағып алған екінші ойнаушы үшіншіге, үшінші төртіншіге, төртінші одан әрі тез-тез айтып, онан әрі жеткізе береді. Олардың бәрі сөздерді бір рет қана айтып, тым-тырыс отырады.

Айтылатын сөйлем екі не үш сөзден құралған шағын болуы керек. Оның бір мүшесі өз құрамындағы дауысты немесе сөз басындағы ұяң дыбыстардың естілу жөнінен екі ұшты, яғни басқа бір дыбысқа ұқсас сөз болуы қажет. Мысалы, тарғақ көрдім - жарғақ көрдім, борсық көрдім, т.б.

Ең соңғы ойнаушы ойын бастаушыға сыбырлап өзіне жеткен сөзді айтады. Егер сөз дұрыс жеткен болса, ойын тағы да үш рет басқа сөздермен қайталанады. Егер сөз бұзылып жеткен болса, бастаушы соңғы ойнаушыдан бастап І-ойыншыға қарай сыбырмен ғана тыңдап, сөзді бұзушы кім екендігін анықтайды. Сөз бұзған ойнаушы ең аяққа барып тұрады да, екі-үш ауыз жаңылтпашты қайталап дұрыс айта алмаса, ұпай тартады. Ұпай келісім бойынша не өлең айту, жұмбақ шешу немесе бір өнер көрсету (мысалы, сурет салу, үлгі қию, есеп шығару т. б.) арқылы орындалады.

Ойын жас өспірім балалардың зердесін дамытып, өнерге деген құштарлығын арттырады.

## Кім жылдам?

Ежелгі ойындардың бірі - *Кім жылдам?* Ойын аулада, спорт залында, бөлмеде ойнала береді. Ойыншылар ойынға екі-екіден қатысады. Ортаға шыққан екі бала бір-біріне арқасын беріп, екі жаққа қарап тұрады. Аяқтарының арасын иықтарының деңгейімен бірдей етіп ұстайды. Сонан соң ойын жүргізуші екеуінің аяғының арасына ұзыннан-ұзақ белбеу тастайды да «бір, екі, үш» деп санайды. «Үш дегенде кім еңкейіп белбеуді бұрын алса, соның жеңгені. Бұл адамның өз денесін еркін меңгеріп, тез қимылдауының нәтижесінде жүзеге асады. Ойынға басқа ойыншылар шығады. Ойын жалғаса береді. Екінші кезекте әр жұптың жеңімпаздарымен арадағы жарыс болады. Ең соңында жеңген екі ойыншы қалады. Сол екеуінің қайсысы жеңіп шықса, сол жеңімпаз атанады.

## Үш орындық ойыны

Үш орындық ойынның кең бөлмеде, спорт залдарында ойнауға болады.Ол үшін ортаға үш орындық қойылады. Ойынға қатысушылардың санына байланысты орындықтың көбейе түсуі мүмкін. Ойын жүргізушінің берген белгісі бойынша ойыншылар ортада тұрған орындықтарды айнала жүгіреді.

Ойын қыза бастағанда жүргізуші отырыңдар деген белгі береді. Сол кезде ойыншылар орындықтарға отырыса қалады. Ал орындыққа отырып үлгере алмағандар, ойыннан шығады. Енді орындықтың бірі алынып қойылады да, ойыншылар қалған орындықты айнала жүгіреді. Ойын бір орындық пен екі ойыншы қалғанға дейін, олардың бірі жеңіп шыққанға дейін жүргізіле береді. Сонан соң ойын қайта басталады да,артынан жеңімпаздар арасында өзара тартыс басталады. Жеңіп шыққан ойыншы ең жылдам ойыншы деп аталады. Әр топтың жеңімпаздарынамақтау сөздер айтылып, сыйлықтар беріледі.

## Жүйріктер жеңеді

«Жүйріктер жеңеді» — ұлттық ойын. Ойынға қатысушылар көк және сары топ болып екі топқа бөлінеді. Бір төбенің үстіне ойыншыларға түгелдей жетерлік мөлшерде көк және сары таяқшалар тасталады.

Ойынды жүргізуші ретінде басқарушы тағайындалады. Ол төрешілік міндетті қоса атқарады. Төрешінің белгісі бойынша ойынға қатысушылар белгіленген көмбеге қарай тұра жүгіреді. Жеткен ойыншы өз командасының түсіне сай бір-бір таяқшаны алып кері жүгіреді де, сөре сызыққа әкеп қояды.

Қай түсті топтың ойыншылары өз командасының бояуына сәйкес таяқты белгілеген мерзімге көбірек алып келсе, сол топ жеңеді. Ойын балаларды белгілі бір мақсатта ұжымдық әрекет жасауға, шапшаңдыққа үйретеді.

## Шүлдік ойыны

Жазық алаңда ойналатын жас өспірімдер ойынының бірі - «Шүлдік» ойыны. Ойынға екі басы үшкірленген ұзындығы бір қарыс шүлдік (ағаш) керек. «Шүлдікті» ойнау үшін үлкен шеңбер сызылады, ортасына шүлдік қойылатын шұңқыр қазылады, шүлдік шұңқырдың ішіне емес, үстінде жатуы керек. Әр ойыншының қолында ұзындығы бір метрдей таяғы болуы керек. Ойынға қатынасушылардың санына шек қойылмайды. Ойнаушылардың санына қарай екі топқа бөлінеді.

Бірінші болып кезек алған топтың ойыншысы «шүлдікті» қолындағы таяғымен жерден көтеріп алып, жерге түсірмей соғады да, таяғын шеңбердің үстіне тастайды. Ал екінші болып кезек алған ойыншы шүлдіктітүскен жерінен алып, қайтадан соққан ойыншының таяғын көздеп, шеңберге қарай лақтырады. Лақтырған кезде таяққа тигізсе, я болмаса,шеңбердің ішіне түсірсе, онда соғушы ойыншы ойыннан шығып қалады. Шүлдікті бірінші болып жерден көтеріп, жерге түсірмей соққан кезде ойыншы тигізе алмаса, ол да ойыннан шығып қалады. Ал лақтырған ойыншы не таяққа тигізе алмай не болмаса дөңгелек сызықтың ішіне түсіре алмаса, онда бірінші ойыншы енді «шүлдікті» шекіп соғады, әрсоққанда үш реттен соғады. Сөйтіп, «шүлдік» қай жерге барып түссе, сол жерден дөңгелек сызыққа дейінгі қашықтықты таяғымен өлшеп шығадыда, екінші ойыншыға ұпай мөлшерін белгілейді. Бірінші ойыншы әлгі себептермен ойыннан шығып қалса, онда екінші ойыншы соғушы болады, ол шығып қалса, үшінші ойыншы соғушы болады. Ойын осылайша барлық ойыншы ойнап болғанша, жалғаса

береді.

Ойынның шарты бойынша шекіген кезде «шүлдікке» тимей, таяғы жер қауып қалса, ұпайы күйіп кетеді. Шүлдікті екінші рет шекіген ойыншы, оны қолымен ұстап қойса, онда да оның ұпайы күйіп кетеді. Сондықтан «шүлдікті» тек үшінші рет шекігеннен кейін ғана ұстауға болады.

«Шүлдік» ойыны ойнаушылардың қолдарының бұлшық етін жетілдіріп, жылдамдыққа үйретеді, «Шүлдікті» сызықтың үстіне түсіруге ұмтылу арқылы көз мөлшері, дәлділік пен мергендік қабілеттері жетіледі.

## Жапалақтар мен қарлығаштар

Жапалақтар мен қарлығаштар - ұлттық ойын. Ойын кең, жазық алаңдаөтеді. Ойынға қатынасушыларға шек қойылмайды. Ойнаушылар екі топқа бөлінеді де бірінің арқасына бірі арқасын қаратып, екі сан құрып тұрады. Бір қатардағыларды жапалақтар, екіншісін қарлығаштар деп атайды. Орталарынан біреуін ойын жүргізуші етіп сайлап алады. Ол ойыншылардың арасынан жүріп отырып, сөзін үзіп-үзіп, созып сөйлейді: қар (үзіліс) - лы - ғаш немесе жа..., ал сөз аяғын айтпайды. Сонда аты аталған топ бытырап қаша жөнеледі де, аты толық аталмаған топ оларды қуады. Ұсталған ойыншы ұстаған топтың ойыншыларының қатарына қосылады.

Ойын тәртібі: қашушылар мен ұстаушылар алдын ала келісілген белгі бойынша ұсталғанын мойындайды. Ол үшін қашушы ойыншы қолын тигізсе болды. Қай топтың жеңгенін ойын соңында қайсысының саны көп болса, соған қарай шешеді.

## Жаяу көкпар

Бұл ойын спорт залында, жазды күні кең жазықта (аулада) ойналады. Жазық алаңның бір шетіне шағын дөңгелек шеңбер сызылады да, ішіне құм түйілген ак шүберек қойылады. Алаңның екінші шетінен де сондай сызық сызылып оны көмбе деп белгілейді. Ортадан сызық сызылады. Ойынға қатысушылар екі топқа бөлінеді де сол ортадағы сызықта сап құрып тұрады. Ойынды жүргізу үшін екі топқа ортақ бір басқарушы тағайындалады. Орамал жатқан және көмбе етіп белгіленген жерде екі ойыншы бақылаушы болып тұрады. Басқарушының берген белгісі бойынша ойын басталады. Әр топтың ойыншысы құм түйілген шүберекке бұрын жетіп, оны көмбеге жеткізуге тырысады. Топтың қалған ойыншылары оған көмекке келеді. Ал қарсы топ, одан шүберекті алып, өздері апаруға тырысады. Қызу тартыс басталады. Ойынға қатысушылар айла-амал қолданып, алаңның ішінде бұлтарып қаша жүріп, өз тобының көмбеге бұрын әкелуін қарастырады. Бірақ белгіленген межелі жерден шығуға болмайды. Көмбеге белгіленген мерзімде жеткізген ойыншы ұпайды көбірек алады, Ойынға допты да пайдалануға болады.

### Бұғынай

Ойынға қатынасушылардың саны 10—25, одан да артық бола береді. Ойынға қатысушылар малдастарын құрып, дөңгелене отырады. Орталарынан бірі ойын жүргізушінің рөлін атқарады. Ол отырған ойыншыларды санай бастайды. «Бірінші бұғынай, екінші бұғынай, үшінші бұғынай...» т. б. ең ақырғы ойыншыға дейін осы тәртіппен санап шығады да, кенеттен бір санды атайды. (Мысалы: «Алтыншы бұғынай»). Сол санның иесі орнынан жылдам тұрады да, бір санды айтып, тез өз орнына малдас құрып отыра қалады. Ол санның иесі де жылдам тұрып, кез келген бір санды айтып, өз орнына қайта отырады. Әрбір айтылған санның иесі осыны қайталаумен болады. Егерде айтылған санның иесі тұра алмай қалса немесе оның орнына басқа біреу тұрса, онда ойынға белгіленген тәртіп бойынша жаза қолданылады. Ол жазасын орындап болған соң, бір санды айтып орнына отырады. Ойын жалғаса береді. Әркім өзіне берілген санды ұмытпауы керек.

Ойын тез қимылдап, жедел шешім қабылдауға, ойда сақтау қабілетін дамытуға дағдыландырады.

## ҚИМЫЛДЫ ОЙЫНДАР

### Көңілді қошақандар

Спорт залда немесе алаңда жерге ұзын сызық сызылады. Бұл сызық көпір, ал көпірдің арғы жағында қошақандардың үйі болады. Қошақандар көңілді әуенмен билеп жүреді, әуен тоқтағанда жарыса отырып, көпірден өтіп, үйлеріне жылдам жетулері керек.

### Кім жылдам?

Ойын аулада, спорт залында, бөлмеде ойнала береді. Ойыншылар ойынға екі-екіден қатысады. Ортаға шыққан екі бала бір-біріне арқасын беріп, екі жаққа қарап тұрады. Аяқтарының арасын иықтарының деңгейімен бірдей етіп ұстайды. Сонан соң ойын жүргізуші екеуінің аяғының арасына ұзыннан-ұзақ белбеу тастайды да «бір, екі, үш» деп санайды. «Үш дегенде кім еңкейіп белбеуді бұрын алса, соның жеңгені. Бұл адамның өз денесін еркін меңгеріп, тез қимылдауының нәтижесінде жүзеге асады. Ойынға басқа ойыншылар шығады. Ойын жалғаса береді. Екінші кезекте әр жұптың жеңімпаздарымен арадағы жарыс болады. Ең соңында жеңген екі ойыншы қалады. Сол екеуінің қайсысы жеңіп шықса, сол жеңімпаз атанады.

### Түрлі түсті автокөліктер

Балалар залдың шетіне тұрады. Олар – автокөліктер. Әр балаға түрлі түсті шеңбер беріледі. Педагог қолына түрлі түсті жалаушалар ұстап, залдың

ортасында тұрады. Бір кезде белгілі бір жалауды жоғары көтереді, қолындағы шеңбері жалаудың түсімен бірдей балалар залды айналып кез келген бағытта жүгіреді. Олар гуілдеп, автокөлік айдап бара жатқандай қимылдар жасайды. Педагог жалауды түсірген кезде балалар тоқтайды. Педагог басқа түсті жалауды көтерген кезде басқа балалар жүгіреді. Педагог бір, екі немесе үш түсті жалауды бірге көтеруіне болады. Онда барлық автокөліктер жолға шығады.

**Қуыспақ**

Балалар залдың бір шетіндегі сызықтың бойына тұрады. Олар ортада тұрған қуғыншының қолына түсіп қалмауға тырысып, залдың келесі бетіндегі сызыққа қарай жүгіріп өтеді. «Бір, екі, үш – жүгір!» деген кезде балалар залдың қарсы бетіне жүгіреді. Ал ортадағы ойыншы оларға қолының ұшын тигізуге тырысады. Оның қолы тиген балалар ұсталған болып саналады және ойыннан шығады. 2-3 рет жүгіріп өткеннен кейін ұсталған балаларды санайды. Қуғыншының орнына басқа бала сайланады.

**Тауық қорадағы түлкі**

Залдың бір жақ шетіне тауық қораны орналастырады (гимнастикалық орындықтарды пайдалануға болады). Қорада тауықтар ұяда отырады. Залдың қарсы бетінде – түлкінің ұясы. Қалған бос орынның бәрі – аула. Ойынға қатысатын балалардың бірін түлкінің рөліне сайлайды. Қалған балалар – тауықтар. Педагогтің белгісі бойынша тауықтар секіріп түсіп, аулада жүгіреді, қанаттарын қағады, дәнді тұмсықтарымен шоқиды. «Түлкі» деген белгі берілген кезде тауықтар қораға қарай қашып, орындарына отырып алады. Ал, түлкі тауықтарды қолға түсіруге тырысады. Құтылып үлгермеген баланы өзінің рініне алып кетеді. Түлкі 2-3 тауықты қолға түсіргеннен кейін басқа түлкі сайланып, ойын қайта жалғасады.

**Допты ұстап алу**

Жүргізушіден басқа балалардың бәрі шеңбер құрап тұрады. Балалар допты бір-біріне береді. Жүргізуші шеңбердің сыртында жүреді. Ол допқа қолының ұшын тигізуге тырысады. Егер қолын тигізсе, сол кезде допты ұстап тұрған ойыншымен орын алмасады. Ал, ойыншы шеңбердің сыртына шығады. Ойын қайталанады.

Ойын ережесі: балалар допты бір-біріне берген кезде орнынан шығып кетпеуі тиіс. Жүргізушінің шеңбер ішіне кіруіне тыйым салынады. Допты қалаған бағытқа қарай беруге болады. Бірақ оны тек жанында тұрған балаға ғана береді. Ойын басталған кезде доп жүргізуші тұрған тұстан бастап беріледі.

**Мысық пен құстар**

Үлкен шеңбер сызылады немесе ұзын жіптің көмегімен шеңбер жасайды. Балалар шеңбердің сыртына тұрады. Бір бала мысықтың рөлін орындайды. Ол шеңбердің ішіне тұрады, қалған балалар – құстар. Мысық көзін жұмып, ұйықтайды. Ал, құстар шеңберге секіріп кіреді, ұшады, отырады, дәндерді шоқиды. Мысық оянып кетіп, оларды қуалайды. Құстар шеңбердің сыртына қарай қаша жөнеледі. Қолға түскен құстар шеңбердің ішіне тұрады. Біраздан соң басқа мысық сайлайды. Ойын бірнеше рет қайталанады.

**Марғаулар мен күшіктер**

Ойынға қатысатын балалар екі топқа бөлінеді. Бір топтағы балалар марғаулардың, екінші топтағылар – күшіктердің рөлін орындайды. Марғаулар гимнастикалық қабырғаның қасында тұрады; күшіктер залдың екінші жағында (орындықтың артындағы үйшікте, бүйірімен қойылған баспалдақтың артында). Педагог марғауларды ақырын жүгіруге шақырады. «Күшіктер!» деген кезде – екінші топтағы балалар орындықтан өрмелеп өтеді. Марғаулардың соңынан төрт аяқтап қуады, үреді. Марғаулар мияулап, гимнастикалық қабырғаға өрмелеп шығады. Күшіктер үйшігіне қайтып оралады. Екі-үш рет ойнағаннан кейін орындарымен алмасады. Ойын қайта жалғасады.

**Ұшақтар**

Балалар ұшақтардың рөлін орындайды. Олар залдың әр жеріне тұрады. Педагог: «Ұшуға дайындал!» деген белгі берген кезде, балалар қолдарын қозғалтып, «ұшақты оталдырады». «Ұшамыз!» деген белгі берілгенде қолдарын алға созып, залды айналып шашырап жүгіреді. «Қонамыз!» деген белгі берілген кезде, ұшақтар тоқтайды, жерге қонады (балалар бір тізесін бүгіп отырады). Ойын 5-6 рет қайталанады.

**Аңшы мен қояндар**

Аңшыны балалардың арасынан сайлайды. Қалған балалар – қояндар. Залдың бір жағында аңшының орны, екінші жағында – қояндардың іні. Аңшы залды айналып жүреді, қояндардың ізін аңдиды, содан кейін орнына қайтып оралады. Қояндар бұтаның арасынан шығып, әртүрлі бағытқа қарай қос аяқтап секіреді (оң, сол аяқпен). «Аңшы» деген белгі берілген кезде – қояндар үйлеріне қашып кіреді. Ал, аңшы оларға доп лақтырады (қолында 2-3 доп болады). Доп тиген балаларды өз үйіне алып кетеді. Аңшы аңға шыққан сайын ауысып отырады (бірақ қолға түскендерден сайланбайды).

**Кетті, кетті орамал!**

Ойынға қатысатын балалар шеңбер құрап отырады және бір-біріне иығын тірейді. Тізелерін аздап бүгеді. Жүргізуші шеңбердің сыртында қалады. «Кетті, кетті орамал!» деген сөздерді қайталап, орамалды тізенің астынан береді. Жүргізуші орамалдың кімнің қолында екенін айтуы тиіс. Егер жүргізуші орамалдың кімнің қолында екенін тапса, сол ойыншымен орын алмасады.

**Ұшты, ұшты**

Жүргізуші белгілі бір құстың атауын атайды, «ұшты, ұшты» деп қайталайды және қолын бұлғайды. Ойыншылар қимылдарды қайталайды. Бір рет, екі, үш... бір кезде жүргізуші «Сиыр!» деп қалады. Оның қармағына ілініп, қолын сермеп қалған бала ойыннан шығады немесе ойыншылардың тілегін орындайды. «Сақтанып», құстың аты айтылғанда қолын көтермей қалған немесе кешігіп қалған балаларға да сондай шара қолданылады.

**Бос орын**

Балалар шеңберді айналып малдас құрып отырады. Қолына қамшы ұстаған жүргізуші ойыншылардың бірінің қасына тоқтайды және қамшыны соның артына қойып кетеді. «Бұл жер тар, өз орныңды тап!» деген сөздерді айтады. Ойыншы қамшыны алады және жүргізушіні қуа жөнеледі. Егер оны ұстап алса, қамшымен ақырын ұрады. Ал жүргізуші сол ойыншының орнына отырып алуы тиіс. Егер отырып алса, ойыншы ойынды жүргізеді.

**Жапалақ**

Ойыншылар ішінен жапалақ таңдалады. Басқа балалар құстар, қоңыздар, көбелектер болады. Жапалақ тоғайға (гимнастикалық қабырғаның бірнеше сатысына ) шығады, ал қалған балалар «қанаттарын қағып», «ұша» бастайды. Педагог «Түн» деп айтқан кезде, құстар мен жәндіктер өз орындарында қозғалмай тұрып қалады. Қозғалып қойған ойыншыны жапалақ үйіне алып кетеді. Педагог «Күн» деп айтады, осы кезде жапалақ қайтадан тоғайға шығады. Ойын бірнеше рет қайталанғаннан кейін басқа жапалақ таңдалады және ойын әрі қарай жалғасады.

**Қасқырға арналған қақпан**

Ойынға қатысатын балалар екі командаға бөлінеді. Бір команда қасқырға қақпан құрады – қол ұстасып, шеңбер құрап тұрады. Екінші команда қасқырлардың рөлін атқарады – залды айналып (қақпан арқылы) төрт аяқтап еңбектейді.

Тақпақ айтады: «Кәне, кәне, халайық,
Қасқырға қақпан құрайық.
Кәне қақпан берік бол,
Қасқыр, қасқыр, келіп көр»!

Тақпақ аяқталғаннан кейін бірінші командадағы балалар қолдарын түсіріп, отыра қалады. Қақпан жабылады. Қақпанның ішінде қалған қасқырлар ойыннан шығады. Қалған балалар ойынды жалғастырады. Кейін командалар орындарымен алмасады.

## Мысық пен тышқан

«Мысық» пен «Тышқанды» таңдап алады. Қалған балалар қол ұстасып шеңбер құрайды. Ойыншылар тышқан келгенде қолдарын көтереді де, тышқанды шеңбердің ішіне кіргізеді, мысық келгенде қолдарын түсіріп, оны шеңбердің ішіне кіргізбейді. Мысық тышқанды қуып жетіп, қолға түсіруге тырысады. Тышқан қолға түскеннен кейін, олардың орнына басқа балалар сайланады.

## Қасқыр мен лақтар

Алдымен қасқырдың рөлін орындайтын ойыншыны таңдап алады. Қалған балалар – лақтар. «Лақтар» залдың бір жағында, ал «қасқыр» ортасында тұрады. Мынадай сөздерді қайталайды:

«Бөрте, бөрте, бөрте лақ,
Бөрте лақ тым ерке-ақ.
Кетесің кейде секеңдеп,
Байламаса көкем кеп».

Лақтар залдың қарсы бетіне жүгіріп өтуге тырысады. «Қасқыр» залдың ортасында жүгіріп жүреді және әрі-бері жүгіріп өткен лақтарды ұстап алуға тырысады. Ойын қайталанады. «Қасқырды» қайта сайлайды.

## Қарлығаш

Залға ойыншылардың санына қарай шеңберлер қойылады. Бұл – қарлығаштардың үйі. Балалар (қарлығаштар) қанаттарын жайып ұшады. «Қарлығаш, қарлығаш, қарлығаш – біздің үйге ұшып кел!» деген сөзден кейін үйлеріне (шеңберге) кіреді.

## Аюлар мен аралар

**Мақсаты:** Жылдамдыққа, ептілікке тәрбиелеу.

Алаңның бір жағына омарта қойылады, бір шетте аюдың, араның үңгірі болады. Ойыншылар екі топқа бөлінеді. Белгі бойынша аралар омартадан ұшып шығып бал іздеп, шалғынға қарай ұшады. Олар ұшып кетісімен аюлар омартаға жармасып бал жейді. Тәрбиеші: «Аюлар!»-дегенде аралар омартаға қарай ұшады, ал аюлар үңгіріне қашады. Үлгере алмаған аюды аралар шағып алады. Ара шаққан аюлар әрі қарай ойынға қатыспайды.

## Жүйріктер жеңеді

Ойынға қатысушылар көк және сары топ болып екі топқа бөлінеді. Бір төбенің үстіне ойыншыларға түгелдей жетерлік мөлшерде көк және сары таяқшалар тасталады.

Ойынды жүргізуші ретінде басқарушы тағайындалады. Ол төрешілік міндетті қоса атқарады. Төрешінің белгісі бойынша ойынға қатысушылар белгіленген көмбеге қарай тұра жүгіреді. Жеткен ойыншы өз командасының түсіне сай бір-бір таяқшаны алып кері жүгіреді де, сөре сызыққа әкеп қояды.

Қай түсті топтың ойыншылары өз командасының бояуына сәйкес таяқты белгілеген мерзімге көбірек алып келсе, сол топ жеңеді. Ойын балаларды белгілі бір мақсатта ұжымдық әрекет жасауға, шапшаңдыққа үйретеді.

## Үш орындық ойыны

Үш орындық ойының кең бөлмеде, спорт залдарында ойнауға болады. Ол үшін ортаға үш орындық қойылады. Ойынға қатысушылардың санына байланысты орындықтың көбейе түсуі мүмкін. Ойын жүргізушінің берген белгісі бойынша ойыншылар ортада тұрған орындықтарды айнала жүгіреді. Ойын қыза бастағанда жүргізуші отырыңдар деген белгі береді. Сол кезде ойыншылар орындықтарға отырыса қалады. Ал орындыққа отырып үлгере алмағандар, ойыннан шығады. Енді орындықтың бірі алынып қойылады да, ойыншылар қалған орындықты айнала жүгіреді. Ойын бір орындық пен екі ойыншы қалғанға дейін, олардың бірі жеңіп шыққанға дейін жүргізіле береді. Сонан соң ойын қайта басталады да, артынан жеңімпаздар арасында өзара тартыс басталады. Жеңіп шыққан ойыншы ең жылдам ойыншы деп аталады. Әр топтың жеңімпаздарына мақтау сөздер айтылып, сыйлықтар беріледі.

## Түйіншек

Ойыншылар шеңбер құрып тұрады, шеңбердің ортасына бір ұшы үлкен түйіншек болып түйілген ұзын арқан ұстаған жүргізуші шығады. Ол «Жай тұрмай, аяғыңды жоғары көтер!» – деп ескертіп, арқанды біртіндеп балалардың аяғына жақындатып, айналдыра бастайды. Арқан жерде айналған кезде ойыншылар оны аяқтарына тигізбей секіреді. Аяғына арқан тиген ойыншы шеңберден шығады. Ойыншылардың талабы бойынша ол билеуі, ән айтуы немесе басқа бір тапсырма орындауы керек. Осыдан кейін оның қолына арқанды береді, ол жүргізушінің орнына тұрады. Осылай ойын жалғасады.

## Қапшықты кім алысқа лақтырады ?

Барлық ойынға қатысушы балаларды бір қатарға тұрғызып, қолдарына бір-бірден қапшық таратылады. Нұсқаушының белгісі бойынша қолдарындағы қапшықты біртіндеп алысқа лақтырады. Нұсқаушы кімнің қапшығы алысқа түскенін бақылап, айтып отырады. Ойын осылай 3-4 рет қайтала

## Қасқыр мен ешкі

Ойынға қатысушыларға санамақ айтқызу арқылы қасқыр мен ешкіні таңдайды. Басқа балалар бақташы болады. Бақташылар қол ұстасады да, ешкіні ортаға алып дөңгелене жүре бастайды. Қасқыр шеңбер ішіндегі ешкіні ұстауға әрекет жасайды. Алайда , оған тек қақпа арқылы ғана өтуге болады. Дөңгелене айналып жүргендердің ішінен екі бала қолдарын көтеріп алады. Бұл қақпа. Қасқыр амалдап сол тұстан өтуге тиіс. Ал ешкі өз еркінше жүре береді. Қасқыр ешкіні ұстағанша ойын жалғаса береді.

## Нысанаға допты домалату

Балалар екі қатарға бөлініп тұрады, тізілген кеглилерді қолдарындағы допты домалатып, көздеп құлату керек. Әрбір бала өзінің неше кегли құлатқанын есінде сақтауы тиіс. Допты оң қолмен, сол қолмен де домалатуға болады.

## Қоңыздар

Ойын сылдырмақпен немесе әуеннің ырғағымен өткізіледі. Қоңыздар ұшты деген белгімен балалар тұрады, сілкінеді. Қоңыздар қонды деген белгімен балалар отырады.

## Қырықаяқ

Бұл ойын тегіс жерде, балабақша ауласында, дене шынықтыру залында ойналады. Ойнаушылар орталарынан басқарушы тағайындап алады. Басқарушының талап етуіне орай ойынға қатысушылар тең екі топқа бөлінеді. Екі топтағы ойнаушылар да бірінің белінен бірі құшақтап қатар тұрады. Олар тұрған жерден 25—30 метр қашықтықта көмбе белгіленеді. Басқарушының белгісі бойынша екі топ та сол қалыптарымен аяқтарын тепе-тең алып жүгіре жөнеледі. Қай топ көмбеге бұрын жетсе, сол жеңіске жетеді. Басқарушы ойын тәртібінің бұзылмауын қадағалап тұрады. Ойын қайталанып отырады. Ойынды әбден игергеннен кейін басқарушыны жаңадан сайлап алуға болады. Ойын балаларды топпен бірге қимылдарды орындауға, жауапкершілікке, ұйымшылдыққа тәрбиелейді.

*2-қосымша*

# «АДАЛДЫҚ ӘЛІППЕСІ» МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДА ҚҰНДЫ ҚАСИЕТТЕР МЕН АДАЛДЫҚТЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУҒА БАҒЫТТАЛҒАН ДИДАКТИКАЛЫҚ ОЙЫНДАР ЖИНАҒЫ

## Ұжымда достық қарым-қатынасты қалыптастыруға бағытталған дидактикалық ойындар

**«Достық көмек»**

*Ойынның мақсаты:* балаларды зейін қоюға, мейірімділікке, досына көмектесуге тәрбиелеу.

Тәрбиеші ойынның шартын түсіндіреді.

Балалар шеңберге тұрып, қолдарын артына қояды, тәрбиеші балалардың бірінің қолына «қауырсынды» тигізеді (бұл кез-келген құстың қауырсыны болуы мүмкін). Қолына қауырсын тиген бала өзінің арманы туралы айтады. Тәрбиеші қалған қатысушылардан осы арманды қалай іске асыруға болатынын ойластыруды және айтып беруді сұрайды.

**«Сиқырлы таяқша»**

*Ойынның мақсаты:* балаларды зейін қоюға, мейірімділікке, досына көмектесуге тәрбиелеу.

Балалар шеңберге тұрып, өздеріне көмек қажет болған жағдайды кезек-кезек айтып береді, мысалы: тісім ауырды, біреу ренжітті, көңіл-күйім болмады және т.б. Қатысушылар жағдайларын айтып болғаннан кейін, педагог «сиқырлы таяқшаны» қолына алып, былай дейді:

«Сиқырлы таяқша, досыңа көмектес!».

Досына қалай көмектесуге болатынын білетін бала қолын көтереді, ал педагог оған таяқшаны береді. Таяқшаны алған қатысушы оны екінші қатысушының қолына тигізеді және оған қалай көмектесуге болатынын айтады.

Қиындық туындаған жағдайда педагог баланың қолына таяқшаны тигізіп, оған қалай көмектесу керектігін өзі айтады.

**«Досыңның жақсы қасиеттерін атап бер»**

*Ойынның мақсаты:* адамның жақсы жақтарын көре білуге тәрбиелеу.

Педагог өз қалауы бойынша бір баланы таңдап алып, оны шеңбердің ішіне отырғызады және басқа балалар өзіне осы баланың қандай қасиеттері ұнайтынын айтады. Педагог балаларға жауаптарының қайталанбауын ескертеді және өзі үлгі ретінде осы баланың жағымды қасиеттерінің бірін әңгімелеп береді. Ойын осылай жалғасады.

**«Досыңды тауып ал»**

*Ойынның мақсаты:* достық қарым-қатынасқа тәрбиелеу, зейін, есте сақтау қабілеттерін дамыту.

Балаларды екі топқа бөледі, бір топтағы балалардың көздерін орамалмен байлайды да, оларға бөлменің ішінде жүруді ұсынады және көздері байланбаған құрдастарын тануы қажет екендігі айтылады. Балалар досының қолын, шашын, киімін ұстап тануына болады. Балалар достарын тапқаннан кейін ойыншылар рөлдермен алмасады.

**«Құпия заттар»**

*Ойынның мақсаты:* қарым-қатынас дағдыларын дамыту, құрдастарымен ортақ тіл табыса білуге үйрету.

Жүргізуші барлық қатысушыларға әдемі қобдишадан (түйме, моншақ, сағат) «құпия заттарды» таратады, оны алақандарының арасына салып, ешкімге көрсетпеуін сұрайды. Құпия затты таратып болғаннан кейін ойынға қатысушылар бөлмені аралап жүреді, олар қызығушылық танытып, бір-бірін құпия затын көрсетуге көндірудің жолын табуға тырысады. Тәрбиеші балалардың әрекетін бақылайды, ұялшақ балалардың басқалармен ортақ тіл табысуына көмектеседі.

**«Мақтау сөздер айту»**

*Ойынның мақсаты:* достық қарым-қатынасқа, әр адамның жақсы қасиетін көре білуге тәрбиелеу.

Қатысушылар шеңбер құрып отырады, ал бір бала шеңбердің ортасына отырады. Балалар оның мінез-құлқындағы жағымды қасиеттерін, қабілетін, сыртқы келбетінің тартымдылығын айтып, мақтайды.

**«Сиқырлы дүрбі»**

*Ойынның мақсаты:* топтың әр мүшесінің жақсы жақтарын көре білу қабілетін қалыптастыру.

Тәрбиеші балаларға «сиқырлы дүрбіні» көрсетеді және балаларға дүрбімен біреуге қараған кезде тек оның жақсы жақтары ғана көрінетінін түсіндіреді. Алдымен тәрбиеші дүрбімен қарап, топтағы бір баланың жағымды қасиеттерін атай отырып, үлгі көрсетеді. Содан кейін балалар дүрбімен құрдасына қарайды да, оның жақсы жақтарын көріп тұрғанын және ол қандай қасиеттер (мейірімді, әдепті, қамқор және т.б.) екенін айтады.

**«Дос болайық бәріміз»**

*Ойынның мақсаты:* ұжымда бірлікті қалыптастыру.

Балалар бір-бірінің артына тұрады да, алдында тұрған баланың иығынан ұстайды. Осы қалыпта олар әртүрлі кедергілерді еңсереді:

- орындыққа көтерілу және түсу;
- үстелдің астынан өту;
- «көлді» айналып өту»;
- «ну орман» арқылы өту»;
- «жабайы жануарлардан» жасырыну.

Ойын барысында балалар өз серіктесінен қалып қоймауы керек.

**«Паровоз»**

*Ойынның мақсаты:* ұжымда үйлесімділікті, бірлікті қалыптастыру.

Тәрбиеші балаларға өз тобының балалары тату, мейірімді, адал болуын тілейтінін айта отырып, паровоз ойынын ойнауды ұсынады, онда «вагондар» бір-бірін шынтағынан ұстайтынын көрсетеді. Паровоз әртүрлі қарқынмен, ырғақпен, кедергілер арқылы жүреді. Балалардың ырғақты ән айтуларына болады. Ойынның шарты қолдарынан жібермей, біртұтас команда ретінде әрекет ету.

**«Түрлі - түсті гүлдер»**

*Ойынның мақсаты:* дұрыс таңдау жасай білуді, құрдастарымен ынтымақтастықта жұмыс жасау қабілеттерін дамыту.

*Құрал-жабдықтар:* күлтелері алынатын жасанды гүл, қызыл және сары текшелер.

Тәрбиеші ойынның әртүрлі нұсқаларын қолданады.

Ойынның бірінші нұсқасы:

Балалардың әрқайсысы гүлдің күлтесін жұлып алып, іштерінен тілек тілейді.

Егер баланың тілегі өзінің жеке басына байланысты болса, балаға сары текше беріледі, егер тілегі әлеуметтік маңызға ие болса – онда қызыл текше беріледі. Ойынның соңында барлық текшелерді жинап алып, топтағы адамгершілік тәрбиесінің даму деңгейін анықтауға болады (бірақ оны балалармен талқылауға болмайды) және балаларға қандай тілектің ұнағанын, оның не себепті ұнағанын талқылауға болады.

Ойынның екінші нұсқасы:

Гүлдің бір күлтесін екі баланың алуына болады, олар ойланып және бірге келісе отырып, екеуіне ортақ тілек тілейді.

Ойынды жүргізе отырып, педагог балалардың жолдастарына, қарт адамдарға, әлсіздерге қамқорлық жасағысы келетін тілектерін қолдайды. Педагог егер балалар шынымен қаласа, олардың барлық тілектері орындалатынын айтады**.**

**«Адал достар»**

*Ойынның мақсаты:* ұжымда достық қарым-қатынасты қалыптастыру.

Педагог балалардан бөлменің екі бөлікке бөлінгенін (бір бөлігі- «құрлық», бір бөлігі-«теңіз») айтады және ойынның шартын түсіндіреді.

Балалар шеңберге тұрып, музыканың басталуымен хороводпен жүре бастайды. Музыканы тоқтатқан кезде балалар да тоқтайды. «Құрлықта» қалған қатысушылар «теңізде» қалғандарды мүмкіндігінше тезірек құтқаруы керек. Ол үшін «құтқарушылар» секіргішке үрлемелі дөңгелекті өткізіп, оны батып бара жатқан қатысушыларға лақтырып, оларды «құрлыққа» шығарып алуы тиіс. Ойын осылай жалғасады.

**«Адал досқа арналған ашық хат»**

*Ойынның мақсаты:* достық қарым-қатынасты қалыптастыру.

Педагог балаларға достық туралы мақал айтып береді, содан кейін өзінің адал досы деп санайтын адамды атауды және оның себебін түсіндіруді сұрайды.

Әңгіме соңында балаларға адал досы үшін ашық хат дайындау ұсынылады.

### *Сюжеттік суреттер қолдана отырып, педагогикалық жағдаяттарды түсіндіру*

**«Кемемен қыдыруға барамыз»**

*Мақсаты:* балаларды ойындағы рөлдерді бөлісу кезінде жанжалдан аулақ болуға баулу.

Балалар «кеме» құрастырып, қыдыруға дайындалуда. Ең белсенді бала (көшбасшы) – «капитан», біреуі – «матрос» болып тағайындалды. «Жолаушылар» кемеге отырып жатыр. Ал, кім кеменің жүргізушісі болады? Бұл рөлге екі бала таласып, олардың араларында жанжал туындады. Бұл даулы мәселе қалай шешіледі: біреуі штурвалды алып қояды немесе жүргізуші болудан бас тартып, оны досына береді.

Балаларға арналған үлгі сұрақтар:

- Суреттен не көріп тұрсыңдар?
- Балалар кімдерді бейнелеп жатыр?
- Балалардың арасында неге жанжал туындады?
- Балалар жанжалды тоқтату үшін не істеу керек?

*Сюжетті дамыту:* «Капитан» санамақтың көмегімен кемені кім жүргізетінін анықтайды; б) «Матрос» дауласып жатқандардың біріне жаңа рөл – «кеме аспазы» болуды ұсынады.

**«Жаңа жыл қарсаңында»**

*Мақсаты:* балалардың назарын құрдасының эмоционалды көңіл-күйіне аудару, құрдасын жұбатуға баулу.

Балабақша жаңа жыл мерекесіне дайындалуда. Балалар шыршаны безендіріп, оған қолдан жасалған ойыншықтарды іліп жатыр. Шетте бір бала, оларға мұңайып қарап тұр.

Тәрбиешінің сұрақтары: «Балалар көңілді деп ойлайсыңдар ма?»; «Неліктен балалар көңілді?»; «Барлық балалар көңілді ме?»; «Мына бала неге мұңайып тұр?»; «Оған қалай көмектесуге болады?».

*Сюжетті дамыту:* а) шыршаны безендіріп жатқан бала мұңайып тұрған балаға бір қолшам береді; б) қыз бала мұңайып тұрған балаға қолшамды қалай жасау керектігін түсіндіреді.

## Мейірімділікті қалыптастыруға бағытталған дидактикалық ойындар

**«Мейірімділік туралы ойлайық»**

*Ойынның мақсаты:* ұжымда тілектестік қарым-қатынасқа тәрбиелеу.

Балалар шеңберге тұрады. Жүргізуші («мейірімділік») таңдалады. Педагог оған бөлмеден шығып, балалардың кез-келгеніне қандай қайырымдылық жасай алатындығы туралы ойлануды ұсынады.

Педагогтің белгісі бойынша балалар «мейірімділікті» шақырады. Ол бөлмеге кіріп, балалардың біреуінің қолынан ұстап, оны шеңбердің ортасына апарады да, ол үшін қандай жақсылық жасай алатынын айтады. Содан кейін жүргізуші ауысады, ойын осылай жалғасады.

**«Мейірімді адамдар»**

*Ойынның мақсаты:* «мейірімді адамдар» туралы түсінік қалыптастыру, зейін, есте сақтау процестерін дамыту.

Балалар шеңберге тұрады. Педагог кезекпен әрқайсысына доп лақтырады. Допты ұстаған бала кез-келген мейірімді адамды атайды және оның неге мейірімді екенін түсіндіреді (жауаптың үлгісі: менің әпкем мейірімді, өйткені ол менімен күнде ойнайды, маған көмектеседі). Барлық балалар айтып болғаннан кейін, педагог олардың әрқайсысы атап берген барлық мейірімді адамдарды толық айтып беруді сұрайды.

**«Мейірімділік ағашы»**

*Ойынның мақсаты:* «игі істер» туралы түсінік қалыптастыру, зейін, есте сақтау қабілеттерін дамыту.

Педагог балалардың назарын ватман парағына салынған «мейірімділік ағашына» аударады және олардан игі істер туралы айтып беруді сұрайды.

Қатысушылар айтқан сөздеріне қарай ағашқа жемістің суретін салады. Ойын балалар өздерінің игі істерін айтып болғанға дейін жалғасады. Ойынның соңында ағаштың суретін қабырғаға іліп қоюға болады және оған арасында жаңа жемістер қосуға болады.

**«Құрметтеуді үйренеміз»**

*Ойынның мақсаты:* құрдастарына құрметпен карауға тәрбиелеу.

Педагог балалардан қандай адамгершілік қасиеттер құрметке лайық болып көрінетінін ойлануды және айтуды сұрайды. Содан кейін балалар шеңберге тұрып, бір-біріне допты беріп, доп берген баланы не үшін құрметтейтінін айтады.

Ойын барлық қатысушылар айтып болғанша жалғасады.

**«Адалдық шеңбері»**

*Ойынның мақсаты:* балаларды адалдыққа тәрбиелеу, зейінді дамыту.

Педагог балаларды екі командаға бөледі.

Бір команданың қатысушылары қолдарынан ұстап, «адалдық шеңберін» құра отырып, қолдарын жоғары көтереді. Екінші команданың мүшелері бірінің артынан бірі сапқа тұрып, көңілді музыкамен «адалдық шеңберінің» ішіне кіріп, шығады.

Музыка тоқтағанда «адалдық шеңберін» құрып тұрған балалар қолдарын төмен түсіреді. Шеңбердің ішінде қалып қойған қатысушылар өздерінің адал әрекеттері туралы кезекпен айтып береді. Содан кейін командалар орындарымен алмасады, ойын қайта басталады.

**«Сыпайы өтініш»**

*Ойынның мақсаты:* балаларды мейірімділікке, зейінділікке тәрбиелеу.

Балалар шеңберге тұрады. Педагог түрлі бұйрықтар береді, мысалы, қолды жоғары көтер, қолыңды шапалақта, көзіңді жұм және т.б., бірақ «мархабат» сөзі айтылған өтініштерді ғана орындау керек.

**«Сыпайы кездесу»**

*Ойынның мақсаты*: сыпайы қарым-қатынас жасауға үйрету.

Педагог балаларды жұптарға бөледі. Әр жұп екі бірдей ойыншық алады (екі робот, екі қуыршақ). Балаларға екі қойылым ойнау ұсынылады – біріншісі әдепсіз ойыншықтардың, екіншісі әдепті ойыншықтардың кездесуін бейнелеу. Тапсырманың соңында әдептіліктің мағынасын талқылайды.

**«Әдепті сөздер шеңбері»**

*Ойынның мақсаты:* сыпайы қарым-қатынас жасауға үйрету, зейінділікке, мейірімділікке баулу.

Балалар шеңберге тұрады, бір-біріне ойыншықты бере отырып, әдепті сөздер айтады.

## Педагогикалық жағдаяттар

**Шағын қойылымдарға арналған педагогикалық жағдаяттар**

Мақсаты: сыпайы қарым-қатынас дағдыларын қалыптастыру, айналасындағылармен мейірімді қарым-қатынас жасауға тәрбиелеу, қиял мен шығармашылық қабілеттерін дамыту.

Балалар жағдаятты ойнайды. Содан кейін қалғандары олардың әрекеттерін бағалайды, егер олардың қателіктері болса, оларды атайды. Қойылымдарды басқа балалармен 2-3 рет қайталауға болады.

Тапсырма:

- Сурет салу ұйымдастырылған оқу қызметінде қарындашың сынып қалды. Сен құрдастарыңнан қарындашты қалай сұрайсың?

- Балаларға карындашты бір-бірінен қалай сұрайтынын, не айтатынын көрсету ұсынылады.

- Балалар доп ойнап жатыр, олар көңілді. Арман дуалдың жанында жалғыз өзі мұңайып тұр. Сендер не істейсіңдер, Арманға не айтасыңдар?

- Көше батпақ, лас. Сержан құлап, үстін кірлетіп жылады. Сендер не істейсіңдер? Оған не айтасыңдар?

- Екі баладан олардың бір-біріне қалай көмектесетінін, не айтатынын көрсету ұсынылады.

- Үстел басына балалар түскі ас ішуге отырды. Балаларға осы жағдаятты көрсету ұсынылады.

Біреуі түскі асты ішіп болды. Сен не істейсің ? Не айтасың?

- Сенің бантигің шешіліп кетті. Әлия бантигіңді байлап берді. Сен оған не айтуың керек?

- Балалар, сендер үстелдің басында тамақтанып отырсыңдар. Кенеттен Айгүлдің қасығы еденге құлап кетті. Сендер қалай әрекет етесіңдер? Оған не айтасыңдар? Айгүл сендерге не дейді?

- Төрт бала үстел басында түскі ас ішіп отыр. Қуаныш Талғаттан бір үзім нан беруін сұрайды. Олар қалай әрекет етеді? Олар бір-біріне не дейді?

- Екі бала ойнап отыр. Бірі байқамай досын итеріп жіберді. Олардың әрекетін айтып беріңдер?

- Тәрбиеші сенен басқа топтың тәрбиешісінің көмекшісіне кітап апарып беруді сұрады. Сен қалай әрекет етесің? Тәрбиеші не айтады?

**«Сыпайы сөздер дүкені»**

Мақсаты: белгілі бір жағдайда сыпайы сөздерді қолдана білуді қалыптастыру.

Дүкендегі сөрелерге «сыпайы сөздер» орналастырылған: алғыс айту (рахмет, алғыс білдіремін), өтініштер (өтінемін, мархабат), сәлемдесу (сәлеметсіз бе, қайырлы күн, қайырлы таң), кешірім сұрау (кешіріңіз, ғафу етіңіз, өкінішті), жылы сөздер (құрметті ана, әке, анашым, әжетайым). Педагог жағдаяттарды сипаттайды, ал балалар сөреге кезек-кезек келіп, сатушыдан өзіне қажетті сөздерді «сатып алады» және жағдаяттарды талдай отырып, оларды қолданады.

1 Жағдаят. Анаң дүкеннен дәмді алма әкелді. Сен алмалардың дәмін татып көргің келді, бірақ анаң түскі асқа дейін күтуің керек деді. Сен анаңнан оны қалай сұрайсың?

2 Жағдаят. Әжең шаршап демалып жатыр. Сен әжеңнің қызықты кітапты оқып бергенін қалайсың. Сен қалай әрекет етесің? Сен әжеңнен кітап оқып беруін қалай сұрайсың?

3 Жағдаят. Анаң дүкеннен сенің сүйікті бәлішіңді әкелді. Сен өз үлесіңді жеп қойдың, бірақ әлі де жегің келіп тұр.Сен не істейсің?

4 Жағдаят. Таңертең отбасы таңғы асқа жиналды. Сен де тұрып, жуынып, шашыңды тарап, киініп, ас үйге келдің. Сен өзіңді қалай ұстайсың? Не айтасың?

## Қайырымдылық пен өзара көмекті қалыптастыруға бағытталған дидактикалық ойындар

**«Менің көңіл-күйім»**

Ойынның мақсаты: мейрімділікке, жақын адамның көңіл-күйін көре білуге тәрбиелеу.

Балалар кезек-кезек жылдың қай мезгілі, табиғат құбылысы, ауа-райы олардың бүгінгі көңіл-күйіне ұқсас екенін айтады.

Салыстыруды тәрбиеші бастауы тиіс: «Менің көңіл-күйім көгілдір аспандағы ақ ұлпа бұлттарға ұқсайды, сенің көңіл-күйің қандай?» деп, балаларды ойынға тартады. Ойынның соңында тәрбиеші қорытындылайды – бүгін топтың көңіл-күйі қандай: көңілсіз, көңілді, күлкілі, ызалы екенін айтады.

Қолайсыз ауа-райы, суық, жаңбыр, түнерген аспан сияқты агрессивті элементтер эмоционалды күйзелісті көрсететінін түсіндіру керек.

**«Көңіл-күйді анықтау»**

Ойынның мақсаты: мейрімділікке, жақын адамның көңіл-күйін көре білуге тәрбиелеу.

Педагог балаларға айналасындағы адамдарға көңіл бөлу керектігін түсіндіреді. Бір бірінің көзіне, бет-әлпетіне қарап, көңіл-күйді анықтауды ұсынады.

Балалар жұптасып, қолдарынан ұстайды. Тәрбиеші оларға: «Тек көздеріңе қарап, бір-біріңнің қолдарыңнан ұстап, әр түрлі эмоцияларды үнсіз жеткізуге тырысыңдар: «Мен көңілсізбін, маған көмектес! Мен көңілдімін, кел ойнайық! Мен сенімен дос болғым келеді!» және т.б. деп айтады.

Балалар тапсырманы жұппен орындайды. Содан кейін балалар қандай эмоцияның берілгенін және қабылдағанын талқылайды.

**«Көңіл - күйдің кездесуі»**

Ойынның мақсаты: мейрімділікке, өзгенің көңіл-күйін түсінуге тәрбиелеу.

Педагог эмоциялар бейнеленген карточкалардың екі тобын (пиктограммалар) орналастырады және балалардан әртүрлі эмоциялар қалай кездесетінін, жағымды және жағымсыз эмоцияларды елестетуді сұрайды. Тәрбиеші «жағымды» эмоцияны, ал бала «жағымсыз» эмоцияны көрсетеді, содан

кейін карточкалардың орнын ауыстырады. Эмоцияларды қалай татуластыруға болатындығы туралы талқылайды.

**«Эмоцияларды жаттықтырамыз»**

Ойынның мақсаты: елгезектікке, көңіл-күйді көре білуге, өз эмоцияларын басқаруға тәрбиелеу.

Тәрбиеші балалардан:

- күзгі бұлт сияқты түнеруді; ашулы адамды; зұлым сиқыршыны;
- күлімдеген күннің көзін; қу түлкіні; қуанышты баланы;
- балмұздағын тартып алған ызалы баланы; көпірдегі екі қойды; итеріп жіберген адамды;
- орманда адасып кетіп қорыққан баланы; қасқырды көрген қоянды; иттен қорыққан мысықты;
- жұмыстан кейін шаршаған әкесін; ауыр жүк көтерген адамды; үлкен бұтақты сүйреп бара жатқан құмырсқаны;
- көп жұмыс істеген, бірақ анасына көмектескен бала сияқты демалуды; ауыр жүк әкелген жылқыны; жұмыстан кейінгі анасының эмоцияларын көрсетуді сұрайды.

**«Ата-аналарға қамқорлық жасау»**

Ойын мақсаты: елгезектікке, ата-аналарға қамқорлық көрсетуге тәрбиелеу.

Балалар бірнеше қадам қашықтықта педагогке қарама-қарсы тұрады.

Педагог кезекпен балаларға допты лақтырып, мынадай жағдайларда қалай қамқорлық жасауға болатынын сұрайды:

- анаң ауырып қалды;
- анаң жұмыстан шаршап келді;
- анаңның көңіл-күйі жоқ;
- анаңның шаруасы көп;
- әкеңнің жұмысында қолайсыздықтар болды.

Ата-аналарға қалай көмектесуге болатынын ойлап тапқан бала алға бір қадам жасайды, бірінші болып тәрбиешіге жеткен бала жеңімпаз болады. Ойын соңында педагог балалардан өмірлік жағдайда өздері айтқандай әрекет етуді айтады.

**«Қамқорлық гүлі»**

Ойынның мақсаты: мейрімділікке, ата-аналарға қамқорлық көрсетуге тәрбиелеу.

Педагог балалардан анасы үшін жасай алатын бес істі атауды сұрайды. Балаларға анасына бес жапырақшасы бар «Қамқорлық гүлін» салу ұсынылады.

Сурет салып болғаннан кейін педагог балаларға өздері ойлаған істерін жасап, анасына «Қамқорлық гүлін» сыйлауды ұсынады.

**«Кім жауапкершілік танытты»**

Ойынның мақсаты: жауапкершілікке, қайырымдылыққа тәрбиелеу.

Балалар бірнеше қадам қашықтықта тәрбиешіге қарама-қарсы тұрады.

Тәрбиеші балаларға кезек-кезек доп лақтырып, мына жағдайда адам жауапкершілік танытты ма деп сұрайды:

- әкесі баласымен бірге циркке баратыны туралы уәдесін ұмытып, достарымен балық аулауға кетті;

- анасы шаршағанына қарамастан қызына қуыршақ театрына ойыншық тігуге көмектесті;

- ағасы серуендеуге кетіп, кішкентай қарындасын жалғыз қалдырды;

- балалар саяжайға кетіп, мысыққа тамақ қалдыруды ұмытып кетті;

- күн сайын қыз бала бөлмедегі өсімдіктерді суару үшін ерте тұрады;

- теңізге барар алдында әкесі ұлына жүзуді үйретті.

Егер допты ұстап алған ойыншының пікірімен балалардың көпшілігі келіссе, ол алға бір қадам жасайды. Егер қалған қатысушылар оның пікірімен келіспесе, ойыншы орнында қалады және балаларға бұл мәселені талқылау ұсынылады.

**«Диалог»**

Ойынның мақсаты: жауапкершілікке, қайырымдылыққа тәрбиелеу.

Педагог балаларды жұптарға бөледі және оларға үй жануарлары бейнеленген карточкаларды таратады.

Балаларға үй жануарлары мен оның иесі арасындағы диалог-көріністі ойлап табу ұсынылады, онда иесі үй жануарына қалай қамқорлық жасайтынын және бұл кезде «үй жануарлары» қалай сезінетінін айтады.

**Сюжеттік суреттерді қолдану арқылы педагогикалық жағдаяттарды шешу**

**«Балақайға ертегі көрсетеміз»**

Мақсаты: өзара көмекке тәрбиелеу, досына көмек қажет болса, оған көмектесу керек деген ережені бекіту.

Балалар балақайларға көрсетететін ертегі кейіпкерлерін мүсіндейді. Бір бала мысықты мүсіндеді, ал екіншісі түлкінің мүсінін аяқтауда, ал қыз бала әтешті мүсіндей алмай отыр.

Балаларға арналған сұрақтардың үлгісі:

- Суретте не көрдің?
- Неге қыз бала мұңайып отыр?
- Оған қалай көмектесуге болады?

Тәрбиеші балаларға не болғанын талқылауды ұсынады; жауаптарды тыңдап, былай деп түсіндіреді: «әрекет жасағанда бәрі бірден болмайды, сәтсіздіктер де болады. Балалардың бірі тәрбиеші көрсеткен әдісті ұмытып кетуі мүмкін. Оған мұңаюдың қажеті жоқ, өйткені, ол үйреніп жатыр, енді сендер қыз баланың достарына не істеу керектігін айтыңдар».

Сюжетті дамыту: а) жұмысын аяқтаған ұл баланың бірі қыз балаға – әтештің құйрығын мүсіндеуге көмектеседі; б) екінші бала да көмекке келді –

әтештің басын мүсіндеді. Енді қыз бала денесін аяқтайды да, айдарын жабыстырады. Содан кейін бәрі бірге ертегіні дайындайды.

**«Барлығы сабаққа дайын болуы керек»**

Мақсаты: өзара көмекке, досына қол ұшын беруге тәрбиелеу.

Бейнелеу студиясында кезекшілер үстелдің үстіне Жапсыру ұйымдастырылған оқу қызметіне арналған құралдарды қойып жатыр. Баланың қолындағы подностан қайшылар, қылқалам, қарындаштар жерге түсіп кетеді.

Тәрбиеші балаларға сұрақтар қояды: «Не болды? Бала неліктен подносты түсіріп алды?» Балалар оны нашар кезекші, ол жұмысын кеш бастағандықтан асықты деп жауап беруі мүмкін.

«Бұл жағдайда басқа балалар не істеуі керек?» - деп сұрайды тәрбиеші. Балалардың болжамды жауабы: «Кезекшілердің өздері бәрін дайындауы керек». Педагог балалардың жауаптарын тыңдап, «дұрыс айтасыңдар, кезекшілер әрқашан бәрін өздері дайындайды; бірақ осындай жағдай болғандықтан, оларға көмектесудің қажеті жоқ па? Себебі сабақты тоқтатуға болмайды» дейді.

Сюжеттің дамуы: А) кезекші қыз бала өз подносын үстелге қойып, досына көмектеседі; б) басқа бала (кезекші емес) кезекшіге шашылған заттарды жинауға көмектеседі.

**«Батыл бол!»**

Мақсаты: өзара көмекке тәрбиелеу; балаларды қиындықтарды, қорқынышты еңсеруге үйрену керек екендігін және құрдастарының епсіздігіне күлуге болмайтынын түсіндіру: досына қорқынышын жеңуге көмектесуге шақыру.

Батыл және епті Мақсат бөрене бойымен сенімді жүреді, ал Асхаттың бөрене үстіне шығуға батылы бармайды. «Асхат қорқақ!»- дейді қыз бала. «Ия, мұндай епсізден ештеме шықпайды...», - деп ойлайды қасында тұрған бала. «Қазір құлайды!» - дейді тағы бір бала.

Сюжеттің дамуы: а) бөрене бойымен абайлап келе жатқан епсіз және жасқаншақ құрдасын екі жағынан балалар сүйемелдейді; б) Асхат бөрене бойымен өзі жүріп келе жатыр, бірақ қыз бала кез-келген уақытта оған көмектесуге дайын.

**«Менде доп жоқ»**

Мақсаты: достармен бөлісу керек деген моральдық қағиданың мағынасын ашу.

Балаларға сұрақ: «Бала неліктен көңілсіз?» Жауаптарды тыңдау, барлық пікірлерді талқылау, балалардың назарын суреттің мағынасына, кейіпкердің эмоционалды жағдайына аудару. Жалпы қорытынды: «жақсы достар әрқашан біреудің мұңайғанын байқайды. Неліктен бұл бала көңілсіз? Оған қалай көмектесуге болады? Олар әрқашан досымен бөліседі. Басқаға қуаныш сыйлағанда, өзің де қуанышты боласың!». Балалармен талқылаңыз: неге достарыңызбен бөлісу керек? Бұл сұрақ балаларды жағдаят шеңберінен шығуға,

оларды өздерінің тәжірибелеріне жүгінуге мәжбүр етеді. Балалардың біреуіне досына қалай көмектескенін және сол сәтте өзін қалай сезінгенін еске түсіруді ұсынуға болады.

Сюжетті дамыту: а) Қыз бала өзінің добын ер балаға ұсынады; б) Балалар доппен бірге ойнайды.

## Дидактикалық ойындар

### «Түсті таңда»

Міндеттері: балалар тобында және ересектер арасында баланың өз-өзін дәлелдеуіне жағдай жасау; антоним — сөздердің қорын кеңейту және оларды белгілі бір жағдайларда қолдануға үйрету.

Дайындық жұмыстары. Педагог балаларға В. Маяковскийдің «Жақсы деген немене, жаман деген немене » өлеңін оқиды. Содан кейін ол балаларға 2 түсті карточкаларды: ақ және қара карточкаларды таратады және карточканың түсін «жақсы» (ақ) және «жаман» (қара) сөзіне сәйкестендіруді ұсынады.

Педагог сөздерді атайды, ал балалар антоним-сөздер үшін қажетті түстерді таңдайды және көрсетеді.

Жақсылық-жамандық
қайғы-қуаныш
жақсы-жаман
еңбекқорлық-жалқаулық
сараңдық - жомарттық
қорқақ-батыл
сүйіспеншілік – жеккөрушілік
дөрекілік-сыпайылық
бейбітшілік-соғыс
қараңғы - жарық
достық-дұшпандық
кір-таза және т. б.

### «Ата мен әжеге көмектес»

Міндеттері: балаларды еңбекқорлыққа, қол ұшын беруге, мейірімділікке, жанашырлыққа тәрбиелеу.

Алдын-ала жұмыс. Педагог балаларға отбасында ата-әжелеріне қамқорлық жасау керектігін еске салады.

Ойын. Үстелде газеттер, кітаптар шашылып жатыр, көзілдірік еденге «құлап түсті». Орындықтың жанында себет тұр. Оның айналасында жіп орамдары шашылып жатыр және жерде әженің орамалы жатыр.

Педагог екі баланы шақырады. Кім тезірек шашылған заттарды жинауға көмектеседі? Бір бала атаның үстелін реттеуге көмектеседі, ол кітаптарды қатарлап жинайды, газетті бөлек қояды, еденнен көзілдірікті алады. Ал екіншісі себетке жіп орамдарын жинайды, әженің орамалын көтеріп, орындыққа іліп қояды.

**« Бағбандар мен гүлдер»**

Топ екі шағын топқа бөлінеді және тәрбиеші ойын ережелерін түсіндіреді: «Егер топта тұрған гүлдер ұзақ уақыт бойы суарылмаса-олар қурап қалады. Бірақ бүгін біз суды қажет етпейтін гүлдер өсетін ерекше баққа барамыз. Егер олар ұзақ уақыт бойы өздері туралы мейірімді және сыпайы сөздерді естімесе, қурап қалады. Бір шағын топ қурап қалған гүлдер, ал екіншісі қурап қалған гүлдерге көмек көрсетуге шақырылған бағбандар болады. Бағбандар бақшаны аралап, әр гүлге сыпайы сөздер айту керек, содан кейін гүлдер біртіндеп гүлдей бастайды. Балалар рөлдермен ауысады, ойын жалғасады.

**«Тек жақсы қасиеттерді ата»**

Педагог қолына доп алып, балалардың алдына тұрады да, олардың әрқайсысына допты лақтырады. Балалар допты кез-келген «жақсы қасиет» (адалдық, мейірімділік, ұқыптылық) айтылған кезде ғана ұстап алуы тиіс. Бұл жағдайда олар педагогке қарай қадам жасайды. Егер балалар байқаусызда «жаман қасиет» (сараңдық, ашуланшақтық) айтылғанда допты ұстап алса, олар артқа бір қадам шегінеді. Педагогке бірінші жеткен бала жеңімпаз болады.

**«Игі істер қоржыны»**

Түрлі-түсті қағаздан дөңгелектерді немесе жүрекшелерді қиып алуға болады. Әр күннің соңында балаға «қоржынға» бүгін қанша игі істер жасаса, сонша дөңгелек салу ұсынылады. Бала қиналған жағдайда, оған көмектесу керек. Мұндай ойын баланы игі істер жасауға ынталандырады.

**« Жақсылық- жамандық»**

Мақсаты: балаларға жақсы және жаман қылықтарды ажыратуды үйрету. Достыққа, өзара көмек пен келісімге тәрбиелеу.

Ойын әрекеттері: балалар педагогтің алдына тұрады. Педагог кезекпен қандай да бір әрекетті, қылықты білдіретін кез-келген сөзді балаларға айтады. Егер сөз қайырымдылықты, игі істерді білдірсе, онда балалар қол шапалақтайды. Егер бұл сөз жамандық, зұлымдық туралы болса, балалар аяқтарын топылдатады.

*3-қосымша*

## МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРМЕН ТЕАТРЛАНДЫРЫЛҒАН ӘРЕКЕТТІ ҰЙЫМДАСТЫРУ

1. Түркістан қаласы Әлия балабақшасы «Ақсақ құлан» қойылымы
*https://youtu.be/0uDXWw6Es4Y*
2. Маңғыстау облысы, «Алпамыс» балабақшасының "Аманат" қойылымы
*https://youtu.be/gSrg8u8iwa8*
3. Астана қаласы
*https://youtu.be/LrPh2W4q6OA*

4. ОҚО
*https://youtu.be/5XM5vf9sGDU*
5. Акмола облысы
*https://youtu.be/u4R6xHpF-Wg*
6. Қостанай облысы «Мұрагер» балабақшасы
*https://youtu.be/tUIChC0XZPE*
7. Алматы облысы «Сандуғаш» балабақшасы
*https://youtu.be/Qry2viC6-rw*

*4-қосымша*

**БАЛАЛАРДЫ ОЙЫН АРҚЫЛЫ ДАМЫТУ**

1. Алматы қаласы №152 балабақша
https://youtu.be/qr_ym27uiyc;
2. Талдықорған қаласы №2 балабақша
https://youtu.be/DhfJkPcIhsM;
3. Қызылорда қаласы «Алтын ұя» балабақшасы
https://youtu.be/NQitpFRyqaQ

*5-қосымша*

**МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРҒА АРНАЛҒАН АУДИОЕРТЕГІЛЕР ЖИНАҒЫ**

**https://cloud.mail.ru/public/NjzY/HWgFUcz4X**

*6-қосымша*

# МОБИЛЬДІ КІТАПХАНАНЫ ҚҰРУҒА АУДИО ЖАЗБАСЫН ЖЫЛДАМ ЖАУАП БЕРУ КОДЫМЕН (QR) ҚАЖЕТТІ МАТЕРИАЛДАР

## Нормативті құқықтық қамтамасыз ету

**ҚР мектепке дейінгі ұйымдары мен мектепалды сыныптарында 2022 -2023 оқу жылында тәрбиелеу - білім беру процесін ұйымдастыру туралы әдістемелік-нұсқаулық хат**

ӨНХ 2022-2023 оқу жылы

**Инструктивно - методическое письмо об организации воспитательно - образовательного процесса в дошкольных организациях и предшкольных классах РК на 2022-2023 учебный год**

ИМП на 2022-2023 учебный год

**«Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың бастауыш, негізгі орта, жалпы орта,техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы»**

Стандарт МДТО қаз

**ҚР Оқу-ағарту министрлігі ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы тамыздағы №348 бұйрығы**

**«Об утверждении государственных общеобязательных стандартов дошкольного вспитания и обучения, начального, основного среднего, технического и профессионального послесреднего образования»**

Стандарт ДВО рус

**Приказ министерства просвещения № 348 от 03.08.2022 года.**

"Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы" ҚР Білім және ғылым министрінің 20.12.2012 жылғы № 557 бұйрығы ҚР Оқу -ағарту министрінің 09.09.2022 ж. № 394 бұйрығы.

Үлгілік оқу жоспары

Мектеп жасына дейінгі бабалардың жеке және жас ерекшеліктерін ескере отырып, даму деңгейлерін бақылау бойынша әдістемелік ұсынымдар
Методические рекомендации по отслеживанию уровня развития детей с учетом индивидуальных и возрастных особенностей

мониторинг

О внесении изменений в приказ Министра образования и науки РК от 12 декабря 2020 года № 557 "Об утверждении типовых учебных планов дошкольного воспитания и обучения РК"
Приказ Министра просвещения РК от 09.09.2022 года № 394.

Типовый учебный план

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы ҚР Оқу-ағарту министрінің 14.10.2022 жылғы №422 бұйрығы

Үлгілік оқу бағдарламасы

## Дыбыстарды дұрыс айтуға арналған жаттығулар




Логопед

**Ш дыбысын сөйлемде машықтандыру**



Логопед

**Ш дыбысын буында,сөзде машықтандыру**



Логопед

**Щ дыбысын машықтандыруға арналған тақпақ**



Логопед

**Ш дыбысын арналған тақпақ**



Логопед

**Ч дыбысын машықтандыруға арналған тақпақ**



Логопед

**С дыбысын буында,сөзде машықтандыру**



Логопед

**Р дыбысын арналған тақпақ**



Логопед

**С дыбысын машықтандыруға арналған тақпақ**




Логопед

**Л дыбысын буында,сөзде машықтандыру**



Логопед

**З дыбысын буында,сөзде машықтандыру**



Логопед

**Р дыбысын буында,сөзде машықтандыру**



Логопед

**Ж дыбысын машықтандыруға арналған тақпақ**



**Ж дыбысын буында,сөзде машықтандыру**



**Л дыбысын арналған тақпақ**



**З дыбысын машықтандыруға арналған тақпақ**



187

Қазақ халық ертегісі

«Қарлығаш пен дәуіт»



187

Қазақ халық ертегісі

«Дүниеде не күшті?»



187

**Қазақ халық ертегісі**

**«Құмырсқаның қанағаты»**



187

**Ы. Алтынсарин**

**«Өрмекші, қарлығаш, құмырсқа»**



187

**Қазақ халық ертегісі**

**«Түлкі мен тырна»**



187

**Т. Қоңыратбаев**

**«Ұланы еркін елімнің»**



187

Қазақ халық ертегісі

**«Арыстан мен тышқан»**



187

Қазақ халық ертегісі

**«Бір үзім нан»**



187

әңгіме

## «Астана – бас қалам»



187

І. Есенберлин

## «Домбыра»

*7 - қосымша*

## ТӘУЕЛСІЗДІКТІҢ 30 ЖЫЛДЫҒЫ МЕН БАЛАЛАР ӘДЕБИЕТІ ЖЫЛЫНА АРНАЙЫ ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН «БАЛАПАНЫМ БИІК ҰШ» МҮШАЙРА МАТЕРИАЛДАРЫ

**Омарбекова Фарида Кызырқанқызы**

### Балабақшам

Қызыл, жасыл, ақ, сары
Үлкен биік әдемі
Ойыншық тола ішінде
Бала бақша әлемі.
Тұра сала асыға
Мен бақшаға барамын

Ойнап билеп асыр сап
Жақын достар табамын.
Асан, Үсен, Берікпен Тақпақ айтам
Жараспен Әйкерім, Іңкәр,
Көркеммен
Ән саламын Еркемен.

### Біздің аудан

Біздің аудан «Жас Қанат»
Ұшақтар көп ұшады.
Аспан сондай әдемі
- Ақша бұлттар тұрағы.
Іргемізде таулар бар,
Аудан сондай әдемі!
Мектеп, мешіт, бақшалар
Біз ойнайтын алаңдар.

Саябақтың ішінде
Жүрем еркін дем алып,
Ақ қайың мен емендер
Сан түрлі гүл жайқалып.

Жел еседі тау жақтан
Ұшақтардың гүрілі.
Жақсы көрем жерімді
Туған өлкем елімді!

### Туыс

Бір туғандар жиналдық
Ата әжемнің үйінде
Жеті атаның баласы,
Әулетімнің сыйы  де

Туған – туыс, бауырлар
Қарындастар, жақындар
«Өсиеті» атамның
Тату-тәтті болыңдар

Ағасы бардың әрқашан
Жақсы тұрар жағасы

Інің  болса  ырысың
Кең болады тынысың

Әпкем менің қамқоршым
Адал жолды сілтейтін
Қарындасым сәл,- ерке
Мен жоқ болсам, іздейтін.

Осындай - менің от басым
Ұрпақтар, бізден үлгі алсын
Салт дәстүрін қазақтың
Би, бектері қолдасын!

## Ұрпаққа

Мақал,
мәтел, жаңылтпаш
Шешімі бар жұмбақтың
Ертегі, жыр, дастаны
Тарихы бар қазақтың!

Сөз маржанын ұрпаққа
Қасиетті деп қалдырған
Әдет, ғұрып сал-дәстүр
Өсиет етіп жаздырған!
Жиып алам жадыма

Еліміздің ерекше
Ата салтын ұстайтын
Сый, құрметі сабыры
Кең далама ұқсайтын!

Үлкендердің ақылын
Түйіп алам жаныма
Ырым тиым сөздерін

## Сақа асық

Жілік мүжіп жарысқан
Біз қазақтың баласы
Сол сирақтан алатын
«Сақа» асық атасы.

Санның орта тұсында
Орналасқан жіліктен
Атамыздың қолында
Сиқырлы асық іліккен.

Немерелер отырмыз
Қаз-қатар боп тізіліп
Тілді бердіініме
Тіл алғышсың сен бізде
асығың ақ, адал жол!

Құлақ сенің ағаңа
Аға ақылын бағала
Қарындасқа ақ таңдай
Бауырмал болсын балақай
Таңдайы тақылдап
Ақылына, көркі сай

Ал, асықпен ойна, жүгір, отырма
Берді атам құлжа асықты қолыма.
Зейінді бол, зерек, мықты, сергек
бол
Алшы түссін

## Балабақшам

Апайларым ертемен
Қарсы алады күлімдеп
Қызуымды өлшейді
Медбике апай үкілеп

Таң ертеңгі сергіту
Жаттығуын жасаймыз
Ән ұранды шырқап –ап
Күндік жоспар ойлаймыз

Тақпақ өлең санамақ
Би де билеп аламыз
Ермек сазбен мүсіндеп
Суретті де саламыз

Түскі асты ішкен соң
Сәл тынығып аламыз
Таза ауада серуендеп
Өсіп жатқан баламыз!

### Күз

Күздің суық ызғары
Қар да, түсіп үлгерді
Талдан түскен жапырақ
Тау тау болып күрелді

Алтын күзім ақырын
Күрең күзге айналды
Алғашқы қар қырбақ боп,
Ақ кілем боп жайылды.
Тереземнің алдында
Отырып көп ойландым,
Қыстан қалған құстарға
Кімдер қамқор болғанын.

Жапырақ жоқ  талдарда
Ілініп тұр үйшіктер
Іші тола дәнекке
Қонған торғай, күлімдер.

Кім жасаған- үйшікті
Біліп алдым анамнан
Балабақша балалары
Ата-анамен жасаған.

### Ақылды Асық

Асық едім
ойнайтын,
Қызыққа еш тоймайтын
Көздеп атып секіртіп,
Дәлдеп тұра тигізіп
Мықты бала қырағы,
Ұтып алды біразын!
Асық едім ойнайтын,
Қызыққа еш тоймайтын
«Аламан хан», «Үш табан»
Бүк, шік, алшы, тәйке-ні
Ақылды асық сақамен
Ұтып алдым бәйгені!

Асық едім ойнайтын,
Қызыққа еш тоймайтын
Достарыммен жарысып
Мен елгезек боламын!
Қатарымнан қалмайтын
Еріншек, ез болмайтын
Алдына жан салмайтын
Озат жолды таңдайтын!
Алшы тұрған құлжадай
Қорғасын құйған САҚАМЫН!

## Абдрахманова Таннуры Даулетбековна

### Қоян

Қоян,қоян, әй,қоян,
Өзің қорқақ ,сұр қоян.
Сыбдыр- тарсыл естісең,
Қашып кетер сұр қоян
Қоян деген қорқақ қой,
Жан-жағыңды байқап қой!
Сарт-сұрт еткен дыбыстан,
Қатты шыққан дауыстан.

### Сиыр

Сиыр сүттің анасы,
Құрт, ірімшік, малтасы.
Сүтті ішсең дәрумен,
Емделмейсің дәрімен.

### Мысық

Мысық - тышқан жауы ғой,
Аулап жүрер күн- түні.
Мысық пештің сәні ғой,
Ұйықтайды ол күні-түні.

Мен мысықпын, мысықпын,
Екі көзі қысықпын.
Түнімен тышқан аулайтын,
Өзім епті пысықпын.

**Түлкі**
Түлкі –деген қу ғой,
Жүрген жері ду ғой.
Бауырсақты жеп қойған,
Нағыз қудың қуы ғой.

**Күшік**
Мен күшікпін айбатты,
Өзім батыр қайратты.
Үй күзетем ұйықтамай,
Бақылап барлық аймақты.

**Жылқы**
Жылқы қымыз бастауы,
Сұлы толы астауы.
Қазы, қарта,жая бар,
Ұлы тойдың бастауы.

## Амренова Айнур Бутейовна

**Ағаш егіп жатырмыз**
Еңбексүйгіш, батырмыз,
Жақсы іске жақынбыз.
Бақшамыздың төріне
Ағаш егіп жатырмыз.
Босқа қарап жатпаймыз,
Жаздай күтіп-баптаймыз!

**Қазақстан – Отаным**
Желбіреткен тұлымын,
Мен қазақтаң ұлымын.
Қазақстан – Отаным,
Тәуелсіздік – тұғырым!

Көкте күнім күлімде,
Атты күліп ғажап таң!
Тәуелсіз Ел бүгін де,
Отанымыз Қазақстан!

**Отаным**
Бақытты балалық шағымның
Себебі өзіңсің, Отаным!
Сен барда жанғаны бағымның,
Өзіңнен жалындап от алдым.

**Мен өскенде**...
Тілегі ата-ананың
- Амандығы баланың.
Мен ержетіп, өскенде
Ел намысын көтерер,
Үлкен жігіт боламын.

**Анамның тілегі**
Анамның тілегі
- Менің бар болғаным,
Әкемнің тірегі,
Бауырдың қорғаны.

## Адилбаева Ардак Саткыновна

**Тәуелсіз ел – Қазақстан!**
Тәуелсіз елім,
Кең байтақ жерім,
Жырымды саған арнаймын!
Ну орман, көлің,
Асқар тау, белің,
Көгіңде шалқып самғаймын!

Тамаша, көркем,
Шырайлы өлкем,

Отаным менің – Ғажапстан!
Байлығың асқан,
Тарихың – дастан,
Тәуелсіз ел – Қазақстан!

**Балабақша – базарлы үй**

Алтын арай бақшамыз,
Шаңырағы - шаттықтың.
Қуанышы өзіңсің,
Балғын сәби жастықтың.

Азанменен оянып,
Бақшамызға барамыз.
Таң нұрына боялып,
Білім нәрін аламыз.

Тамаша ғой бақшада,
Ойнаймыз да, күлеміз.
Қызықтар көп қаншама,
Бақытты боп жүреміз.

Тәрбиеші жылуы,
Тәнді баурап алады.
Балабақша – базарлы үй,
Мәңгі есте қалады!

**Тәрбиеші - өз анам!**

Тәрбие мен білімді,
Тәрбиеші береді.
Баласындай қадірлеп,
Бізді жақсы көреді.

Ең алғашқы дағдыны,
Бойымызға сіңіріп.
Қиындыққа мойымай,
Жүреді әр кез ол күліп.

Сыйлауды да үйреткен,
Жинауды да үйреткен,
Тәрбиеші ұстазға
Қандай адам тең келген?

Мейірімді, кең пейіл,
Тәрбиеші – өз анам!
Үлгі етіп өзіңді,
Құдіретіңе табынам!

## Айтбенбетова Гүлзағира Дулатқызы

**Санамақ: «Менің отбасым»**

Ал, балалар, қараңдар,
Бәрін қосып санаңдар.
Бір шаңырақ астында
Нешеу екен адамдар?

Атам менен Әжем бар,
Әкем менен Анам бар.
Ағайынды біздерді
Дара – дара санаңдар.

Ағам менен Әпкем бар,
Қарындас, Інім тағы бар.
Осы тұрған жандарға
Мені қосып санаңдар.

**«Тәуелсіздіктің 30 жылдығы»**

Тәуелсіз Қазақстан - елім менің!
Кең байтақ, көк майсалы жерің
сенің.
Өзіңде туып – өсіп, өркендеген,
Отан сүйгіш ұрпағыңның бірі
менмін.

30 жылдық мерейіңді ұлан асыр,
Барша халық қуана тойлап жатыр.
Мерейің үстем болсын, Туған елім,
Дами бергін аршындап сансыз
ғасыр.

**«Балабақшам»**

Екінші үйім – бұл менің,
Күнде осында келемін.
Достарыммен бірге ойнап,
Ән саламын, билеймін.

Тәрбиеші  апайым,
Жаны жайсаң жаздайын.
Келген кезде күлімдеп,
Жасар бала жағдайын.

Бақшада көп қызық бар,
Сұлу, ерке, бұзықтар.
Ойын, оқу, еңбекпен,
Толып жатқан қызықтар.

## Айтжанова Мерейлім Арманқызы

**Тәуелсіз елім**

Анамның әлдиі,
Әкемнің ән-күйі.
Тербетіп даланы,
Бауратып алады.
Атамның батасы,
Әжемнің нан-асы.
Әл беріп демдейді,
Шуаққа бөлейді.
Тәуелсіз-елімнің,
Тәуелсіз жерімнің.
Бақытты баласы,
Өсіп мен келемін!

**Бақыт деген**

Бақыт деген ақ таң,
Арайланып атқан.
Бақыт-менің әкем,
Бақыт-деген анам.
Кең құшағын ашқан,
Бақыт-менің бақшам.
Қадамымды нықтап,
Тәрбиелеп баққан.
Бақыт деген саулық,
Бақыт-аппақ жаулық.
Бақыт деген-білім,
Соны біліп жүргін.

## Әбілғазықызы Камшат

**Бағдаршам**

Өткен кезде жолдан,
Ережені қолдан.
Бірден жолға шықсаң,
Көлік шығар алдан.

Абайлап жүр, бала!
Бағдаршамға қара.
Кезек-кезек жанатын,
Үш түсі бар онда.

Қызыл жанса –ТОҚТА,
Жүгіріп,асып-саспа.
Белгі берді қызыл,
Кәріге де жасқа.

Сары түс жанса – дайындал,
Сақтықты ойға құйып ал.
Әрбір түстің осындай
Өзіндік бір сыры бар.

Жасыл жанса - бағанда,
Жол ашылар саған да.
Сәтті болсын сапарың
Мұқият бол әманда.

**Жапырақтар неліктен сарғаяды?**

-Анашым айтшы, неліктен,сарғаяды жапырақ?
-Сары күз келді,боташым,сарғаяр барлық атырап.
-Неліктен сонда сары түсНе үшін сары,осы күз?
-Күз келгенде күн салқын,өзгертер бәрі өз қалпын.
-Не үшін жерге түседі,кім оларды үзеді?
-Күн сәулесі  азайса, Бола алмас ешкім араша.
-Түссе де сары жапырақ, Мен үшін сондай –Тамаша!

**Әбжалиева Айткул Әбжалиқызы**

**Мен қазақпын!**

Ұлтын сүйген ұл едім,
Күшке толы білегім.
Қазағым деп соғады,
Жұдырықтай жүрегім.
Жүріп келем текті ізбен,
Өткелдерден өткізген.
Бабаларға мың алғыс,
Азат күнге жеткізген.
Сіңірген білім бұлағын,
Мен боламын ұланың.
Ана тілде сөйлеймін,
Ата жолын қуамын.

**Қазақстаным!**

Қазақстан мекенім,
Өзіңді мақтан етемін.
Отқа түсіп күйсемде,
Отанды қорғап өтемін.
Бойымда мықты бар тәлім,
Өзіме сенім артамын.
Азаттығым мәңгі боп,
Арайлап атсын әр таңым.

**Отаным!**

Ел үшін деген жан құрбан,
Бабалар мәңгі тау тұлғам.
Ұлан байтақ даланы,
Ұрпағына қалдырған.
Бақ табамын елімнен,
Халқыммен әркез кең іргем,
Көк туым мәңгі желбіреп,
Түспесе екен көгімнен.

**Бақытгүл Тұрсынбаева**

**Биік ұшқан балапан!**

Келе жатыр тұрыңдар,
Әжесінің аппағы.
Шауып жүрген құлындар
Неше түрлі бақтағы.
Әппақ нұр бар шашында,
Жақсылықтан аумайды ол.
Ата - әжемнің расында,
Тілектері «Таудай бол!»

Жемістерге тойынған,
Ішімде аппақ көбелек.
Көлшікті айна етеміз,
Жаңбыр жауса себелеп.

Тәттілерін үнемі,
Тосып тұрған алақан
Кішкентаймыз, бәріміз,
Биік ұшқан балапан!

### Шуақты арман

Торғайдың шиқылдары,
Шырылы үй туралы.
Шашылған әппақ нанның
Құстарға қиқымдары.

Туған жер бесігінде,
Ұнайды кеші күнде.
Қарлығаш көктем келсе,
Ұясы есігімде.

Туған жер, бұлақ тамған,
Туған үй, бұл ақталған,
Туған ел, қозы, лақтар
Балалық, шуақты арман!

## Бекмаханова Ләззат Оңдасынқызы

### Бір апта

Дүйсенбіде достарыммен ойнадым,
Сейсенбіде серуенге тоймадым
Сәрсенбіде  суда жүздім салқындап.
Бейсенбіде би билеуге тоймадым.
Жұма күні бардым үлкен жарысқа,
Сенбі күні сапар шектім алысқа
Жексенбіде еш жерге мен бармадым
Анашыма көмегімді арнадым!

### Ата заң

Дауды шешкен аталардың,
Қабыл болған баталары.
Бар адамға тең құқылы,
Елімнің бұл ата заңы!
Бабалардың жарғысы,
Тарихымда қалды ізің.

### Қанша адам?

Үйде атам,
әжем бар,
Баққа кеткен тәтем бар.
Бір ағам бар мектепте,
Інім және көкем бар.
Іс-сапармен жат елде,
Әкем менің қорғаным.

Жанымда анам болғанда,
Білінбейді тоңғаным.
Сүп-сүйкімді сәніміз,
Қарындасым әніміз.
Қосқанда мені оларға,
Қанша болдық бәріміз?

## Даулетиярова Құралай Майлибаевна

### Аяз ата

Қалың
орман ішімен
Аяз ата келеді,
Таяғының күшімен
Жол үстінде биледі.

Қандай жайсаң мінезі,
Күлімдейді ақ жүзі.
Сыйлықтарын таратып,
Қуантады ол бізді.

Ақшақары-аппақ қыз,
Еріп келеді ізімен.
Қалмасын деп сыйлықсыз
Тексереді тізімін.

### Дүкеншінің әні

Жиналады
дүкенге,
Үлкені де, кіші де,
Сөре толса азыққа
Көңіл толар деседі.

Көкөніс пе, жидек пе?
Кәмпит, сағыз керек пе?
Тәтті шырын, бал, қаймақ,
Салыңыздар себетке.

Таңмен бірге ашамын,
Күн батқанда жабамын.
Тұрыңыздар кезекке
Түрлі тауар сатамын.

### Көңілді еңбекқорлар әні

**Аралар**

Таң ата сап, күн бата,
Еңбек еттік аптыға.
Гүлден шырын аламыз,
Балға толы ұямыз.
Ля-ля-ля-ля, балға толы ұямыз.

**Құмырсқалар**

Сап құрамыз жиналып,
Қызу жұмыс біз үшін.
.
Шыбық, қурай жинап ап,
Толтырамыз үй ішін.
Ля-ля-ля-ля, толтырамыз үй ішін.

**Кірпілер**

Теріп жеміс, саңырауқұлақ,
Кептіреміз, қақтаймыз.
Қыстың қамын ерте ойлап,
Інге азық сақтаймыз.
Ля-ля-ля-ля, інге азық сақтаймыз

## Дюсенова Динара Батырбекқызы

### Саусақ санау

Бас бармағым – алма,
Жесең саған пайдамын!
Сұқ саусағым – өрік,
Берер саған көрік!
Ортан саусақ – шиемін,
Күннің көзін сүйемін.!
Аты жоғы – алмұртпын,
Таңсығымын бар жұрттың!
Ең соңғысын сұрасақ,
Мен боламын жүзімің!

## Даулетова Арайлым Бекежановна

### Елбасы

Елбасымыз кемеңгер,
Айтқанына сенеді ел.
Еліміздің бағына
Аман болып жүре бер!

Тәуелсіздік -тірегім,
Ғұмырлы бол деп тіледім.
Отан деп соғар тынбастан,
Кіп-кішкентай жүрегім.

### Туған елім

Отаным -туған жерім,
Өзің деп тербелемін.
Қазақ боп туғаныма
Мақтанып мен келемін.

Гүлденсе екен деймін,
Тәуелсіз елім,жерім
Нұрланып, жасара бер!
Ең қымбат,Ұлы елім!

### Талапты бала

Бақытты мен баламын,
Таудай әркез талабым.
Арқама іліп сөмкемді,
Мектепке енді барамын.
Ойнаймын,білім аламын,
Достарыма да барамын.

Қуантып ата-анамды
Болашақ жолын саламын.
Атам менен әжемді,
Мақтан тұтып сыйлаймын.
Ақ батамен көркейіп,
Білім нұрын жинаймын.

## Жакупова Ақдидар Әлібекқызы

### Тәрбиеші апайым

Мені зерттеп таныпты
Ән салдырып, билетіп.
Танытады әріпті
Түрлі ойын үйретіп.
Басқа топқа көшкенде
«Қош» деп бетті сүйгізем.

Үлкен болып өскенде
Септігімді тигізем.
Түнде ерте жатайын
Ол кісіден ұятты.
Тәрбиеші апайым
Ол да анам сияқты.

### Тәрбиеші апайым

Тәтті сөзбен баурайды,
Көңілімізді аулайды,
Тәрбиеші апайым
Анашымнан аумайды.

Қызық ойын ойнаймыз,
Жақсы іске бойлаймыз.
Тәрбиеші апаймен
Мерекені тойлаймыз.

Тәрбиеші апайды
Әрқашанда мақтаймын.
Әр бір ісін үйреткен
Мен жадымда сақтаймын.

## Жубаниязова Нургуль Сагындыковна

### Тәуелсіздік ұланымыз

Азат елдің ұланымын,
Қазақ елдің қыранымын.
Кең жайлаудың жағасында,
Ағып жатқан бұлағымын.
Қазағымның намысымын,
Қазағымның арысымын.
Елін, жерін мақтан тұтар,
Мәңгілік ел барысымын.

Ертеңімін даланың
Тәртіпті мен баламын.
Ұрпағымын ұлықты,
Адал, асыл ананың.
Тәуелсіз елдің ұлымын,
Түзу салған құрығын.
Көк туымдай биікке,
Желбіреген тұлымым.

## Исаева Гүлдана

### Бақшасында атамның

Бақшасында атамның,
Піскен алма ағаш тұр.
Ойнап жүріп балалар,
Жүгірместен босқа құр.

Болса да алма қатты,
Дәмі балдай тәтті.
Ойынымыз осылай,
Өтті бүгін сәтті.

Таңдап алма тердік,
Кішілерге бердік.
Қарап тұрмай өзіміз,
Әдемісін жедік.

### Батыр менің күшігім

Қонып еді дәу қарға,
Табағына күшіктің.
Күшік қашып тығылды,
Бұрышына үйшіктің.
Шұқып ішіп тамағын,
Кетті ұшып қарға да.

Күш көрсетіп үріп жүр,
Жүгіріп шығып далаға.
Өзі сондай сүйкімді,
Батыр менің күшігім.
Бола қалса бір жағдай,
Тез табатын үйшігін.

### Қуантпақшы әжесін

Кіп - кішкентай Құралай,
Үйде тыныш жүре алмай.
Қуыршағын тауып ап,
Ақыл айтты бір талай.
Әрі - бері билетіп,
Білгендерін үйретіп.

Жетелеп жүр өзінше,
Қуыршағын сүйретіп.
Дайындалып осылай,
Мерекеде әжесін.
Қуантпақшы биімен,
Ішіп наурыз көжесін.

## Касымбекова Гулзат Турлыбековна

### Санамақ

Алақанды жаямын,
Санамақты бастаймын.
Саусақтарды бүгумен,
Санды санап тастаймын.
Басбармағым «бір» дейін,
Балан үйрек тұр кейін.
Сұқ саусақты бүгеміз,
«Екі» саны бұл деймін.

Ортан терек қосайын,
Алақанға басайын.
Келесі сан ортада,
«Үш» болды ол дап дайын.
Шылдыр шүмек сақадай,
«Төрт» деп сана оп-оңай.
Кішкентай бөбек шеттегі,
«Бес» саны ол ботадай.

### Жыл мезгілдері

Көктемде күн жылиды,
Жердегі тоң жібиді.
Бәйшешектер бүр жарып,
Жеміс ағаштар гүлдейді.

Жайма-шуақ жаз келді,
Айнала гүлге бөленді.
Жазғы демалыс басталып,
Гүл тереміз біз енді.

Астық толып қамбаға,
Жеміс пісіп бақшада.
Жапырақтар сарғайып,
Күз де келді далама.

Қыста қар жауады,
Жер бетін жабады.
Шелекте тұрған су,
Мұз болып қатады.

## Қалмашева Жадыра Пернебайқызы

### Менің елім-Қазақстан

Менің елім-Қазақстан,
Бейбітшілік мекені.
Еш жерден де таппайсың,
Дәл осындай өлкені.

Желбіреді көк туым,
Шырқалды Әнұраным.

Елдігіміз-Елтаңбам,
Қалықтайды қыраным.

Азат елмін,еркінмін,
Тәуелсіздік-айбарым.
Ашық болып аспаным,
Желбіресін байрағым.

### Менің анам секілді

Тәрбиеші апайдың,
Мейірімді көздері.
Менің анам секілді,
Еркелеткен сөздері.

Келгенімде бақшаға,
Қарсы алды ол күлімдеп.
Менің анам секілді,
Еркелетті «күнім» деп.

Бойымызға сіңірді,
Тәрбие мен білімді.
Сізге айтамын мың алғыс!
Қабыл алшы жырымды.

### Аққала

Қар жауғанда қуанып,
Жасадық біз аққала.
Басындағы шелегі
Өзіне шақ қана.
Аққала-ау,аққала,
Еріп кетпе су болып.
Балаларды қуантып,
Қатып тұршы мұз болып.

## Мырзабергентегі Берекет Нағашыбайұлы

### Біз мектепке барамыз

Біз мектепке барамыз,
Ашылар ой-санамыз.
Мектеп менің қазынам,
Білім нәрін аламыз.

Біз мектепке барамыз,
Ұстаз біздің Анамыз.
Ана-тілін аялар,
Біз балдырған баламыз.

### Балапаным биік ұш

Балапаным биік ұш,
Қанатың еш талмасын.
Сен боласың қыран құс,
Ұрпақ ізді жалғасын.

Балапаным балдырған,
Елге әнді салдырған.
Күн нұрындай көркемсің,
Жаратылған таң нұрдан.

### Мен  Қазақпын!

Мен-Қазақпын, азатпын,
Тәуелсіздік мерейім.
Мен-Қазақпын, ғажаппын.
Арта түссін мерейің.

Ана тілі- арымыз,
Ана тілі-барымыз.
Ана тілі-байлығым,
Ана тілі-жанымыз.

### Гүл жайнашы-Отаным

Егеменді еліміз,
Кең байтақ бұл жеріміз.
Құшақ ашқан халықпыз,
Бақыттымыз сеніңіз.

Тарихым бар ертеден,
Қазақ-неткен көркем ең.
Гүл жайнашы-Отаным.
Сеніменен көркейем.

**Мергенбаева Акбатес Жумабаевна**

## Ұйқыашар жаттығуы

Ұйқымызды ашайық,
Тұра ғой сен балақай.
Жаттығуды бастайық,
Сергітіп бір денені.
Оңға-солға мойынды,
Бұрайықшы біз былай.

Одан кейін қолдарды,
Шапалақта алақай.
Аяқтар да қалмасын,
Велосипедше зырласын.
Қандай жақсы жаттығу,
Біз өсеміз осылай.

## Жаттығуға тұрайық

Ал, балақай, тұр енді,
Түзу ұста денеңді.
Көтеріп басты қарашы,
Оңға-солға,жоғары.
Қолда қарап қалмасын,
Шаштаразша қайшылап.
Шашты қиып тастасын,

Иілейік оңға бір,
Иілейік солға-бір,
Кезек келді аяққа,
Аяқтарда тұрмайды,
Жүгіреді,зырлайды,
Енді кезек демалу,
Ақырындап тыныс ал.

## Кітапты мен сүйемін

Кітаптар бар біздерде,
Суреттері ғажайып.
Ертегілер еліне,
Шақырады біздерді.
Бәрін білгім келеді,
Қайдан? Неге? Не үшін?

Мен әуесқой баламын,
Бәрін біліп аламын.
Өскен кезде өйткені,
Үлкен ғалым боламын.

**Мұхамбеталықызы Бағира**

## Ана

Бақыт сыйлап баршаға,
Әлпештеген данамыз.
Әрқашанда өзіңнің,
Алдыңда біз баламыз.

Құшақ толы мейірім,
Пейілге алтын қанамыз.
Анаң барда ақылды,
Бәріміз де данамыз.

Жақсылыққа жетелеп,
Тілейтін шын панамыз.
Ақылдарын үйреткен,
Шын ниетпен қараңыз.

Түнде бесік тербетіп,
Әлпештеген Анамыз.
Адамзаттың асылы,
Біздің асыл Анамыз.

Бір қолымен әлемді
Тербететін дарамыз.
Даналардың данасы ,
Біздің нағыз Анамыз.

**Ана тілім**

Ең алғашқы сөзімді,
Ана тілде танығам.
Ол анамның сүтімен,
Енген бойға қазынам.

Менің ана тілімде,
Құдірет бар даритын.
Еркелеткен анамның,
Әр сөзінен танимын.

Ғажайып бұл тілімді,
Қастерлеудi үйренем.
Еркелетсе жан анам,
Ғажайып әсем күйге
енем.

## Молдағұлова Бибіайым Тәңірқұлқызы

**Балабақшам – бақ мекен**

Шаттық, қызық сыйлайтын,
Балабақшам –бақ мекен.
Өссем де еш қимайтын,
Саған жетер жоқ мекен.

Арайлы таңмен әр атқан,
Асығам саған, жетемін.
Жылуымен нұр шашқан,
Мейірімге толы мекенім.

Әнді де биді үйреткен,
Мереке қызық көп неткен!
Бағалаймын күндерді,
Бақшамызда әр өткен.

Тәрбие,білім бастауы
- Бұл мекеннен басталды.
Қалайша қиып кетемін
- Бақ мекенді,достарды?!

## Нұрбек Нұржан Нұржанұлы

**Ғаламшар**

Мынау аспан, анау күн,
Кеңдігін-ай даланың!
Айналама сүйсініп,
Көзім тоймай қарадым.

Бұлттар көшер бауырлап,
Жұлдыз жанар жымыңдап,
Ғаламшардың қимылын,
Бақылаймын тұра қап.

Қызығамын бәріне,
Табиғаттың сәніне.
Бұл ғаламды ғажайып
Тани түсем әлі мен.

Әне, бақбақ, міне, гүл,
Күн жымиса күлетін.
Қарай-қарай жан-жаққа,
Өзімді де білемін.

Ұйқасатын өлеңдей,
Сүйем осы әлемді.
Құшағыңды, аш, ғаламшар,
Танысайық, кел, енді!

**Кітап**

Парақтарын ақтарып,
Әкем отыр сұқтанып.
Қарап қалсам, мәссаған,
Суреттер тұр топтанып!

Анам және кітапты,
Оқып жүр ғой тұрақты.
«Жауабы бар», - дейді ол, -
«Іздеп жүрген сұрақтың.»

Ал, әкешім еңселі,
Ойландырды ол мені:
«Кітап деген – әлемнің
Кішкентай бір бөлшегі...»

Кітап оқып үйренем,
Түрлі-түрлі күйге енем.
Әкем-анам жолымен,
Біліміме сүйенем.

Ұшталатын қаламы,
Сосын ғалым боламын.
Ата-анамды қуантып,
Елге қызмет қыламын.

**Омарова Толқын Асқарқызы**

**Абай атам данамыз**

Абай атам данамыз,
Бізге қалған мұрамыз.
Өлеңдерін жаттап ап,
Даналығын ұғамыз.
Данышпаны елімнің,
Өр тұлғасы жерімнің.
Даралығы бір бөлек,
Мақтанышы жерімнің.

**Рақышова Алмагул Ботановна**

**Табиғатым**

Күз келді алақай!
Ойнайық балақай.
Күз соңынан қыс келді,
Қар ойнаймыз алақай!

Табиғатым тамаша,
Ән айтамыз жаңаша.
Шыдамдықпен күтейік,
Жаз келеді жараса.

Көктем келер жасарып,
Жылғалардан су ағып.
Бүршік атып ағаштар,
Жайқалады қуантып.

Табиғатты сыйлайық,
Бұтақтарын жұлмайық.
Жер-Анаға бас иіп,
Табиғатты қорғайық.

## Расулова Айнур

### Мақтан етем мен! (Тәуелсіздіккке арнау)

Туын көкке көтерген,
Теңдей болған шет елмен.
Тәуелсіз туған елімді,
Әркез мақтан етем мен!

Тәуелсіздік ұраны
Самғаған биік қыраны
Мен болашақ ертеңі,
Қазақтың жас ұланы!

### Анам

Жаным менің анам,
Қайталанбас дарам.
Дәл өзіңе ана,
Жетпес сан мың ғалам.

Менің анам, анам,
Өзіңнен қуат алам.
Әлпештеген мені,
Анам менің панам.

Айым, күнім анам,
Нұрлы менің санам.
Үмітіңді ақтауға,
Бар күшімді салам!

### Наурыз айы

Наурыз айы келіпті,
Қар, мұзы да еріпті.
Көптен күткен халқына,
Мол ырысын беріпті.

## Сагидуллина Айдана Муратовна

### Қыс

Аппақ, аппақ ақшақар,
Жапалақтап жауады.
Қуанышты адамдар,
Көңілденіп қалады.

Қыстың сәні мамық қар,
Жердің бетін жабады.
Үйде отырмай балалар,
Ойнауға олар шығады.

Жапалақтап жауған қар,
Ақ мамыққа ұқсайды.
Жаңа үмітпен адамдар,
Жаңа жылды бастайды.

## Сагымбекова Жанагуль Мухтаровна

### Қыс

Менің барлық тілегім,
Елім аман болсын дер едім.
Аппақ қардай ақ мамық,
Менің  бала  жүрегім.
Қарашы, әне, қалаға,
Қарға бүккен айнала.

Үйде отырмай достарым.
Жүр шығайық далаға.
Қардың үсті таптала
Келе жатыр көп бала,
Қар үстінде күресіп,
Жасайды олар аққала!

## Сабитова Гулмира Газизовна

### Балапаным, биік ұш!

Балапаным биік ұш,
Жүрекке жыр түйіп ұш.
Жеріңе бол қорғаныш,
Еліңе бол сүйеніш.
Тас бұлақтай таза бол,
Жамандықтан ада бол.
Өсіп балабақшада,
Ең ақылды бала бол.

### Балабақша ұямыз

Таңғы ауаны жұтамын,
Құстай болып ұшамын.
Тәрбиеші апайлар
Жаяды кең құшағын.
Жаңа туған айдаймыз,
Гүлдей болып жайнаймыз.

Өлең жаттап, ән айтып,
Балалармен ойнаймыз.
Балабақша ұямыз,
Бәріміз де сиямыз.
Тәрбие мен білімнің,
Бәрін бойға жиямыз.

## Сарсенбай Ернұр Ержанұлы

### Сылдырмақ

Бесікте тұр сылдырмақ,
Сылдыр-сылдыр сыңғырлап.
Кішкентай бөпешім,
Ойнай кетті былдырлап.

Қызығып, қолына алады,
Сылдырмақ әнге салады.
Тоқтап қалса бөпешім,
Сылдырмақ үнсіз қалады.

Сылдырмағым сылдырла,
Былдырла, бөпем былдырла.

## Біз бақытты баламыз

Біз бақытты баламыз,
Бәрінің көңілін табамыз.
Жасы үлкендер мақтаса,
Шаттанып бір қаламыз.

Ойнауға да ойлауға
Жеткіземіз уақытты.
Күндерді қыста,жазда да
Өткіземіз бақытты.

Оқуменен өнерде
Оттай лаулап жанамыз.
Қызыққа толы өмірде
Біз бақытты баламыз.

## Соқабаева Нарқыз

## Үлкен жігіт боламын

Таудан биік боламын,
Ақылым көп баламын.
Жақсы оқып сабақты,
Үлкен жігіт боламын.

## Мен бақытты баламын

Бақытты мен баламын,
Көңілді әнге саламын.
Ата-анамды аялап,
Өскен соң мен бағамын.

## Құлыншақ

Құлыншағым желкілдеп,
Шапқылайсың далада.
Шөп берейін қолымнан,
Келші менің қасыма.

## Сәрсенова Мереке Әзбергенқызы

## Ана тілім

Ана тілім айбыным.
Жарқыраған ай күнім.
Абыройың асқақтап,
Сарқылмасын айдының.

Бабалардың мұрасы,
Даналардың жалғасы.
Ортаймасын мәрт тілдің,
Теңіздейін арнасы.

## Санамақ

Санамақтың сан түрін,
Кәне, біздер санайық!
Онға дейін санды біз,
Қолымызға алайық!
Бір,екі, үш
Таңдайықшы түс.

Төрт,бес, алты
Тату доспыз жалпы.
Жеті, сегіз, тоғыз

Мынау - қоңыр қоңыз,
Мына саным-он,
Қыста кием тон.

**Тагаева Куралай**

**Балапаным, биік ұш!**

Сұңқарлардай сый алған,
Көрейінші қияннан.
Балапаным, баптанып,
Ұшшы, кәне,ұяңнан.

Көрінуге санаттан,
Осы бастан талаптан,
Көзіңді сап қияға,
Балапаным, қанаттан.

Талпынудан жалықпа,
Алды-артыңды анықта.
Балапаным,бақ құсым,
Сен биікке қалықта.

Ата – мекен жер үшін,
Сені өсірген ел үшін,
Шырқап шықсаң шыңдарға,
Мен қуанам сен үшін.

Бәрі саған қиын іс,
Болса дағы, жиып күш.
Болашағың үшін де,
Балапаным, биік ұш!!!

**Тәуелсіздікті ту етіп!!!**

Дүрлігіп дүние жатқанда,
Тәуелсіздік таңы атқанда,
Азаттық деп әлемге,
Дүние дабыл каққанда.

Көк туым тұрды желбіреп,
Қараймын жаным елжіреп.
Жар салғандай жаһанға,
«Бақытты күнің келді!» деп.

Тәуелсіздігі берік орнаған,
Елімді танып бар ғалам.
Әнұраным тұрды шырқалып,
Әлемнің көгін шарлаған.

Өтті ғой жылдар бұрқынған,
Ақ арман күттік әр таңнан.
Елдіктің рухын көтеріп,
Еңселі тұрды Елтаңбам!

Ұлттығым үстем орнаған,
Ертеңге бағыт арнаған.
Қазақтың тілі- Ел тілі,
Сайраған талай арнадан!

Кең байтақ жерім, егем кеп,
Дұшпанның көзін көгендеп.
Мемлекеттікті мәңгі еттік,
Шекара шебін шегендеп!

Ұлы істі бастап Елбасым,
Халқын да қолға алғасын,
Есілдің бойын ел қылып,
Қазақтың тікті Ордасын!

Кеңестік жүйе қираған,
Кез болды елді қинаған.
Егемен алдық еге боп,
Байлығын өзі жинаған!

Батырларға пара-пар,
Дейсің бе әлде қара нар,
Нарықтың жүгін арқалап,
Алдымен шықты Аналар!

Нарықтың ашып есігін,
Кәсіптің тауып тетігін,
Жастарым жүрді танытып,
Ерлердің жаңа есімін.

Түзеген халқым тірлігін,
Сақтаған елім бірлігін,
Қазақстаным Менің киелі,
Іздесең жердің кіндігін!
Тәуелсіздікті Ту етіп
Толғайтын туды күн бүгін!!!

## Урымбасарова Айнур Кайыржановна

### Балалық шақ

Ерте тұрып,ойнауға асығамыз,
Сырғанауға дайын тұрар көк шанамыз.
Тоңбаймыз да,таңнаң кешке қызықтаумен,
Сөйтіп жүріп, кеш батқанын байқамаймыз.
Есте қалар,балалық шақ қайталанбас!
Қызық сәттер,бұл кезді кім сағынбас.
Есейіп кеткенменен ойың өсіп,
Балалық шақ көңіліңнен жырақталмас.

### Алтын Күз

Сарғайып жерге түсті жапырақтар,
Жапырақсыз жалаң қалды,қу ағаштар.
Мезгілімен жеткен соң бұл мезгілде.
Судың бетін қабыршақ мұз да жабар.

Осы бір кез, алтын түске айналады,
Тоң  басар, қырат пенен сай-саланы.
Бұл мезгіл де біткең соң уақытымен
Жапалақтап артынша қар жауады.

### Тәуелсіздік

Тәуелсіздік толды міне, 30 жасқа,
Қан мен термен жеттің Ұлы Қазағыма!
Бабалардың ойлағаны осы еді,
Не қуаныш, не арман бар,бұдан басқа!?
Тәуелсіздік мәңгілікке жасай берші,
Жырақталмай елімнен,мәңгі тұршы.
Бабалардың орындалды армандары,
Тәуелсіздік,олар үшін көрген түсі.

**Шамаханова Гулим Сейтказыкызы**

**Балапаным биік ұш!**

Алтын күзім керемет,
Жаңбыр жауды жиілеп.
Жапырақтар ағаштан,
Түсіп жатыр себелеп.
Мектебім менің алаңым,
Ерте тұрып барамын.
Достарым менің көңілді,
Мен өнерпаз баламын.
Бұзық бала болмаймыз,
Қызықты ойын ойнаймыз.
Ән-би,тақпақ айтатын,
Мерекені тойлаймыз.
Сурет салып үйрендім,
Қуанышты күйге ендім.
Түрлі пішін жасаймын,
Мозайкалық түймемен.
Білім ал, ұлан, ерінбе!
Қазақстан елінде.
Тәуелсіздік жерінде,
Биікке ұш балдырған!

**Хабибуллина Назым**

**Гүлденген Қазақстан**

Көмкеріп жерімді гүлменен,
Арайлап атады ақ таңы.
Бар мұнда тыныштық, береке,
Бар мұнда елімнің мұраты.
Көп ұлттар мекендеп еліме,
Тамсанған, көркіне тоймаған.
Бақытты баламын шырайлы,
Асыр сап алаңсыз ойнаған.
Желбіреп көк туы мұндалап,
Айғақтап тұрғандай бақытты.
Бақыт қой елдігі елімнің,
Атса егер азаттық ақ таңы...

**Тәуелсіздік**

Он алтыншы желтоқсан,
Елім болып тойлаған.
Азаттықтың ақ таңы,
Бөбекжайдан басталған,
Елін сүйер ұланбыз!
Арайлап атқан ақ таңмен,
Ерлік істер ол есте.
Мақтан тұтар қаһарман,
Аға-апа абзал жан,
Мен олармен мақтанам.
Тәуелсіз ел-Отаным,
Көрікті елдің ұланы.
Батырлардың бар үлесі,
Тәуелсіздік ызғарын,
Отандастар ұғады.
Мерекені  тойлайды,
Барша қазақ баласы.
Тәуелсіздік жолында,
Қанша жанның көз жасын,
Еске салып тұрады.
Ол мереке-елеусіз,
Өшпек емес ешқашан.
Ерлік істі ұлықтап,
Өсер бала рух алып,
Батыл қадам жасайтын.

**Жақсы деген немене, жаман деген немене?!**

«Жақсы деген немене,
Жаман деген немене?!»,
-Деп сұрадым анамнан.
Анам болса жай ғана,
Жауап берді ойлана.
«Жақсы деген- жақсылық,
Жаман деген -жамандық.
Адалдықты сүйгенің,
Тыныш өмір сүргенің.
Жемқорлыққа алдансаң,
Шырмауықтай шырмалып,
Тозақта өмір сүргенің.
Біліп, білмей істеген,
Жамандықтан ада бол.
Жақсылыққа ұмтылып,
Жөні түзу адам бол!
Адамдықтан айнымай,
Адал, таза өмір сүр.
Жамандыққа жуымай,
Ғұмыр кешсең,
Өмір гүл!
Жамандықтан жиреніп,
Жақсылыққа үйреніп.
Ақылыңды толықтар,
Жаман іспен күресіп»,
-Деген анам жымиып,
Мейірлене қарады.
Анамның берген кеңесі,
Өмірлік азық болады.
Адал болу, адам болу
Мұраты екен адамның.
Ата-анамның ақылын,
Санама тоқып аламын.

**Хамитова Мадина**

**«Туған жерім»**

Аунап өскем Қаратөбем құмында,
Қаратөбе қасиетті ұғым ба?
Бала кезден көріп өскен бұл мекен,
Қалай кетер менің бір сәт ойымнан?!

Құт дарыған киелі менің мекенім,
Бір өзіңе жыр жазып мен өтемін.
Бір өзіңде өтер қыс, жаз, көктемім,
Борышыңды қалай сенің өтермін?

Қаншама батыр аға, ақын шықты,
Әр салада Қаратөбем менің мықты.
Әншілерім, биші менен күйшімде,
Өнерімен тамсандырар бар жұртты.

Тілсіз тұрған қаншама бір мүсін бар,
Үнсіз тұрған мүсіндерде бір сыр бар,
Мүсін деген жан-жануар, құс емес,
Құрманғазы, Мұхит сындыбабалар.

Туған жердің торғайы да сүйкімді,
Туған жерде тыя алмаймын күлкімді,
Бойыңа бір алау сезім ұялар,
Туған жерім, атамекен сиқырлы.

Ел мен жерді жырда қалай даттайсың?
Тарихына көз жүгіртіп мақтайсың,
Жырақ кетсең алтын арай мекеннен,…
Сағынасың, таза ауасын аңсайсың.

Аққұм менен Тышқантайым бір байлық,
Ауданыма көктен келген бұл сыйлық.
Қаратөбе тұнып тұрған керемет,
Кереметті барша халқым қорғайық.

Жырға қалай сыйдырамын қазынамды,
Айтар сөзім бұл мен әлі таусылмады.
Сөзбен айтсам жағым талып қалар-ау,
Жырға қосып ойда ұйқас қалмады.

## Қаныш ата

Шыға білді бигіне асқардың
Құштар болды білімге де жастан тым
Өзіңменен бастау алды ертеңге
Өндірісі мынау Қазақстанның.
Сар далада байлық барын сездіңіз,
Қарсақпайды,Жездіні ашқан өзіңіз.
Танытам деп барша әлемге қазақты,
Сарыарқаны әрлі-берлі кездіңіз.
Еңсе тіктеп болды егемен ел енді,
Кен көздері газ бен мұнай көбейді.
Ұрпақтарын ұмытпайды сөзіңді,
«Менің халқым менен биік дегенді»
Көңіл мәрт, жаны жайсаң халықпыз
Жерұйықты енді ғана тауыппыз
Біздер – Қаныш ата өзіңіз,
Аласармас мәңгілікке алыпсыз.

## Тәуелсіздік

Тәуелсіздік, бейбітшілік орнады,
Батырлар да  өз ел-жұртын қорғады.
Тәуелсіздік күнімсің сен аңсаған,
Онсыз өмір ешқашан да болмады.
Тәуелсіздік арман болдың өмірде,
Нұрыңменен шуақ шаштың көңілге.
Қуанамын әрқашанда балаң боп,
Болғанына тәуелсіздік елімде.
Шабытпенен бақ қондырдың сөзіме,
30 жыл толды міне, өзіңе!
Тәуелсіздік мақтанышым боласың,
Жырларымды мен арнадым еліме.
Тәуелсіздік мен сенімен мақтанам,
Өлеңменен үмітіңді ақтағам.
Біреу-міреу ұлтың кім деп сұраса,
Мен тәуелсіз қазақпын деп айта алам.
Тәуелсіздік елім менің тірегім,
Сен деп мәңгі соғады ғой жүрегім.
Барлығы да Нұрағаның арқасы,
Елбасыма мен басымды иемін!

*8-қосымша*

# БАЛАЛАРҒА АРНАЛҒАН ӨЛЕҢДЕР МЕН ШЫҒАРМАЛАР ЖИНАҒЫ

**Біздің балабақшада**

Балабақша есігін
Үшке тола ашқанбыз.
Балапандай өсіріп,
Мәпелейді бақшамыз.
Бұл – екінші үйіміз,
Бір туғанбыз бәріміз.
Біз – осы үйдің гүліміз,
Біз – осы үйдің сәніміз.

*М Әлімбаев*

**Балабақша – үйіміз**

Балабақша ─ үйіміз,
Ағалардан сыйымыз.
Серуендеп шығамыз,
Таза ауаға жиі біз.
Ауласында ойнаймыз,
Ойнап қана қоймаймыз.
Жаңа қоныс – жаңа үйді
Әнге бөлеп тоймаймыз.

*Ғ.Өтеев*

**Балабақша**

Тамаша ғой бақшамыз,
Саяхатқа шығамыз.
Алға басып келеміз,
Бәрін, бәрін білеміз.

*Е.Өтетілеуұлы*

**Балабақша**

Ойыншықты жинаймыз,
Бөбектерге сыйлаймыз.
Үлкен болып өссек те,
Бақшамызды қимаймыз.

*А.Меңжанова*

**Балабақша**

Балабақша базарлы үй,
Ауылдағы ажарлы үй.
Шаттығы бар шуақты,
Өз үйіміз сияқты.

*Ә.Қонарбаев*

**Мен бақшаға барамын**

Мен бақшаға барамын,
Ойнаймын, ән саламын.
Тәрбиеші апайлар,
Досы барлық баланың.

Араздықты білмейміз,
Тамақты да бір жейміз.
Жаман бала секілді,
Жұлқысып біз жүрмейміз.

*Ф.Оңғарсынова*

**«Балабақша»**

Мамаңа еріп келдің сен,
Папаңа еріп келдің сен.
Қаладағы ең жақсы үй,
Балабақша мен білсем.

Себебі ме, себебі,
Себебі ме, себебі.
Барлық мама келеді,
Барлық папа келеді.

*Е. Ашықбаев*

**«Менің бақшам»**

Бәрі де бар бақшада
Ойын бөлме,
Асхана, Орындық та,Тақта да.
Заттар да көп бақшада
Жүрем кейде қапа боп
Мазалайды көп сұрақ
Кілең татей
Ата жоқ
Әжелер де жоқ бірақ.
*Ө. Ақылбеков*

**Балабақша**

Балдырғанды мәпелер,
Бақшада бар тәтелер,
Қолымыздан жетектеп
Бізді сонда әкелер.
Өз үйіміз анамыз,
Күнде – күнде барамыз.
Достарменен табысып,
Қуанысып қаламыз.
*С.Мұғамедиев*

**Балабақта**

Бағында бұл балалар Іні,
Әпке, Аға бар.
Ойыншықтар мол онда:
Машина,
Арпа,
Шана бар.
Жазатұғын тақта бар,
Кісінейтін ат та бар,
Үйретеді тақпақ та,
Жаңылыспай, жаттап ал.
Айтып ертек, әңгіме,
Үйретеді әнді де
Беріп кәмпит,
Тамақ та,
Оқытады сабақта.
*С.Оспанов*

**Қайырлы таң, балалар!**

Арайланып таң атты,
Алтын шапақ таратты,
Қайырлы таң, балалар!

Жер бетінде тыныштық
Болған әрбір күн ыстық!
Қайырлы таң, балалар!

Жарқырады қаламыз,
Жайнай түсті даламыз,
Қайырлы таң, балалар!

Аман Отан – панамыз,
Аман ата-анамыз,
Қайырлы таң, балалар!
*Ә.Табылды*

**Біздің балабақшада**

Есік ашық, бақсаңыз,
Әсем балабақшамыз.
Аспанында күн кешкен,
Ауласында гүл де өскен.
Ағаштары саялы,
Жапырағын жаяды.
Айналаның сәнімен,

**Тәрбиеші апай**

Көңілді көкке өсіріп,
Қалмады ешкім тосылып.
Бір әуенді шырқадық,
Бүкіл бала қосылып.
Сүйіп, сүйсіне қараңыз,
Сәбилерге бәрі аңыз.
Қағаз, қалам ұсынса,

Танысамыз бәрімен.
Тақпақ жаттап сан қилы,
Үйренеміз ән-күйді.
Батыр болсаң,дайындал.
Ойналады ойындар.
Тәрбиеші апайға:
«Рақмет!»-деп айтамыз.
Кешке қарай қалай да
Көңілденіп қайтамыз.

*Б. Жақып*

Қиялдап сурет саламыз.
Өнегелі із көрдік,
Өзімізше іздендік.
Тәрбиеші апайдың
Тәртібіне біз
көндік.

*Н. Мұқатов*

**Ойыншықтар**

Біздерде бар қуыршақ,
Бұзау, қозы, құлыншақ.
Ойыншықтар тыңдайды,
Ақыл айтсақ, бұйырсақ.

*М.Әлімбаев*

**Ат**

Ойыншығы- тұлпары
Қанатты аты-
сұңқарынБолат күтіп-
баптайды,
Бір құшпай оны , жатпайды.

*Е.Өтетілеуұлы*

**Қуыршақ**

Жуын,жуын,жуынсақ
Қандай жақсы қуыршақ!
Әйтпегенде, бөпешім
Кірлеп кеткен екенсің
Қазір аппақ боласың
Қуанады анашың

*М.Жаманбалинов*

**Доп**

Добым менің домалақ, Тоқтамайсың
домалап.
Үстел үстін бүлдірдің,
Ыдыстарды сындырдың.
Тентек болып кеттің деп,
Тұрмыз сені тепкілеп.

*Ұ.Есдәулетов*

**Қуыршақ**

Жібек көйлек киінген,
Қуыршағым құлпырып.
Келбетіне сүйсінем,
Қолыма алып ынтығып.
Күні бойы қасымда,
Қызығына тоймаймын.
Бантик тағып шашына
Еркелетіп ойнаймын.

*Ә.Қасымбеков*

**Сылдырмақ**

Сылдырмақ сылдырап,
Бесікте тұрады.
Бөпешім былдырап,
Сылдырмақ ұрады.
Бас салып, қолға алып,
Ауызға салады.
Сол кезде сылдырмақ
Сөйлемей қалады.

*Ж.Смақов*

**Ойыншықтар**

«Сәндеп» берген сәлемін,
Ойыншықпен ойнаудан
Жалықпайды Жәнелім.
Қырдың көркі киікті,

Аққу, қазын сүйікті
Маңайына жиыпты.
Түзде жортқан тағылар,
Аю, қасқыр, арыстан,
Түлкі, қоян бәрі бар.
Арғымағы арқырап,
Қоссаң егер бәйгеге,
Шапқан жерін шаң қылад.
Бастауы ол бәрінің,
Ойыншықтар баланың
Кеңейтеді танымын.

*Ж. Әбдіреев*

**«Қуыршақ»**

Жетелесем – жүрмейді,
Қуыршағым жалқау,
Ешбір тілді білмейді,
Аузын ашқан аңқау.

Жуынбайды жуынсақ,
Бұл не деген қуыршақ?
Тығылмайды
тығылсақ,Бұл не деген
қуыршақ? Бір,
Екі,
Үш,
Төрт
,Бес,
Қуыршақтың тұсауын
кес!Қуыршағым қаз – қаз
Қыдырайық аз-мәз.

*Ұ.Есдәулет*

**Әр бояудың мәні бар**

Жоқ санамда ой бөтен,
Бояуларды сөйлетем.
Қалай сурет салуды
Бауырыма үйретем.
Әр бояудың мәні бар,
Жарасымды сәні бар.
Кемпірқосақ келбетін,
Бояулардан танып ал.

*А. Шаяхмет*

**Сурет салу оңай ма?**

Сурет салу оңай ма?
Жұртқа өнерің ұнай
ма?Мұның бәрі түк
емес
Талаптыға алайда.

*А. Шаяхмет*

**Бояулар**

Алуан түсті ажырата білемін,
Сан бояумен сурет салып жүремін.
Жасыл түспен боялыпты атырап,
Жасыл шалғын, жасыл барлық жапырақ.
Аппақ қарды балаймын ақ мақтаға,
Екі көзім қарақаттай қап-қара.
Жердің жүзі жадыраса көктем кеп,
Аспан мен жер болады екен көкпеңбек.
Қызыл гүлдер қалада да өсе ме,
Қызыл көйлек киіп шықтым көшеге.

*А. Шаяхмет*

**Ата ақылы**

Кім үлкенді тыңдаса
Кім үлкенді сыйласа
Үлкен болған кезінде
Сыйлы болмақ өзіде

**Әкетай**

Әкем менің сыпайы
Әкем менің құрметті
Жақсылыққа жетелеп
Бәрін,бәрін үйретті

**Анашым**

Мен анамды сүйемін,
Сөзін ойға түйемін
Анашымды ардақтап
Басымды оған иемін

**Отбасы**

Отбасы –жылы ұямыз
Тірегі  ата-анамыз
Уыз сүт еміп осында
Уылжып біздер өсеміз

**Мен**

Атам не айтса көнетін
Апам көңіл бөлетін
Мен осы үйдің кенжесі
Бәрі жақсы көретін

*С Мауленов*

**Ең жақсы сөз**

Ең жақсы сөз – Ана,
Ең жақсы сөз – Бала.
Өсіп жатса  бала,
Ана оған пана.
Аман болсын Ана,
Аман болсын Бала.

*Н.Жанаев*

**Әжем**

Әжем өрнек тереді
Сырмақ сырып оюлап.
Басы ауыра береді
Шай ішпесе қоюлап.

*Т.Бейсенбеков*

**Әжеме**

Мен әжемді сүйемін
Киімді өзім киемін
Ақылына көнемін
Өлең айтып беремін

*Б.Тікебаева*

**Ана**

Келбетіңде ұлылық
Даладан кең пейілі
Ана деген- жылылық
Ана деген- мейірім.

*Т.Бейсенбеков*

**Менің әжем**

Менің әжем, ақ әжем,
Ұл мен қыздың бағы әжем.
Ертегі айтып бер десең,
Айтып берер тағы әжем.

*Қ.Мырза Әлі*

**Менің атам**

Аппақ күміс сақалды,
Жақсы көрем атамды.
Шахматтан ол бүгін
Менен тағы «мат» алды.

*Ұ.Есдәулетов*

**Ана  әлдиі**

Төбедей боп құзар шың,
Айға да ертең ұшарсың.
Күндей ыстық көңілмен,
Мені келіп құшарсың.
Әлди, әлди, әлди-ай.

*К. Ыбрайұлы*

**Құттықтау**

Қуанышы баланың –
Қуанышы ананың.
Қуанышы ананың –
Қуанышы баланың.

Бізді өсірген анатай,
Еңбегің де зор екен.
Құтты болсын, анатай,
Құтты болсын мерекең!

*Қ.Мырза Әлі*

**Нешеуміз?**

Бір үйде біз нешеуміз?
Кел, санайық екеуміз.
Бас бармағым –әкем
Балалы үйрек-анам.
Ортан терек –ағам
Шылдыр шүмек –мен,
Кішкене бөбек –сен
Бір үйде біз нешеуміз?
Бір үйде біз бесеуміз.

*І.Шұғаев*

**Анашым**

Айналайын анашым-
Әлемдегі жан асыл.
Болса маған не керек,
Бәрін іздеп табасың.
Айналайын анашым –
Асқар таудай панасың.
Күн көзіндей күлімдеп,
Құшағыңа аласың.

*А. Асылбеков*

**Туысқан**

Аға деген,Іні деген,
Барлығы бір туысқан.
Аға деген –Іні деген –
Жаралғандай құрыштан
Аға, іні – туысқан.

*О.Әубәкіров*

**Апам неге жылады?**

Көзім түсті апамның,
Көзіндегі жасына.
Белгісі ме қапаның?
– Деп келдім мен қасына.

Сұрамақпын,білмекпін,
Жанына не батқанын.
Байқамаппын,көрмеппін,
Пияз турап жатқанын.

*Қ.Мырза Әлі*

**Ақ әжем**

Әжем менің ақ әжем,
Ақыл беріп үйреткен.
Аппақ әжем,пәк әжем,
Мейіріммен үйреткен

Әжем менің асыл жан,
Жақсылыққа үйретіп.
Жамандықтан шектейді,
Әжеме ешкім жетпейді.

*Д. Сарсенова*

**Менің әжем**

Ертегі айтып беретін,
Еркелеткен кім бізді?
Жамандардан жирентіп,
Ақыл берген кім бізге?

Тәрбиелеп өсірген,
Жақын адам кім біздің?
Дәмді тамақ пісіріп,
Тойдыратын кім бізді?

Таппадың ғой таппадың,
Шұлық тоқып беретін,
Әжеміз ғой ол біздің.

*М.Пернебай*

**Әже мен немере**

Жақсы көріп ол мені,
Әуеніме шөлдеді.
Әй-әй бөпем әнімен,
Бесігімді тербеді.

Мен әжемнің тұлпары
Мен әжемнің сұңқары.
Жаурап қалып жүрме – деп,
Көрпемді қымтады.

*Н. Мұқатов*

**Анашым**

Айналайын анашым,
Үлкейдім мен, қарашы.
Маңдайымнан иіскеп ап,
Шаштарымды тарашы.

Ұйықтап алшы анам-ау,
Шаршап келдің жұмыстан!

Қайтып адам болайын,
Тәрбиеңді ұмытсам.

Ақ сүт бердің тәп-тәтті,
Әлдиіңмен уаттың.
Кей-кездері тентек боп,
Мен өзіңді мұңайттым.

Апарсам да Меккеге,
Өтей алман қарызды.
Бір сен деп мен жасайын,
Амалдарды бар ізгі.

**Ана**

Ана – менің тірегім,
Кеудемдегі жүрегім.
Жан анамның айтқанын
Ылғи тыңдап жүремін.

**Жан ана**

Ана деген ардақты,
Үйге барын арнапты.
Ұл-қызы үшін аянбай,
Еңбек етер жан-жақты.

*Ә. Әлішова*

**Әжем**

Таусылмайды өлеңі,
Күнде айтып береді.
Барған сайын бір жаққа,
Кәмпит алып келеді.
Әжем мені, өйткені,
Өте жақсы көреді.

*С.Оспанов*

**Бөбегіме**

Құлдыр-құлдыр, бөбегім,
Қуанышқа бөледің.
Ал мін, бөпем, арқама,
Атың болып желемін.
«Шабандозбын» деп сен де,
Мен «шапқанда» сескенбе...
Бірақ әке мойнына
Мініп алма өскенде.
Еңбек еттік құлшынып.
Өрік, алма,
Алмұрт, алуа
Жеміс салды құлпырып.

*Ә. Табылды*

**Сыйлаңдар**

Үлкендерді сыйлаңдар,
Алдын кесе қимаңдар.
Өнегелі болыңдар,
Өнегеліде иман бар.

*Е. Әбікенұлы*

**Реттеуші**

Бақылап жол тәртібін,
Өткізетін әр күнін.
Реттеушіні көрдім мен.
Қиылыстан дәл бүгін.

*Қ.Шағыр*

**Көшеден өту**

Машинаның бәрі
Жаяуларда әрі:
Жасы, мейлі, кәрі –
Қызыл, жасыл,сары –
Үш көзі бар шамды –
Жанып,сөніп тұрар
Бағдаршамды аңдып,
Бұйырған тез ұғар.
Бүгін де, кеше де
Дәл біздің көшеде
Көрдік бір ағаның,
Жүрісті реттеп,
Тұрғанын күзетте.
Таяғын: «Жүр! Кідір!» -
Деп нұсқап, сермейді,
Машина бірде бір
Онынсыз жүрмейді.

*Е.Өтетілеуұлы*

**Жолдан өткенде**

Дастан деген баламын,
Мектепке енді барамын.
Жүруді де үйрендім,
Көшесінде қаланың.

Жол шетіне келгенде,
Тоқтай қалып мен демде,
Көз саламын арнайы
Белгісі бар жерлерге.

Қауіпті ғой көше тым,
Қумай жолдың төтесін,
Жолақтарды іздеймін
Жаяу адам өтетін.

Асықпаймын аптығып,
Алдым мұны жақсы ұғып.
Пианино тіліндей,
Қатар-қатар ақ сызық.

Ортасында тұра қап,
Оңға, солға бір қарап,
Жолдың арғы шетіне
Жетіп алам жылдам-ақ.

*Қ.Шағыр*

## КӨЛІККЕ МІНГЕНДЕ

Қаламызда қырандай
Самғар көлік табылар.
Троллейбус пен трамвай,
Автобустар тағы бар.

Автобусқа асығып,
Жолды кесіп өтпеймін.
Доп тепкендей асырып,
Бос қалбырды теппеймін.

Жол шетіне трамвай
Келе алмайды күтсең де.
Болу керек тым абай
Мінгенде не түскенде.

Өзім барар бағыттың
Нөмірін де білемін.
Ережеге қанықпын,
Артқы есіктен кіремін.

Жұрт аяғын баспаймын,
Бүлдірмеймін, шашпаймын.
Жолақысын «қоянша»,
Төлеместен қашпаймын.

Шаршап кейде жүрсем де,
Орын берем үлкенге.
Қатты шулап тұрмаймын,
Құрбылармен күлсем де.

Аялдама аттарын,
Жаңылмастан жаттаймын.
Жолда жүру тәртібін,
Мен осылай сақтаймын.

*Қ.Шағыр*

## ТӘРТІП САҚТАП ЖҮРЕМІН

Үйренуден тынбаймын,
Білімімді шыңдаймын.
Кішілерге қамқормын,
Үлкендерді тыңдаймын.

Велосипед теппе деп,
Айтпаса да, еп керек.
Жүгірмеймін доп қуып
Көліктерге бетпе-бет.

Көше жаққа бармаймын,
Таса жерде қалмаймын.
Ойнау үшін арнайы
Орындарды таңдаймын.

Өзенде де, тауда да,
Саябақта, аулада
Тәртіп сақтап жүреді
Шымыр, дені сау бала.

*Қ.Шағыр*

**Бағдаршам**

Тағдыр деген, шырағым,
Қателікті кеше ме,
Күтіп қана тұрамын,
Қызыл жанса көшеде.

Зер саламын бар маңға,
Сабырлымын, саспаймын.
Ал сарысы жанғанда,
Дайындала бастаймын.

Жабықпаймын жасықтай,
Мектепке әлі жетемін.
Жасыл жанса асықпай,
Арғы бетке өтемін.

Зейін қойып бекемдеп,
Оқулықтан жаттағам...
Қағып кетпесе екен деп,
Мәшинеден сақтанам.

*О. Байбақұлы*

**Жол қауіпті**

Ойынқұмар десе де,
Сақтық керек, құптаймын.
Мәшинелі көшеге,
Велик мініп шықпаймын.

Бұған көңіл бөлмеген,
Ащы азабын тауыпты...
Өйткені үлкен жол деген,
Қауіпті ғой қауіпті.

*О. Байбақұлы*

**Ойнамаймын отпенен**

Ақылды үміт ақтайды,
Мақтамағын мақтағын,
Ойыншыққа жатпайды,
Сіріңке мен шақпағың,

Ойлағандар ұғады,
Сақтық жақсы деп келем,
Өрт ұшқыннан шығады,
Ойнамаймын отпенен.

*О. Байбақұлы*

**Бағдаршам**

Жолды кесіп өтуге мен қамдансам,
Қиылыста қарсы алады бағдаршам.
Менікіндей екеу емес, үш көзді,
Әр көзінің түсі бөлек, аңғарсаң.

Қозғалысты қалт жібермей қырағы,
Бір көз жанса, қалғаны өшіп тұрады.
Қызыл, сары, жасыл түсті көздердің
Бас әрпінен үш түрлі ұғым шығады:

Қ – Қызыл түс – қимылдама, баспа алға,
Қиылыста қарап тұрма аспанға.
С – Сары түс – сәл сабыр ет, дайындал,
Ж – Жасыл түс, жүре бергін, жасқанба.

*Қ.Шағыр*

**Күз**

Күзім-ау, күзім-ау,
Мінезің бұзық-ау.
Жаңбырың сіркіреп,
Келгенің қызық-ау

*Қ.Ыдырысов*

**Күзде**

Сап-сары ала теректер,
Сап-сары ала атырап.
Сәл тербесе самал жел,
Түсіп жатыр жапырақ.

*О.Асқар*

**Күз келді**

Сарғайды тоғай,
Сап-сары маңай.
Соңғы әнін айтып,
Құс кетті қайтып.

**Күз**

Қарашы, күз келді, күз келді,
Сары алтын жауыпты іздерді.
Құс біткен керуен түзеді,
Көңілсіз неліктен күз енді.

Айнала жым-жырт,
Көк аспан сұрғылт.
Жер жыртқан таңда,
Трактор қырда.

Жапырақ ұшты,
Суық та түсті.
Сонда да бізге,
Қызық көп күзде.

*М.Әлімбаев*

Қара бұлт қабағын түйеді,
Бұталар боз қырау киеді.
Осы ма, осы ма күз деген,
Мектепке баратын бізбенен.

*Н.Жанаев*

**Күз**

Шаттандырып біздерді,
Шат-шадыман күз келді.
Шатыр тікті сары алтын,
Шартараптың бәрі алтын.

*Ә.Табылдиев*

## Жемістер мен көкөністер туралы жұмбақтар

Көктемде
Ақ гүлге оранады,
Күзде
Қолға доп болып оралады. (Алма)

Ортасында қазығы,
Бұтағында азығы (Алма)

Желілері жайылып,
Жол-жол болып жатады,
Күн нұрына бой ұрып,
Жердің нәрін татады,
Жасыл шатыр астында,
Кететіндей үзіліп,
Түр көп маржан тасындай,
Мойыл моншақ тізіліп. (Жүзім)

Тіл үйірген дәмі бар,
Сары алтын-түс сәні бар,
Шақсаң егер кептіріп,
Сүйегінің дәні бар,
Баққа тұрар сән беріп,
Алқа етіп тізіп ал. (Өрік)

Іші аумаған жүгері,
Түрі-түсі алмадай,
Ойымның жоқ бүгері,
Жесең бал деп қалмағай.(Анар)

Шертсең көк жолақ сыртынан,
Піссе үн шықпас ұртына.
Шикі болса, сампылдап,
«Тиме» дейді-таңқылдап. (Қарбыз)

Бұйра тұлымы,
Желмен ойнайды,
Қызыл мұрыны,
Жерге бойлайды. (Сәбіз)

Бақшадан жер қазып,
Жиып алдым жез қазып. (Сәбіз)

Түбі толған құмалақ. (Картоп)

Тігіп алып көк шатыр,
Қызылкүрең доп жатыр.(Қызылша)

Доптар жатыр желісі бар,
Қабат-қабат терісі бар.
(Қырық қабат)

Аласа тал,
Тамаша тал,
Самсап тұр алмасы,
Ол - алқызыл,
Ол - қанқызыл,
Боялғанша алмашы. (Қызанақ)

Күнді аңдып шалқалап,
Гүлмен жапқан қалқалап,
Бақшада өскен теректің
Дәндерінен май тамар,
Шағып жеген нәр табар. (Күнбағыс)

Көрсең өскен желісін,
Жапырағы қазтабан.
Мөлдір қара жемісі,
Қыста емес, жаз табам. (Қарақат)

Бұтаға ілген үлпершек,
Іші нәрлі қызыл сөл,
Теріп алып үлгерсек. (Бүлдірген)

Күн нұрымен піседі,
Уылжып қолға түседі. (Жеміс)

Қар астында қыстады,
Ақпен бөркін тыстады. (Бәйшешек)

**Тазалықтың досы**

Сылдырлайды мөлдір су,
Мөлдір суға қолың жу.
Жуынсаң сен әрдайым,
Аппақ бетің, маңдайың.
Тазалықтың досы -
Су дегенің осы.

Бай! Бай!
-Бұл бала
Қай бала?
Қарашы Үстіне,
Өзіне
- Не түсті Көзіңе?
Бет-ауыз
Кір айғыз.

*А.Меңжанова*

**Еріншек**

-Жүр, Бақытжан, моншаға...
-Кір емеспін соншама...
-Жүр, түсейік бұлаққа...
-Не бар шаршап жырақта?
-Бұл не тұрыс сазарып,
Керек қой бір тазалық.
Құлағың кір, мойның кір,
Жуынуды қойдың бір.
«Жүр» дегенге көнбесең,
Үйде жуын онда сен.
Тұр Бақытжан есінеп,
«Жуынамын несін?» деп.

*С.Әлімқұлов*

**«Өс, ұлан!»**

Сау болсын десең,
Он екі мүшең!
Ерте тұр! Құлақ түр! Тыңда сыр,
Жапырақтар сыбырлар.
Күн нұрын күт!
Таза ауа жұт!
Бойыңа құт!
Жүгір, желмен жарысып,
Нұрға сылан,
Болып қыран
Өс ұлан!

*Ө. Тұрманжанов*

**Әкем менің күшті**

Әкем менің тәтті
Шапалағы қатты.
Бұзық болған ағам
Оның дәмін татты...

Әкем менің биік
Сембі талды иіп.
Садақ жасап береді
Бұтақтарын қиып.

Әкем менің әйбәт
Бойында бар қайрат.
Отын алып келеді,
Балта жібін сайлап.

Әкем менің күшті,
Еңбек етіп пісті.
Тындырады қайтсе
Мойнына алған істі.

Әкем менің сондай!
Болу үшін ондай
Шынығуым керек
Күндіз түні тынбай!

*Е. Әбікенұлы*

**Тентек бала**

Беті-қолын жумайтын
Бір жыласа қоймайтын.
Тәліп деген бала бар
Күшігімен ойнайтын.

Өзі тағы қоймайды,
Қатырады «ойбайды».
Он мәнтіні жесе де,
Құрсағы бір тоймайды.

Зар қақтырып талайды
Шулатады маңайды.
Күштімін деп ойлайды
Өзін батыр санайды.

Кетік-кетік тістері
Көрінгенді тістеді.
Итеріп ем сәл қатты
Жалпасынан түскені...

Кеше көрдім Тәліпті
Жұп-жуас боп қалыпты.
Сөйтсем, биыл мектепке,
Оқушы боп барыпты.

*Е. Әбікенұлы*

## Сондай бала бола ма?

Күнде бетін жумайды,
«Жу» десең-ақ жылайды.
Өз-өзіне өкпелеп,
Жатып алып тұрмайды.
Дейді жылап: «Жолама»
Сондай бала бола ма?
Беті қандай кір еді,
Айниды адам жүрегі.
Көрсе осы кескінін,
Күледі-ау жұрт, күледі.
Сондай бала бола ма?
Сендер оған жолама.

*А.Шамкенов*

## «Менің ойыншықтарым»

Жүрмейсің бе абайлап
Болмасаншы ұрыншақ
Асыр салып көп ойнап
Ақсап қапсын, құлыншақ.

Ашытпайды көзіңді
Шомыла қой, балақай.
Қарашы енді өзіңе
Аппақ болдың алақай.
Түймең қалды үзіліп
Неге қадап алмайсың
Тұр ғой әне ине –жіп
Неге ұқыпты болмайсың

*М.Әлімбаев*

## Шынықтыр сен денені

Теңізші боп егерде,
Жүзем десең тереңде.
Белден басып мұз-карды,
Кезем десең шыңдарды,
Түлеп ұшар жас қанат
Болам десең космонавт,
Шарлау үшін әуені,
Қуат керек әуелі.
Жігер керек, от керек.
Ерлік керек, еп керек.Ол
үшін ең керегі –
Шынықтыр сен денені.

*Д. Қанатбаев*

## Балмұздақ

Үйде жалғыз қап
Жеп ем балмұздақ.
Қалдым ауырып,
Укол салғызбақ.
Сүттей балмұздақ
Бейне қар- мұздақ
Тағы жеп едім,
Тісім тұр мұздап.

*Н.Қалқа*

## Біз осылай өсеміз

Суда жүзіп өсеміз,
Қырда жүріп өсеміз.
Күнде қызып өсеміз,
Құмда шыжып өсеміз.

Таулар көріп өсеміз,
Баулар егіп өсеміз.
Жеміс теріп өсеміз,
Жеңіскер боп өсеміз.
Талаптанып өсеміз,
Қанаттанып өсеміз,
Талаптанып, қанаттанып өсеміз!

*М.Әлімбаев*

## Футбол

Күтеді алдан ауыр сын
Кездесіп пе ек бұл жолда.
Волейболға тәуірсің,
Қалай едің футболға?

Дәріс алғың кеп менен,
Көктем таңнан оятты.
Теңбіл допты теппеген,
Мақтау қиын аяқты.

Кел қасыма кідірме,
Үнемдейік уақытты.
Доппен бірге жүгірген,
Бала неткен бақытты.

Ал тілімді, қарағым,
Аялдама, түр, жүгір.
Футбол тепкіш баланың,
Сандары да жұп-жұмыр.

Топқа қалай кіресің,
Өз күшіңе сенбесең.
Құстай ұшып жүресің,
Аспанда емес, жерде сен.

Ұмтыласың күнде алға
Тартпай бойың керенау.
Футболшыға, футболға,Ел
құрметі бөлек-ау.
*Т. Молдағалиев*

## Балама айтар бір ақыл

Волейбол да ойнағын,
Керек аздап аптығыс.
Суда да жүз, тайға мін,
Тақымыңды қатты қыс.

Көлге барсақ біз бір күн,
Құш толқынын ұрғылап.
Күнге арқаңды қыздырғын,
Берер саған күн-қуат.

Қимыл жаса тұра қап,
Жалқаулықты жуытпа.
Көлеңкеңді қуалап,
Жүгіруді ұмытпа.

Сергек жүрсең сен енді
Жоламайды суық бір.
Суық сумен денеңді,
Ертең-ерте шынықтыр.

Еткін, балам тәуекел,
Бәріне де жет ептеп.
Бақшаға да су әкел,
Арықпенен жетектеп.

Еңбектің біл бағасын,
Көктем шыға жерді өңде.
Сонда алғыс аласың.
Атаңнан да, елден де.
*Т. Молдағалиев*

## Туған өлкем

Кеңсің дала,
Туған ана.
Көйлегің кең, көк ала,
Жан беретін
Тән беретін
Мейірімді ана сен ғана.
*С.Сейфуллин*

## Отан

Отан - жерім,
Отан – суым,
Отан қуат, нәр береді.
Отан –ұран,
Отан – туым,
Отан мәңгі гүлденеді.
*М.Хакімжанова*

**Отан**

Отан туған үйіміз, Отан
туған жеріміз. Отан
ортақ үйіміз,
Көңілді ән мен күйіміз.

*Е.Өтетілеуұлы*

**Астана**

Болашаққа бастаған
Шарықтайды асқақ ән.
Елордасы Отанның –
Мақтанышым Астанам!

*Е. Өтетілеуұлы*

**Астана – арман қала**

Сарыарқа төсінде,
Сән беріп Есілге.
Жас қала – Бас қала,
Астана өсуде.

Күн болып қарайды,
Шуақ боп тарайды.
Әлемге нұр шашқан,
Астанам арайлы.

Туғандай қиялдан,
Үйлері бір арман.
Аспандап барады,
Аяулы ұлы ордам.

*М. Әміреұлы*

**Елтаңбам**

Нұр шашқан күн- Шаңырақ,
Жұлдыз- Темірқазықтай.
Қанатты қос арғымақ-
Бастан кешкен тарихтай.
Көмкеріліп өрнекпен
«Қазақстан» тұр аты.
Көп күреспен қол жеткен.
Елтаңбам-ел мұраты.

*Оразақын Асқар*

**Астана**

Астана – арман қала,
Бағы бір жанған қала.
Тұрады ол жап-жас болып,
Мен үлкен болғанда да.

*Т.Молдағалие*
*в*

**Қазақстан байрағы**

Көк байрақтың бетінде
Қыран бүркіт қанатты
Сол қырандай еркіндеп,
Бала өседі талапты.

*М.Әлімбае*
*в*

**Туған елдің ұлымын**

Аспанымдай мөлдірмін,
Жайлауымдай жазықпын
Өзенімдей өршілмін,
Гүлдерімдей нәзікпін.
Қуат алған өзіңнен,
Туған елдің ұлымын.
Бақытты етіп өсірген
Отанымның гүлімін.

*А.Сәрсеков*

**Отан**

Отан деген-атамекен,
Отан деген-туған жер.
Отан-ана
Отан-үлкен.
Қазақстан – туған ел.

*Е.Өтетілеуұлы*

**Көк туым**

Аспанымдай көк туым,
Тудан нұрын төкті күн.
Қанат қақтық қырандай
Тәуелсіз ел боп бүгін.
Туда ұлттық өрнегім
-Өнерім ғой ол менің
Қандай бақыт көгімнен
Өз туымды көргенім.

*Оразақын Асқар*

**Отан**

Отан-халық жүрегі
Әр кеудеде тұр ұрып.
Анаң болып күледі
Келе жатсаң жүгіріп.
Әлдейлейді әлпештеп
Жеткеніңше мұратқа
Бесік жырдай қалды есте
Отан үні құлақта.

*Б.Қозыкеев*

**Туған жерім**

Туған жерім, кең далам
Сенен қуат нәр алам.
Мақтан етем белдеріңді,
Мөлдіреген көлдеріңді.
Еркелеймін құшағында,
Гүл теремін бақтарында.
Көркейе бер, туған елім,
Гүлдене бер әрқашан.

*Б.Қозыкеев*

**Қазақстан**

Ен даласын
Егін жапқан,
Бар баласы
Бақыт тапқан.
Менің жерім,
Тұған жерім,
Туған елім –
Күн сәулелі Қазақстан!

*Ж.Молдағалиева*

**Туған жер**

Сүйем сені, туған жер,
Байлық, бақыт тұнған жер
Қамбасына Отанның
Тау – тау астық құйған жер.
Сүйемм сені, туған жер,
Өнер, білім қуған жер.
Ұшу үшін ғарышқа
Тоқтар аға бел буған жер.

*Оразақын Асқар*

**Менің Отаным**

Отан менің ата – анам,
Отан досым, бауырым.
Отан өлкем, астанам,
Отан туған ауылым.
Бақыт елі – бұл Отан,
Бәріне мен иемін.
Біздің Отан – ұлы Отан
Ұлы Отанды сүйеміз.

*Б.Ысқақов*

**Отаным**

Отаным – тірегім,
Отаным – жүрегім,
Отаным – жігерім,
Отаным – білерім.
Отаным –күндерім,
Отаным – үндерім,
Отаным – гүлдерім,
Кеудемде жүр менің

*А.Қалманбетов*

**Менің Отаным**

Гүлге толы кең жазық,
Күйге толы жота құм.
Жан тербеген жел нәзік
Осы менің Отаным.
Жасыл көктем шағындай,
Өмірімнің асқары.
Көнілдердің ағындай
Біздің ауыл аспаны.
Алтын шашқан сиякты,

**Қазақ жері**

Шұғылалы таңымыз,
Қазақ жері- бағымыз.
Қойнауынан мөп-мөлдір,
Сусындайды жанымыз.
Қазақ жері –сәніміз,
Мәуесі мол бағымыз,
Саясында жетілер,
Балдай бала шағымыз.

*Р.Тышқанбаев*

Жер бетіне нұр таңым.
Бар адамға шуақты
Осы менің Отаным.

*Б. Ысқақ*

**Алматы**

Гүлзар баққа оранған,
Күннен киген бөрікті.
Аққудайын таранған
Алматы – әсем, көрікті.

*Т. Молдағалиев*

**Қазақ тілі**

Қазақ тілі – ата-анаң,
Қуат алар Отан да одан.
Дүниенің бар асылы
Тең келмейді ешбір оған.

*Ө. Ақыпбеков*

**Жаңа жыл келді**

Аспан жерге төгеді,Ақ
күмісін уыстап. Жаңа
жылда келеді,
Бізге қарай жылыстап.
Өлең де әзір, ән де әзір,
Ойын да әзір, бәрі де әзір.
Кел, Жаңа жыл біздерге,
Кел, Жаңа жыл, Жаңа жыл!

*Сағи Жиенбаев*

**Шырша**

Жасыл шырша төрдегі
Дейді: «Бәрің көр мені!»
Кеткен әсем құлпырып,
Ойыншықтар тұр тұнып.
Түрлі түсті шамдары –
Түнде ғажап жанғаны.
Көргендерді елітеді
Керемет бір ертегі.

*Е. Ерботин*

**Көбейсін жасыл көшелер**

Үйеңкі, терек, қарағай
Бойлай өсті күн сүйіп.
Көшеміз де жағалай,
Жасыл шапан тұр киіп.
Көкке қарай бойласын,
Терең тартып тамырын.
Көк желекке орансын,
Менің туған ауылым

*М.Зайтов*

**Қарағай**

Көкке бойын созады,
Көпке қолын созады.
Кең құшағын ашады,
Көлеңкесін тосады.
Көк қарағай,қарағай,
Мейірбанды анадай.

*М.Әлімбаев*

**Ақ қайың**

Алатауды бөктерлей,
Өседі ылғи ақ қайың.
Жапырағы көкпенбек,
Жайқалады жаз сайын.

*Н.Әлімқұлов*

## Танысу

### Ботақан

Мен – Ботақан, Ботамын,
Ойсыл қара –Атамның
Ұрпағына жатамын.
Ойнақтаймын баладай,
Жалғаз қалсам далада-ай,
Боздап дауыс қатамын.
*Е.Өтетілеуұлы*

### Құлыншақ

-Мен - Құлыншақ,
Құлыншақ,
Әрбір жерге ұрыншақ.
Желбіретіп тұлымшақ,
Шапқылаймын күнұзақ.
Өсіп, тұлпар боламын,
Бас бәйгені аламын!
*Е.Өтетілеуұлы*

### Түйе

-Ал, балалар, таныдың ба?
Жүрер жерім Қарақұмда.
Шопандардың жүгін артып,
Құм ішімен кетем тартып.
Боташым бар, тайлағым бар,
Сонда болам қайда құм бар.
Жантақ жеуді сүйемін ғой,
Мен кәдімгі түйемін ғой.

### Құлын

Құр-у, құр-у, құлыным,
Құрығыма түсе ғой.
Тазасын жеп сұлының,
Мөлдір судан іше ғой.
*Ұ.Есдәулетов*

### Жылқы:

Білемісің жайын малдың,
Өзім қыстай жайыламын.
Қызығыңдар, қызығыңдар,
Қымыз десең қымызым бар.

### Төрт-түлік

Түйе – малдың үлкені,
Жылқы – малдың үркегі.
Сиыр – малдың сүттісі,
Қой – түліктің құттысы.
*С.Қасиманов*

### Қошақан

Мен – Қошақан,
Қошақан,
Момақанның өзімін.
Қойдан бөлек лақпаймын,
Секірмеймін лақтайын –
Жетеді оған төзімім!
*Е.Өтетілеуұлы*

### Қошақан

Кіп-кішкене момақан
Қошақанды ұнатам.
Сүйеді апам «қозым» деп,
«Қошақаным- өзің» деп!

### Ботақаным-бөбегім

Қара көзің мөлдіреп,
Қызықтырмай қоймайды.
Жібек жүнің үлбіреп,
Қарасам көз тоймайды.
*І.Жансүгіров*

### Ақ лақ

Ал лақ-ау, ақ лақ,
Неге тұрсың маңырап?

### Сиыр

Сүтке тоймай қалдың ба?
Сабыр етші азырақ,
Тойдырайын қазір-ақ.
-Саусаң селдей, Сүтім көлдей.

Желмен бірге жарысамын,
Өздеріңмен танысамын.
Бағын ашқан кең даланың,
Жылқы деген мен боламын.

**Бұзауқан**

Сүтке қарның тойынса-ақ,
Ойнақтайсың ойын сап.
Шап, құмарың тарқасын,
Түрулі ғой мойыншақ.

Шапқыламай жүрмейсің,
Ойлы-қырға бірдейсің.
Шөпті иіскейсің тұра қап,
Ал жайыла білмейсің.

Әлі-ақ өсіп толасың,
Дәу тайынша боласың.
Сүт емуді қоясың,
Балаусаға тоясың.

*Н.Айтов*

Балдан тәтті қаймағым бар,
Қай түлікпін, ойланыңдар.
Жақсылыққа үйірмін ғой,
Мен кәдімгі сиырмын ғой.

*А.Шаяхметов*

**Құлыншағым - құндызым**

Құлыншағым – құндызым,
Құлдырайды шабады.
Жылтылдаған жұлдызым,
Құстай қанат қағады.

*І.Жансүгіров*

**Қой:**

-Бағa білсең мың боламын,
Киіз болам, жүн боламын.
Етім де бар, сүтім де бар,
Білсеңдер айт, кім боламын?
-Қуанышы айналаның,
Мен кәдімгі қой боламын.

*А. Сопыбеков*

**Ботақан**

Мен – Ботақан, Ботамын,
Ойсыл қара –Атамның
Ұрпағына жатамын.
Ойнақтаймын баладай,
Жалғыз қалсам далада-ай,
Боздап дауыс қатамын.

*Е.Өтетілеуұлы*

**Мысығым бар сүйкімді**

Кес кестейтін жолымды,
Тістелейтін қолымды.
Мысығым бар сүйкімді
Қуып ойнар добымды.

*К. Ыбрайұлы*

**Керік**

Ұзын бойы тұрғандай,
Көкпен бірге таласып,
Сирақ, мойыны, япырмай,
Өзіне қалған жарасып.

**Ақ қоян**

Ақ қоян-ау, ақ қоян,
Арғымаққаша шап қоян.
Озып келсең мен саған,
«Жеңімпаз» деп ат қоям.
Құлақтары тік қоян,
Аяқтары ұп қоян.
Мұнша желіп жортасың,
Сендей жүйрік жоқ қоян.
Ақ қоян-ау, ақ қоян,
Жүнің мамық, пәк қоян.
Жылы үйіңде алаңсыз,
Ұйықтап шықшы сақ қоян.

*Л.Қыраубайқызы*

**Қонжық**

Қорбаң, қорбаң етеді,
Тәттіні жақсы көреді.
Қазір де ол бүлдірген
Іздеп жүр ме, кім білген?

**Тиін**

Арша, шырша, қарағай –
Жаңғағы мол ағашты
Тиіндер ғой, балақай,
Ін ғып тескен қарашы.

*А.Байғобылова*

**Сұр қоян**

Ұзын құлақ сұр қоян
Естіп қалып сылдырды,
Ойлы-қырлы жерлермен
Ытқып-ытқып жүгірді.
Қарап еді артына
Қиығын сап көзінің,
Келе жатқан томпаңдап,
Көжегі екен өзінің.

*Т.Бердияров*

**Қазым, қазым қаңқылда!**

Қазым, қазым қаңқылда!
Көлде жүзіп салқында.
Жем шашайын жейсің бе?
Кәмпит берші дейсің бе?
-Жоқ, жоқ,
Кәмпит тәтті, болмайды ас,
Арпа менен бидай шаш.

*С. Бегалин*

**Шөжелерім**

Шөп-шөп, шөп-шөп, шөжелерім,
Сары алтындай балапаным.
Тез жетіңдер жем беремін,
Дәнге толы алақаным.

*А.Торғаев*

**Шұбар тауық**

Шұбар тауық мүлдем
Жолатпайды барса.
Ұясында жүрген
Балапаны қанша?

Балапанын тауық
Қызғанады жаман.
Қанатымен жауып,
Санатпайды маған.

*Ү.Есдәулетов*

**Тауық пен тары**

Тауық тары жинапты,
Оны ешкімге қимапты.
Бөтегесін толтырып,
Қамбасына құймапты.
Қыста тауық қақылдап,
Тары іздеп жүр тақылдап.

*Ә.Табылдиев*

**Сайра құсым**

Таудамысың, сайдамысың,
Таңғы ауада сайра, құсым.
Көптен бергі арманымсың,
Көктем болып сайра, құсым.
Толтыр әнге бақтар ішін,
Сандуғашым, сайра, құсым.

*С.Жиенбаев*

**Торғай**

Торғай, тоғай, торғайсың,
Таяу келіп қонғайсың.
Жем шашайын танып ал,
Сонда аязға тоңбайсың.

*Х.Талғаров*

**Үйрек**

Мен –үйрекпін, үйрекпін,
Бұлтыңдаған бүйрекпін.
Көп үйлерге керекпін,
Құрқылдаймын, қимаймын
Тамаққа бір тоймаймын.

**Түйеқұс**

Қарашы, әне бір тұсқа,
Жануар, әлде ол құс па?
Қанаты бар, ұшпайды,
Көкқұтанға ұқсайды.

**Қораз**

Мен-Қоразбын, Қоразбын
Жалқаулармен аразбын.
Таңды бұрын қарсы алып,
Елді оятам жар салып.

**Бірқазан**

Қапшыққа ұқсас тұмсығы –
Бейне бір оның қалтасы.
Балық салып алған ба,
Болғандықтан түскі асы?
Бірқазан деген осы құс,
Қанатты біздің досымыз.

**Қаз**

Мен – Қазбын, Қазбын,
Жаз келсе мәзбін.
Балаша аңқылдаймын,
Қуанып қаңқылдаймын.

*Е.Өтетілеуұлы*

**Тауыс**

Әсем тәж киген басына,
Патшасы дерсің құстардың.
Жақындап барып құсына,
Орманда оны ұстадым.

*А.Байғобылова*

**Мысық пен Торғай**

Үстінде үйдің
Тұр еді мысық,
Қасына келді,
Бір торғай ұшып.
Бас салмақ болып
Ыршыды мысық,
Жөнелді торғай
Пыр етіп ұшып.
Биіктен жерге
Топ ете түсіп.
Мысықтың қалды
Жамбасы ісіп.

*Б. Соқпақбаев*

**Торғай**

Торғай, торғай, торғайсың,
Таяу келіп қонғайсың.
Жем шашайын,тойып ал,
Сонда аязға тоңбайсың.

*Х.Талгаро*

**Дән**

Жерде жатқан дәнді,
Атам жәймен алды.
Беті ашық тұрған,
Бос жәшікке салды.
Дәнді қалай білген,
Азық іздеп жүрген.
Қағып алды кептер,
Ұшып келіп бірден.
«Өмір заңы қатаң,
Мейірімді бол ботам.
Аяла, ақ құсты», -
Дейді бізге атам.

*Ж. Әбдіреев*

**Шағала**

Шаңқылдаған шағала
Шарқ ұрады жағада.
Ол теңіздің түлегі
Талмай ұшып жүреді.

*К.Ыбрайұлы*

**Құстар**

Қоныңдар,
Құстар,
Қоныңдар,
Бәріңе төрден орын бар,
Қанатты барлық достарға,
Балалар,
Қамқор болыңдар!

*Р.Өтегенов*

**Құстар біздің досымыз**

Біз қамқоршы баламыз,
Құстарға ұя саламыз.
Жем-су беріп қыс бойы,
Балапанын бағамыз.

*А.Бақтыгереева*

**Шұбар тауық**

Шұбар тауық мүлдем,
Жолатпайды барса.
Ұясында жүрген,
Балапаны қанша
Балапанын тауық,
Қызғанады жаман.
Қанатымен жауып,
Санатпайды маған.

*Ұ.Есдәулет*

**Қоразға**

Оятпа, қораз, сен бізді,
Өзім де сездім - таң атты.
Сенсіз-ақ білем мезгілді,
Танимын енді сағатты.

*А.Сопыбеков*

**Қаладағы қыс**

Қыстың аппақ қаламы
Ағартыпты қаланы.
Аялап жүр аяз кеп,
Ауладағы баланы.
Соғып үлкен ақ қала,
Соған мәз боп, шаттана,
Асыр сап жүр алаңда
Қар атысып топ бала.
Автобус тұр аялдап,
Адамдар жүр аяңдап.
Ақ мақтадай үлбірек
Парк, бульвар, сая бақ.

**Алғашқы қар**

Жалықтырып мал-жанды,
Тынған кезі жауынның.
Жапалақтап қар жауды,
Көбігіндей сабынның.

Жаз өткесін қайырлы,
Алмақ болып тынығып,
Көпіртіп ақ сабынды,
Жатыр дала жуынып.

*Қ. Баянбай*

**Тәтті қыс**

Ау, балалар, балалар!
Айналаға қараңдар!
Биыл тәтті қыс болды,
Бұл бір сәтті іс болды.
Ақ бұлт бүркеп аспанды,
Шекер жауа бастады.
Сүтке салсақ, сәл мұздап,
Болды қардан балмұздақ.
Қамсыз қалмай бекерге,
Қарық болып шекерге,
Балмұздақты жинаңдар,
Достарыңды сыйлаңдар!
Көлдің беті – мармелад,
Әкел жинап, арбалап...
Ақ қанттай жарқырап,
Арайланған атырап.
Көкжиектен күлімдеп,
«Тыныш болсын күнің!» – деп
Күн қарап тұр анаша:
Бұл қыс қандай тамаша!

*Ә. Табылды*

**Қыс**

Қыс келді, қыс иықтап,
Қалды аюлар ұйықтап.
Қыс келді, қыс мұз-қарлы,
Қыраулы да,ызғарлы.

*Қ.Мырзағалиев*

**Төрт түлік пен жануарлар туралы жұмбақтар**

Қаймықпайды күшті аңнан,
Қорқады ол тышқаннан. (Піл)

Түрі жылқы бейнесі,
Жолақ-жолақ жейдесі. (Зебр)

Қара ала тоны бар,
Аңдардың ол краны.
Оны сенде танып ал,
Серейіп кеп тұрады. (Жираф)

Иір-иір денесі,
Сахараның кемесі,
Ащы шөптер тамағы
Шөлге шыдап бағады. (Түйе)

Иір мүйіз,
Сүйір мүйіз,
Ай қабақты,
Май бұғақты,
Тұла бойы
Бұқа мойын,
Бұл қандай түлік,
Сенде оны біліп ал. (Қошқар)

Шырша саясы - күркесі,
Өзі орманның еркесі
Қарғып жүрер жан-жаққа,
Өте құмар жаңғаққа. (Тиін)

Сайқымазақ қулығы бар,
Барған жерде ұрлығы  бар,
Бұл қандай аң?
Ұғып ал. (Түлкі)

Сылдырдан қорқады,
Шошынып жортады. (Қоян)

Қалдырмай баласын бір елі,
Қалтаға сап-ап
жүреді.(Кенгуру)

Еріншекті,
Еміншекті,
Аямайды  шағады,
Мұны кім табады? (Ара)

Топырақпен көң астын,
Қопарып ем.
Жыбырлаған кен аштым.
(Жауынқұрт)

Шөп ішінде жүреді,
Шақса уын жаяды,
Зиянын қойлар біледі,
Күйсетіп жеп қояды.(Қарақұрт)

Тастан салған үйі бар,
Көшіп жүрер асықпай,
Қыста ұйықтап бұйығар,
Тамақ іздеп ,ашықпай. (Тасбақа)

Сұм жүзді,
Құралай көзді,
Киікшесекірген,
Бура санды,
Жолбарыс тонды. (Құрбақа)

Ызыңдап ән салып,
Жұп-жұқа қанаты,
Тәттіге тамсанып,
Қоқысқа қонады. (Шыбын)

Еріксе,
Құйрығымен ойнайды,
Зеріксе,
Ұйқыға бір тоймайды. (Мысық)

Мұртын сипап күн бойы,
Бетін сусыз жуады,
Тысырды аңдып түн бойы,
Тышқанды кеп қуады. (Мысық)

Сұрғылт тартқан түсі бар
Ақсиған көп итісі бар
Тыным таппай жүгіріп,
Сілекейі шұбырып,
Қыстау маңын ториды,
Ауылдың өш бар иті. (Қасқыр)

Адамға серік,
Күзетке берік. (Ит)

Төрт түліктің рэкеті,
Түзде жүрер күзетіп.(Қасқыр)

Жер қопарған тісімен,
Сескенесің түсінен.(Қабан)

Құжынаған жұмыскер,
Бірлескенде тым іскер. (Құмырсқа)

Үсті толы ине,
Бірақ та, іс тігіп,
Қадамайды түйме. (Кірпі)

Ешбір бұйым тікпеген,
Үсті толған көк тебен. (Кірпі)

Тор тоқуға шебер-ақ,
Бірақ киім тікпейді,

Өнері де өнер-ақ,
Бірақ ісі бітпейді. (Өрмекші)

Денесі бұлтық,
Сырты жасыл түе (Жұлдызқұрт)

Иір-иір үйі бар,
Іші қапас әрі тар,
Құлақ тоссаң
Ызыңдаған үні бар,
Бұл не, біліп ал. (Ұлу)

Сабы жоқ қамшы,
Ешкімге ұсынба,
Уы бар бір тамшы,
Тілінің ұшында. (Жылан)

Үй ішін аралап,
Түнде көп жортады,
Қаптарды жарып ,
Мысықтан қорқады. (Тышқан)

## Құстар туралы жұмбақтар

Жайнаған бақтың әншісі,
Тамсанған оған сан кісі. (Бұлбұл)

Сайрайды бір талмайды.
Әнші құс бал таңдайлы. (Бұлбұл)

Су бетін сызып,
Ақ құман жүр жүзіп. (Аққу)

Имек тұмсық алғыр құс.(Қаршыға)

Қауырсыны құлпырған,
Мың бояулы гүл тұнған
Сайрағанда дауысы,
Әнге бөлер тау ішін. (Тоты)

Қиянға қиын небір,
Салатын ұяны,
Өткір көзі шегір,
Бүргенін құртар тұяғы. (Бүркіт)

Көк жүзінде жылжып жай,
Керуен құрған тізіліп,
Ілгек-ілгек шынжырдай,
Қалмайды олар үзіліп. (Тырна)

Шуға бөлеп жағаны
Қанаттарын қағады,
Айдын судың түлегі,
Шабақ іліп жүреді. (Шағала)

Шұнтиіп қос құлағы,
Түнде көрер қырағы.(Үкі)

Шашы жоқ, тарағы бар, Егіні
жоқ, орағы бар. (Қораз)

Өзі кілем түріндей
Құдды қырдың гүліндей,
Гүлге қонса кетеді,
Айырмасы білінбей. (Көбелек)

Бірақ сөз біледі
Өз аты онысы
Соны айтып жүреді,
Және жоқ қонысы. (Көкек)

Кеудесі қайқаңдап,
Жүреді байпаңдап. (Қаз)

Бұдыр-бұдыр балшықты,
Жинады да талшықты,
Ұқсатып қамытқа,
Үй салды жабыққа. (Қарлығаш)

Ағашта болса егер мең,
Хабар беріп,морземен,
Тұмсығымен емдейді. (Тоқылдақ)

Күн шықпай сап аттанды,
Қуырады апшыны,
Ұйқыда жатқанды,
Оятады ащы үні. (Қораз)

Ала шапан кигені,
Сескенгіш болған соң.
Қыпылықтап жүргені. (Сауысқан)

Талдың басында
Жемі бар қасында,
Там тұр саялы
Достарға аялы. (Құс ұясы)

**Су**

Су - тіршілік, су - байлық,
Бекер төгіп – шашпаймыз.
Сусыз өмір болмасын,
Үйренгенбіз жастай біз.

Суды үнемдей білеміз,
Текке ағызбай жүреміз.
Табиғаттың сыйы бұл,
Басымызды иеміз.

*Қ.Әбілдақызы*

**Боран**

Уілдейді, гулейді,
Көзіңе түк ілмейді.
Ішін тартып, ышқынып,
«Мен күштімін, біл» дейді.

Бірді бірге соғады,
Адастырып жолыңнан.
Сотқар қыстың бораны,
Ермесін де соңынан.

*Қ. Әбілдақызы*

**Самал**

Жай еседі.
Жұрт деседі:
Жанға жайлы,
Сипап майда,
Тынысыңды ашады,
Күшіңе күш қосады.

**Жел**

Екпіні қатты самалдан,
Тұрғанда есіп жел алдан,
Ағаштар қозғап желегін,
Иеді басын көк егін.

**Боран**

Екпіні қатты желден де,
Тағы да ұйытқып келген бе?
Жолындағыны ысырып,
Қаңбақтарды ұшырып,
Құлатқан кәрі ағашты,
Мінезі неткен оғаш-ты?

**Дауыл**

Екпіні қатты бораннан,
Сұр түсті тонға оранған.
Дауылда теңіз аһ ұрып,
Жатады суын сапырып.
Дөңбекшіп көзін ілмейді,
Болса да күндіз, түн мейлі.

**Құйын**

Үйіріп соғып өтеді,
Қаламас жаның.
Көтеріп алып кетеді,
Даланың шаңын.

**Тұман**

Тұман бұлттай тұтасқан,
Ызғырық есті жай ғана.
Көрінбей қалды көк аспан,
Күңгірт тартты айнала.

**Мамандық**

Мен суретші боламын,
Бәріңді де саламын.
Марапатқа ие болып
Бірінші орын аламын.

Мен дәрігер боламын,
Бәрін емдеп жазамын
Адамдарды құрметтеп,
Бәріне ие боламын.

Ал мен ақын боламын,
Өлеңдерді жазамын.
Ақындыққа ие болып,
Бәрінен озып шығамын.
Мен таңдайтын мамандық
Бір тамақты пісіріп,
Бір тамақты түсіріп,
Анам ылғи жүреді
«Дәмді емес» кім деді
Мен аспазшы боламын!

*Н.Әлімқұлов*

**Машина**

Машинамын - көлікпін,
Мамандарға көніктім.
Үйренген соң білімді
Білерсіңдер тілімді.

*Ә.Табылдиев*

**Мүсінші**

Тасқа бедер саламын,
Егеп, қырнап, жонамын.
Шеберлігі шыңдалған
Мен мүсінші боламын.

*Р.Қосбармақов*

**Дәрігер**

Дәрігермін мен деймін,
Кәрі әжемді емдеймін.
Көп-көп ішіп дәріні
Кәрілікті жең деймін.

Көп тұрмады бірақ та,
Тұман жайлап сейілді.
Тау да,
Бау да,
Қырат та –
Бәрі де айқын көрінді.

**Кемпірқосақ**
Жаңбыр жауып басылды,
Аспан шайдай ашылды.
Суретші екен табиғат,
Бояуларын дайындап,
Түр-түсіндәл тауыпты,
Кемпірқосақ салыпты.

**Бұршақ**
Терезені біреу келіп,
Қатты-қатты қаққандай,
Бір топ жылқы тысырлатып,
Шауып бара жатқандай.
Сыртқа шықсам бұршақ екен,
Екпіні тау құлатар.
Кейбір жасық балаларды
Шертіп қалса жылатар.
Біраздан соң бұршақ жатты
Бытырадай шашылып.
Қара бұлт та таудан асты,
Әлденеге асығып.

**Қырау**
«Жапырақсыз жалаңаш
Дірдек қағып бақ тұр-ау»
-Деп ойласам, бар ағаш
Жамылыпты ақ қырау.

**Қар**
Ақ мақтадай ұлпа қар
Жамылыпты қырқалар.
Қалың-қалың тон киіп,
Маужырайды шыршалар.
*Ш. Әлдибекұлы*

*Ө.Тұрманжанов*

**Құрылысшы**
Қолда темір қалағым,
Саздан сарай саламын.
Алматыдан аумайтын
Әсем қала саламын.
*Ш.Садыханов*

**Ұшқыш**
Кең аспанды шарлаған,
Ұшқыш деген мен болам.
Қыран құстай самғаған,
Ерен жүйрік мен болам.
*А.Асылбеков*

**Мен ғарышкер боламын**

Аспан, аспан, арайлым,
Саған жиі қараймын.
Сені көзбен шоламын...
Мен ғарышкер боламын.
*Ж.Смақов*

**Құрылысшы**
Қолда темір қалағым,
Саздан сарай қаладым.
Алматыдан аумайтын
Әсем қала саламын.
*Ш.Садыханов*

**Шахтер**
Шахтерді ел біледі,
Оған сарай – жер асты.
Көмір қазып жүреді,
Сорғалатып тер ащы.
Бала оқитын зәулім үй
Қалмауы үшін суынып,
Үйіп көмір тауды ылғи,
Береді ол жылылық.
*С.Мәуленов*

**Шекарашы**

Кең дала, тау, көл, теңіз...
Ұлан-байтақ өлкеміз!
Өткізбейді жансызды
Шекарашы көкеміз
Сыбдырлай ма ну қамыс?
Әр дыбыспен ол таныс
Ер жеткен соң жасаймыз
Ағаларға қолғабыс.
Шекарада солдат тұр,
Ел бақытын қорғап тұр.
Көңілденсін ағалар,
Амандық хат жолдап тұр.

*Тоқаш Бердияров*

**Монтер ағай**

Ағай епті қолымен
Жүреді ылғи от беріп.
Тарам-тарам жолымен
Жүгіреді тоқ келіп.
Көшеде, үйде, кеңседе
Жүреді ағай шам жағып.
Түн ішінде келсе де,
Ол жүрген жер жап-жарық.

*Мұзафар Әлімбаев*

**Шофер**

Жазда, қыста, көктемде,
Отырмайды жайланып.
Еңбек босқа кеткен бе,
Жүреді ылғи бәйге алып.

Тазаламай жатпайды,
Киімі болса май тамған.
Ауыл біткен мақтайды,
Шофер гой деп мақтанып.

*Е. Ескендіров*

**Біздің отбасы**

Әкем – менің қауыншы,
Апам – менің сауыншы,
Ағам – менің егінші,
Жеңгем – менің тігінші.
Атам болса, ол ұста,
Бәрі – бәрі жұмыста.
Отырмаймын мен текке.
Кеттім мен де мектепке.

*А.Сопыбеков*

## Жұмбақтар

Орақ болып туады,
Табақ болып тынады. (Ай)

Әлемнің бар екі күзетшісі;
Бірі-күндіз тынығады,
Бірі-түнде тынығады. (Күн мен ай)

Бейнесі суда дірілдейді,
Қармаққа бірақ ілінбейді (Ай)

Күндіз білінбейді,
Түнде күлімдейді. (Жұлдыз)

Тек өзі көрінбейді,
Адамды тоңдырады
Ызғары дірілдетіп,
Есіңнен тандырады. (Аяз)

Суда қалқиды,
Жылыда балқиды. (Мұз)

Күннің көзі түйілді,
Көкте бұлт үйірілді
Сұйық моншақ шашылып,
Жерге нәр боп құйылды. (Тамшы)

Шөміші жоқ,
Теңізді сапырады,
Кебісі жоқ,
Егінді жапырады. (Дауыл)

Төрінде тұр нұр көзі,
Жердің биік күмбезі.(Аспан)

Үлкен алтын табақтан,
Әлемге нұр таратқан.(Күн)

Алып кілем -
Гүлге толы
Үсті кілең. (Жер)

Қоймасын қыс ақтарып,
Жерді жапты ақ мамық. (Қар)

Қолы мен қаламы жоқ,
Бірақ сурет салады көп. (Аяз)

Еш тесікке тұрмайды,
Ол жоқта жер құрғайды.(Су)

Өртесең де ерімейді,
Не тот басып шірімейді,
Өн бойына су сіңбейді.
Ылғал тартып, ірімейді. (Тас)

### Бесік жыры

Әлди-әлди, ақ бөпем,
Ақ бесікке жат бөпем!
Жылама бөпем, жылама,
Жілік шағып берейін,
Байқұтанның жіпке
Жіпке тағып берейін. Әй-әй
бөпем, әй бөпем. Ән
айтайын бал бөпем. Ән
тыңдағың келсе егер

### Санамақ

Бір үйде біз нешеуміз
Кел санайық екеуміз
Бас бармағым – әкем,
Балан уйрек – анам,
Ортан тірек – ағам,
Шылдыр шүмек – апам,
Кішкене бөбек – мен.

Және айтайын, жан көкем.

Бөпем менің ай ма екен?
Шекер ме екен, бал ма екен?
Ойнақтап бір бәйгеден
Озып келер тай ма екен ?
Әлди, әлди, ақ бөпем, Ақ
бесікке жат, бөпем,
Бармақтарың майысып,
Түрлі ою ойысып,
Шебер болар ма екенсің?!
Таңдайларың тақылдап,
Сөзіңді жұрт мақұлдап,
Шешен болар ма екенсің?!

**Бесік жыры**

Әй-әй бөпем, әй бөпем,
Ән айтайын, бал бөпем,
Ән тыңдағың келсе егер,
Және айтайын, жан көкем
Бөпем менің ай ма екен.
Шекер ме екен, бал ма екен.
Ойнақтап бір бәйгеден
Озып келер тай ма екен.
Тас бұлақтар тауда екен,
Жас құрақтар сайда екен.
Көлбең-көлбең ұшатын
Көбелектер қайда екен
Қара қарға қарда екен,
Жапалақтар жарда екен,
Балпаң-балпаң басатын
Балапандар қайда екен.
Әй-әй бөпем, әй бөпем,
Ұйықтадың ба, бал бөпем...
Алдағанға көнетін
Аңқау бөпе қайда екен.
*Сағи Жиенбаев*

**Тары**

Көкем еккен ақ тары,
Күзде пісіп жетілді.
Кекілі бар сап-сары,
Сары бала секілді.

**Сыбызғы**

Сыбызғы - түтік,
Әр тұсынан тесілген,
Үрлесе шебер,
Үні кетпес есіңнен.
*М.Әлімбаев*

**Сыбызғы**

Кең далама, тауыма,
Сызылтып ән салайын.
Сыбызғыммен маңыма,
Достарымды жинаймын.
*С.Әлімқұлов*

**Домбыра**

Басып дұшпан желігін,
Жырла, көтер ел үнін.
Қара шанақ домбырам
Күмбірлей бер серігім.

**Сылдырмақ**

Өзінше бір жыр жырлап,
Отыр інім былдырлап.
Әрі ойыншық, әрі аспап
Қолында бар сылдырмақ.
*К. Ыбрайұлы*

**Шұбат**

Бұрын ішіп
көрмесең,
Сусын әрі
тамақ бұл
Ыстық қысып

**Талқан**

Мынау тұрған қай талқан,
Жеңгем түйген май талқан.
Ауызға оны салғандар,
Қақалып тек қалмаңдар.

**Сары май**

Көп адамдар білмейді,
Ішсе шәйін үрлейді.
Ыстық шәйға май қосса,
Бірден ауыз күймейді.

**Сүт**

Май алады сүттен,
Құрт алады сүттен.
Сүт алады молырақ,
Малын баптап күткен.

**Құрт**

Қатты құртты жейміз,
«Дәмі қышқыл» дейміз.
Салма артық күшіңді,
Сындырасың тісіңді.

**Ірімшік**

Атамның да тісі жоқ,
Апамның да тісі жоқ.
Тәтті ірімшік жинаймын,
Екеуіне сыйлаймын.

**Қаймақ**

Балдан тәтті қаймақ
Жегенім жоқ айлап.
Жүрген шығар сақтап,
Апам мені ойлап.

**Құймақ**

Жасап әжем құймақ,
Табаға әкеп құймақ.
Пісті жұмсақ құймақ,
Қойды алдына сыйлап.

**Жент**

шөлдесең, Сәл су
құйып шалап қыл.
Дәмін бірден
ұнаттым
Қымыз қосып кім
татты?!
Бұрқыраған
шұбаттың,
Көпіршігі тым тәтті.

**Қазы –қарта, жал-жая**

Дәмді тамақ
қандай, ә!О,
қазағым,
жарадың! Қазы
–қарта, жал-жая,
Сенің ұлттық
тағамың.
Құпиясын біл
қазір, Бар ма
қояр сұрағың?
Дайындалар бұл
мәзір
Жылқы етінен шырағым!

**Балқаймақ**

Қойды өріске
айдатып, Болғаннан
соң мал жайлап.Түйе
сүтін қайнатып,
Алар әжем
балқаймақ.
Наурызда ауыл-
аймақ, Келер
үйге көрісіп.
Тіл үйірер
балқаймақ.
Қою шәймен
көр ішіп.

*К. Ыбрайұлы*

**Соғым**

Тауды тұман жайлады,
Салқын тартты қыр түні.

Тарыны түйіп қатты,
Қауызынан айырар.
Ұлт тағамы ол тәтті,
Қант, мейіз, майы бар.

**Шұжық**
Дәмді тағам шұжық,
Түрі ұзыншақ қызық.
Ағам көрсе тоймайды,
Оңайға апам қоймайды.

**Қазы**
Ет төресі қазыны,
Апам тұздап баптайды.
Ұнға тығып жаз күні,
Күзге дейін сақтайды.

**Қымыз**
Жеңгем бие сауады,
Ағам саба піседі.
«Денсаулыққа дауалы»,
Деп үлкендер ішеді.

**Шұбат**
Іркіт түстес түрі,
Пайдалының бірі.
Бойға берер қуат,
Ішсем ем ғой шұбат.

*Т. Еділбаев*

Қораға атам байлады,
Қыста сояр жылқыны.

Бос жүргенім ұят-ты,
Қимылдасын екі қол.
Болатұғын сияқты
Біздің үйдің еті мол.

Тәй-тәй басып қалды інім,
Оны күнде ойнатам.
Көршілердің барлығын
Шақырамыз дейді атам.

Соғым сойып, бата алар
Қыс тезірек келсе екен.
Ет жеген соң аталар,
Ертегі айтып берсе екен.

*А. Мұхибек*

| **Санамақтар** | |
|---|---|
| Екі ағам – Асқар, Мүсілім,Бір әпкем және үш інім, Әжемді қоршап аламыз.<br>Бір үйде қанша баламыз?<br><br>Қос шардан<br>Достарға<br>Бердім:<br>Бек,<br>Оспанға,<br>Айгүлге,<br>Асқанға,<br>Алтынға, | **Топ, топ, добым**<br>Топ, топ, добым домалақ,<br>Қайда кеттің домалап?<br>«Бір, екі»,- деп, екі ұрдым,<br>Терезеге секірдің.<br>«Үш, төрт, бес»,- деп үлгердім,Ішіне ендің гүлдердің.<br>«Алты, жеті,- дегенде,<br>Жаттың шоршып еденде.<br>«Сегіз, тоғыз, он»,- дедім,Енді ырқыма көнбедің.<br>Топ, топ, добым домалақ, |

<table>
<tr>
<td>Асқарға…Өз<br>шарым<br>Аспанда,<br>Қанша шар қосқанда?<br>Әктеп, жинап үйімді,<br>Өтектедім киімді,<br>Еден шаңын сыпырдым.<br>Қанша жұмыс бітірдім?<br>***<br>Алдында үш балапан,<br>Артында үш балапан, Ақ<br>тауықты қосқанда Саны<br>қанша, балақан?<br>***<br>Бес жұмыртқа бес жерде,<br>Тағы бестен үш жерде.<br>Қанша болар барлығы<br>Бір қазанға түскенде?<br>Оң қолымда бес өрік,<br>Сол қолымда бес өрік,<br>Саған берем барлығын.</td>
<td>Қайда кеттің домалап?<br>Ғалым Океев<br><br>Санамақ<br>Оң қолымда бес саусақ, Сол<br>қолымда бес саусақ.Қосып<br>едім екеуін, Болып шықты он<br>саусақ.Оң аяқта бес бақай,<br>Сол аяқта бес бақай.Қосып<br>едім екеуін<br>Болып шықты он бақай<br><br><br>Беске дейін санау<br>Бірді бірге таяп қой.<br>Екеу болар қос таяқ ,<br>Цифры оның тап мына<br>Ұқсайды бір аққуға.<br>Екі мен бір – болар үш,<br>Цифры оның – ұшқан құс.<br>Үш пен бірің төрт екен.</td>
</tr>
<tr>
<td>Алатының неше өрік?<br>***<br>Бір бұзау, қос құлыншақ,<br>Үш ақ лақ – қуыршақ.<br>Малын санап Есенім,<br>Білмей қойды есебін.<br>Есептейік, кәне, біз,<br>Есен досқа бәріміз<br>Көмектесіп көрейік,<br>Сан үйретіп берейік!<br>***<br>Төрт биенің емшегі,<br>Төрт түйенің емшегі<br>Қанша екенін айта ғой,<br>Білгіш дейін мен сені.<br>***<br>Машинаның бесеуін<br>Егінжайға жібердім,<br>Машинаның бесеуін<br>Еділбайға жібердім.<br>Жұмсадым мен нешеуін,<br>Айтшы маған есебін…</td>
<td>Төртеу санның көркі екен.<br>Төрт аяқпен жануар,<br>Стол, төсек... тағы бар..<br>Төрт аяқпен нық тұрар,<br>Төрт бірлікті ұқтырар.<br>Бес дегеннің цифры,<br>Қарап тұрсаң оп-оңай.<br>Үштің басын қайырып,<br>Қоя салған жай бұрап.<br>Ә. Табылдиев<br><br>Қаз-қаз бас<br>Қаз-қаз, балам, қаз балам!<br>Қадам бассаң, мәз болам!<br>Күрмеу үшін шешейін,<br>Тұсауыңды кесейін!<br>Қаз-қаз, балам, қаз балам!<br>Тақымыңды жаз, балам.<br>Қадамыңа қарайық,<br>Басқаныңды санайық!<br>Қаз-қаз, балам, қаз балам!</td>
</tr>
</table>

| | |
|---|---|
| ***<br>Бір-бірімен жарысқан<br>Төрт аю, бір арыстан,<br>Үш қоян, бір мәлін бар…<br>Бәрі нешеу? Табыңдар…<br>*Ә. Табылды* | Қадам бассаң, мәз болам!<br>Қаз-қаз, балам, жүре ғой!<br>Балағыңды түре ғой,<br>Тай-құлын боп шаба ғой,<br>Озып бәйге ала ғой!<br>Қаз бола ғой, қарағым,<br>Құтты болсын қадамың!<br>Өмірге аяқ баса бер,<br>Асулардан аса бер! |

## Наурыз батасы

Ұлыс бақты болсын,
Төрт түлік ақты болсын!
Ұлыс күнгі игілік
Жан-жақты болсын!

Ұлыс оң болсын,
Ақ мол болсын!
Қайда барсаң жол болсын,
Не тілесең сол болсын!

Төрт түлік соны кеңге өрсін,
Пәле-жала жерге енсін!
Наурыз күні қазан толып
Береке-бірлік елге келсін!

**Наурыз**

Қарды ерітіп жылғасы,
Наурыз келді – жыл басы.
Шуақ төкті жарық күн,
Мейрамында халықтың.
Бата беріп атамыз,
Бата беріп апамыз.
Тәтті болып жасалған
Наурыз дәмін татамыз.
*Б. Жақыпов*

**Көктем**

Көктем қырға төрледі,
Төрт түлік мал төлдеді.
Бәйшешектер құлпырып,
Деп тұрғандай: «Көр мені!»

Жылы мезгіл жетіпті,
Тастадық біз етікті.
Қар көктемге жеткізбей,
Тауға шығып кетіпті!

*К.Ыбырайұлы*

**Нұрлы жаңбыр**

Жау, ақ мейір жаңбыр,
Жердің шөлін қандыр.
Тамырларды қуала,
Далам айтсын ән-жыр.
Жау, аяма, нөсерле,
Сенсіз бір түп өсер ме.
Құйып-құйып өтпесең,
Бұлт жөніне көшер ме?
Жау, жау, жаңбыр, аянба,
Бұлтқа бүйір таянба.
Сен нұрысың аспанның,
Нұрыңды төк, аяма.

*Қ. Әбілдақызы*

**Бір шаңырақ астында**

Бір шаңырақ астында,
Тату-тәтті тұрамыз.
Бірге ішеміз асты да,
Бірге сайран құрамыз.
Ортақ болып ісіміз, Еңбек
десе тынбаймыз. Үлкен
сыйлап кішіміз, Аға
ақылын тыңдаймыз.
Достықты үлгі санаған,
Бір үйде біз тұрамыз,
Қалған ата-бабадан,
Бірлік асыл мұрамыз!

*Н.Айтов*

**Достық**

Ортақ мекен жер шары,
Төбемізде бір аспан.
Барлық ұлттық баласы
Достығымыз жарасқан.
Ортақ бізге бір Отан,
Ортақ жердің байлығы
Еңбек ортақ, жыр ортақ,
Ортақ бізге барлығы.

*Е.Елубаев*

## Қайсар рухты баламын

Алатау, Алтай арасы –
Қазақтың кең даласы.
Мен боламын сол елдің
Қайсар рухты баласы.
Өсіп, өніп, ержетіп,
Ақылымды өрлетіп.
Елімнің атын шығарам
Мықты елдермен тең етіп.

*Д.Сүлейменов*

## Біз енді үлкенбіз!

Осы біз де-
Өзіміз де дардаймыз!
Бұзақының
Біз ақылын алмаймыз.
Көргендіге
Ерген бірге-достармыз.
Жақындықты,
Татулықты қостаймыз!

*М. Әлімбаев*

## Ынтымақ күні

Жалауымда – Нұрлы Күн,
Нұрын шашып тұр бүгін!...
Паш етеді ол:
Халқымның – Ынтымақ, бірлігін!...

Құқығы – әр ұлттың тең,
Ада күңкіл-шүңкілден:
Жүз түрлі ұлт пен ұлыстар
Ұғысады бір тілмен...

Ортақ – дәстүр, ғұрып бай.
Ынтымағын суытпай:
Шаңырақты көтерген,
Жүз түрлі ұлт – Жүз уықтай!..

Шыңға тартсаң салып жол,
Қиналмайды талып бел:
Жүз иыққа сүйенген,
Қазақстан – Алып Ел!

*Ө. Ақыпбеков*

## Сұлу мамыр

Мейірің сенің артық-ақ,
Айналайын мамырым.
Тағы келдің жарқырап,
Ертіп әлем жарығын.

Жылылық мол үнінде,
Асыл досым, келдің бе?!
Сен келгенде күлімдеп,
Бөленеді жер гүлге.

Тікті-ау сірә, кең дала –
Шебер ана, арлы ана.
Киімдерің жап-жаңа,
Сүйінді елің шаруаңа.

Өшпес үміт тәтті арман,
Құстар даусы келісті.
Жапырақ жайған бақтардан,
Кетті жайнап жер үсті.

Күнде еседі самал жел,
Жер жатқан соң қош алып.
Сұлуланып әжелер,
Кетті аталар жасарып.

*Т. Молдағалиев*

**Жаз келді**

Жайқалып жапырақ,
Құлпырып қызғалдақ.
Тұратын көз тартып,
Жаз келді күн шуақ.

*Ж.Молдағалиев*

**Жаз**

Жаз деген көктемнің
Көрікті жалғасы.
Пісетін өрігі,
Мейізі, алмасы.

Жазды ыстық сүйемін,
Сайраңдап жүремін.
Суына шомылам,
Күніне күйімін.

Тек ұзақ тұрмайды,
Күндері зырлайды.
Сөйткенше күз келіп,
Жазымды ұрлайды.

*Қ.Ыдырысов*

**Қызғалдақ**

Жомарт мынау табиғат
Өсіргендей бізге арнап.
Қып-қызыл боп жалындап,
Қырға өседі қызғалдақ.

*Р.Тышқанбаев*

**Жаз еді**

Өзен жай ағады,
Жағасы балауса.
Көбелек қағады,
Қанатын жалауша.

*Ә.Ахметов*

**Жарқын жаз**

Көл жағалай көп құстар
Ұшып-қонып жатады.
Қиқуласып әр тұстан
Сызылтып үн қатады.

Дөңгеленіп төбеден,
Сәулесін күн төгеді.
Жарқын жаздың не деген,
Жасыл түсі көп еді.

*А.Омарова*

**Жаз**

Үйін тіккен жасылдан,
Үсті-басы асыл дән.
Жаз келеді жайраңдап,
Жарық жүзі – сайран бақ

*Ә.Табылдиев*

## **Жыл мезгілдері(**ертегі)

Ерте, ерте ертеде, ешкі жүні бөртеде Ақ жайықтың жағасында еліне елеулі, халқына қалаулы, бір домалақ ана өмір сүріпті. Сол анадан тараған төрт қыз бар екен. Олардың ауыз десе аузы, күндей жарқыраған көзі бар. Дүниенің сұлулығын өздеріне дарытқан сұлу қыздары болыпты.

Анасы жақсы тәрбие беріпті, Үлкен қызының аты «Көктем». Ол ақ жарқын, мінезі нәзік. Екінші қыз «Жаз» жарқырап, жайдарлы, әр уақытта күлімдеп, нұрын шашып жүреді. Үшінші қызы «Күз» басқа қыздарға қарағанда жылауық, жаңбырлы болады, бірақ қолы ашық мырза екен. Ал кіші қызы «Қыс» басқа қыздарына қарағанда салқын, қаталдау.

Қыздары бой жетіп, саналы да салмақты қыз болып өсіпті. Осы қыздарын домалақ ана өздерінің құтты орындарына қондырыпты.

Үлкен қызы арыстай үш ұл туып, үшеуі де ел қорғаған  батыр болыпты.

Екінші қызы үш қыз туып үшеуі де адамзатқа жан жылуын сыйлай білетін мейірімді қыздар атаныпты.

Үшінші қызы жаздай жайдарлы үш қызды дүниеге әкеліпті.

Төртінші қызы берекесі мен ырысы мол, қолдары ашық, келген қонақты қадір тұтатын, қонақжай үш қыз өсіріпті.

Осы төрт қыздан өрбіген ұрпақтары елге, халыққа пайдасын тигізіп,ел аузында аттары аңызға айналыпты. Олар жылдың төрт мезгілі мен онекі айы екен.

## **Сауысқан мен көкек(**ертегі)

Ертеде сауысқан мен кәкек бір орманды мекендепті. Олар ұялары болмай, ағаштың бұтақтарын паналап күнелтіпті. Көкек күнде ерте тұрып алып: «ұя керек», «ұя керек», - деп, көршілерінің мазасын кетіреді. Бір күні сауысқан көршісіне:

- Екеуіміз бірігіп бірік ұя істейік. Әуелі саған, содан кейін маған салармыз, - дейді.

Көкек:

- Менің ұя салатын қуатым да, құралым да жоқ. «Керек, керек» деп қақсай берсем, құстың бәрі ағайыным, көп болып көмектесіп, ұя салып берер, - деп келіспейді.

Сауысқан көкектің көмегін күтпей–ақ, ұя салуға кірісті. Ол ұясының қабырғаларын жас бұтақтармен таспалап, берік етіп өрді. Оны шыммен, өсімдік тамырларымен мықтап байланыстырды. Іші – тысын саз балшықтармен сылады. Кішкентай бұтақтардан құрастырып, қақпалы есік жасады. Ұяның астына мамықтан төсек төседі. Ал  көкектің  «керек, керек» деп қақсай – қақсай даусы қарлығып, тілі сақау болды. Ол кейінгі жылдарда «керек» дегендегі «р» - ды айта алмай, «керек» деудің орнына «көлек, көлек» дейді. Сондықтан жұрт оны кекетіп «көкек» деп атайтын болды. Сол көкектің күні бүгінге дейін өзімдікі деген ұясы да жоқ екен.

## Ат пен есек

*(халық ертегісі)*

Бір кісі бір ат, бір есекке жүк артып, жолмен қалаға келе жатты. Есек жүгін ауырлап шаршап, атқа: «Жолдасым, менен біраз жүк алшы, менкөтере алмай, өлуге келемін»,- деді. Ат жәрдем етпеді.

Жолшыбай есектің халі бітіп, жығылып өлді. Сонан соң иесі есектің барлық жүгін және терісін сыпырып алып, атқа артты. Сонда ат айтты: «Күнә менде, егер есектен біраз жүк алсам, бұл оқиға болмас еді. Енді, міне, сорлап, есектің барлық жүгін де, терісін де әкеле жатырмын».

## Түлкі мен қоян

*(ертегі)*

Бір күні болдырып келе жатқан Түлкі жортып жүрген Қоянды көрді.

Өтірік ауырған болып ағаш жанына сұлай кетеді де, қасына шақырады.

- Қоянжан-ау, Қоянжан, неге сонша жортасың? Менен негеқорқасың? Бала жастан бірге өскен, тоғайдың дәмін бір жеген көрші емес пе едік. Мен ауырып жатырмын. Жақынырақ келсеңші, қоштасайық, - депті.

Сонда Қоян:

- Екі құлағым сөзіңде тұр, екі көзім өзіңде тұр. Сіз етті жақсы көреді дейді жұрт. Сол рас па? – депті.
- Рас болғанда қандай? Тіпті, ет жемесем басым ауырады.
- Міне, осыңыз жаман ғой.
- Иә, соған өзім де қынжылып жатырмын. Кеше бір тауық жеп едім, оған жаным ашып, жылап та жібердім. Өйткені ол да тірі жүргісі келеді ғой. О, шіркін тіршілік! – депті.

Қоян:

- Сіз оны өлтірмей тұрып, ойланып көрдіңіз бе? – депті.Сонда Түлкі:
- Мен дәл сол жерде ойлануды ұмытып кетіппін. Жаныма батып, ауырып жатқаным да соның өкініші, - дейді.
- Ұмытшақ болған жаман ғой. Мен де содан қорқамын, сондықтан да жортамын, - деп Қоян тұра жөнеліпті.

## Арыстан күшігін асыраған мысық

(ертегі)

Бір мысық қаңғырып жүріп, анасы өліп қалған арыстанның күшігіне кез болады. Мысық күшікті бауырына басып, емізіп, асырайды. Арыстан өсіп, азулы жыртқыш аң болып, өз азығын өзі табатын халге жетеді. Бір күні ашыққан арыстан өзін асыраған мысықты жемекші болады. Мысық оның бұл ойын сезіп, өрмелеп, ағашқа шығып кетеді. Сонда арыстан тұрып:

- О, менің ақ сүтін емізген асыраушым. Маған сен туған анамдай ыстықсың. Бүкіл қылықтарды үйреткенде, ағашқа өрмелеуді неге үйретпегенсің?-дейді.

Қысылғанда керек болар дегенім еді, - депті сонда мысық.

**Не дәмді?**

(ертегі)

Бір бас қосқанда құстар мен хайуаннаттар нендей тамақтың дәмді екенін талқылапты. Сонда тауық:

-Ең дәмді тамақ - тары, -депті қыт-қыттап.

-Тапқан екенсің, дәмді тамақты! Кеміріп жейтін сүйекке не жетсін!- дейді ит абалап.

-Бәрің де білмейсің. Күтірлетіп жейтін сәбізден артық ештеңе жоқ,- дейді қоян, екі құлағын тікірейтіп.

-Жас шыбықтың қабығынан дәмді не болушы еді! – деп ешкі маңырапты.

-Шіркін қою сүтті айтсаңдаршы!- деп мысық тамсанады.

Сөйтіп әрқайсысы өзі сүйетін тағамды мақтап, қызыл кеңірдекболысып, бәтуаға келе алмай, тарасыпты.

**Жеті лақ**

(орыс ертегісі)

Ертеде бір Ешкі жеті лағымен орманда тіршілік етіпті. Бірде Ешкі орманға жиналыпты.

- Есікті ешкімге ашпаңдар! Мен қайтып оралғанда есікті қағып:

«Лақтарым, шұнақтарым! Есікті ашыңдар! Аналарың сендерге сүт әкелді! деп ән саламын», - дейді.

Осы кезде Ешкі үйінің маңында Қасқыр жемтік іздеп жортып жүрген. Ол лақтарды алдамақ болды. Қасқыр Ешкінің кеткенін күтіп, лақтардың ешкімнің қарауынсыз қалған сәтін аңдыды.

Қасқырісмер адамға келіп, жіңішке дауыспен ән салу үшін тамағын қағып беруін сұрады. Ісмер таң-тамаша болды, бірақ тамағын қағып, оның дауысын жіңішкертті.

Қасқыр Ешкі үйіне жақындап келіп, есігін қақты. Сонан соң жіңішке, нәзік дауысымен:

- Лақтарым, шұнақтарым! Есікті ашыңдар! Аналарың сендерге сүт әкелді! – деп әндетті.

Лақтар есікті ашты. Жауыз Қасқырға керегі сол еді. Ол үйге басакөктей, кимелей кірді де, лақтарды бірінен соң бірін қылғытып алды. Тек бір лақ қана тығылып үлгерген еді. Сұрқия Қасқыр жетінші лақты ұзақ іздеді, бірақ таба алмады. Ешкінің келетін уақыты болып қалған болатын. Сондықтан ол зыта жөнелді.

Ешкі үйіне келсе, есік айқара ашық жатыр. Үй ішінде ешкімкөрінбейді. Пеш ішінен бір лағын тауып алды. Ешкі басына түскен қайғыдан көз жасын көл қылып, зарлы үнімен зарлап жылады:

- Лақтарым. шұнақтарым, көлге біткен құрақтарым ! Есікті ашып,

Қасқырға жем болдыңдар!

Ешкі Қасқырға келіп: «Сен бе менің лақтарымды жеп қойған?» –деп сұрады. Қасқыр оған: «Сенің лақтарыңды жеген жоқпын,» - деп жауап қатты.

«Жемегеніңді дәлелде. Кел, екеуіміз мына ордан секірейік. Егер сен менің лақтарымды жемесен, онда оңай секіріп кетесің!» – деді Ешкі.

Қампиған қарнымен ордан секіру Қасқырға қиын түсетіні белгілі ғой. Амал қанша?! Секірді, бірақ өзін-өзі ұстай алмай, тура ыстық шоқтарды бар орға құлады.

Қарны жарылып, одан құлан таза лақтар орғып-орғып шықты. Олар аналарымен шұрқырасып табысты. Сөйтіп, Ешкі лақтарымен бұрынғыдай ауызбірліктері күшті, ынтымақты өмір сүріпті.

## Мақта қыз бен мысық

(ертегі)

Мақта қыз үйін жинап жүріп, бір мейіз тауып алады да, мысықты шақырады. Мысық келмейді. Қыз:«Келмесең келме» деп мейізді өзі жеп қояды. Жеп болған соң мысық келіп:

– Неге шақырдың? – деп сұрайды. Мақта қыз айтпайды. Сонан соң мысық:

– Ендеше қатығыңды төгем! – дейді.

Мысық қатықты төгеді. Мақта қыз мысықтың құйрығын кесіп алады. Мысық:

– Апа, апа, құйрығымды берші, – дейді.Мақта қыз:

– Менің қатығымды төле! –дейді.Мысық сиырға барады.

– Сиыр, маған қатық берші, – дейді.Сиыр:

– Менің қарным ашып тұр. Маған жапырақ әкеліп берші! – дейді. Мысық ағашқа барып:

– Ағаш, ағаш, жапырағыңды берші! – дейді.Ағаш:

– Мен шөлдеп тұрмын. Су әкелсең, жапырақ беремін, – дейді.Мысық суға бара жатса, су әкеле жатқан қыздарды көреді.

– Қыздар, қыздар, маған су беріңіздерші! – дейді.Қыздар оған: Бізге сағыз әкеліп берсең, біз саған су береміз, – дейді.Мысық дүкенге барады.

– Әй, дүкенші, маған сағыз берші! – дейді.Дүкенші:

– Маған жұмыртқа бер! – дейді.Мысық тауыққа барады.

– Тауық, тауық, маған жұмыртқа берші! – дейді.Тауықтар:

– Бізге дән әкеліп берсең, біз саған жұмыртқа береміз, – дейді. Мысық: «Енді не қыламын?» – деп бара жатса, бір ін қазып жатқантышқанды көреді. Мысық тышқанды бас салады.

– Жаныңның барында айт. Үйіңде не бар? – дейді.Тышқан қорыққанынан:

– Үйімде бір табақ тарым бар, – дейді.Мысық:

– Маған бір уыс тары бер, – дейді.

Тышқан үйіне барып, бір уыс тары әкеліп береді, мысық тарыны апарып

тауыққа береді, тауық жұмыртқа береді, жұмыртқаны апарып дүкеншіге береді; дүкенші сағыз береді, сағызды апарып қыздарға береді, қыздар су береді, суды апарып ағашқа береді, ағаш жапырақ береді, жапырақты апарып сиырға береді, сиыр қатық береді, қатықты апарып Мақта қызғабереді, Мақта қыз мысықтың құйрығын қайтарып береді.

## Бауырсақ

*(орыс халқының ертегісі)*

Бір шал мен кемпір болыпты. Бірде шал жалынып:

- Кемпір-ау, маған бауырсақ пісіріп берсеңші, - дейді.
- Неден пісірейін? Ұн жоқ қой.
- Әй, кемпірім-ай! Қойманың түбін қырнап көрсеңші, бауырсақтықұн табылып қалар.

Кемпірі қойма түбін қырып-қырып екі уыс ұн табады да, қаймаққа шылап, қамыр илеп, майға бауырсақ пісіреді. Оны терезенің алдына суытып қояды.

Бауырсақ суып тұрып тұрып, бір кезде домалай жөнеледі. Домалап келіп терезе алдындағы орындыққа, орындықтан еденге, еденнен дәлізге, дәлізден аулаға, ауладан сыртқа, одан әрі домалай береді, домалай береді.

Бір кезде оған Қоян жолығып:

- Бауырсақ, Бауырсақ! Мен сені жеп қоямын! – дейді.
- Қоян, сен мені жеме. Мен саған өлең айтып беремін, онан да соны тыңда.

Әжей қойма қырнаған,Екі уыс ұн жинаған.

Балқаймаққа шылаған, Пісіріп маймен сылаған, Суытып та сынаған, Бауырсақпын зулаған! Атайдан да құтылдым, Әжейден де құтылдым.Қоян сенен құтылу Қиын емес бұл маған!

Бауырсақ алға қарай домалай жөнеледі, қоян аңырап қала береді.

Бауырсақ орман ішіндегі соқпақпен зымырап бара жатса, қарсы алдынан қасқыр шыға келеді:

- Бауырсақ! Мен сені жеп қоям!
- Сен мені жеме, мен саған өлең айтып берейін.Бауырсақ әндете жөнеледі:

Әжей қойма қырнаған,Екі уыс ұн жинаған.

Балқаймаққа шылаған, Пісіріп маймен сылаған,Суытып та сынаған, Бауырсақпын зулаған!

Атайдан да құтылдым, Әжейден де құтылдым,Қояннан да сытылдым, Қасқыр, сенен құтылу, Қиын емес бұл маған!

деп, Бауырсақ домалай жөнеледі. Қарсы алдынан қорбаңдап аю шығады.Ол:

- Әй, Бауырсақ! Мен сені жеп қоямын! – дейді.
- Жоқ, сен мені жеме, мен саған өлең айтып берейін, - деп жауап береді Бауырсақ.

Әжей қойма қырнаған,Екі уыс ұн жинаған.

Балқаймаққа шылаған, Пісіріп маймен сылаған,Суытып та сынаған, Бауырсақпын зулаған!

Атайдан да құтылдым, Әжейден де құтылдым, Қояннан да сытылдым, Қасқырдан да құтылдым,Маймақ, сенен құтылу Қиын емес бұл маған!

Бауырсақ домалай жөнеледі, аю оның ізіне үңіліп қала береді.

Бауырсақ зымырап бара жатса, қарсы алдынан түлкі шыға келеді:

- Амансың ба, Бауырсақ! Көргендерге ұнайды, жүзің қызылшырайлы! Бауырсақ мақтағанға мәз болып, өлеңін айта бастайды. Түлкі болса құмарта тыңдаған боп, қыбырын білдірмей, бауырымен сырғып, оған жақындай береді.

Әжей қойма қырнаған,Екі уыс ұн жинаған.

Балқаймаққа шылаған, Пісіріп маймен сылаған,Суытып та сынаған, Бауырсақпын зулаған!

Атайдан да құтылдым, Әжейден де құтылдым, Қояннан да сытылдым, Қасқырдан да құтылдым,Аюдан да сытылдым, Түлкі сенен құтылу

Қиын емес бұл маған!

Әдемі өлең екен! – дейді түлкі. – Айналайын-ай, қартайған шағымғой, құлағымның мүкісі бар. Кәне, менің мына тұмсығыма шық та,

өлеңіңді тағы бір шырқап жіберші.

Бауырсақ өлеңін мақтағанға мәз болып, түлкінің тұмсығына қарғып шығады да:

- Әжей қойма қырнаған...– деп өлеңдете бастағанда түлкібауырсақты «ап» деп бір-ақ асапты.

## **Шалқан**

*(орыс халық ертегісі)*

Баяғы бір заманда шал мен кемпір болыпты. Олардың бақшасы бар екен. Бірде шал шалқан отырғызады. Шалқан үп-үлкен боп өседі. Бір күні шал шалқанды жерден суырып алмақшы болады. Ары тартады, бері тартады. Бірақ шалқанды шығара алмайды.

Шал көмекке кемпірін шақырады. Кемпір шалдан, шал шалқаннанұстап, ары тартады, бері тартады. Бірақ орнынан қозғалта да алмайды.

Кемпір көмекке немере қызын шақырады. Немересі кемпірден, кемпір шалдан, шал шалқаннан ұстап, ары тартады, бері тартады. Тағы да суырып шығара алмайды.

Немере қызы итін шақырады. Ит қыздың етегінен, немересі кемпірден, кемпір шалдан, шал шалқаннан ұстап, ары тартады, бері тартады. Шалқанды суыра алмайды. Енді ит көмекке мысықты шақырады. Мысық иттің құйрығынан, ит қыздың етегінен, немересі кемпірден, кемпір шалдан, шал шалқаннан ұстап, ары жұлқиды, бері жұлқиды. Шалқан шықпайды.

Мысық болса, тышқанды шақырады. Тышқан келіп мысықтың

құйрығынан, мысық иттен, ит немересінің етегінен, қыз кемпірден, кемпір шалдан, шал шалқаннан ұстайды. Олар тарта-тарта ақыры шалқанды суырып шығарады.

## Түлкі мен ешкі

(ертегі)

Бір түлкі жүгіріп келе жатып, абайсызда бір терең апанға түсіп кетіпті. Шығайын десе, шыға алмайды. Сол кезде бір ешкі су іздеп жүріп, әлгі апанға келеді. Түлкіні көріп:

-Әй, түлкі батыр, неге апанда отырсың?- деп сұрайды.Түлкі:

-Ой, неғыласың, жаныма рахат тауып тұрмын. Қырда әрі сусап, әрі ыстықтап өліп едім. Апанның іші әрі салқын, әрі түбінде тұп-тұнық суы бар екен,- деп жауап береді.

Мұны естіп ешкі:

-Мен де салқын су ішейін,- деп апанға түседі. Түлкі секіріп ешкінің үстіне мінеді. Онан соң мүйізіне шығады. Мүйізінен секіріп қырға шығып, жөніне кетіпті.

«Өтірікке алданба, басың бәлеге душар болар» - деген осыдан қалыпты.

## Түлкі мен қоян

(ертегі)

Ұзын құлақ сұр қоян қашып келіп, бұта түбінде бұғып жатады. Бір қу түлкі оның ізіне түсіп, жортып келе жатқан.Түлкі ақырын аңдып келедіде, қоянды тарпа бас салып:

- Аһа-а, қолға түстің бе, бәлем! – деді.Сол кезде қоян көкке қарап:
- О-о, Түке! Құрыдық! Енді екеуміз де өлетін болдық, –деп жылап жібереді.
- Ей, не айтып тұрсың? – деді түлкі.
- Ойбай- ау! Ана бұлттың арасында екі бүркіт келе жатыр ғой бізге.

«Бүркіт» десе өлердей қорқатын түлкі:

- Не дейді мынау!?- деп шошып кетті.
- Бүркіт келе жатыр дедім ғой, бүркіт!- деді қоян онан сайын еңіреп.

Түлкі қайтерін білмей, қатты сасып:

- Әй, енді не істейміз!? – деді қоянға.
- Сіз мына тұрған орманға қашыңыз. Мен оларды осында айналдыра тұрайын.

Түлкі қоянды тастай салып, орманға қарай безіп жөнелді.Қоян қуана секіріп:

- Уһ, бір ажалдан қалдым-ау!-деді.

*Т. Жексенбай*

## Күшік пен қасқыр

(ертегі)

Қарны ашқан күшік тауда қаңғып жүрсе, қасқыр жүгіріп келіп:

-Ей, күшік, мен сені жеймін! – депті.

-Қой, көкешім, қой! Әуелі мені тойғыз, сонан соң жерсің, - депті күшік. Қасқыр:

-Жарайды, жарайды! Менің соңымнан қалмай ере бер, - депті.

Екеуі келе жатып, бір топ сиырды көріпті. Қасқыр өзінің жолдасына қарап:

-Маған қарашы: менің көздерім, құлақтарым, аузым, құйрығымқандай екен? – депті.

-Сенің көзің шоқтай қызарып жайнаған, екі құлағың жылмиған, аузың арандай ашылған, құйрығың артқы екі аяғыңның арасына қыстырылып, жас шыбықтай болып майысқан, - депті күшік.

-Мен не қылар екем, соны қара,- депті де қасқыр шапшып барып, бір бұзаудың тамағына жабысып, тұншықтырып өлтіріпті.

-Мен тойдым, сенің етіңді енді жемеймін. Қош бол! – депті де, қасқыр кетіп қалыпты.

Күшік бұзаудың жемтігінің қасында қалып, үш күндей тегін етке тойып жатыпты. Ақырында, іші пысқан соң, қаңғып жортуға шыққан екен, бір аш мысыққа кез болып, оған:

-Ей, мен сені жеймін! – депті.

-Қой, күшеке, қой! Әуелі мені тойғыз, сонан соң жерсің, - депті мысық.

-Жарайды! Менімен бірге еріп жүр, - депті күшік.Біраздан соң бұлар бір топ түйеге келіпті.

Күшік:

-Мысық! Маған қарашы: менің көздерім, құлақтарым, аузым, құйрығым қандай екен? – депті.

-Несін айтасың! Сенің көзің бозарып тұр, құлақтарың салпиып тұр, аузың аңқайып тұр, тілің салақтап, құйрығың салбырап тұр, - депті мысық. Сонда бұған күшік:

-Енді мен не қылар екем, көр!- депті.

Күшік жүгіріп барып, бір түйенің аяғын тістейін дегенде, түйе мұны дәлдеп тұрып, басқа теуіп қалыпты, күшік сол арада сеспей қатыпты. Сонда мысық айтыпты:

-Ей, мақтаншақ! Сен әліңе қарамай, қиын іске қолыңды созасың! Сенің етіңді енді мен жеймін! – депті.

## Күшік пен мысық

(ертегі)

Ауылдағы көршілес екі үйдің бірінің қара күшігі, бірінің ала мысығы болды. Бір күні қара күшік көршінің бағына кіріп, сонда жүрген ала

мысықты тұра қуды. Мысық қашып барып алма ағашқа шығып кетті.Күшік ағаш түбіне келіп:

-Әу-әу-әу,әу-әу-әу! – деп, мысыққа қарап шабаланып тұрып алды.

Мысық та оған құйрығын қыбырлатып, белін күжірейтіп, тұмсығын тыржита айбат шекті.

Сол сәтте жұдырықтай бір қызыл алма сабағынан үзіліп, күшіктің басына келіп топ ете түсті!

Күшік қаңқ ете қалды да, «мысық ұрды екен» деп қаша жөнелді. Оленді өз ауласына барып, тағы да мысық жаққа қарап шәуілдеп тұрған.

Сол кезде мысық ағаштан жерге қарғып түсіп еді, ол «және ұрады екен» деп ойлап, күшік жүгіріп барып үйшігіне кіріп кетті.

Содан бастап қара күшік ала мысықты қумайтын болды.

*Т.Жексенбай*

## Түлкі мен қасқыр

(ертегі)

Бұрыңғы уақытта бір қасқыр мен түлкі жолдас болыпты. Бір жерге келгенде, қасқыр түлкіге айтыпты:

-Менің басым ауырып барады, тамырымды ұстап білші.

Сонда түлкі тамырын ұстап тұрып:

-Басың өте қатты ауырып тұр екен, олай-бұлай жүгіріп, құйрығыңды көкмұзға қойғын, - депті.

Сонда қасқыр олай-бұлай жүгіріп келіп, құйрығын көк мұзға қоя қойғанда, құйрығы мұзға жабысып, өзі сол жерге қатып қалыпты.

## Гүлдер таласы

(ертегі)

Бағзы ерте заманда өсімдіктер патшалығында Қызғалдақ, Раушан гүлі, Бақытгүлі өмір сүріп жатады. Күндердің бір күнінде үшеуінің арасында

«Қайсымыз жаз мезгілінде гүлдеуге лайықпыз?» - деген талас туады. Сонда шыдамсыздау Қызғалдақ бәрінен бұрын:

- Мен гүлдеймін жазда, - дейді.

Осы кезде тікенектері тікірейіп, жан-жағына тәкәппарлана қараған Раушан гүлі:

- Жоқ, жазда мен гүлдеуім керек! Менің өте жақсы жұпар иісім бар, - дейді.

Сабыр сақтап тұрған, шыдамды Бақытгүлі ең соңында баяу үнмен:

- Менің де жаз мезгілінде гүлдегім келеді, - деп өтінеді.

Бәрін сырттай бақылып тұрған, көп жыл жасаған Шырша былай дейді:

- Табиғаттың әр мезгілі өзінше ерекше сондықтан сендер былай істеңдер! – деп ақылын айтады.

- Қызғалдақ, сен суыққа төзімдісің. Сол себепті көктем мезгілінде гүлдеуің керек. Ал сен Раушан гүлі, жаздың аптап ыстығына төзе білесің.

Сағаншыдамдылық танытып, қапырық күн астында жаздай гүлдеуіңе тура келеді.

- Бақытгүлі, саған сабырлы қалпыңнан айнымай, күз басталғаннан қар түскенге дейін гүлдеген жарасады. Өзге гүлдің бәрі қурап, жер бетінен жоғалғанда сен ғана өз сұлулығыңмен жұрттың көзін тамсандырып, мейірім нұрын шашып тұратын боласың! – дейді.

- Ал мен сендермен таласпай-ақ, жыл он екі ай жасыл қалпымда тұра берейін, - деп Шырша өзіне келгенде табиғат сыйын көбірек алады.

- Содан бері көктем шыға даланы Қызғалдпқ басып, бірақ сәл өкпесі бар болғандықтан аз уақыт гүлдеп жоғалып кететін көрінеді.

- Ал, Раушан гүлі күн нұрына малынып, ала жаздай ұзақ гүлдеп тұратын болыпты. Бақытгүлі болса гүлдеу мезгілін көп күтіп, күздің алғашқы күнінен қар жауғанға дейін гүлдеп, басқа гүлдерді жоқтатпай тұрады екен.

- Өзінің тапқырлығына риза болған Шырша, көктемде Қызғалдақтың әдемілігіне сүйсініп, жаз бойы Раушанның хош иісінен қуат алып, күздей әр түсті Бақытгүлінің көркіне қызығып, қысы-жазы жасыл түсті болып ғұмыр кешеді екен.

*Г. Құлжабаева*

### Әтеш пен бұлбұл

Ерте, ерте, ертеде әтеш пен бұлбұл араларынан қыл өтпейтін тату дос болыпты. Ол кезде екеуінің дене тұрқы да ұқсас екен. Күндердің күнінде тау қойнауындағы ұяларының қасынан өтіп бара жатқан аспан перизаты әтеш пен бұлбұлдың:

Біз әнші болсақ қандай жақсы болар еді? – деп армандап отырғандарын естіп қалыпты. Ол мұны естігеннен кейін олардың қасына келіп әнші болуды қаласа, үйрететіндігін айтыпты. Әтеш пен бұлбұл қуана келісіпті.

Сонымен олар әнші перизаттан өнер үйрене бастапты. Бұлбұл орнынан таң сәріде тұрып, өнерге жаттығумен айналысады екен де, әтеш ұйқышылдау болып, кеш тұрады екен. Оның үстіне ол өзінің қызыл айдарын мақтан көріп, өзін бұлбұлдан артық санап жүріпті. Екеуіне бір жыл өнер үйреткен әнші перизат оларға:

Сендер көп өнер үйрендіңдер, ендігі мәселе, сол өнерлеріңді өздерің дамытуларың керек, үзбей жаттықсаңдар, өрелі өнерге ие боласыңдар, мен енді бір жылдан кейін келіп, екеуіңнен сынақ аламын, - депті де көзден ғайып болыпты.

Әтеш пен бұлбұл ақылдасып, екеуі екі тауда тұрып, жағы талғанша сайрайтын болыпты, тіпті бұлбұлдың үнін ормандағы аңдар мен құстар да қызыға тыңдайды екен, ал әтеш болса өзінің даусының зорлығына сеніп, күні бойы ұясына кіріп ұйықтаумен болыпты. Ол үнемі ұйықтағандықтан, бұғағы салақтап, семіре бастапты әрі құйрығы да ұяда үнемі жатқандықтан, қайырыла-қайырыла қайқая дөңгеленіпті. Сөйтіп, ол біржылдың өткенін де

сезбей қалыпты. Уағдалы уақытта бұлбұл мен әтешті әнші перизат іздеп келіпті. Ұйықтап жатқан жерінен оятып алса да, әтешті әзер таныпты. Әтеш болса ерекше семіргендіктен, әуелгідей ұзаққа ұша алмайтын болыпты.

Әнші перизат бұлбұл мен әтешті қатар тұрғызып, жеке-жеке сынақ алыпты. Бұлбұл құйқылжыта сайрағанда, әтеш шаңына да ілесе алмай қалыпты. Бұлбұлдың соншама өнер үйренгеніне қайран қалумен бірге өзінің күні бойы ұйқымен болғанын ойлап, қатты ұялыпты. Ол іштей ұйқысын азайтуға ант етіпті, әрі содан бастап әр күні ертемен тұрып, өзініңзор дауысы арқылы басқаларды оятып, ізгілікті іс істеу байламына келіпті. Сөйтіп өз кінәсін мойнына алуды ойлапты.

Сол күннен бастап әтеш ұша алмайтын болып қалыпты да, оның есесіне таңнан тұрып шақыратын болыпты. Ал бұлбұл өзінің өнерін қанағат тұтпай, күні бүгінге дейін жаттығады екен.

*Ж. Жәкен*

## Қу түлкі

Жолбарыс бір түлкіні ұстап алады. Түлкі құйрығын бұлаңдатып, тұмсығын жоғары көтеріп:

- Мені жей алмайсың! Мен осы орманға қожалық етуге келгенмін,— дейді.

Жолбарыс түлкіге олай бір, былай бір қарап, сенбей:

- Мүмкін емес,— дейді.

- Сенбесең, менімен бірге орманға жүр. Ондағы барлық аңдардың мененқалай қорқатынын өз көзіңмен көр, — дейді түлкі.

Жолбарыс бұған келіседі. Түлкі жолбарыстың алдына түсіп, паңдана жүріп отырады. Жолбарысты көріп аңдар мен құстар зәресі ұшып, тым-тырағай қашады, ұялары мен індеріне тығылады, аспанға ұшады. Ал қу түлкі басын онан сайын көтере түсіп:

- Ал, енді көзің жеткен шығар! Менен қорықпайтын жан бар ма тірі?— депмақтанады.

- Я, сен шынында да айбарлы екенсің,— деп алданған жолбарыс жайына кетеді.

## Мақал-мәтелдер

Отан – оттан да ыстық.

Отансыз адам – ормансыз бұлбұл.
Отан отбасынан басталады.

Туған жердің жуасы да тәтті.
Туған жердің торғайы да сүйкімді.
Туған жердей жер болмас,

Туған елдей ел болмас.

Ата –бәйтерек,
Бала – жапырақ.

Ананың сүті – бал,
Баланың тілі – бал.

Әдепті бала – арлы бала,
Әдепсіз бала – сорлы бала.

Әдептілік белгісі –иіліп сәлем бергені.
Бала –көңілдің гүлі, көздің нұры.
Әкені көріп ұл өсер,
Ананы көріп қыз өсер.

Бірлікбар жерде – тірлік бар.

**Тіл ұстарту**

ла-ла-ла Арман жақсы бала, ыз-ыз-ыз Анар сүйкімді қыз.
ра-ра-ра Айжан шашыңды тара.
Жан-жағыңа қара.

са-са-са Ызылдайды маса, Ағаш болар таса.
қа-қа-қа Бақылдайды бақа. на-на-на Ең бақытты ана,
Атам біздің дана.

та-та-та Ата, берші бата.

ыс-ыс-ыс Бүгін бізде жарыс.

өс-өс-өс Ұстаның құралы төс.
Жігіт болып өс.

да-да-да Малдар қорада.

ша-ша-ша Ойын сауық тамаша.
Суық ай ғой – қараша.

ал-ал-ал Атам екті тал.

ұр-ұр-ұр Қоянның түсі сұр.
Сөзге мойын бұр.

ұс-ұс-ұс Аққу парасатты
құс.ар-ар-ар Қыста қалың
қар.
ас-ас-ас Дәмді түскі ас.
ақ-ақ-ақ Сылдырайды бұлақ.
ат-ат-ат Ағаңа жаз хат
Туысқа болма жат.

ап-ап-ап Өз орныңды тап.
аш-аш-аш Ұстап алар қаш.
үр-үр-үр Аман-есен жүр.
йе-йе-йе Сөзде болсын жүйе.
ие-ие-ие Құлындады бие.
аң-аң-аң Жайқалып тұр маң.
ыр-ыр-ыр Жаттап жүрмін жыр.
ыл-ыл-ыл Қағылды дабыл.
үй-үй-үй Күмбірлейді күй.
шы-шы-шы Әкем менің – аңшы.

ші-ші-ші Ағам менің – әнші
Әпкем менің – биші Көкем менің – күйші.

жа-жа-жа Менің атым Қожа
Тауып алдым олжа.
еш-еш-еш Жауабын өзің шеш.
ын-ын-ын Сөзің болсын шын.
ың-ың-ың Қандай биік шың.
ыс-ыс-ыс Болсын мол ырыс.
ер-ер-ер Жемістерді тер.Аға соңынан ер.

уа-уа-уа Қандай таза ауа!

ау-ау-ау Болсын денің сау!
өр-өр-өр Орның болсын төр!
ма-ма-ма Жалқау жігіт болма.

лау-лау-лау Желбірейді жалау.
Лапылдайды алау.

у-у-у Желбірейді ту. Таза болсын су.

ді-ді-ді Сөзің болсын мәнді. Киімің болсын сәнді.

қа-қа-қа Менде үлкен сақа.

за-за-за Болсын қолың таза.

ла-ла-ла Қандай әсем қала!Қандай кең дала!

аз-аз-аз Қаңқылдайды қаз.
Келіп қалды жаз.

ай-ай-ай Көңілің болсын жай!

**Көктем**

Көктем қырға төрледі,
Төрт-түлік мал төлдеді.
Бейшешек құлпырып,
Деп тұрғандай: көр мені.

*К. Ыбрайұлы*

**Көктем**

Үстін жасыл түк басып,
Көктем келді нық басып.
Тоғандарға тығылып,
Кетті лезде қыс қашып.

*Ө.Ақыпбеков*

**Көктем**

Көктем келді бүгін,
Күнім төкті нұрын.
Сайрап барлық құстар,
Ән салуға құштар.

Түрлі-түсті әйбат,
Гүлдер шықты жайнап.
Қызыл-жасыл аймақ,
Қырға шықтық ойнап.

*Б.Жақып*

**Наурыз**

Қарды ерітіп жылғасы,
Наурыз келді – жыл басы.
Шуақ төкті жарық күн,
Мейрамында халықтың.

Бата беріп атамыз,
Бата беріп апамыз,
Тәтті болып жасалған,
Наурыз дәмін татамыз.

*Б.Жақып*

**Жаңбыр**

Бұлттар неге ауады,
Жаңбыр қашан жауады?
Шөлдеді ғой торғайлар,
Шаң басты ғой ауаны.

*Ұ.Есдәулетов*

**Наурыз тойы**

Наурыз тойы – елдің тойы,
Көктем тойы – төлдің тойы.
Ән айтылды күні бойы,
Жақсы көрем Наурыз тойын.

*Т.Молдағалиев*

**Құстар келді**

Қар су болып жөнелді,
Қалды дала жалаңаш.
Күн нұрына кенелді,
Бүршік атып бар ағаш.

Келіп көктем құстары
Бау-бақшада ән салды.
Оларды жас достары Ұя
жасап қарсы алды.

*Б.Қозыбеков*

**Биікке, биікке**

Көктемде, көктемде
Күн нұрын төккенде.
Қар еріп ақты су,
Жоғары тартты бу.

Көк шыбық бұлтырғы
Көгерді – құлпырды.
Құлпырды, құлпырды,
Жоғары ұмтылды!

*М.Әлімбаев*

**Көктем**

Көктем келді шуақты,
Балаларды қуантты.
Алақай-ау, алақай!
Құстар сайрап, бақтар жайнап, гүл атты.
Дала гүлге толыпты,
Аққу көлге қоныпты.
Алақай-ау, алақай!
Көктем қандай,
Көктем қандай көрікті.

*К. Ыбырайұлы*

**Көктем**

Көктем қырға төрледі,
Төрт түлік мал төлдеді.
Бәйшешектер құлпырып,
Деп тұрғандай: «Көр мені!»
Жылы мезгіл жетіпті,
Тастадық біз етікті.
Қар көктемге жеткізбей,
Тауға шығып кетіпті!

*К.Ыбырайұлы*

**Жібек жел**

Жасыл көктем кеп еді,
Жұпар желі өбеді.
Көкте бұлты көбейіп,
Мөлдір жаңбыр себеді.

*Ә.Дүйсеков*

**Жаңылтпаштар**

Әке,
Әліппенің әріптерін, суреттерін,
Әр беттерін келіп көрші.
Маған да осындай әліппе алып берші?

Қарындасым,
Бояу қарындашың барын Қасым айтып еді,
Бере тұршы, тәңір жарылқасын?!

Тақпақ айт,
Тақпақ айтсаң, түгел жаттап, мәнін сақтап,
Сөзін нақтап, баптап айт?!

*Оразақын Асқар*

**Жаңылтпаштар**

Асан бақша жақтан.
Ақ сабақ асқабақ әкелді,
Басқа жақтан,
Басқарақ асқабақ әкелді.
Сұр інген сүрінген бе,
Сүрінген сұр інген бе.

Біреуі көрікті кісі,
Біреуі бөрікті кісі.
Көрікті кісі – зорықты,
Бөрікті кісі – қорықты.

Қондық жаңа қонысқа,
Қалың екен жоңышқа.
Қоныстағы жоңышқа,
Оралады қонышқа!

Баланың жаман баға алмағаны,
Мұғалім ағаның жаман болмағаны.

Қоғанбай қомағай ма?
Жоқ, ағай
Қоғанбай қомағай емес,
Зор ағай.

Доп теп,
Дөп теп.

Кермеде тұр қырық
Кір қыстырғыш,
Қырық кір қыстырғышқа
Қырық қыз келіп,
Кір қыстырды.

Ала-ала алашалар,
Тамаша олар,
Оған кім таласа алар.

Бұлаң бұлаң еткен бұл аң,
Бұлаң десем екен қылаң.

Тақпақ жаттап,
Айтсақ жақсы-ақ.
Жатқа тақпақ,
Жатта тақ-тақ.

Ата мен әже, ана да,
Алма мен алмұрт тереді,
Ауырға Арман бала да,
Арбамен тасып береді.

Сен өлше, ол өлшер,
Сол өлшем, сол мөлшер.

Омартаға балалар барар,
Балаларды аралар талар.
Алашаларды
Таба алса, алар.

Жағажайды жағалай,
Жүгіреді Қамажай.

Есім есі кетіп есінеп отыр екен.
Ол несіне.
Есі кетіп есінеп отыр екен.

Омар ора алар,
Омар ора алмаса,
Орал ора алар.

Үміт түбіт түтті,
Түбітті түтіп бітті.

Арқада алты арқар бар,
Қырқада қырық арқар бар.
Қырық арқарда ақ арқар бар.
Алты арқарда марқа арқар бар.

Әбдіреде әбігер әтеш отыр.
Әбігер әтеш отырған
Әбдірені әжем ашып жатыр.

Ғарышкер ұшты ғарышқа.
Ғарышқа ұшты ғарышкер.
Айтшы, ғарыш алыс па?

Гүлім гүлге қарап күлімдеді,
Көгілдір гүлге қонған араларгуілдеді.

Зура зурнада ойнайды,
Зурнада бір ғана Зура ойнайды деме,
Зара да, Зере де зурнада ойнайды.

Ескекті ескекші еседі,
Ескекші ескекті еседі.

Пай-пай-пай,
Жайылып жүр тай.
Ай-ай-ай,
Ұшып кетті торғай.

Хан баласы ханзада
Болды ғашық ханшаға.
Алып ханнан хабар,
Ханшайымды табар.

Қаһарлы айдаһар
Шаһарға келіп,
Қаһарланар.

## Асқа байланысты салт-дәстүрлер мен әдет-ғұрыптар

**Асату.** Табақтағы тамақты (ет) жеп болғаннан кейін ондағы қалғанетті қарттар жас балаларға асатады. Балалар ет асаймыз деп күтіп тұрады.

**Ауыз тию.** Бір үйге дәм үстіне келген адамға дәмнен ауыз тигізеді. Бұл ежелден қалыптасқан салт.

**Бүйрек.** Соғым сойған үй туыстарының балаларына бүйрек қосып, сыбаға жібереді. Бұл сыйластықтың, баланы тәрбиелеудің, елеп-ескерудің бір жолы.

**Жолаяқ.** Келген қонақты жолға шығарып салып тұрып, оларға «жол болсын» айтып, дәм-тұз ұсынады. Сонан кейін қош айтысып, қалады. Бұл да тамақтың жолының бөлек екенін дәлелдейтін халықтық салт - дәстүрдіңбірі.

**Ерулік.** Ауылға басқа жақтан отбасы көшіп келіп, іргелес қоныстанатын болса, ауылдағылар жаңа көршіні ерулікке шақырып,қонақасы береді.

**Қонақасы.** Танысын, танымасын үйге келген кісіге әр қазақ отбасы кәделі тағамдардан қонақасы береді. Бұл қазақ қонақжайлылығын танытатын үлкен дәстүр. Салт бойынша әр кісінің түскен үйінде лайықты қонақасы

жейтін хақы бар.

**Сарқыт.** Қонаққа шақырылғанда үлкен әжелер келіні мен немерелеріне ет, кәмпит алады. Оны балаларына бөліп береді.

**Наурыз көже.** Ұлыстың ұлы күні әр үйде пісірілетін жеті дәмнентұратын қасиетті әрі дәстүрлі көже. Бұл көжеден барлық адам ауыз тиюге тиіс және оны әр үй дайындайды.

*С. Кенжеахметұлы*

**Қызғалдақ**

Қырқалардың төрінен
Қаулап көзге ұрады.
Қызғалдақтар өңірді
Қып-қызыл ғып тұрады.

**Лалагүл**

Лаулап оттай шілде айында лалагүл,
Лала гүлмен құлпырады дала бір.
Ләззат алмау мүмкін емес көркінен,
Лалагүл де өзгеше әсем, дара гүл.

**Мыңжапырақ**

Мыңжапырақ атанып
Маңайға гүл өседі.
Мұқияттап санасақ,
Мыңнан да асып кетеді...

**Нәркес**

Наурыз біте құлпырады қырларда

Нәзіктіктің жаршысындай нәркесгүл.
Нақ сұлулық сипатына сын бар ма?
Нәркесгүлден нәр аласың көрсең бір.

*А. Исабек*

**Аялайық гүлдерді**

Табиғат, таң қаламын тамашаңа,
Өзіңсің жасыл қорған барша адамға
Саяңда ләззат алып дамаламын,
Қамқор болып жүрем саған әрқашанда

*Ұ.Жақсыгелді*

**Гүлдер**

Гүлдер толып кетіпті,
Қырқаларға, қырларға.
Қарай бергім келеді,
Жанарымда нұр барда.

Үлбіреген нәп-нәзік,
Гүлдің жанын түсіндім.
Иіскеуге иіліп,
Тиіспеуге кішірдім.

Жайнаңдаршы гүлдерім,
Үндемейтін үндерім.
Ырғалыңдар желменен,
Қандай әсем күлгенің!

*Қ.Әбілдақызы*

**Гүл**

Балбырап шыққан жазғы гүл,
Көз тартқандай болады.
Кім біледі, сол түрде
Ер жетеді, толады;

*С. Торайғыров*

**Гүл**

Үйде тұрып өсетін
Әкеп гүлдің көшетін.
Топырақты салдым да,
Отырғыздым қалбырға.
Жел ысқырып,күз келді,
Жапырақтар түсте енді.
Жаурамасын біліп гүл,
Тысқа қарап күліп тұр.

*С.Қалиев*

**Еңбек дәмі**

Еңбек еттім бүгін мен,
Терлеп-тепшіп маңдайым.
Ал тәттіні тілім мен
Татты бірақ таңдайым.

**Нан**

Ерте тұрып таңнан,
Пісірді апам ақ нан.
Кетер емес әлі,
Таңдайымнан дәмі.

*Т. Еділбаев*

**Мен тәртіпті баламын**

Мен кішкентай баламын,
Айтқан тілді аламын
Апам нанға кеткенде,
Үйде ойнап қаламын.
Шкафтарды ашпаймын,
Кітаптарды шашпаймын,
Кубиктерден үй жасап
Қызық ойын бастаймын.

*Ө. Тұрманжанов*

**Әжем мені мақтайды**

Құрметтейтін бұл кісім
Кейімесін деп келем.
Жуынғанда сүлгісін,
Ұсынамын еппенен.

Мейірім бар көзінде,
Естімедім сөгісін.
Сыртқа шығар кезінде,
Қойып берем кебісін.

Қасынан бір қалмадым,
Әңгімелер айтамын.
Дүкен барса, алғанын
Көтерісіп қайтамын.

Сырымды әжем біледі,
Қолымды да қақпайды,
Көршілерге үнемі,
- Көмекшім? – деп мақтайды.

*О. Байбақұлы*

**Ұя**

Ұя жасап тақтайдан,
Талға апарып байладым.
Жыл құсының шаттанған,
Күттім қашан сайрауын.

Сол ұяны талғады,
Қараторғай мекендеп.
Күні бойы сайрады,
Жайлы пәтер екен деп.

*Қ.Баянбаев*

**Қалсын апам қуанып**

Апамызды сыйлайық,
Үйдің ішін жинайық,
Бұрынғыдай егесіп
Ерегесіп тұрмайық.

Қалмау үшін керісіп,
Кел, алайық келісіп.
Атқарайық үйдегі
Жұмысты тең бөлісіп.

Кел, самаурын қайнатып,
Дастарханды жайнатып.
Отырайық бөлмеде
Бөпемізді ойнатып.

Гүлдерді де суарып,
Еденді де жуайық,
Келген кезде жұмыстан
Қалсын апам қуанып.

*С.Әлімқұлов*

**Еңбек**

Гүл өсірсең терлеп,
Мұның аты-еңбек.
Кесте тіксең зерлеп,
Мұның аты-еңбек.
Қырға шықсаң өрлеп,
Мұның аты-еңбек.
Қиындықтың бәрін,
Еңбек бәрін жеңбек.

*Н.Жанаев*

### Бозторғай әні

Тау мен дала, қырқаны
Күн аймалап тұр тағы.
Көкте қалқып бозторғай,
Құбылтып ән шырқады.
Мың құбылды қырдағы
Әннің әсем ырғағы –
Күміс қанат бозторғай
Күнді мақтап жырлады.
Әнші аспанда қалқып тұр,
Әуеледі шалқып жыр.
Жусанды кең даланың
Жұпар иісі аңқып тұр.

### Бәйшешек

Еріді де соңғы қар, Өзен
тасып, су ақты.
Ойпаңдағы омбы қар
Қыс белгісі сияқты.
Көктем лебі тұр есіп,
Жапты жаңа гүл қырды:
Қар астынан дүр өсіп,
Бәйшешектер құлпырды.
Тұңғыш гүлін көктемнің
Аялап тұр көктен күн.

*Ә. Табылды*

### Бөгелек

Ішер судың тазасын,
Сүйер оты ебелек.
Жылқылардың мазасын
Қашырады бөгелек.

### Гүл мен Ара

Түсінбейсің жанымды,
Жаралайсың тәнімді.
Тастап ұшып кетесің,
Сорып алып нәрімді, -
Деді Араға Гүл бірде.
Жоқ бойымда мін мүлде.
Үлесім бар балыңда,
Алғысыңды айт, білдің бе?»
Айтты Ара: «Әй, тамыр,
Сыңайыңды байқадым.
Сені баптап өсірген
Жазға алғыс айтамын!»

*К. Ыбырайұлы*

### Көбелек

Қанатын көп қақпайды,
Қалбаң-қалбаң ұшады.
Құлағына жақпайды
Құйқылжыған құс әні.

Жаңбыр жауса себелеп,
Жасырынып қалатын.
Түрлі жеппен көбелек
Кестелепті қанатын.

### Сона

Ұнар жердің сортаңы,
Жатады аунап ол оған.
Ал түйлер қорқады
Ұзын тұмсық сонадан.

## **Бір үзім нан(**ертегі)

Баяғы бір заманда бай мен кедей көрші өмір сүріпті. Олардың араздығы сондай, бірін-бірі көргісі келмейді екен.

Байдың үйі кең, әдемі болыпты. Іші толған-алтын мен күміс. Ал кедейдіңүйі ағаштан жасалған, төбесін бұтамен жапқан қора екен. Алтын мен күміс түгілі, нанын әзер тауып жепті. Егін егіп, оны суарып, күтіп, орып, өз күнін өзі көріпті.

Бір жылы көктемде алапат су тасқыны болады. Бай алтынын көтеріп ағаштың басына шығып кетеді. Ал кедей болса, бір көмеш нанын қойнына салып, ол да ағаштың басына көтеріледі. Су тасқыны он бес күнге созылады. Бір күн қарны ашқан бай кедейге:

- Әй, кедей, сен мына бір кесек алтынды ал да, маған бір үзім нан бер, - дейді.
- Жоқ, алтының өзіңе, нан бере алмаймын, - деп жауап береді кедей. Екінші күні бай кедейден тағы да нан сұрайды.
- Алтынымның жартысын берейін, - дейді ол бұл жолы.
- Жоқ, бере алмаймын, - деп бұл жолы да кедей келіспейді.

Ақыры аштан өліп бара жатқан соң шыдамай, бай бір үзім нанға барлық алтынын айырбастайтынын айтады. Кедей бәрібір көнбейді. Бойынан күші кеткен бай басы айналып, суға құлап кетеді. Ал, келесі күні су тоқтап, кедей ағаштың басынан түседі. Халықтың: «Алтын, күміс – тас екен, арпа, бидай – ас екен» дейтіні орай айтылғаны екен.

*Н.Ерназар*

## Жыланның басы мен құйрығы

Жыланның басы мен құйрығы таласыпты:

- Алда жүру қайсымызға тиіс, - деп. Басы айтты:
- Сен қалай алда жүресің, көзің жоқ көруге, құлағың жоқ естуге?Саған ерсек, біз не оңамыз? Құйрығы айтыпты:
- Көзім жоқ, құлағым жоқ болғанмен, күш менде ғой. Ағашқа оралып жатып алсам, сен қайда барасың? Орныңнан да жылжи алмассың.
- Мықты болсаң да мен саған ере алмаймын, - деп бас айтыпты.
- Мен де саған ермеймін, - деп құйрық айтыпты. Екеуі айырылып, бет-бетімен кетіпті. Құйрық көпке бармай-ақ бір жарыққа түсіп, шыға алмай сонда қалып, сасып-шіріп жоғалыпты.

*Ахмет Байтұрсынов*

## Өрмекші, құмырсқа, қарлығаш

Атасы он жасар ұл баласымен далада келе жатып, баласынан сұрады:

- Анау өрмекшіні көремісің, не істеп жүр?
- Көремін, өрмек тоқып жүр.

- Анау құмырсқаны көремісің?
- Көремін, ауызында бір нанның уалшығы бар, жүгіріп кетіп барады.
- Жоғары қара, аспанда не көрінеді?
- Жоғарыда қарлығаш ұшып жүр, аузында кесек тістеген шөбі бар.Сонда атасы айтты:
- Олай болса, шырағым, ол кішкентай жәндіктер саған әбірет.Өрмекші маса, шыбынға ұзақ құрып жүр, ұстап алған соң, өзіне азық етуге.Құмырсқа бала-шағаларына тамақ аулап, бір нанның уалшығын тапқан соң өзі жемей, аузына тістеп, қуанғаннан, үйіне жүгіріп қайтып барады. Қарлығаш балапандарына ұя істеуге шөп жыйып жүр. Жұмыссызжүрген бір жан жоқ. Сені де құдай тағала босқа жүруге жаратпаған, жұмыс жұмыстауға әдеттенуге керек,- деді.

*Ы.Алтынсарин*

### Құмырсқаның илеуін бұзба!

Айра-жайра қылып, құмырсқаның илеуін бұзып тастаса, оның балалары, кішкентай құмырсқалар, күнге күйіп, жаңбырдың суына ағып бәрі бірдей мерт болып қалмай ма?! Ал, құмырсқалар кішкентай болғанына қарамастан ұйымшыл келеді және ұйымдасып, жабыла жұмыс істейтін еңбекқор жәндік. Олар шыбын-шіркейдің өліктерін, басқа да зиянды заттарды жеп, қоршаған ортаны тазартып, табиғатқа көп пайдакелтіреді. Сондай-ақ орманда жүріп адасып кеткен болсаңыз, құмырсқаның илеуіне қарап, бағыт-бағдарды анықтап алуға болатын көрінеді. Өйткені құмысқалар өз илеуін тек солтүстікке қаратып салады екен. Сондықтан олардың илеуін бұзбаған, баспаған дұрыс. Қайта оларды қорғау сауап болады.

*Спандияр Ақаев*

### Торғай мен көбелек

Балабақша ауласында қызыл, сары, ақ гүлдер өскен әп-әдемі гүлзар бар еді.

Сонда бір теңбіл қанат ақ көбелек гүлден-гүлге қонып, шырын сорып жүрген.

Оны бір қу торғай көре қалды да, ұстап жегісі келіп, қуа жөнелді.

Көбелек гүлзар үстінде жоғары-төмен, оңға-солға бұлтарып қаша берді, қаша берді.

Торғай да қыр соңынан қалмай, қанаты пыр-пырлап қуа берді, қуа берді.

Жанталасқан көбелек бір гүлге барып қорғалып еді, қу торғай оны қақшып кете жаздады. Одан тағы да қайта ұшып, әрлі-берлі бұлтақтай қашып жөнелді.

Біреуі аз болғандай, енді оған екінші торғай келіп шүйілді. Екеуі пыр-пыр етіп таласа кеп қуды. Бір торғайдың қанаты қағып, біреуінің тұмсығы да тиіп өтті.

Міне, осы қиын сәтте ақ көбелек сонда жүрген бір кішкентай қыздың

көйлегіндегі гүлге барып қона қалды.

Содан мысы құрыған екі торгай енді оған жуый алмай, жай-жайына кетісті.

Ақ көбелек болса қайтадан гүлзарға барып, гүлден-гүлге қонып,тағы да шырын сора бастады.

*Т. Жексенбай*

**Алғашқы көмек**

*(әңгіме)*

- Үйде ата-аналарыңа көмектесетін болыңдар, - деді тәрбиеші апай балаларға. Тәрбиешінің бұл сөзін кішкентай Ұлтай есіне мықтап сақтап қалады. Ол балалар бақшасынан үйге келсе, әкесі жұмыстан оралған екен.

- Әке, шай қайнатып берейін бе? - деді Ұлтай.

- Жоқ, шырағым! Әлі кішкентайсың ғой, - деді әкесі.

Ол сары самауырынды алып, далаға шықты.Ұлтай үндемей үйде қала берді. Бір уакытта ол суланған шүберекті алды. Шай ішетін үстелдің үстін сүртті. Кеселерді тазалай бастады. Әкесі үйге кіріп келіп, қызының ісін көрді.

- Көп жаса, қызым! Азамат болып қалыпсың ғой өзің, - деп сүйсіне күлімсіреді.

*Ж. Бұғыбаев*

**Шие тергенде**

Әмина әже немерелері Жанат пен Қанатты ертіп, шие теруге орманға келді. Көп ұзамай-ақ бітік шиеге кезікті. Жанат терген шиесін қолындағы ыдысқа жинай берді. Қанат шиені тойғанша теріп жеп, сонан соң өз бетімен ойнап кетті.

Таза ауада әрі жақсы демалып, әрі шиеге тойып, балалар үйлеріне көңілді оралды.

Жанат жинаған шиесін атасына беріп жатып:

- Ата, мына шиені әдейі сіз жесін деп орманнан теріп әкелдім,- деді.

Көп жаса, Жанатжан! - деді атасы бір шиені аузына салып. Өскенде сен мені асырайды екенсің.

- Өзің де же, Жанат,- деді ол бір кезде.

- Ата, біз шиені орманда тойғанша жедік.

- «Ас иесімен тәтті» дейді. Сен көмектеспесең, жалғыз өзім тауыса алатын емеспін.

Жанат шиені алып, бір-бірлеп аузына салды.

Қанатжан, сен неге отырмайсың? - деді атасы босаға жақта тұрып қалған Қанатты көріп, - Жанаттың шиесінен же. Қатты ұялған Қанат көзі жасаурап, үйден шығып кетеді.

*Мәдіхат Төрежанов*

## Құмырсқа мен көгершін

Бір күні құмырсқа шөлдеп, су ішуге өзенге түсті. Оны толқын соғып, суға кетіп қала жаздады. Сол мезгілде аузында тістеген бұтағы бар бір көгершін суға кетіп бара жатқан құмырсқаны көріп, бұтағын оның үстіне тастай берді. Құмырсқа бұтаққа жармасып, толқынмен судың шетіне шығып, ажалдан құтылды.

Тағы бір күні манағы көгершін өзеннің жағасына қонып, бір аңшыныңқұс аулауға құрып қойған ауының астындағы бидайды теріп жей бастады. Аңшы ауды басып қалып, көгершінді ұстап алуға даярланып тұрғанынқұмырсқа көріп, өрмелеп келіп оның аяғын шағып алды. Аңшы ауды қоя бергенде, көгершін көтеріліп ұшып кетті.

Жақсылыққа – жақсылық деген осы!

*Спандияр Көбеев*

## Кішкентай бағбан

Садықтың әкесі бағбаншы. Ол әкесіне үнемі көмектеседі. Күн жылынып, қар еріп, жер кебісімен олар құмырсқалар сияқты бақта еңбектенеді.

Бір күні олардың қасына Халел жүгіріп келіп:

- Садық, жүр ойнайық, - деді.

- Менің жұмысым көп,- деп жауап берді Садық.

- Осыны да жұмыс деп ойлайсың ба? Әкең бәрін жасай салады. Ойнаған өте көңілді емес пе?

Халел ойыншықтарының бірінен соң бірін шығара бастады. Садық қатты ойнағысы келсе де, өзін жігерлендіріп, жұмысын әрі қарай жалғастыра берді.

Күз келді. Бақта көптеген жемістер мен жидектер пісіп жетілді.

Садық жеміс-жидектерді өзі де жеп, досына да ауыз тигізді. Халел жеміс-жидектерді тойып жеп алып:

- Қазір мен барлығын да жеп тауысамын, ештеңе қалмайды,- деді.

- Қалады. Әкем: «Жер-ана еңбекті ойынға айырбастамай, аянбай еңбек еткендерді өз жомарттығымен сыйлайды деген», - деді Садық.

*М.Төрежанов*

## Бақша ағаштары

Жаздың әдемі бір күнінде, таңертең бір төре өзінің баласымен бақшаға барып, екеуі де егілген ағаштары мен гүл жапырақтарын көріп жүрді.

- Мынау ағаш неліктен тіп-тік, ана біреуі неге қисық біткен? - деп сұрады баласы.

- Оның себебі, балам, анау ағашты бағу-қағумен өсірген, қисық бұтақтары болса өсіп. Мынау ағаш бағусыз, өз шығу қалыбымен өскен,- деді атасы.

- Олай болса, бағу-қағуда көп мағына бар екен ғой, -деді баласы.

- Бағу-қағуда көп мағына барында шек жоқ, шырағым; мұнан сен де өзіңе

әбірет алсаң болады; сен жас ағашсың саған да күтім керек; мен сеніңқате істеріңді түзеп, пайдалы іске үйретсем, сен менің айтқанымды ұғып, орнына келтірсең, жақсы түзік кісі болып өсерсің, бағусыз бетіңмен кетсең, сен де мынау қисық біткен ағаштай қисық өсерсің,- деді.

*Ыбырай Алтынсарин*

**Асыл шөп**

Злиха мен Бәтима деген біреудің қызметінде тұрған екі қыз бала төбесине бір-бір жәшік жеміс көтеріп қалаға келе жатыпты-мыс. Злиха ахлап-ухлеп шаршадым деп, Бәтима күліп, әзілдесіп келе жатады.

Сонда Злиха айтты:

- Сен неге мәз болып қуанып келесің, төбеңдегі жәшіктің ауырлығыда менің басымдағыдан кем емес, өзіңде менен күшті емессің?

- Мен жәшігім ішіне ауырды жеңілдететін бір шөп салдым дедіБәтима.

- Ай, ондай болса шөбіңнің атын айтшы, менде ауырымды жеңілдетейін деді Злиха

- Ол шөп сенің қолыңа түспейме деп қорқамын аты: сабыр деген деді.

*Ыбырай Алтынсарин*

**Түлкі мен құмыра**

Бір әйел далаға егін ора келіп, құмыраны сүтімен шөптің арасынатығып қояды. Бұны түлкі көрді де, жасырынып келіп, құмыраның ішіне басын тығып, сүтті ішіп қояды. Енді түлкі құмырадан басын шығара алмайәлек болады.

Түлкі:

- Әу, құмыра! Біраз ойнадың, жетер, жібер менің басымды?- дейді.

Қалай жұлқынса да басын шығара алмайды. Түлкі ашуланып:

- Қап, бәлем, тұра тұр, жақсылықпен қаламасаң, сені суға батырармын, – деп жүгіріп келіп, өзенге қойып кетіпті. Сөйтіп, құмырамен бірге өзі де батып кетсе керек.

*Ы. Алтынсарин*

**Бір уыс мақта**

Бір кішкентай қыз әкесінің шапанын жамап отыр екен, шешесі қасына отырып, ақыл айтты:

- Балам, дүниедегі жаратылған жәндік-жансыздардың ешқайсысының да керексіз болып, жерде қалатыны болмайды,- деп. Сол сөзді айтып отырғанда, қыз бала киімін жамап болып, жердегі мақтаның қиқымын терезеден лақтырып, далаға тастады:

- Әже, осы қиқымның ешнәрсеге керегі бола қалмас,- деп.Шешесі:

- Балам, сол да жерде қалмайды,- деді.

Осылайша сөйлесіп, терезеден қарап отырса, манағы мақтаны желкөтеріп ұшырды, мұны бір торғай көріп қуып барып, мақтаны тұмсығына тістеп қана алып, ұшып кетті. Қыз әжесінен:

- Манағы мақтаның қиқымын бір торғай алып кетті, оны неғылады? –деп сұрады.

Әжесі айтты:

- Көрдің бе, балам, күн айналмай манағы айтқан сөздің келгенін. Ол кішкентай мақтаны торғай ұясына төсеп, жас балапандарына мамық етеді,- деді.

*Ыбырай Алтынсарин*

## Әтеш пен тоты құс

Ерте, ерте, ертеде, ешкі құйрығы келтеде, аң мен құстардың ең әдемісі, сымбаттысы әтеш болыпты. Сондықтан ол өте такаппар екен. Жүріп-тұрса да маңғазданып, сыландай басады екен. Қоқыраяды да жүреді. Бірде-бір аңмен, не құспен сөйлеспейді. Жалғыз серігі тоты құс болыпты.

Тоты байғұстың үстінде жібі түзу, жөнді киімі де жоқ. Мына түріммен қалай барамын. Мен сенің досың деп білетін ел мазақтайды ғой. Маған үстіңдегі әдемі киіміңді бере тұршы, - деп қиыла жалыныпты.

Әтеш досының сөзіне сеніп, үстіндегі әдемі киімдерінің бәрін шешіп беріпті. Сөйтіп, тоты құс жасанып тұрып киініп алады. Қай мезгілде келетінін айтады.

Егер мен кешіксем, дауыстап шақыр. Келмей жатсам, тағы да шақыр, дауысыңды естиін, - дейді.

Сөйтіп, тоты құс әсем киініп, тойға кетеді. Бірақ ол қайтып оралмайды. Әтеш ол естісін деп үсті-үстіне шақырады. Ешқандай хабар болмайды.

Содан күні бүгінге дейін әтеш тоты құс пен әдемі киімін іздеп, таң қылаң бергеннен, күн батқанға дейін айқайлап шақыра береді екен.

*Ыбырай Алтынсарин*

## Қоян зары

Екі қоян кездесіп, мұңдасыпты:

- Бізден сорлы дүниеде жан бар ма? Адам да, аң да, ит те, құс та - бәрі де бізге мықты. Бәрінен де қорқамыз. Тиінше ағашқа шыға алмаймыз,тышқанша ін қаза алмаймыз. Тісіміз өткір, тістеуге бата алмаймыз. Көбіне жым болатынымыз осы қорқақтығымыз. Мұнан былай осы қорқақтықты қояйықшы, - десіпті.

- Солай десіп тұрғанда, қамыс сылдыр ете қалады. Қорқуды қоямыз деп тұрған батырлар тырағайлап екеуі екі жаққа қаша жөнеледі.

*Ахмет Байтұрсынов*

## Құстың ұясы

Балалар ойнап жүріп, ағаштың ішінен бір құстың ұясын көрді. Бұл ұяның ішінде екі балапан отыр екен. Балалар балапанды алып үйіне әкелді. Әкесі баласына айтты: «Бұл балапанды ұядан неге алдың,- деп. - Шешесіз

балапандар тұра алмайды: балаларынсыз шешесі қайғырады, далада құр өліп қалады ғой»,- деді.

Балалар балапанды аяп, ұясына апарып қойды.

*Спандияр Көбеев*

## Торғай мен қарлығаш

Торғай жыланның жұмыртқасын тауып алып, ұясына салып басып жүріпті. Бұлай істеп жүргенін Қарлығаш көріп, Торғайға айтыпты:

- Мұның не бейшара? Ақылың алмасқан ба? Мұнан не қайыр, не жақсылық күтіп жүрсің? Өскен соң жамандығы ең әуелі өзіңе тиеді. Айтпады деме! Басыңа тигенде білерсің.

Торғай Қарлығаш сөзін тыңдамай, жылан жұмыртқасын баса беріпті. Күні толған соң жұмыртқадан жылан баласы шығыпты. Өсіп үлкейіп, жылан болып алып, әуел бастан Торғайдың өзің шағып өлтіріпті. Сонда Қарлығаш көріп айтыпты:

- Айтқаным келмей қалмас, кербаққан тілімді алмас.

*Ахмет Байтұрсынов*

## Бозша торғай

Ерте тұрған Омар атай үй сыртындағы бақшаны аралап келе жатты. Түні бойы жаңбыр жауған. Жер саз. Омар атай бір топ жусанның ығында бүрісіп отырған кішкентай құсты көрді. Ұшуға жарап қалған бозторғайдыңбалапаны. Тұмсығының жиектері сап-сары. Өзіне әбден жаңбыр өткен. Екі қанаты салбырап, дір-дір етеді.

Балапан Омар атайға жасқана қарады. Қорқып кетті. Салбыраған қанатын жиюға шамасы келмей, сүйреткен бойы бір түп жусанды сырт айнала берді. Бірақ жүгіріп кете алмады. Жығылып қалды. Омар атай бозша торғайды жерден көтеріп алды. Алақанына қойып аз ғана уақыт қызықтай қарады. Әрі тоңған, әрі қорыққан кішкене құс қалшылдап тұр.

Омар атай бозша торғайды үйіне әкеліп, күн сәулесі түсіп тұрған терезе жақтауына отырғызды. Алдына ыдысқа салып жем әкеп қойды. Бозша торғай жем жемеді. Омар атайға жалт-жалт қарай берді. Омар атай оның сырын сезіп, жымиып қана күлді де, тысқа шығып кетті. Сәлден кейін терезеден сығалап қарап еді, кішкене құс жемді теріп жеп жатыр екен. Үсті де құрғап кеуіпті. Бозша торғай ыдыстың ернеуіне ұшып қонды.

- Ә, әлденіп алдың ба? Өзіңе дос екенімді білген шығарсың? - деп қойды атай. Омар атай ептеп келіп терезені ашты.

Бозша торғай ыдыстың ернеуіне қонды. Көтеріліп барды да, әуеде қалықтап тұрып әндете бастады.

*Нымғет Ғабдуллин*

## Өкпелеген үлесінен құр қалады

Қоян-ата көжектеріне көп сәбіз әкеп, бір-бірден бөліп берді. Еңкенжесі –

сұр көжек:

- Маған қотыр сәбіз бердің, жемеймін, - деп ұртын бұртитты. Жуантықтүп жағында бұршақтың үлкендігіндей ғана екі-үш бүртігі бар

сәбізді басқа бір көжек қағып алды да, бір-ақ асады. Сұр көжек ашқалды.

Атасы оған:

- Солай балам... «Өкпелеген үлесінен құр қалады», - деді.

*М. Әлімбаев*

## Бұғының мүйізі

Көктем кезінде әкесі он жасар Айдана мен жеті жасар Арманды хайуанаттар паркіне алып барған.

Айдана үлкендігі сиырдай бір қоңыр аңды қолымен көрсетіп:

- Міне мынау – бұғы, - деді інісіне.
- Жо-оқ, бұл бұғы емес. Көрмейсің бе, мүйізі ұқсамайды ғой?

Бұғының мүйізі деген үлкен болады, - деді Арман таласып.

Айдана қайта назар аударып, өзі де ойланып қалды. «Расында мынаның мүйізі бір түрлі екен. Қып-қысқа, құлақтан да оза қоймаған. Ұшытоқал. Сырты түкті. Тіпті қатты да емес секілді. Өткен күзде көрген бұғының мүйізі мұндай емес, арбиған, аша сияқты еді».

- Көке, мынау қандай аң, бұғы ма? – деді ол қасына келген әкесіне қарап.
- Иә, бұғының дәл өзі.
- Мүйізі ұқсамайды ғой? – деді Арман.
- Е-е, мынау жаңа шығып келе жатқан жас мүйізі ғой. Кейін бұл сала-сала болып, шаңырақтай дәу мүйізге айналады. Ол қыста немесе көктемге қарай түседі де, оның орнына мынадай жаңасы шыға бастайды.
- Сонда ол жыл сайын түсе ме?
- Иә, жыл сайын көне мүйіз түсіп, жаңа мүйіз шығып отырады.
- Қызық екен? – деп таңғалды да, балалар одан әрі қарай бақтыаралап кетті.

*Т. Жексенбай*

## Күшік пен мысық

Ауылдағы көршілес екі үйдің бірінің қара күшігі, бірінің ала мысығы болды.

Бір күні қара күшік көршінің бағынан кіріп, сонда жүрген ала мысықты тұра қуды.

Мысық қашып барып, алма ағашқа шығып кетті.Күшік ағаш түбіне келіп:

- Әу-әу-әу, әу-әу-әу! – деп, мысыққа қарап шабаланып тұрып алды.

Мысық та оған құйрығын қыбырлатып, белін күжірейтіп, ырылдап айбат шекті.

Сол сәтте жұдырықтай бір қызыл алма сабағынан үзіліп, күшіктіңбасына келіп топ ете түсті. Күшік қаңқ ете қалды да, «мысық ұрды екен» деп қаша жөнелді. Ол енді өз ауласына барып, тағы да мысық жаққа шәуілдеп тұрған.

Сол кезде мысық ағаштан жерге қарғып түсіп еді, ол «және де ұрады екен» деп ойлап, күшік жүгіріп барып үйшігіне кіріп кетті.

Содан бастап қара күшік ала мысықты қумайтын болды.

*Т. Жексенбай*

## Әділ шешім

Орман төресі айбарлы Арыстанға Қоңыр аюдың үстінен арыз жазылды. Арызда бітік өскен Таңқурайлы сайды мекендеп, қорып, оған түскен Шошқаның торайын таспен ұрып көзін шығарып, Ешкінің лағыныңсирағын сындырған, бұзаулы Сиырдың мүйізін қағып түскені мәлімделді. Ормандағы бар жаунарлар жиналып Қоңыр аюдың мәселесін қарады.

- Аюеке сенің мінезің момақан еді, не себепті Шошқа, Ешкі, Сиырларға қиянат жасадың? – деді айбарланған Арыстан.
- Уа, тақсыр менен бір білместік өтті. Оларға жазықсыз қастандық жасаған жоқпын. Бар кінә өздерінде.
- Неліктен?
- Шошқа торайын ертіп алып, қорс-қорс етіп пісіп тұрған таңқурайдың түбін қопарды. Бір күндік емес келешектің жемісі емес пе? Таңқұрайжы аядым. Шошқаны үркітейін деп тас лақтырып едім, торайына тиіп, көзін шығардым. Ол үшін әрине кінәлімін. Қоңыр аю иіліп келіп еңкейді. Айбарланған Арыстан Қоңыр аюдан мұны күтпеген еді, оған іші жылып қалды. Дұрыс айтасың, келешек өнімді қорғау бәріміздің ортақ борыш.Шошқа таңқурайды қопарғаның рас па?
- Рас, еді тақсыр.
- Ендеше қоңыр аю емес өзің кінәлісің.
- Ешкі не істеді, Аюеке?
- Лағын ертіп алып таңқурайдың піскен жемісін төгіп, сабағын шорт-шорт үзді.
- Ешкі де айыпты, ал сиыр не істеді?
- Бұзауымен ары-бері жүріп таңқурайды таптады.
- Сиыр да кінәлі. Таңқурайдың тағдырын ойлаған Қорңыр аюда еш жазық жоқ. Арыз жазғандар жауапқа тартылсын. Айбарланған арыстанәділ шешім шығарды. Жала жапқандардан құтылған Қоңыр аюТаңқурайлы сайға қарай томпаңдап ақырын аяңдай берді.

*Ескермес Сәрсенбаев*

## Тәртіпсіз лақ

Кеш. Аулада, терек саясында кітап оқып отырғанмын. Кенет тарс – тұрс дыбыс шығып, басымды көтердім.

Қарасам, көршімнің біріншіде оқитын баласы кішкентай ақжағаллақты қуалап жүр.

Бір кезде жетті-ау лаққа. Мүйізінен ұстап алып, басқа төпелеп жатыр.Үйден әжесі шығып, оның қылығын көрді де:

- Әй, Тәлтай! Ұрма лақты!

Айқайға алаңдаймын деп, Тәлтай лақтан айырылып қалды. Төніпкелген әжесінен қашпай тымыраяды.

- Неге ұрасың ой, тәртіпсіз?!
- Лақ тәртіпті ме? Неге еккен ағашымды құлатады?

Қараймын, әлгінде ғана терезе алдына еккен өрімталы қисайып жатыр. Оны көрген әжесі:

- Жә, екеуің де оңып тұрған жоқсыңдар, - деп қолын бір сілтеп, жөніне кетті.
- Маған ұрсады, лаққа ұрыспайды, - деп бұртаңдаған Тәлтай құлаған талын тұрғызып жатты.

*Н. Сералиев*

## Құлын, қозы, лақ

Жаз. Өрісте лақ, құлын, қозы кездесе кетті. Іші пысқан олар бірігіп ойнамақ болды. Әуелі нендей ойын ойнайтынын талқыға салды. Сөзді ақ лақ бастады.

- Ойынның қызығы тауға шығу. Тастан-тасқа секіріп ойнау. Әрі қан тарайды, әрі миың тынығады.

Қошақан лақтың сөзін жаратпады.

- Секіріп шошаңдап ойнау ойын емес. Ойынның қызығы қошқарша сүзісіп ойнау. Әрі күшің толады. Әрі ойының қанады. Сендердің ойындарың көңілге қонбайды. Ойнаған соң шапқылапжарысайық. Тұра қалып тебісейік,- деді құлын.

*Мәдіхат Төрежанов*

## Тәтті алма

- Саяжай деген сиқырлы бақ - аптап ыстықтан паналайтын қорғаның. Атасы солай деген. Қала шетіне келіп, көкірегін кере дем алып тұр. Алтай да айналаға жіті көз салды. Учаске үлкен емес, алайда жұмыс көп.

Былтырдан қалған құрайларды жинап өртеу, жер тырмалау, қопсыту, көң төгу, одан басқа шаруа жеткілікті. Соның бәрін атасы ала таңнан күн батқанша істей береді. Бүгіннен қалған жұмыс ертесіне жалғасады,аптадан-айға, айдан - жылға ұласып жатады. Кенет, Алтай айқайлап жіберді.

- Ата, кірпіні қара! Мың сан инесі қылаңытып, жер қыртысына кіріп

барады.

- Бәсе, биыл алмам неге ғана көктемге жетпей қалды десем, түбіне жеткен осылар болар ма?

Алтай алманың сөлімен үш ай алаңсыз қоректенген кірпі жайлы оқығандарын айтқанда, атасы да күлімсірей берді.

- Шіркін, алма! Сені кім жек көреді екен?!

*Нұрлан Құмар*

## Бір тал шөп

Көрші елдің патшасы залым болады да, ол елден біреу мейірімді патшасы бар келесі елге қашып өтеді. Өткен жерден ұсталып, мейірімді патшаның алдына әкелінеді. Болған жайды білген мейірімді патша әлгі қашқынды бүгінше зынданға салып, ертесі басын алуды бұйырады. "Мейірімді" деп келген патшасынан мұндай сұмдықты күтпеген ололтірмеуін сұрап, патшаға жалбарынады. Патша оған ертеңге дейін бір тал шөп өсіріп әкелуін бұйырып, егер соны әкеле алса ғана өлімнен құтылатынын айтады.

Содан «біттім» деген ол, енді өзіне Аллаһтан басқа жәрдемші жоғын біліп, таңға дейін бір тал шөп беруін одан жылап сұрап, әбден діңкесі құрып, ұйықтап кетеді. Ертең ерте түрме күзетінің түртіп оятуымен басын көтерген ол, өзі жатқан тас еденде бір тал шөптің өсіп тұрғанын көріп, Аллаһқа мың шүкір, сан мадақ айтады. Сөйтеді де, әлгі шөпті өзімен бірге алып жүреді. Патша уәде бойынша оған өлтіру бұйрығын береді. Сонда ол патшаға әлгі шөпті көрсетеді. Патша одан ол шөпті қайдан, қалай алғанын сұрайды. Ол зынданға түсіп, ертеңгі өлімді күтуден басқа еш шарасы қалмағанда, Аллаһтан бар пейілімен бір тал шөп сұрап, жалбарынып жатып ұйықтап кеткенін, тұрса алдындағы тас еденде осы шөптіңАллаһтың әмірімен өсіп тұрғанын көргенін айтады. Патша оның өліміне жиналып, болған істі ет құлақтарымен естіп тұрған көптің алдында: "Ендеше, сен де еліңнің патшасын залым көрсең, оны тастап қашпай, оның мейірімді патша болуын Аллаһтан тіле. Аллаһ құлы не тілесе соны беретінін міне өзің дәлелдедің",- деп оны еліне қайтарады.

*Құл-Керім Елемес*

## Үй хайуандары

«Жылқы, түйе, сиыр, қой, ешкі, ит, мысық адамның үйінің маңайында тіршілік етеді. Сол үшін үй хайуандары деп аталады. Үй хайуандары адамға көп пайда келтіреді. Жылқыға мінеді, оны арба мен шанаға жегеді, сүтінен қымыз ашытады. Семіздерін қысты күні соғымға сояды, терісін сатып, ақша қылады. Түйеге жүк артады, жабағысы күпіге жақсы болады, сатса жүні пұл болады. Сиыр мен қой адамдарды етімен, сүтімен асырайды. Ит қасқыр мен ұрыдан сақтап, қора күзетеді. Осылардың бәрі тегін қызмет етпейді. Олардың қызметі үшін адам оларды асырайды, бағады, қысты күні аяздан тоңбайтын жылы қора жасайды, ұры, бөріден сақтау үшін бақташы қояды».

*М. Дулатов*

## Жақсы мен жаман

Дихан атызға бір түп гүл әкеліп отырғызды. Құнарлы жерге отырғызылған ол күнен күнге тамыр жайып, гүлдене өсе береді. Гүл бірінші – күннің нұрын, екінші – мөп-мөлдір суды, үшінші – таза ауаны сүйетін. Ол осынау тіршілік иесі болғанына, өзін әкеліп отырғызған адамғаөте риза болды. Бір күні:

- Әй, сен көп асқақтама! Өмірге келгеніңе өкінетін боласың, — деген шіңкілдек дауысқа жалт қараса, дәл төменде түрі ұсқынсыз бір шөп басын қылтитып тұр екен. Гүл ештеңе дей алған жоқ. Көздері жасаурап кетті, қасындағы біршама үлкендігі бар екінші гүлге басын сүйеді.

- Жабырқама, сабыр ет! Адамдар оны «арам шөп» деп атайды. Бір басынан басқаны ойламайтын жауыз шөп. Одан әлі – ақ құтыламыз.

«Жақсы сөз – жарым ырыс» деген ғой.

Жас гүлдің көңілі біраз көтеріліп қалды. Әлгі гүлдің айтқаны рас болып шықты. Ертесіне он жастағы бір бала келді де, арам шөпті жұлып тастады. Гүл қайта құлпырды.Өмірде жақсылар да, жамандар да, бар екен.

*Б. Әбділов*

## Жаман жолдас

Екі дос кісі жолдастасып келе жатып, бір аюға ұшырапты. Бұл екі кісінің біреуі әлсіз, ауру екен, екіншісі мықты, жас жігіт, аюды көрген соң бұл жігіт, ауру жолдасын тастап, өзі бір үлкен ағаштың басына шығып кетті дейді. Ауру байғұс ағашқа шығуға дәрмені жоқ, жерге құлады да созылып, өлген кісі болды да жатты: естуі бар еді, аю өлген кісіге тимейді деп. Аю бұл жатқан кісінің қасына келіп иіскелеп тұрды да, дыбысы білінбеген соң тастап жөніне кетті. Мұнан соң манағы жолдасы ағаштан түсіп, аурудан сұрапты:

- Достым, аю құлағыңа не сыбырлап кетті?Ауру айтты дейді:

- Аю құлағыма ақыл сыбырлады, екінші рет тар жерде жолдасын тастап қашатын достармен жолдас болма деді, ─ дейді.

*Ы. Алтынсарин*

## Адал дос

Екі дос көше бойымен жайбарақат әңгімелесіп келе жатты. Оның біреуі Аблан да, екіншісі Абыз. Абыздың денсаулығы нашар, көп жүгіре алмайтын.

Бір үйдің жанынан өте бергенде дәу қара төбет арсылдап, тура алдарынан шыға келді.

Абыз:

─Аблан, қаш, әне ит келіп қалды! ─ деп қатты қорқып, айғайлапжіберді. Аблан жерден бір шыбық алып, итке қарсы ұмтылды. Ашулы ит Абланның шалбарынан бірнеше рет жұлқылап та үлгерді. Үлкендер келіп, Абланды құтқарып алды.

Абыз Абланның жанына келіп:

— Мен қаш дегенде неге қашпадың? Қашып кеткеніңде шалбарыңды ит жыртып тастамас еді, — деді.

—Мен қашатын болсам, сен тұтылатын едің. Өйткені сен қатты жүгіре алмайсың ғой. Сені иттен қорғайын деп, әдейі қалып қойдым, — деді Аблан.

—Дос деген осындай болар, — деді олардың сөзін естіген үлкендер сүйсініп.

*М. Төрежанов*

**Атасының ақылы**

—Төкенмен келісе алмай қалушы едің, қазір араларыңнан қыл өтпейтін болыпты ғой, Еркінім?! - деді бірде атасы.

— «Қыл өтпейді» дегенді түсінбедім, ата? - деп таңырқады немересі.

— «Тату-тәтті дос болыпсың» дегенім ғой.

— Кездескен сайын кәмпит берсе, онымен кім дос болмайды!

—Мен ешкіммен тамақ үшін дос болып көргенім жоқ, балам. Достықтың тамыры тереңде. Адал, ақылды балалармен дос бол! Адамға жақсылық жасаудың өзің бақыт санайтын адамдармен ғана дос бол! - деді атасы сонда.

*С. Сейтенов*

**Қуыршақ**

Сәлия өзінің құрбысы Әлиямен бірге көл жағасына келді. Сәлия құмғасаз балшық араластырып қуыршақ жасады. Онысы әп-әдемі болып шықты. Шыбықтан аяқ-қолын орнатты.

— Мына қуыршақ қалай, Әлия? Адамға ұқсай ма? – деді Сәлия құрбысына.

— Өзің шеберсің ғой. Әдемі екен. Маған да бір қуыршақ жасап берші!

Сәлия қуыршағын кептіріп қойды да, Әлияға арнап қуыршақ жасауға кірісті. Бұл қуыршақты да жасап бола бергенде, кенет дауыл тұрып, көл бетінде толқындар ойнай бастады. Отырған тұстарына толқын келіп қалған соң, екі қыз жағадан әрірек барып тұрды.

Жел саябырлап, көл сабасына түсті. Сәлия орнына келіп, қуыршағын қарап еді, толқын тып-типыл етіп жуып кетті.

Сәлия жылап жіберді.

Сен неге жылайсың? Оған сенің нең шықты? Менің әкем дүкеннен сатып әперген қуыршағымды да толқын алып кеттті. Мен жыламай-ақ тұрмын ғой, - деді Әлия оны жұбатып.

— Мен еңбегімнің еш болғанына жыламаймын.

— Жыламашы. Ренжімеші. Ана қолыңдағы маған деген қуыршақты өзің ал, маған бермей-ақ қой!

— Жоқ. Мен екі айтпаймын. Мұны сен ал! - деп, Сәлия жылауын қойып, қуыршақты Әлияның қолына ұстата берді.

*Мәдіхат Төрежанов*

## Санжардың ойыншықтары

Санжар бес жасқа толғанда, әкесінің достары Санжардан он есе келетін ақ аю әкеліп, сыйға тартты. Түрнекші маймыл, кісінеген тұлпар, зырылдаған мәшине, ұшақ, тікұшақ... Ойыншықтардың түрі көп. Әсіресе әкесі мен анасының сыйға тартқан пойызы Санжарға қатты ұнады.

Санжардың Әскербек көкесі теміржолды құрастырып, тепловозға вагондарды тіркеп, іске қосып еді, пойыз музыкалатып, жарығын жарқыратып, жолға түсті. Санжар қауна ойнап, шаршады да кеш жатып, ұйықтап қалды.

Ертесінде Санжар балабақшаға кетті. Оның бөлмесіне кіріп келген әкесі «апатқа ұшырап» жатқан пойызды ойран-топыр шашылып жатқан ойыншықтарды көріп, Санжар мен оның көкесіне кейіп, ойыншықтарды қоймағажинап тастады.

Санжар балабақшадан келіп:

— Әке, менің ойыншықтарым қайда кеткен? ─ деп, таңырқай сұрады.

— Ойыншықтарың «бізді қорлады, шашып тастады» ─ деп, өкпелеп, қашып кетті, деп әкесі қабағын түйді.

— Мен енді ойыншықтарды өкпелетпеймін, оларды орналастырып, жинап қоямын, ─ деп, Санжар жыламсырады.

Санжардың әкесі оған ойыншықтарын алып келді де:

— Ойыншықтар ойнау үшін, ойлау үшін беріледі. Бұларды шашпа. Жинақыбол. Әрбір ойыншықты өз орнына қойып, рет-ретімен ойна, ─деп, қатаң талап қойды.

Енді Санжар әкесінің қойған талаптарын орындап, ойыншықтарын шашпай, ретімен ойнап жүр.

*Әдібай Табылды*

## Тіл алмаудың кесірі

Көктемнің алғашқы күндері. Түн суық. Күндіз күн көзі ашық болса, ауа жылынады. Бірақ түнгі ызғар түске дейін қайтпайды. Сәскеде ойнап келу үшін үйден шығып бара жатқан Жақанға анасы:

— Балам байқа көшеге жылы киініп шық, - деді.

— Күн ашық қой, апа, тоңбаймын,- деп, Жақан бетін тыржитып, иығын қиқаң еткізіп, үйден шығып кетті.

Ол көшеге шыққанда ызғырық жел соғып тұр екен. Достарымен доп ойнап, терлеп-тепшіген Жақан, жел өтінде көп отырып қалып, өкпесіне суық тигенін ет қызумен байқамай қалды.

Кешінде оның қызуы қатты көтерілді. Түні бойы ұйықтай алмады.

Келесі күні ол ауруханаға түсті. Алма беті қызарып алауы басылар емес.

— Саған кеше жылы киініп жүр деп едім гой,- деп, асыл ана оны аянышпен аймалап, көзіне жас алды.

— Апатай! Бұдан былай тіліңізді алып жүремін,- деп Жақан кешірім сұрады.

— «Кешігіп кешірім сұраудың не пайдасы бар? Тіл алмаудың кесірінен ауырып қалдым» - деп ойлап, Жақан іштей өкініп жатыр.

*Әдібай Табылды*

## Бір атаның ұрпағы

Жер бетін теп-тегіс көмкеріп тастаған мамық Қар мақтанды.

- Мен ақпын, кіршіксіз тап-тазамын, - деп. Одан өзен-көлдерде айнадай жарқырап жатқан көгілдір Мұз да қалыспады:

- Мен мөп-мөлдірмін. Тұп-тұнықпын.- Сыңғырлай ағып жатқан Су бағанадан бері бұлардың сөзін тыңдап тұрған. Сөзге ол араласты.

- Қар, Мұз текке мақтанасыңдар. Біз бір атаның ұрпағымыз, - деді.

- -Қалайша?

- Жылы күнде менің үстімнен бу көтеріле ме?

- Иә, көтеріледі.

- Ендеше сол бу жаңбырға айналып жауған Қар сенсің. Ал, қыстың күні менің бетімде жалтырап Мұз қата ма?

- Қатады.

- Ол сенсің Мұз. Айналып келгенде бәріміз бір атаның ұрпағымыз. Осыны ұмытпайық, ағайын. Қар мен Мұз оған ұялып, тіл қата алмады.

*Ескермес Сәрсенбаев*

## Үміт

Ақылды үнемі әкесінен нені болса, соны сұрайтын. Әкесі де оған «нені болса соны сұрайтының не?» деместен, оның сұрағандарына өте ыждағатпен жауап беретін.

Бірде ол әкесінен:

-Әке, неге осы ат жүргенде алдыңғы аяқтары басқан ізінен, артқы аяқтары басқан ізі асып түседі? – деп сұрады. Әкесі:

-- Балам ол солай. Алдыңғы аяқтары басқан ізден артқы аяқтары басқан ізі өзып түсіп отыратын қасиет тек жүйрік, бәйге аттарында ғана болады. Оны сен аңғарған екенсің, демек сенен де бір ақылды адам шығар, Инша Аллаһ!? Ол тағы бұрын шыққан құлақтан кейін шыққан мүйіз озатынының да белгісі, - деді. Ақылды:

- Бұрын шыққан құлақтан, кейін шыққан мүйіз оза ма? Неге? – деп сұрады әкесінен. Әкесі:

- Иә, балам. Мәселен, құлақ ол туа бітті бар болады. Ал, мүйіз болса, бұзау алғаш туғанда болмайды. Кейін, үлкейе келе біртіндеп өсе келе құлақтан да озып, ұзарып кетеді. Өзің қарашы, ана ала тацыншаның туғанда қанша мүйізі бар еді? Жоқ болатын, Ал құлағы ше? Құлағы бар болатын. Бірер айдан кейін мүйіз шыға бастады. Енді міне, бір жылға таяп еді, мүйізі өсіп құлағымен бірдей болды. Құдай қаласа, келер жылы мүйізі құлағынан әлдеқайда ұзын

болып озады. Сен ақылдысың. Демек, Ақбақайдың артқы аяғы алдыңғы аяғынан озып түскеніндей, ала тайыншаның туғанда жоқ мүйізінің, туғанда бар құлағынан асып кеткеніндей, сен де үлкейгенде қатарыңнан озық болсаң екен, мен жетпеген биікке жетсең екен балам, - деді әкесі.

Ақылды шынымен-ақ ақылды бала гой, ойланып қалды.

*Құл-Керім Елемес*

**Мамандық туралы жұмбақтар**

Алатаяқ ұстаған,
Жол тәртібін нұсқаған
Өміріңді күзеткен,
Ысқырығы күшті адам.
(Жол полиция қызметкері)

Айдында жүзеді,
Тірі күміс сүзеді.(Балықшы)

Өнерге тән жаратқан,
Көкірегі кең аспан
Барша жұртты қаратқан,
Бейнегер кім тым асқан?
(Қылқалам шебері)

Маңдайға жағып шырақты,
Лавалардан тұрақты,
Ағызып отын өзенін,
Жылытқан кім өз елін? (Шахтер)

Адамның жүзін,
Басы мен көзін.
Айнытпай келбетін,
Салатын кім суретін?(Суретші)

Жасыл желек көгалда,
Бірде артқа,
Бірде алға,
Желаяқ көп бала,
Таласып жүр бір шарға.
(Футболшылар)

Жолының көп азабы,
Сондадағы тынбайды.
Жаңалықты жазады,
Көпшілікті таңдайды.
(Журналист)

Кең байтақ туған жеріме,
Кетпесін деп жат із өтіп,
Тыныштық тілеп еліме,
Отанды кім тұр күзетіп.
(Шекарашы)

Қалпағы ақ қарасаң,
Дәрігер емес ,бірақ та,
Дәм мәзірін қаласаң,
Алға ұсынып тұрады ол. (Аспаз)

Өрнектеп сәндеп,
Тігістерін бүгетін,
Солпысын жөндеп,
Кім көйлек тігетін? (Тігінші)

Күміс қанат сұңқары.
Көкке еркін сүңгиді.
Бұлттан да тым әрі,
Кеткен жанды кім дейді.
(Ұшқыш)

Өскен шашты жаратпайтын,
Қайшысы бар жалақтайтын.
(Шаштараз)

Онық тіккен бұйымы,
Аяғыңды қаптайды,
Шыға қалса жұлымы,
Әдемілеп баптайды. (Етікші)

Дабылға тез жететін
Жалынға сүңгіп кететін
Қақалса да түтінге,
Тайсалмайтын батыл кім
Жасқанбайтын батыр кім?
(Өрт сөндіруші)

**Адамның дене мүшелері туралы жұмбақтар**

Жағасы құрақ,
Мөлдір суат. (Көз)

Сөз ұққыш,
Қос тұтқыш. (Құлақ)

Құрамалы сырық
Берсең ырық

Таппайтын тағат,
Тығулы сағат.
(Жүрек)

Кетесің тұрып,
Барасың
жүріп,
Қаласың,
Отырасың бүгіп.
(Аяқ)

Белдеуде бес ат,
Бесеуі де қасқа ат.
(Саусақ)

**Ыдыс-аяқ және басқа үй жабдықтары туралы жұмбақтар**

Иінінде құлағы,
Ішінде бұлағы,
Көмейіне от салсаң
Ызыңдап тұрады.(Самаурын)

Отқа қойсаң елпілдеп,
Быж-быж етіп тұншығар,
Тақиясы селкілдеп,
Танауынан бу шығар. (Шәйнек)

От басады табаны,
Тек қана су тамағы.(Құман)

Сыртын отқа қақтайды,
Одан басқа жақпайды.(Қазан)

Аузы төбесінде,
Тұтқасы денесінде, (Құман)

Басы құдық,
Сабы сырық.(Ожау)

Сабы бар,
Басы шатыр,
Табысын өлшеп әкеп,
Құдыққа тасып жатыр.(Қасық)

Өткір жүзді келеді,
Өте қажет құрал ол
Тұтас затты бөледі,
Ұсақтап та тұрар ол.(Пышақ)

Ағайынды төрт батыр,
Көтергені бір шатыр. (Үстел)

**Тұрмыстық заттар туралы жұмбақтар**

Жай да үнсіз тұрады,
Біреу келсе тез жат деп,
Қоңырауын ұрады,
Дабыл қағып безектеп.(Телефон)

Тоққа тисе мұрты ұзын,
Табанымен жазық
Киімдердің қыртысын,
Береді тез жазып.(Үтік)

Іші салқын,мұзы бар,
Күнкей қашқан қой сынды,
Жылыда тез бұзылар, Барша
тағам тығылар.
(Тоңазытқыш)

Кір-қоқысты сүймейді,
Сыртқа қуып сүйрейді.
(Сыпырғыш)

**Азық -түлік туралы жұмбақтар**

Күрең қызыл түсі бар,
Тағамдардың асылы,
Қуат берер күші бар. (Таба нан)

Өзі ащы,
Бірақ,
Дәмді етер асты. (Тұз)

Ұрмай-соқпай жылатады,
Әркім бірақ ұнатады.(Пияз)

Аспан түстес сұйық,
Әркім ішер құйып. (Су)

Бір жансыздың қаны бар,
Тіл үйірген дәмі бар.
Шөлдесең іш,қанып ал.
(Кесе мен шәй)

Сұйық еді аппақ,
Бауырдай боп қатыпты,
Ішсең дәмі тәтті-ақ. (Айран)

Түсі аппақ, Тысы қатты-ақ,
Екі түрлі уызы,
Жесең тәтті-ақ. (Жұмыртқа)

Аппақ ас, сызы бар,
Балалар қызығар.(Балмұздақ)

*9-қосымша*

## МУЗЫКАЛЫҚ РЕПЕРТУАРЛАР

**Ерте жас тобы (1 жастағы балалар)**

**Музыка тыңдау:** «Мен бақшаға барамын» әні: Т.Тайбеков, сөзі: Ф. Оңғарсынова. «Алмалар» әні: М.Әубәкіров, сөзі: Т.Молдағалиев. «Қолшатыр» Г.Ерікқызы. «Жаңбыр» А. Айтуова,. «Желбірейді туымыз» әні мен сөзі: М. Керейбай. «Балалар мен жаңбыр» әні мен сөзі: Г.Абдрахманова. «Біз шадыман баламыз» әні: Ә. Бейсеуов, сөзі: С. Қалиев. «Ақ тиін» әні: Ә. Бейсеуов, сөзі: Нұрхан Жанаев. «Мен кішкентай баламын» әні: Д.Омаров, сөзі: Ө.Тұрманжанов. «Сұр қоян» әні: А.Филлипенко. «Қар жауғанда» әні мен сөзі Е.Сейдахмет, Ә.Әбдінұров. «Күшік» әні: Т.Исалиев, сөзі: М.Ерімбетов. «Анам» әні: Ә.Бейсеуов, сөзі: Т. Молдағалиев. «Бауырсақ» әні: Ә.Бейсеуов, сөзі: Н.Арынова. «Елебек пен көбелек» әні: Ә.Бейсеуов, сөзі: Ж. Кәрбозин. «Лақ» әні: Д.Ботбаев сөзі: А.Асылбек. «Аралар» әні: А. Еспенбетова сөзі: Р. Жарылғапова. «Мысықай мен мысық» әні: К.Қуатбаев, сөзі: А.Асылбеков.

**Ән айту:** «Жұмыртқадан балапан» әні: Ә.Бейсеуов, сөзі: М. Әлімбаев. «Күзге сәлем» әні мен сөзі: А.Еспенбетова. «Отаным» әні: К. Қуатбаев, сөзі: А.Қалманбетов. «Сәлемат па, Аяз ата!» әні: Б.Дәлденбаев, сөзі: И.Сапарбаев. «Мысығым» әні: М. Әубәкіров, сөзі: Н. Арынова. «Қоңыр қонжық» әні: Т.Сарыбаева, «Көктем» әні: Ә. Бейсеуов, сөзі: С. Асанов. «Көбелек» әні: М. Әубәкіров, сөзі: Ж. Смақов. «Әтеш» әні мен сөзі Е.Сейдахмет, Ә.Әбдінұров.

**Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар:** «Бәріміз бірге» А. Айтуова,

«Шулы дыбыс» әні: И. Нүсіпбаев, сөзі: Ж.Смақов, А. Айтуова. «Қарашы маған» А. Айтуова. «Жүгіреміз, жүреміз» әні мен сөзі: Г. Абдрахманова. «Айналаға қарашы» А. Айтуова, «Жасыл жайлау», «Ақ қоян» А. Айтуова. «Қуыршақ» әні: Ә.Бейсеуов, сөзі: Ә.Дүйсенбиев. «Жалауша» әні: А.Тоқсанбаев, сөзі: И.Сапарбаев, «Бақа» әні: Ш. Қалдаяқов. «Ойыншықтар» әні: И.Нүсіпбаев, сөзі: Н.Әлімқұлов. «Көңілді саусақтар» әні мен сөзі: Г.Абдрахманова. «Кел билейік» әні: Б.Байқадамов, сөзі: М.Әлімбаев. «Төлдер» әні: Б. Ғизатов, сөзі: Ж.Өмірбеков. «Инелік» әні: Р. Байқоңыров сөзі: С. Боранбаев. «Кел балақан» әні: К.Қуатбаев сөзі: А.Асылбек. «Кішкене торғай» А. Айтуова. «Жәй және жылдам» әні: Е. Хасанғалиев сөзі: А.Асылбек. «Ойыншықтар» әні: С. Елеуов сөзі: Е.Өтетілеуов. «Қайда, қайда кеттіңдер?» әні: Д. Ботбаев сөзі: Қ. Ыдырысов. «Сылдырмақпен би» әні мен сөзі: А. Меңжанованыкі. «Балақан да алақан» әні: Ө. Байділдаев, сөз Ә.Ысқақов. «Құрсау-құрсау» әні: Ө. Байділдаев, сөзі: М.Әлімбаев. «Қуыршақпен билейміз» әні: Ж.Тұрсынбаев, сөзі: Е.Өтетілеуов. «Көңілді сылдырмақтар» әні: И.Сапарбаев, сөзі: А. Тоқсанбаев. «Барабан» әні: Б.Дәлденбаев, сөзі: Ж.Әбдірашев. «Лақ пен күшік» әні: С. Соснин

**Кіші топ (2 жастағы балалар)**

**Музыка тыңдау:** «Ойыншықтар» әні: И.Нүсіпбаев, сөзі: Н.Әлімқұлов.

«Жаңбыр» әні: Д.Ботбаев сөзі: И.Сапарбаев. «Кап-кап, тук-тук-тук» Б.Бейсенова. «Күз» (Зерек ботақан). «Алмалар» әні: М.Әубакіров сөзі: Т.Молдағалиев. «Тәтті бала» әні: Т.Сопиев сөзі: С.Оспанов.«Менің Отаным» И.Нүсіпбаев. «Жасыл шырша» әні: К.Қуатбаев сөзі: К.Шалқаров. «Лақ» әні Д.Ботбаев, сөзі: А.Асылбеков. «Біз көңілді қуыршақпыз» (Зерек ботақан) «Ұйықта бөпем» әні: Қ.Шілдебаев сөзі: А.Асылбек «Маманың мерекесі» сөзі: М.Мақатаев, әні: Н.Тілендиев. «Наурыз келді» (Зерек ботақан) «Біз өмірдің гүліміз» әні мен сөзі Б.Ғизатов, Ә.Дүйсенбиев. «Төлдер» әні: Б.Ғизатов сөзі: Ж.Өмірбеков. «Қоңыр аю Қорбаңбай» әні: Б.Дәлденбай. «Лили-полька» әні: Тен Чу.

**Ән айту:** «Жемістер мен көкөністер» әні және сөзі: Г.Абдрахманова «Күз мезгілі тамаша» (Зерек ботақан) «Қолшатыр» сөзі мен әні: Г.Ерікқызы. «Жалауша» әні: А.Тоқсанбаев сөзі: И.Сапарбаев «Кішкентай шырша» (Зерек ботақан), «Аяз ата мен балалар» әні мен сөзі: Г.Абдрахманова «Ботақан» әні: Е.Өміров, сөзі: Р.Наурызбаева. «Мамам гүлдің бағбаны» (Зерек ботақан) «Мысық» әні: Б.Дәлденбай сөзі: Ж.Әбдірашев. «Наурыз келді» әні: Н.Дүкенбаев сөзі: Қ.Смағұлов.

**Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар:** «Машина» әні:Қ.Қуатбаев, сөзі: Т.Тұяқбаев. «Қуыршақпен билейміз» әні: Ж.Тұрсынбаев сөзі: Е.Өтетілеуұлы. «Шеңбермен жүреміз» әні және сөзі: Г.Абдрахманова. «Жапырақтар» әні мен сөзі: Г.Абдрахманова . «Топ –топ, балақан» әні: М. Арынбаев. «Кел, балақан» әні: К.Қуатбаев сөзі: А.Асылбек. «Жалаушамен би» қазақ маршына билету әні: А.Затаевич. «Қаршақызбен балалар» сөзі мен музыкасы: Г. Абдрахманова. «Сұр қоян» А.Филиппенко, өңдеген К.Үбанұлы. «Қоңыр қонжық» әні: Т.Сарыбаева. «Билейміз» әні: Е.Андосов. «Бөбектер биі» әні: К.Қуатбаев «Көктем келді» (Зерек ботақан). «Орамалмен билейміз» әні: Т.Сарыбаева. «Жүгіреміз, жүгіреміз» сөзі, әні Г.Абдрахманова. «Би сайыс» халық әндері «Қара жорға» және «Қамажай» әніне билету. «Пойыз» ойыны әні: Ж.Тұрсынбаев сөзі: А.Асылбек. «Қуыршақпен ойын» муз: Б.Жүсібәлиев «Балалар мен жаңбыр» ойыны муз және сөзі: Г.Абдрахманова «Көңілді сылдырмақтар» И.Сапарбай, А.Тоқсанбаев «Күн мен жаңбыр» ойыны әні: Т.Потапенко өңдеген В.Фере. «Қоңыраумен» би ойыны әні: Е.Марченко «Бала, бала, балапан» И.Нүсіпбаев, Ж.Смақов. «Сылдырмақпен би» ойынын халық әні «Жайдарман»-ға ойнату. «Қояндар мен қу түлкі» әні: А.Филиппенко «Ормандағы аш қасқыр» ойынын «Лили-полька» әніне ойнату. «Жәй және жылдам» ойыны муз: Р.Рустамов. «Үйшігіңді тап» әні: Т.Сарыбаева. «Төлдер сөзі» әні мен сөзі Ж.Өмірбеков, Б.Ғизатов. «Лақ пен күшік» әні: С.Соснин «Тыңдаймыз да ойнаймыз» сөзі: Г.Абдрахманова «Барабан» әні: Б.Дәлденбаев сөзі: Ж.Әбдірашев. «Мысықай мен мысық» әні: К.Қуатбаев сөзі: А.Асылбеков. «Көңілді саусақтар» әні: және сөзі: Г.Абдрахманова.

**Ортаңғы топ (3 жастағы балалар)**

**Музыка тыңдау:** «Ойыншықтар» И.Нүсіпбаев. «Бөбектер әні» Е.Ташев. «Достық» өлеңін жазған: Е.Елубаев, әнін жазған: И. Нүсіпбаев. «Жаңбыр» Д.Ботбаев. «Машина» К.Қуатбаев. «Барабан» Б.Дәлденбаев. «Жалауша» А.Тоқсанбаев. «Шамшырақтар» А.Матмен. «Кішкентай шырша» сүйемелдеу, «Ақ қоян» Б.Аманжол. «Полька» әуеніне музыкалық шулы аспаптармен сүйемелдеу «Сұр көжек» Г.Абдрахманова. «Бесік жыры» Ә.Әбдінұров. «Әлди-әлди бөпем-ай» Б.Аманжол. «Құлыншақ» Ж.Тұрсынбаев. «Біз өмірдің гүлміз» Б.Ғизатов. «Мерекелік марш» И.Леви. «Құстар шоқиды» Т.Ломова. «Серуендейміз, демаламыз» М.Красев, «Барабаншы» М.Красев. «Ақ көбелек» Т. Шапай. «Тату доспыз бәріміз» Е. Меңдешев. «Сарбаздар сазы» Қ. Ілиясов.

**Ән айту:** «Бақшаға барамын» Ө.Байділдаев.К.Сүлейменов. «Біз бақытты баламыз» Е. Хасанғалиев, Қ Жұмағалиев. «Бір үйде біз нешеуміз» М.Әлімбаев, Ә.Бейсеуов. «Тәтті бала» Т.Сопиев, С.Оспанов. «Біздің атай» Қ. Қуатбаев. «Бағдаршам» С. Қалиев. «Алма, саған ризамыз» Г.Абдрахманова. «Қазан» Қ.Шілдебаев. «Жаңбыр» Қ.Шілдебаев. «Бауырсақ» Ә.Бейсеуов. «Торғайлар, келіңдер» Н.Айтов, Л.Емельянова. «Төлдер» Б.Ғизатов, Е.Өмірбеков. «Құлыншақ» Қ.Шілдебаев, И.Сапарбаев. «Менің Отаным» Ө. Байділдаев, Б.Ысқақов. «Ақша қар» А.Тоқмағанбетов. «Шырша» Ж.Мұхамеджанова. «Арша» Б.Қыдырбек, И.Сапарбай. «Аяз ата» Ө.Байділдаев, Н.Айтов. «Қар жауып тұр далада» Ә.Қонысбеков, Ұ.Қонысбеков. «Сұр қоян» К.Қуатбаев. «Қыс» Е.Матвиенко, Г.Абдрахманова. «Қыс қызығы» Е.Өтетілеуов. «Қар жауып тұр далада» Ә.Қонысбеков, Ұ.Қонысбеков. «Біз өмірдің гүліміз» Б.Ғизатов. «Біздің атай» К.Қуатбаев, Б.Дүйсенбиев. «Анашым» Е. Хасанғалиев. «Домбыра сазы» И. Нүсіпбаев, Х. Талғаров. «Әже» Зерек ботақан журналынан, «Наурыз» Зерек ботақан журналынан. «Көктем» Т. Исабеков. «Мен космонавт боламын» С.Мұхаммеджанов. «Етікші» Қ.Мырза Әлі, Д. Ботбаев. «Бақшаға келемін» Ө.Байділда. «Достық» И. Нүсіпбаев, Е. Елубаев. «Ел қорғауға әзірміз» К. Қуатбаев, М. Әлімбаев. Ағайынбыз бәріміз Д. Ботбаев. «Көбелек» К. Қуатбаев, Ж. Смақов.

**Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар:** «Биге шақыру» А.Тоқсанбаев.

«Полька» Б.Сметана. «Қояндар биі» Ж.Оффенбах. «Қуыршақпен билейміз» Ж Қашқынов. «Қосарланып билеу» Г.Потапенко. «Қамажай» халық әуені. «Қояндар» биі М.Әлімбаев. «Күзгі жапырақтар биі» «Қай аспапта ойнаймын» Т.Сарыбаева, Г.Абдрахманова. «Шөжелерім» өзбек биі. «Біз өмірдің гүліміз» Б. Ғизатов, Ә. Дүйсенбиев. «Балалар биі» А.Майкапар. «Достастық» беларустың халық әуені. Өңдеген: Р.Рустамов. «Билейміз Аяз атамен» Э.Фасхутдинова. «Жалаушалармен» Е.Брусиловский. «Көңілді би» Ө.Байділдаев. «Қосарланып билеу» литваның халық әні, өңдеген Г.Потапенко.

**Музыкалық және аспаптармен ойындар:** «Балақан мен алақан» Е. Хасанғалиев. «Бәсең және көтеріңкі» «Ән салған кім?» А. Райымқұлова. «Орындық» «Жаңбыр» Г.Абдрахманова. «Доп» Б.Қыдырбек «Күн» Г.Абдарманова. «Қане қызық ойын бар» А.Роомере. «Қолғап» Б.Дәлденбаев.

«Аққаланы жылдам киіндір» Г.Абдрахманова. «Аю мен қояндар» А.Райымқұлова. «Кім епті» Н.Ладухина. «Кім қалай дыбыстайды?» Ж.Тұрсынбаев. «Жаңбыр» Г.Абдрахманова. «Доп» Б.Қыдырбек. «Күн» Г.Абдарманова. «Қане қызық ойын бар» А.Роомере. «Қолғап» Б.Дәлденбаев. «Аққаланы жылдам киіндір» Г.Абдрахманова. «Аю мен қояндар» А.Райымқұлова. «Кім епті» Н.Ладухина. «Кім қалай дыбыстайды?» Ж.Тұрсынбаев. «Сылдырмақпен ойын» Б.Дәлденбай. «Светофор – бағдаршам» сөзі: С. Қалие, әні: Ғ. Тамендаров):

**Ересек топ (4 жастағы балалар)**

**Музыка тыңдау:** «Достық» И.Нүсіпбаев, Е.Елубай. «Балабақша бағында» С.Кәрімбаев, І.Шұғаев. «Тамшылар» М.Жәутіков. «Би» Е.Брусиловский. «Полька» М.Глинка. «Қамажай» халық әні өңдеген Н.Меңдіғалиев. «Мерекелік марш» Б.Дәлденбаев. «Вальс» Қ. Шілдебаев. «Жеміс бағында» Ж.Қалжанова. «Домбыра сазы» И.Нүсіпбаев, Х.Талғаров. «Біз шадыман баламыз» Ә.Бейсеуов, С.Қалиев. «Қазақстан» С.Мұхамеджанов, Ғ.Жұмабаев. «Шырша» әні К.Қуатбаев, Ж, Смақов. «Вальс» П.Чайковский. «Әлди, әлди, бөпем-ай» Б.Аманжол, Г.Аманжол. «Бұл қай кезде болады?» Б.Ерзакович, Ш.Ахметов. «Қосалқа» Дәулеткерей, «Мерекелік марш» И.Леви. «Еркем-ай» халық әні, «Қара торғай» халық әні. «Бесік жыры» Б.Дәлденбай, «Аққу» Н.Тілендиев. «Айналада ақша қар» Қ.Ыдырысов,М.Бестібаев. **Ән айту:** «Отан –ортақ үйіміз» әні Д.Ботабаев. «Күз» әні Қ.Шілдебаев. «Күз жомарт» әні Д.Ботбаев. «Балдырғандар әні» Б.Дәлденбай. «Көңілді балалар әні» Б.Дәлденбай. «Жаңбыр» Ә.Телғозиев. «Кел балалар, күлейік» әні Е.Өміров. «Ақ әжем» әні К.Қуатбаев. «Көктем келді» Б. Бейсенова. «Анашым» Е.Хасанғалив. «Наурыз көктем» Б.Бейсенова. «Наурыз біздің жаңа жыл» Ж. Қалжанова. «Ағайынбыз бәріміз», М.Әубәкіров,Ә.Дүйсенбиев. «Бақшаға келемін» Ө.Байділда, К.Сүлейменов.«Домбыра» Ж.Тұрсынбаев, А.Асылбек, «Балалық шақ» әні Д. Байтілеуов «Күзгі вальс» Б.Бейсенова, «Балдырған» әні: А.Асанов, сөзі: Р.Архабаева.

**Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар** «Серуендейміз, билейміз» А. Тоқсанбаев. «Кел билейік» Б.Байқадамов, М. Әлімбаев. «Аңдар» биі. «Кармен» Ж.Бизе. «Күлдіргіштер» Д.Кабалевский. «Жалаушамен би» Е. Брусиловский. «Көңілді полька» И.Штраус. «Жүгіріп жетеміз» әні: Ж.Тұрсынбаев. «Қуыршақпен билейміз». «Қара жорға» ұлттық би. «Қамажай» халық әні. «Аю» Т.Ломова. «Бипыл» халық әні. «Көңілді ленталар» Г.Абдрахманова. «Жалаушамен жаттығу» қазақ маршы А.Затаевич. «Вальс цветов» П.И.Чайковский, «Вальс снежинок» П.И.Чайковский.

**Мектепалды топ, мектептегі (лицейдегі, гимназиядағы) мектепалды сынып –5 жастағы балалар**

**Музыка тыңдау:** «Ана тілін сүйеміз» әні. К.Дүйсекеев, сөзі Ш.Сариев. «Ойыншық» әні.Ғ.Жұбанова, сөзі Н.Шәкенов. «Қуыршақтың мұңы»

Б.Жүсіпалиев. «Рондо-марш» әні.Д.Кабалевский. «Бесік жыры» әні: С.Ақжігітов, сөзі: Т.Молдағалиев. «Гүлдерайым» әні: Т.Қоңыратбаев. «Отаным менің кең-байтақ» әні: Н.Тілендиев, сөзі: Қ.Шаңғытбаев. «Қосалқа» әні.Дәулеткерей. «Таңғы бұлт» С.Кибирова. «Бұл қай кезде болады?» әні: Б.Ерзакович. «Келіншек» халық күйі. «Үш көңіл күй» әні: Г. Левкодимов. «Қазақстан жалауы» әні: Д.Омаров, сөзі: С. Қалиев. «Тәуелсіз Қазақстан» әні.Б.Бейсенова. «Зима» П.Чайковский. «Қыс» әні.Б. Жүсібалиева. Құрманғазы «Адай». Ықылас «Жезкиік». «Қандай аспап» Б. Дәлденбев, аспаптар дауысын тындау. «Айжан қыз» Құрманғазы. «Мен ауылға барамын» Б.Бейсенова. «Қосалқа», «Қарлығаш» Б.Бейсенова. «Мейрам күні» Н. Меңдіғалиев. «Бесік жыры» халық әні. «Шаң қобыздың дыбысын тыңдау». «Домбыра дыбысын» тыңдау. «Гүлдерайым» халық әні. «Қос алқа» Дәулеткерей. «Вальс» А. Бестібаев. «Ақсақ қиік» Құрманғазы. «Көгершін» Н.Тілендиев. «Батыр бала Балтабек» Ә. Беспаев. «Ауылға сапар» Қ. Қуатбаев.

**Ән айту:** «Балабақша» Б.Бейсенова. «Бағдаршам» әні: Ғ.Тамендаров, сөзі: С.Калиев. «Ана тілін сүйемін» әні: И.Нүсіпбаев, сөзі Қ.Толыбаев. «Алтын күз» әні:Т.Кулинова, сөзі Ә.Асылбек. «Жаңбыр» Б.Бейсенова. «Мен алманы жақсы көрем» әні және сөзі Д.Қиқымов. «Күз тамаша» әні: С.Шынымов, сөзі: Л.Мұқышова. «Күз жомарт» әні: Д.Ботбаев, сөзі Е.Өтетілеуов. «Бүгін қай күн» әні: С.Мухамеджанов, сөзі Ш.Мухамеджанов. «Қазақстан» әні: С.Мұхамеджанов, сөзі Ғ.Жұмабаев. «Елтаңбасы елімнің» әні: Д.Омаров, сөзі: С.Қалиев. «Қыс қызығы» әні: И.Нүсіпбаев, сөзі Е.Өтетілеуов. «Қыс қызығы» әні: И.Нүсіпбаев, сөзі Е.Өтетілеуов. «Домбыра-қобыз» Қ.Даулетиярова. «Аспаптар», «Домбыра» Б. Бейсенова. «Көктем келді» Б. Бейсенова. «Анашым қартаймашы» сөзі мен әні: Ж.Бұлжанов. «Наурыз біздің жаңа жыл» сөзімен әні: Ж.Қалжанов. «Жауқазын» әні: Қ.Сәтиев сөзі: М.Мұсағитов. «Наурыз келді» әні: Е.Хасен, сөзі: З.Мүсілім. «Аяулы Анашым» С.Бұланова. «Бөпешім» сөзі: А.Молдағалиев, әні: М.Ілиясов. «Айдана» сөзімен әні: С.Бәйтереков. «Домбыра сазы» әні: И.Нүсіпбаев сөзі: Х.Талғаров. «Көктем» әні: К.Қуатбаев, сөзі: Ж.Әтібеков. «Балдырған» әні: Б.Дәлденбай, сөзі: Н.Жанаев. «Әр қашан күн сөнбесін» әні: А.Островский, сөзі: Л.Ошанин, аударған І. Мәмбетов. «Көбелек» әні: М.Әубәкіров сөзі: Ж.Смақов. «Дос болайық бәріміз» әні: Т.Талғаров сөзі: И.Нүсіпбаев, «Балабақша» әні: Ә.Бейсеуов, сөзі: С.Мұхамедиев. «Ел қорғауға әзірміз» әні: К.Қуатбаев, сөзі: М.Әлімбаев. «Елемнің ертегі иесі-біз» әні: А.Еспенбетов, сөзі: З.Еспенбетов. «Бақытты балалық» әні: Ә.Бейсеов, сөзі: Ә.Дүйсеков. «Біз мектепке барамыз» сөзі мен әні: А. Меңжанова.

**Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар** «Марш» Е.Марченко, «Ақ сиса» қазақтың халық әні, өндеген Б.Далденбаев. «Қаз-қатар» А.Зацепин. «Жалаушамен би» Е.Брусиловский. «Жапырақтар биі» М.Раухвергер. «Контрданс» Л.Бетховен. «Жаңбыр» Ж.Дастенов. «Ойын» А.Омаров. «Балдырғандар биі» И.Нүсіпбаев. «Күзгі вальс» А.Досмағамбет. «Экозес» Ф.Шуберт. «Көңілді би» Ө.Байділдаев. «Сылдырмақты серуен» Ж.Тезекбаев. «Қуыршақпен билейміз» Н.Лысенко. «Тырналар биі» Д.Абиров. «Мерекелік

марш» Б.Дәлденбаев. «Алға Қазақстан», «Марш» Л. Хамиди. «Тұлпарым» Б. Бейсенова. «Чешская полька», «Марш» «Вальс» П.Чайковский. «Вальс» А.Бестібаев. «Мамино сердце» Э.Мельник. «Айгөлек» Н.Баймұхамедов. «Сарбаздар» Е.Баятұлы. «Қамажай» халық әні. «Алатау» Н.Тілендиев. «Көктем келді» К.Қуатпеков.«Ел қорғауға әзірміз» М.Әлімбаев. «Сарбазым» Р.Бейсенұлы. «Дос болайық» Х.Талғаров. «Ағайынбыз бәріміз» Ә.Дүйсенбиев.

*10-қосымша*

## МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ҰЙЫМ МУЗЫКАНТТАРЫМЕН ӘЗІРЛЕГЕН БАЛАЛАР ӘНДЕРІ НОТАЛАРЫМЕН ЖӘНЕ МУЗЫКАЛЫҚ СҮЙЕМЕЛДЕУІМЕН АУДИОМАТЕРИАЛДАР СІЛТЕМЕЛЕРІ

### Ән: «Қазақтың саз аспаптары»

Сөзі мен әні: Гүлдана Ерікқызыныкі



1.Кел, балалар тұрыңдар
Үлкен шеңбер құрыңдар, бәрің, бәрің.
2.Екі ішекті домбыра,
Кәне, кәне сыңғырла былай, былай.
3.Қылқобызды алайық,
Ысқышпенен тартайық оңға, солға.
4.Дауыл үнді дауылпаз
Барлық бала ойнап мәз ұр-соқ, ұр-соқ.
5.Үрмелі аспап сазсырнай,
Әсем үні шалқиды-ай ойна, ойна.
6.Көне аспап жетіген
Жеті ішегі терілген шертіп тарт, шертіп тарт
7.Қоңырауы сылдырлап
Асатаяқ тұр жайнап сілкіле, сілкіле.
8.Тал шыбықтан жасалған

Сыбызғы бар ойылған үрле, үрле.
9.Тұяқтаспен ойнайық
Тоқылдатып қояйық тоқ-тоқ,тоқ-тоқ.
11.Сазды әуен салайық
Оркестр боп ойнайық.
Қазағымның аспабын
Кел үйреніп алайық бәрің, бәрің.

**Ән: «Домбыра»**

Сөзі мен әні: Гүлдана Ерікқызынықі



1. Біз кішкене бөбектерміз,
   Асыр салып ойнаймыз.
   Домбыраны қолға алып,
   Ән саламыз билейміз.

Қ-сы: Домбыра,домбыра.
Екі ішекті домбыра .
Домбыра,домбыра
Кәне,кәне сыңғырла.

2. Қандай әсем домбырамыз
   Мақтан тұтып жүрейік.
   Киелі аспап екенін біз,
   Бәрімізде білейік.

**Ән: «Қолшатыр»**

Сөзі мен әні: Гүлдана Еріққызынікі




1.Жаңбыр жауды түк-түк
Тамшылайды көп-көп
Серуендейік топ-топ
Аспанымыз көк-көк.

Қайырмасы:Қолымызда қолшатыр
Қызыл,сары,көк,жасыл
Қорықпаймыз жаңбырдан
Сен батыл да,мен батыл

2. Жаңбыр жауды түк-түк
Тамшылайды көп-көп
Өссін жерде шөп-шөп
Жаушы жаңбыр төк-төк.

**Ән: «Бағдаршам»**

Сөзі мен әні: Гүлдана Ерікқызынікі




1.Таза ауамен демалып жүріп қайтайық.
Айналаға тамсанып ән де айтайық.
Бір екі, бір екі қадам басайық
« Жолың болсын»- деп әрдайым тілек айтайық!
Бір екі, бір екі қадам басайық
« Жолың болсын»- деп әрдайым тілек айтайық!
2.Жол бойында зулаған түрлі көліктер
Тұр үш көзді бағдаршам, белгі сол берер.

## Ән: «Амандасу»

Сөзі мен әні: Гүлдана Ерікқызынікі




Жол бойымен келемін топ, топ, топ.
Келе жатып көрдім мен дос, дос, дос.
Сәлем сәлем досым-ау жан жаққа қара.  2-рет қайталау
Күн нұрындай күлімдеп ал, енді құшақта.

## Ән: «Тілек айту »

(сергіту сәті)

Сөзі мен әні: Гүлдана Ерікқызынікі



Таза ауамен демалып жүріп қайтайық (балалар залда еркін жүреді)
Айналаға тамсанып ән де айтайық. (айналаға қарайды)
Бір екі бір екі қадам басайық 2-рет (аяқпен нық қадам жасайды)
Жолың болсын деп әрдайым тілек айтайық. (қолдарын бұлғап бір-біріне тілек айтады)

**Ән: «Туған жер»**

Сөзі мен әні: Гүлдана Ерікқызынікі




1.Біз бақытты баламыз
Ақылы мол санамыз.
Туған жердің төрінде
Ойнап асыр саламыз.
2.Күлімдесін күніміз
Өссін жайнап гүліміз.
Туған жердің төрінде
Шырқалсын жыр әніміз!

## Біздің балабақшамыз

Сөзі мен әні Ақнабат Айтуова




Біздің балабақшамыз,
Ғажап әлем мақтаным,
Бақшамызда нұрланып,
Алға қадам басамыз.
**Қайырмасы:**

Болашақ шақырады шуақты,
Тәлімі білімімен қуатты.
Тәрбие даналығы орасан,
Ізгілігі, таза мөлдір- бұлақтай.

Бар жақсыны үйреніп,
Есімізде сақтаймыз.
Бізден үміт күтеді.
Ел сенімін ақтаймыз.
**Қайырмасы:**

## Балабақша гимні

Сөзі мен әні Ақнабат Айтуова




1.Балғындарын баптаған,
Бақшамыз дараланды.
Білімнен бастау алған,
Алғашқы қадамдары.

**Қайырмасы:**
Киелі мекен балаға,
Өнеге берер санама.
Халықтың қамқор мақтаны,
Ол біздің балабақша.

2.Бұзылмайтын қаймағы,
Сарқылмайтын жайдары,
Шұғыладай жарқырар,
Шәкірттері айбарлы.

**Қайырмасы:**

3.Тәрбиеші тәлімі.
Бүлдіршіндер бал үні.
Ұрпақтарға ұлағат,
Ұстаздармен жалғанды.

**Қайырмасы:**

## Сотқарбек

Сөзі мен əні Ақнабат Айтуова




**Жасмин:**
Жиналыңдар достарым,
Қызық ойын ойнайық.
Сотқарбекке білдірмей,
Өзімізше тойлайық.
**Іңкəр:**
Біз достармыз татумыз.
Шашуымыз жырымыз,
Бұзық болсаң Сотқардай,
Ондайларға қатумыз.
Сотқарбек, О-О-О-О-
Сотқарбек, Е-Е-Е-Е-
Сот-қар-бек!
**Байсал:**
Қыздардың мазасын,
Тыныштығын аласың,
Ойынды бұзасың,
Сен қашан тынасың
**Саян- Сотқарбек:**
Сотқарбек, мен емес,
Ол менің атым емес,
Ойнасам не бопты,
Айнала жел соқты.
Желменен жарысам.
Достармен табысам.
Қанекей келіңдер,
Ойнаңдар менімен,
Меннен неге қорқасың,
Қасқырмын ба жортатын,
Ау-у-у-у-у-у-у-у

**Жасмин:**
Достар деген жақсы ғой,
Бірге ойнап жүресің.
Дос қадірін білсең ғой**,**
Шаттанасың күлесің.
**Іңкəр:**
Досым бар,-деп мақтанам,
Сол үшін де əн салам,
Бұзықсың ғой əзірге
Өскенде бол жақсы адам

**Бәріміз бірге ( кіші топтарға арналған)**
**Сөзі мен әні Ақнабат Айтуова**

Бәріміз бірге-тұрамыз.
Қолды жоғары-созамыз.
Оң жаққа, (оңға, бұрылуды көрсету)
Сол жаққа, (солға бұрылуды көрсету)
Бұрыламыз.

Бәріміз бірге-отырамыз.
Қолымыз алға созамыз.
Жоғары, (колды жоғары көтеру)
Төменге, (қолды төменге түсіру)
Қозғалтамыз

Бәріміз бірге-тұрамыз.
Алақанды соғамыз.
Оң жаққа, ( бұрылып алақанмен екі рет шапалақтау)
Сол жаққа,( бұрылып алақанмен екі рет шапалақтау
Соғамыз.

**Бәріміз бірге**



**Менің бөлмем**
**Сөзі мен әні – Айтуова**

1.Бөлмемде бар жиһаздар,
Оның бәрі мұнтаздай.
Табиғаттың тартуы,
Ағаштан ол жасалған.
**Қайырмасы:**
Жиһаздарым әдемі,
Шеберлермен кәделі.
2.Киімдерді ілемін.
Ілгектерге тіземін.
Әр қатарға ұқыппен,
Жинап реттеп, бүгемін.
**Қайырмасы:**
3.Тартпасы бар астында,
Қабырғада айнасы.
Орындыққа отырып,
Шашыңды да тарайсың.
**Қайырмасы:**
4.Төбемізде шам-шырақ,
Жарқырайды күнге ұқсап.
Төсек орным жинаулы,
Жастығым да жұп-жұмсақ.
**Қайырмасы:**

Менің бөлмем



**Әжем-әнім**
**Сөзі мен әні Ақнабат Айтуова**

1.Әжем келсе қуанам.
Жылап тұрсам жұбанам.
Менің аппақ әжемді,
Сыйлайды ғой бар адам.
**Қайырмасы:**
Қане бізге қараңыз.
Балдай тәтті баламыз.
Әжетайым өзіңе,
Еркелейді балаңыз.
2.Көктем күні тамаша.
Ән шырқайық жаңаша.
Бізбен бірге әжемде,
Күліп отыр балаша.
**Қайырмасы:**
3.Ақылдысыз данасыз.
Сізден үлгі аламыз.
Үлкен болып өскенде.
Өзім сізді бағамын.
**Қайырмасы:**



**Ата-анаға көз қуаныш**
**Сөзі мен әні Ақнабат Айтуова**

1.Шұғылалы күннің нұры
Шуағымен жылиды
Ата-ананың мейірімі
Махаббаттың тұнығы.
**Қайырмасы:**
Ата-анаға, көз қуаныш
Балаларымыз
2.Бойымызда күш-қуат,
Оттай лаулап жанамыз
Көңіліңді көтерер
Бақытты жүз баламыз.
**Қайырмасы:**
Ата-анаға, көз қуаныш
Балаларымыз.
3.Таңғажайып бақшамыз.
Ертегілер еліндей
Бақыт кілтін ашамыз
Білім құйып санамыз.
**Қайырмасы:**
Ата-анаға, көз қуаныш
Балаларымыз.

**Ата-анаға көз қуаныш**



**Күз мезгілі (кіші топтарға арнгалған)**
**Сөзі мен әні Ақнабат Айтуова**

1.Күз мезгілі келді.
Салқын түсер енді.
Суық, суық дала,
Тоңып қалды бала.
**Қайырмасы:**
Ища-ища-ищай,
Тоңып қалды бала.
Ища-ища-ищай,
Тоңып қалды бала.

2.Сары, сары, сары,
Айналаның бәрі.
Сары, сары, сары
Алтын күздің бағы.
**Қайырмасы:**
Ля-ля-ля-ля-ля
Алтын күздің бағы.
Ля-ля-ля-ля-ля
Алтын күздің бағы.



**Күн суытты далада**
**Сөзі Ақнабат Айтуова**

Күн суытты далада,
Бұлт жабады аспанды.
Жапырақтар сыбдырлап,
Жерге түсіп қалады.
Сыбдыр-сыбдыр, сыбдыр-сыбдыр.

Күн суытты далада,
Бұлт жабады аспанды.
Жылы жаққа қайтадан,
Құстар ұшып барады.
Қиқу-қиқу, қиқу-қиқу.

Күн суытты далада,
Бұлт жабады аспанды.
Найзағайлар ойнақтап,
Сарт-сұрт етіп соғады.
Сарт-сұрт, сарт-сұрт.

Күн суытты далада,
Бұлт жабады аспанды.
Бұлттар келді тағы да
Жаңбыр енді жауады.
Сырт-сырт,сырт-сырт.

## Күн суытты далада



**Қарашы маған (кіші топтарға арналған)**
**Сөзі мен әні Ақнабат Айтуова**

Қарашы маған
Менің көзім әй-әй.
Баламын мен айдай.
Екі бетім тоипиып,
Отырамын жайнай.
Ауызымды ашып,
Ән саламын сайрай.
Ля-ля-ля-ля-ля-ля

Қарашы маған,
Менің қолым әй-әй.
Баламын мен айдай
Алақанды соғып,
Билейік шаршамай.
Ауызымды ашып,
Ән саламын сайрай.
Ля-ля-ля-ля-ля-ля-

Қарашы маған
Аяқтарым тәй-тәй.
Баламын мен айдай.
Билейік шаршамай,
Өкшені қой тарсылдап.
Ауызымды ашып,
Ән саламын сайрай.
Ля-ля-ля-ля-ля-ля-

## Қарашы маған




**Алтын күзде молшылық**
**Сөзі мен әні Ақнабат Айтуова**

Орман іші қандай-ды
Жаздай бұлбұл сайрайды.
Жемістері піседі
Жерге топ-топ түседі.
Жемістері піседі
Жерге топ-топ түседі.

Алқаптарда көрінген.
Сәбіз, жуа егілген.
Қырыққабат, қиярын.
Бәрін-бәрін жиямын.
Қырыққабат, қиярын.
Бәрін-бәрін жиямын.

Алтын күзде молшылық.
Алтын күзде береке.
«Еңбек етсең ерінбей,
Тояр қарның тіленбей»
«Еңбек етсең ерінбей,
Тояр қарның тіленбей»

## Алтын күзде молшылық




**Аман болшы**
**Сөзі мен әні Ақнабат Айтуова**

Арманы биік,бәйтерегімдей  аташым бар,
Асыл ардағым,аяулы жаным, әжешім бар.
Мейірін төккен,шуағын сезем анашым бар,
Қамқоры бөлек,жүрегі ерен  әкешім бар.

Қайырмасы:
Ата, әже аман болшы,
Ана ,әке аман болшы.

2.Еркелеп өсем,еліктей көркем баурап алам
Әнімді естіп,сүйсініп таңдай қағар маған.
Жаңа күнімді,ай жұлдызымды қарсы аламын.
Әсем дауыспен,тілегім айтып  ән саламын.

Қайырмасы:
Ата, әже аман болшы,
Ана ,әке аман болшы.

## Аман болшы!

әні мен сөзі:
А.Айтуова




**Анамызға көмек**
**Сөзі мен әні Ақнабат Айтуова**

**Бірге:**
Бұрыламыз оң жаққа
Міне оң қолымыз.
Бұрыламыз сол жаққа
Міне сол қолымыз.
**Тәрбиеші:**
-Не істейді бұл қолдар?
**Балалар:**
Анамызға көмек.
Ептеп,ептеп,ептеп.
Анамызға көмек.
Ептеп,ептеп,ептеп

**Тәрбиеші:**
-Ол қандай көмек?
**Балалар:**
Көйлек кисек өзіміз.
Мұның өзі көмек.
Бау байласақ өзіміз,
Мұның өзі көмек.
Жыламасақ таңертең,
Мұның өзі көмек.
Ауырмасақ ешқашан
Мұның өзі көмек.
-ИӘ!

## Анамызға көмек

сөзі мен әні:
Ақнабат Айтуова




**Шыныққандар-қайсарлар**
**Сөзі мен әні Ақнабат Айтуова**

1. Қозғала біл күн сайын,
Жаттығарсың қимылмен.
Төзімменен жетемін,
Жеңістерге ылғи мен.
**Қайырмасы:**
Бір, екі,бір,екі.
Бір,екі,үш, төрт
Жеңістерге жетеміз.

2.Қайраттанып шынығып,
Денсаулықты сақтайды.
Жаны таза жайсаңнан,
Айбар күшті байқаймын.
**Қайырмасы:**
Бір, екі,бір,екі.
Бір,екі,үш, төрт
Жеңістерге жетеміз.

3.Алға қадам бастаймыз.
Жаттығулар жасаймыз.
Бекіп сайдың тасындай,
Шынығамыз жастай біз.
**Қайырмасы:**

## Шынықкандар-қайсарлар

әні мен сөзі:
А.Айтуова



**Қазағым**

**Сөзі мен әні Ақнабат Айтуова**

1.Қос ішекті домбырасын,
Сөйлете білген шанақтан.
Тілі өшпеген талай ғасыр,
Ұрпағымыз қазақтың.
Бабалардың жалғап үнін,
Бағалайтын тарихын.
Сар(ы) даламның сырбаз күйін,
Әлем қазір таниды.

**Қайырмасы:**

Қазағым, қалың ел, қаһарман, батыр ел.
Тәу етіп үлкені, тәубеге келетін,
Тәуекел бел буған, тәуелсіз елім бар.

2.Заңғар биік арманы бар,
Қол жеткізген теңдігін,
Заманынан алғаны бар,

Елдің жалғап елдігін.
Қайсарлығы қанында бар,
Байсалдығы жанында,
Жақсысы мен жайсаңы бар.
Ғасырлардың жаршысы.
**Қайырмасы:**
3.Қызылорда -Сырдың елі,
Астанамсың алғашқы.
Таланттылар- жырдың елі,
Жібек жолдың сағасы.
Туған жерім байтағымсың,
Байқоңырмен ғарыштар.
Батырлармен мақтанамын,
Асқақ әнім шарықтап.

**Қазағым**




**Сыр елі-мекенім**
**Сөзі мен әні Ақнабат Айтуова**
Қалмай тарих көшінен,
Далам менің көсілген.
Боталатқан бозінген,
Жібек жолы ізімен.
**Қайырмасы:**
Қызылорда ғасырлардың жалғасы.
Сырдың елі-жаңа өмір арнасы.
Мен өзіңмен мақтанамын туған жер .
Мерей күнге осы әнімді арнадым.

Қызылорда қаламсың.
Өркен жайған даламсың.
Ыстық жер, су,ауасы,
Сағынғанда саямсың.

**Қайырмасы:**

Қобызымның үнімен,
Тарихыммен тілдесем.
Қорқыт баба киесі,
Туған жердің иесі.
**Қайырмасы:**

## Сыр елі - мекенім




**Қызылорда**
**Сөзі мен әні  Ақнабат Айтуова**

1. Туған жерде әніміз бар тербейтін
   Осы әніме кел билейік, кел, деймін
   Кең пейілді зеңгір дала ұрпағы
   Біз болашақ жұлдызымыз  сөнбейтін

Қайырмасы:

Кеш те сұлу шамдары жарқыраған
Бақытты ғой айналам жарқыраған
Күндіз күліп, түнде тыныш ұйықтатар
Мамыражай, мәуелі, менің қалам
Мамыражай, мәуелі, менің қалам

2. Сырдың елі,туған жерім-мекенім
   Қанат қағып, талпынамын жетемін.

Туған елім, туған жерім, асыл сөз
Мақтанышпен жүрегімде шертемін
Қайырмасы:
2. Алыстасам сағынамын,қайран қалам
Туған жерсіз құстары да сайрамаған
Ерке өсіп толамын, елім деймін
Жұлдыз болып жанамын, жайраң қағам
Қайырмасы:

## Қызылорда




**Ақ қоян**
**Сөзі мен әні  Ақнабат Айтуова**
Аппақ қарда ақ қоян
Ізі қалды әнекей
Бізбен бірге билеші.
Неге тұрсың үндемей

**Қайырмасы:**
Топ,топ, секіріп.
Шыршамызға жақында.
Құлақ салып тыңдашы.
Әніміз бар тамаша.

Жасырынбақ ойнай ма?
Қайда кетті ақ қоян?
Билемесең бізбенен.
Сыйлығыңды ап қоям.

**Қайырмасы:**
Топ,топ, секіріп.
Шыршамызға жақында.
Құлақ салып тыңдашы.
Әніміз бар тамаша

## Ақ қоян

сөзі мен әні:
А.Айтуова



**Жаңа жылдық тілек**
**Сөзі мен әні  Ақнабат Айтуова**
1.Көптен күткен жаңа жыл
   Жақсы үмітпен жаңа күн
  Барлық адам баласы
  Бақыт күтер жаңа бір

**Қайырмасы:**
Ұлпа қардай ақ тілек.
Ұшып жатыр бақ тілеп.
Бақыттымын,-деп соқсын.

Тыныс алған әр жүрек.

2. Жаңа жылдың жарығы.
Балалардың бал үні
Үзілмесін ешқашан,
Қуаныштан әр күнің

**Қайырмасы:**
Ұлпа қардай ақ тілек.
Ұшып жатыр бақ тілеп.
Бақыттымын,-деп соқсын.
Тыныс алған әр жүрек.

## Жаңа жылдық ақ тілек

сөзі мен әні: Ақнабат Айтуова



**Жаңбыр**
**Сөзі мен әні Ақнабат Айтуова**

Жаңбыр,жаңбыр жауады.
Тамшылары соғады.
Тырс-тырс-тырс-тырс
Тамшылары соғады.

Жаңбыр,жаңбыр жауады.
Тазартады ауаны

Тырс-тырс-тырс-тырс
Тазартады ауаны

Жаңбыр,жаңбыр жауады
Тоңдырады баланы
Тырс-тырс-тырс-тырс
Тоңдырады баланы.

Жаңбыр,жаңбыр жауады
Кемпірқосақ шығады.
Тырс-тырс-тырс-тырс
Кемпірқосақ шығады

**Жаңбыр**




**Көліктер**
**Сөзі мен әні Ақнабат Айтуова**

1.Көліктер көп көшеде
Самал желмен жарысқан
Бәріне бір ереже
Сақтар сені сақ болсаң
**Қайырмасы:**
Ұзын жолдың бойында

Көліктердің тізбегі
Бағдаршамның мойнында
Жолдардың ережесі

2.Автобустар келеді
Аялдама алдына
Адамдарды тасиды
Жұмысынан қалдырмай
**Қайырмасы:**
3.Жеңіл көлік жүйткиді
Белгісі шет елдікі
Отырсаңыз ішінде
Ұмытпағын белдікті
**Қайырмасы:**
Ұзын жолдың бойында
Көліктердің тізбегі
Бағдаршамның мойнында
Жолдардың ережесі

## Көліктер

сөзі мен әні:А.Айтуғанова




**Арнау**
**Сөзі мен әні  Ақнабат Айтуова**

1.Тойға келген ағайын.
Думан сәнін ашайын.
Тұсаукесер тойына
Әннен шашу шашайын.
Қайырмасы:
Кәусар мөлдір бұлағым.

Сезім көңіл шуағым.
Тәй-тәй басқандарыңа,
Мен де бірге қуандым.

2.Аялаған ананың
Әрбір күнін ардақта.
Мәпелеген әкенің
Абыройын асқақтат.
Қайырмасы:

3. Атам, әжем бас болып,
Тойымызда қуансын.
Тілектерін қабыл ет
Туысқанның-туғанның
Қайырмасы:

## Арнау

әні мен сөзі:
А.Айтуова




**Қобыз сарыны**
**Сөзі мен әні Ақнабат Айтуова**

Байырғы елдің боздаған,
Үні ме деймін қозғаған,
Даламның өтсе үстімен
Уілі желдің созбалаң

**Қайырмасы:**
Керілген қылды қобызым,
Ерекше сырлы саз үнің,
Қазынам болған көнеден,
Ұрпаққа берер өнегең.

**Қайырмасы:**
Керілген қылды қобызым,
Ерекше сырлы саз үнің,
Қазынам болған көнеден,
Ұрпаққа берер өнегең.
Тарихпен келген ұғымды,
Хас шебер білер сырыңды
Жете алмасақ зерделеп
Кешіре көргін ұлыңды

Дертке дауа шарт түйген.
Сары жирен ат мінген,
Сазымен самғап қарыштап,
Сарыны жеткен ғарышқа.
Байырғы елдің боздаған,
Үні ме деймін қозғаған,
Даламның өтсе үстімен
Уілі желдің созбалаң

Тарихпен келген ұғымды,
Хас шебер білер сырыңды
Жете алмасақ зерделеп
Кешіре көргін ұлыңды
Дертке дауа шарт түйген.
Сары жирен ат мінген,
Сазымен самғап қарыштап,
Сарыны жеткен ғарышқа.




**Қыздарға**
**Сөзі мен әні  Ақнабат Айтуова**

1.Қыздар,қыздар,қарашы,
Біздер күштіміз.
Қорғап жүрер сендерді,
Жігіттерміз.

Қайырмасы:
Кел биле, кел биле,
Әсем бименен,
Кел биле, кел биле,
Әсем бименен.

2.Қыздар, қыздар әдемі.
Көйлек киген .
Бұраласың майысып,
Әсем бименен.

Қайырмасы:
Кел биле, кел биле,
Әсем бименен,
Кел биле, кел биле
Әсем бименен.

## Қыздарға

сөзі мен әні:
А.Айтуова




**Қызғалдақ**
**Сөзі мен әні Ақнабат Айтуова**

1.Қырда өсер қызғалдақ,
Сәуір айы болғанда.
Көздің жауын алады,
Тәуір кілем жайғандай.

Қайырмасы:
Қырға шығып келейік,
Қызғалдақты терейік.
Әсем гүлін даланың,
Қолға ұстап көрейік.

2.Самал желмен тербеліп,
Қызыл гүлім билейді.
Ырғағымен қосылып,
Мен де бірге билеймін.

Қайырмасы:
Қырға шығып келейік,
Қызғалдақты терейік.
Әсем гүлін даланың,
Қолға ұстап көрейік.

## Қызғалдақ

сөзі мен әні:А.Айтуова




**Көбелек**
**Сөзі мен әні  Ақнабат Айтуова**

1.Қуып ойнап көбелек,
Далада секірдім.
Шаршамаймын ойнаймын,

Ойнаймын жүгіріп.

**Қайырмасы:**
Дала дауасы,
Таза ауасы.
Гүлін тереміз қарашы

2.Шегірткенің дауысы
Шырылдап алдады.
Ыршып,ыршып секіріп
Біз бірге қалмадық.
**Қайырмасы:**

3.Құмға салып,қалашық,
Үйшіктер жасаймыз.
Шомыламыз жағада
Шынығып жаздай біз.
**Қайырмасы:**
Дала дауасы,
Таза ауасы,
Гүлін тереміз қарашы.

## Көбелек




**Біз бақытты баламыз.**
**Сөзі мен әні  Ақнабат Айтуова**

Біз бақытты баламыз.
Әсем әнге саламыз.

Жүректердің жылуын,
Мәңгі сақтап қаламыз.
Ля-ля-ля-ля-ля-ля-ля

Жүректердің жылуын,
Мәңгі сақтап қаламыз.
Ля-ля-ля-ля-ля-ля-ля

Көркем біздің қаламыз.
Байтақ біздің даламыз.
Көңіліңді көтерер.
Бақытты жүз баламыз
Ля-ля-ля-ля-ля-ля-ля
Көңіліңді көтерер.
Бақытты жүз баламыз
Ля-ля-ля-ля-ля-ля-ля

## Біз бақытты баламыз

сөзі мен әні:
Акнабат Айтуова



**Бейбіт күн**
**Сөзі мен әні  Ақнабат Айтуова**

1.Қазақтың елі ертеден
Намысты қолдан бермеген.
Қорғанып қан мен тер төккен,
Қазақтың жері кең екен.
**Қайырмасы:**
Көгімде тұрсын бейбіт күн.
Сәбиде болсын тыныш түн.
Күзетер сарбаз көз ілмей,
Елімнің, жерімнің тыныштығын.

2.Жауына тізе бүкпеген
Мақсаты терең діттеген.
Ту етіп ұстап намысын.
Жұмылып шығар бірлікпен.
**Қайырмасы:**

3.Мақтанып айтып шаттанып,
Аталар даңқын ерлігін
Өшпейтін мәңгі сақталып.
Ұмытпас ұрпақ ерлерін.
**Қайырмасы**:

## Бейбіт күн

сөзі мен әні:
А.Айтуова




**Жаз келді**
**Сөзі мен әні  Ақнабат Айтуова**

Жаз келді, жаз келді алақай.
Жаз келді балақай
Балаға қызықты думанды.
Көп күткен, қызықты саз келді.

Қайырмасы:
Күн шуағы төгілді.    /
Жаз күндері көңілді/ 2 рет

Жаз келді, жаз келді алақай.
Жаз келді, жаз келді балақай.
Достармен бас қосып ойнаймыз.
Жаздың қызығына тоймаймыз.

Қайырмасы:
Күн шуағы төгілді.    /
Жаз күндері көңілді/ 2 рет

## Жаз келді, алақай




**Тойға шашу**

Тойдың сәнін келтірген.
Келді жақын ағайын.
Көрсең көңіл тойғызар /
Туысқандар жарадың /2 рет

Үлкен тойға келіскен.
Қызығымен бөліскен
Ағайындар армысың /
Той шашуын бөліскен./2 рет

Тойдың әні жыр дайын.
Жақсы тілек тыңдайын.
Той жасаған ата-әжем, /
Ақ батасын сыйлайды. /2 рет

Әкем, анам сая бақ.
Мені өсірген аялап.
Үмітіңді ақтаймыз /
Өсіп өркен жайып ап. /2 рет

# Тойға шашу

сөзі мен әні:А..Айтуова



# Бөбегім

Сөзі:Р.Наурызбаева
Әні: Ғ.Дауылбаева




1. Қандай қымбат қылығың,
   Құлағымда жүр үнің.
   Таудай болып талабың,
   Бақыт болсын тұғырың.

2. Сағат санап өсесің,
   Самал желдей есесің.
   Атаңды да алдайсың,
   Алып беріп кесесін.

Қайырмасы: Бал бөбегім бұлбұлым,
Ән қанатым бол, гүлім.
Көңілімді көркейтті,
Сыңғыр, сыңғыр сырлы үнің.

# Сыр-Анаға тағзым

**сөзі:Е.Абдулла**
**әні:Ғ.Дауылбаева**




**1.Қорқыт баба даласы-**
**Көз тоймайды қарашы.**
**Менің атамекенім-**
**Сыр мен Арал арасы.**

**Қайырмасы:**

**Толқи ағып бұрала,**
**Құдыретті Сыр-Ана.**
**Өмір нәрін сыйладың,**
**Бас иемін Ұлы Ана!**

**2. Жаңақорған, Шиелі,-**
**Ата-жұртым киелі.**
**Мойнын созып Байқоңыр**
**Көк аспанды сүйеді.**

**3. Айтылар жыр мен тілегі,**
**Қобыз елі - күй елі**
**Перзентіңмін мәңгілік**
**Сені шексіз сүйемін.**

# Тамшылар

Әні: Ғайния Дауылбаева
Сөзі: Рахат Наурызбаева




1. Тамшыдан жаңбыр басталар,
   Жаңбырдан ыстық жасқанар.
   Егін де бітік болады,
   Тайқазан асқа толады.

   Қайырмасы: Там, там, там, там тамшылар,
   Ажарлансын далам.
   Тамшы, тамшы, тамшыдан,
   Жердің беті жайнасын.
   Тамшы, тамшылар.

2. Ертеңім нұрлы болады,
   Халқымыз жырлы болады.
   Тамшы айналып теңізге,
   Берекені құрады.

# Ақша қар

**сөзі:Р.Наурызбаева**
**әні:Ғ.Дауылбаева**




1.Аппақ, аппақ жапалақтап,
Жауған қармен ойнаймыз.
Алақанды шапалақтап,
Бал қызыққа бойлаймыз.

2.Аппақ, аппақ айнала,
Нұрланып тұр ен дала.
Мұз айдында жарысып жүр
Қаршақызбен бар бала.

Қайырмасы:
Жау ақша қар күнде,
Күндізде де түнде,
Кел, ақша қар, бізге,
Ән айтамыз бірге.

# Балабақшам арайлы

**сөзі: Е.Абдулла**
**әні:Ғ.Дауылбаева**




1. Еркелеймін, күлемін,
Аппақ, таза жүрегім.
Үйренемін күн сайын
Бәрін-бәрін білемін.

2. Шаттанамын, билеймін,
Жалқаулықты білмеймін.
Қазақ, орыс, ағылшын-
Мен үш тілде сөйлеймін.

Қайырмасы:
Балабақшам-бақытым,
Балабақшам-жақұтым.
Балабақшам арайлы
Нұр шашқандай алтын күн.

3 Ешбір тыным таппайды,
Апайларым баптайды.
Өнерлі мен боламын,
Әкем, анам мақтайды.

# Бағдаршам

**сөзі: С.Сұлтанова**
**әні:Ғ.Дауылбаева**




1. Жолда жүру тәртібін,
   Есімізде сақтайық.
   Ережені сақтамай,
   Өкініп біз жатпайық.

2. Жол белгісін білмеген,
   Бәрімізге болар сын.
   Үш көзі бар Бағдаршам,
   Қызмет етер күні-түн.

Қайырмасы:
Қызыл, сары, жасыл шам,
Демеңіздер қандай шам?
Жол тәртібін реттер,
Оның аты-Бағдаршам.

3. Қызыл көзі жанғанда,
   Тоқтаңыз, сіз тұрыңыз.
   Сары көзі-дайын бол!
   Жасыл жанса жүріңіз!

# Жақсы көрем

**Сөзі: Р. Наурызбаева**
**Әні: Ғ. Дауылбаева**




**1. Жақсы көрем көкемді,**
**Бесіктегі бөпемді.**
**Жақсы көрем бәріңді,**
**Атам, әжем, тәтемді.**

**Қайырмасы: Аман болшы, анашым,**
**Аман болшы, аташым.**
**Аман болса, айналаң,**
**Бөпем жайлы жатасың.**

**2. Жақсы көрем бәрінді,**
**Жасы менен кәріңді.**
**Табиғат та тыңдайды,**
**Қуанышты әнімді.**

# Мен бақытты баламын

сөзі: Е. Абдулла
әні: Ғ. Дауылбаева

**Көңілді**




**2. Қасиетті киелі,**
**Туған жерді сүйемін.**
**Батыр апа-ағалар,**
**Сендерге бас иемін.**

**3. Жаңа соқпақ салдырған,**
**Мен талапты балдырған.**
**Өнеріммен біліммен,**
**Барша жұртты таң қылған.**

**Қайырмасы:**

**Мен бақытты баламын,**
**Таудай биік талабым.**
**Үлкен жігіт боламын,**
**Жалын атып жанарым.**

# Менің Қазақстаным

**Сөзі: С.Сұлтанова**
**Әні: Ғ. Дауылбаева**




**1.Көк аспанда қалықтар,**
**Еркіндіктің қыраны.**
**Шаңыраққа күн күліп,**
**Нұрын шашып тұрады.**

**Қайырмасы:**
**Шәмші әнімен шалқиды,**
**Елімнің Әнұраны.**
**Менің Қазақстаным,**
**Елімнің әні, ұраны.**

**2. Көк туымды қорғайды,**
**Ұландарым қырағы.**
**Менің Қазақстаным,**
**Тыныштықтың тұрағы.**

**3. Менің Қазақстаным,**
**Айтар әні даламның.**
**Менің Қазақстаным,**
**Мақтанышы ғаламның.**

# Әнші болғым келеді

**Сөзі: Е. Абдулла**
**Әні: Ғ. Дауылбаева**




**1. Көкірегі қазына,**
**Сөз жетпейтін сазына.**
**Жүрек үнін шырқаса,**
**Әуелетер жазыла.**

**Қайырмасы:**
**Мадинадай мәнерлі,**
**Розадай әдемі.**
**Күміс көмей дауысты**
**Әнші болғым келеді.**

**2. Әсем әннен нұр алып,**
**Билеймін мен бұралып.**
**Күмбірлеген күй-саздан**
**Шырқау әуен шығарып**
**.**

**3. Сымбат құрған сәніме,**
**Таңғажайып әріме.**
**Тамсанады тамам жұрт**
**Қол соғады бәрі де.**

# Әжем менің

сөзі:Е. Абдулла
әні:Ғ.Дауылбаева




1. Шашбауларың жарасқан,
   Қызыға бәрі қарасқан.
   Кимешегің әдемі
   Аспанменен таласқан.

Қ-сы:
   Аппақ, аппақ, ақ әжем,
   Аппақ, аппақ, ақ әжем.
   Бар ғаламда мен үшін,
   Артықсың сен өзгеден.

2. Бал мен қаймақ бересің,
   Еркелесем - көнесің.
   Немерелер ішінен
   Мені жақсы көресің.

3. Айтып берсең жырдайын,
   Ертегіңді тыңдаймын.
   Әр сөзіңді үлгі қып,
   Үлкендерді сыйлаймын.

# Қуыршағым

сөзі: Сұлу-Шаш Сұлтанова
әні: Ғайния Дауылбаева

Көңілді




1. Қуыршағым қазақша,
   Ән айтуды біледі.
   Ырғағымен әнінің,
   Ырғалып ол жүреді.

2. Қызыл қамзол кигені,
   Ақ көйлегі бүрмелі.
   Әнші қуыршағымды,
   Тастамаймын бір елі.

Қайырмасы:
Жарасымды сәні де,
Жарасымды әні де,
Менің қуыршағыма,
Қызығады бәрі де.

3. Тамылжытып ән салар,
   Қуыршағым балалар.
   Тамашаға тамсанып,
   Көрген адам таң қалар.

**Наурыз келді алақай!**

Әні мен сөзін жазған: Б.М.Жұмабекова



Нау-рыз кел-ді а-ла-қай Би би- ле- йік



ба-ла-қай Ля- ля- ля а-ла- қай Би би-ле-йік



ба-ла-қай Ля-ля-ля а- ла- қай Би би-ле-йік



ба- ла- қай

1. Наурыз келді алақай
   Би билейік балақай!

2. Наурыз көже пісіп тұр
   Кел, тояйық ішіп бір

**Қайырмасы:**

Ля-ля-ля алақай
Би билейік балақай!

**Доп**

Әні мен сөзін жазған: Б.М.Жұмабекова




1. Кел, кел досым соқ
   Секіреді доп
   Топ-топ, топ-топ
   Секіреді доп

Қайырмасы:
Қандай қызық!
Қандай қызық!
Жүрмейміз енді
Ішіміз пысып

2. Дәл доптардай боп
   Секіреміз көп
   Топ-топ, топ-топ
   Секіреміз көп!

**Аспаптарда ойнаймыз**

Сөзін жазған: Б.М.Жұмабекова

Әнін жазған: А.Н.Еспенбетова




1.Сиқырлы үнді сыбызғы
Қызықтырды бек бізді
Сыбызғыда ойнадық
Жұрт тыңдады таң қалып

2.Қолға алғанда тайтұяқ
Төкті әнін тақылдап
Тайтұякта ойнадық
Жұрт тыңдады таң қалып

3.Қоңыр үнді күмбірлі
Күй атасы не түрлі
Домбырада ойнадық
Жұрт тыңдады таң қалып

4. Мұң, шер толған шанағы
Бойды билеп алады

Қобызда біз ойнадық
Жұрт тыңдады таң қалып

## Тазалықты сүйеміз

Әні мен сөзін жазған: Б.М.Жұмабекова




1. Күнде ертемен тұрамыз
Беті-қолды жуамыз
Тап-таза боп жүреміз
Тазалықты сүйеміз

2 Айнаға да қараймыз
Шашымызды тараймыз
Тап-таза боп жүреміз
Тазалықты сүйеміз

**Туған күн**

Әні мен сөзін жазған: Б.М.Жұмабекова




ба- қыт дә- йім!

**Қайырмасы:**

2. Көп сыйлықтың Ортасында Гүлдей жайнап Жүр досым да

Қуанамын, құттықтаймын
Сый төресі-әнім дайын
Қуанамын, құттықтаймын
Тілейтінім-бақыт дәйім!

## Ай-ай, тентек қысым-ай!

Сөзін жазған: Б.М.Жұмабекова
Әнін жазған:  А.Н.Еспенбетова




1.Тентек, суық қыс келді
Тоңдырмаққа біздерді
Би биледік топылдап
Енді қалай тоңдырмақ?!
2. Тентек, суық қыс келді
Тоңдырмаққа біздерді
Қолды қолға соғамыз
Енді қалай тоңамыз?

3.Тентек, суық қыс келді
Тоңдырмаққа біздерді
Секіреміз тұрып ап
Енді қалай тоңдырмақ?!

**Ас атасы-нан**

Әні мен сөзін жазған: Б.М.Жұмабекова




1.Бойымызға дарыған
Түрлі асқа қосқан дәм
Нанмен ғана толымды,
Берекелі дастархан
Мерекелі дастархан
2. Бәліш, бөлке, бөлішке
Бауырсақ пен тандыр нан
Маңдай тердің жемісі-
Тыңға соқа салдырған
Есте сақта балдырған!

**Қайырмасы:**
Ас атасы-нан
Қасиетті дәм
Екі қолмен үзіп же
Нанда - қуат, нәр

### Біз-кішкентай бишіміз

Әні мен сөзін жазған: Б.М.Жұмабекова




1. Тіп-тік ұстап еңсені
Тықылдатып өкшені
Біз қуана билейміз
Шаршауды еш білмейміз

2. Айналдырып білекті
Ойнақшытып иекті
Біз қуана билейміз
Шаршауды еш білмейміз

3. Таң қалдырып иықпен
Сүйсіндірер қылықпен
Біз қуана билейміз
Шаршауды еш білмейміз

**Ча-ча-ча-ға билейміз**

(Мектепалды даярлық тобы үшін)

Сөзін жазған: Б.М.Жұмабекова
Әнін жазған: Ф.Дайырханов



Ө- нер сүй—ген ба-ла- мыз Би -і- міз бар



жа-ңа-ша Қол ұс – та-сып қу - а- нып



Кел билейік бір-ге ча- ча- ча Ча-ча-ча-ға біз-дер



би-лей-міз Жұлдыздайын жанып жараса Чачачаға біздер



би-лей-міз Кө-ңіл-ді би та-ма- ша!

**Қайырмасы:**

| | |
|---|---|
| Сымбатымыз келісті | Ча-ча-ча-ға біздер билейміз |
| Көз тоймайды қараса | Жұлдыздайын жанып жараса |
| Қаласаңыз би билеп | Ча-ча-ча-ға біздер билейміз |
| Қуаныңыз бізбен балаша | Көңілді би тамаша! |

# Қазақстан елім

**сөзі: Р.Наурызбаева** **әні: Л.Сүйінбаева**




**2.Байтақ менің далам**
**Қызылорда қалам**
**Тәлім алып ордамнан**
**Жетіледі санам.**

**3.Білім, ғылым ғажап**
**Елім менің азат**
**Еркіндікті аңсаған**
**Ата-бабам қазақ.**

# Күзге сәлем!

сөзін жазған А.Еспенбетова




1.Күзге сәлем!
Бүкіл әлем-
Сары алтындай
Жапқан кілем

**Қайырмасы:**
***Сәлем,сәлем алтын күз***
***Жаны жомарт жарқын күз!***

2.Жазғы шудан
Дала тынған
Естілмейді ән
Құстар салған

# Сұлу көктем

әні: А.Еспенбетова

Сөзі: С.Жиенбаев




Күміс жаңбыр төгілді.
Мөлдір аспан ашылып,
Күн пердесі сөгілді.

Гүлдер жапты бөктерді.
Кел,балалар әнменен,
Қарсы алайық көктемді.

***Қайырмасы:***

***Көктем,көктем сұлу неткен!***
***Күн сәулесі нұрын төккен.***

# Ақшақарлар әні

сөзін жазған А.Еспенбетова




1.Біз Ақшақар боламыз
Әсем әнге саламыз.
Жаңа жылда би билеп,
Шаттанамыз бәріміз.

**Қайырмасы:**

***Айналамыз дөңгелеп,***
***Қуанамыз би билеп.***
***Жалтылдайды айнала***
***Бізбен бірге бар бала.***

2.Қалықтайды әніміз,
Жарасып тұр сәніміз.
Жер бетіне әппақ боп,
Қонып,міне жатырмыз

# Ана деп ән салам

сөзін жазған А.Еспенбетова




Асыл ардақ анашым
Сен жанымда жүргенде
Күлімдейді бала шын.

Қасында мен жүремін.
Нұр ойнаған жүзіңнен
Мейірімді сеземін.

**Қайырмасы:**

***Ана,ана,ана деп ән салам***
***Мама,мама,мама деп жар салам.***
***Анашым-ау,мамашым-ау***
***Бізге қамқор панасың.***

# Бақытты баламыз

**сөзін жазған А.Еспенбетова**




Балабақша бағында
Еркелетсе үлкендер
Сайрандаймыз ойнап бір
Мәз-мәйрам боп қаламыз.

***Қайырмасы:***
***Бақытты баламыз***
***Би билеп,әсем ән саламыз.***

# Наурыз келді алақай!

**сөзін жазған А.Еспенбетова**




Кел,билейік балақай.
Біз де қарап тұрмайық
Тойға шашу шашайық.

***Ля-ля,ля-ля***
***Тойға шашу шашайық***

Той-думанға келіңіз
Тамашаны көріңіз.
Ән шырқайық бәріміз
Қосыл қане,бәріңіз.

***Ля-ля,ля-ля***
***Қосыл, қане бәріңіз.***

**БАЛАЛАРҒА АРНАЛҒАН ӘНДЕР ЖИНАҚТАРЫ**
**https://cloud.mail.ru/public/pDSq/2fG5AYJJA**
**https://cloud.mail.ru/public/912n/CtLmj2nQf**
**https://cloud.mail.ru/public/xYFv/yTyD8rKxp**
**https://cloud.mail.ru/public/jvuR/kUoe6sY6A**
**https://cloud.mail.ru/public/Sakv/ptxmkNtST**
**https://cloud.mail.ru/public/sh22/XLPxyLyhT**

# ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ


1. Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту модел Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 15 наурыздағы № 137 қаулысы
2. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы
3. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың Үлгілік оқу жоспары Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 9 қыркүйектегі № 394 бұйрығы
4. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың Үлгілік оқу бағдарламасы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 14 қазандағы № 422 бұйрығы
5. Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі ұйымдары менмектепалды даярлық сыныптарында 2022-2023 оқу жылында тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыру туралы әдістемелік нұсқау хат. Астана қ. 2022 ж.
6. Ж. Аймауытов Психология Алматы: Рауан, 1995. — 312 бет
7. Н.С. Құлжанова «Мектептен бұрынғы тәрбие» 1923 ж.
8. Н.С. Құлжанова «Ана мен бала » 1927 ж.
9. Мектепке дейінгі, орта білім беру ұйымдарын, сондай-ақ арнайы білім беру ұйымдарын жабдықтармен және жиһазбен жарақтандыру нормаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 22 қаңтардағы № 70 бұйрығы
10. Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту, орта, арнаулы, қосымша, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының педагогтері жүргізу үшін міндетті құжаттардың тізбесін және олардың нысандарын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 6 сәуірдегі № 130 бұйрығы
11. Мектепке дейінгі ұйымдарға және сәбилер үйлеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар санитариялық қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 9 шілдедегі № ҚР ДСМ-59 бұйрығы
12. Мектепке дейінгі, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру, мамандандырылған, арнаулы білім, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарында, балаларға және ересектерге қосымша білім беру ұйымдарынының үлгілік қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы № 385 бұйрығы